ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК

«ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қ. – 2024 ж.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Ф23

«Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

ISBN 978-601-08-4888-7

Жинақ «Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлт руханиятына қосқан үлесі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарын қамтиды. Жинаққа ақын шығармаларының тәрбиелік мәнін өскелең ұрпаққа насихаттау, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған.

Редакция алқасы:
С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:
1. Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскер;
2. Д.К. Мукажанова - «Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары
3. Н.С. Алдашова – «Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
4. Б.С. Кайыргалиев – «Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды.

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

Ғани Бектайұлы Бейсембаев
ҚР Оқу-ағарту министрі

Құрметті №77 Фариза Оңғарсынова атындағы мектеп-гимназия ұжымы!

Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің ақын Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай өткізіліп отырған ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен құттықтаймын!

Фариза Оңғарсынқызы әлем әдебиетінің озық үлгілерін өз жырларына дарыта отырып, Отан, табиғат, бейбітшілік туралы іргелі әлеуметтік, азаматтық, қоғамдық ойлар толғады, қазақ поэзиясына жаңа леп әкелді. Ақынның өлеңдері мектеп оқулықтарына енгізіліп, балалар әдебиетінің дамуына жол ашты. Шығармалары өзге халықтардың тілдеріне аударылып, қазақ әдебиетінің кеңінен насихатталуына сүбелі еңбек сіңірді. Әлем әдебиетінің классиктерін ана тілімізде сөйлетіп, аударма саласының да биігінен көрінді. Халық қалаулысы ретінде төл мәдениетіміздің тынысын кеңейтуге, еліміздің ырысын көбейтуге үлес қосты, ұлт зиялыларының өнегесімен халыққа шынайы қызмет етті.

Ақынның мерейтойы жалпыхалықтық тойдың жарқын үлгісі бола алды. Жер-жерлерде аталып өтіп жатқан, аға буын мен кіші буын арасындағы үндестікті сабақтастыратын конференцияның халыққа, жастарға берері мол.

Осынау айтулы іс-шараның Фариза апамыздың атын иемденген мектепте өтуі де тегін емес, білім мен тәрбие ошағындағы торқалы той баршамызға ортақ.

Елімізге адал қызмет ететін, бар күш-жігерін халқына арнайтын жастар тәрбиелеудегі еңбектеріңізге береке, ұжымға бірлік, денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін!

Сенғазыев Қасымхан Сенғазыұлы
Астана қаласы Білім басқармасының басшысы

Осыдан екі жыл бұрын, дәл осы жерде, Фариза апамыздың еске алу кешінде сіздермен жүздескен едік. Сол кезде 85 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өту қажеттігін айтып, министрлікке ұсыныс білдірген болатынбыз. Расында, 1 қыркүйекте Ғани Бектайұлы осы мектепке арнайы келіп, ұжымның еңбегіне жоғары баға берді. Сол күні Гүлсім апайымызға Алтынсарин төсбелгісі табысталды. Мектеп оқушылары Фариза апамыздың өлеңдерін жатқа оқып жатқанын көргенде, ол кісі ерекше таңданыс пен ризашылық білдірді.

Бүгінгі таңда қаладағы 50-ден астам мектепке белгілі тұлғалардың есімі берілген. Бұл – тарихи әрі тәрбиелік маңызы зор шешім. Соның жарқын мысалы – Фариза апамыздың есімін иемденген осы мектеп. Мұнда оқушылар әр бұрышта ақынның өлеңдерін оқып, оның шығармашылығынан шабыт алып өсіп келеді. Бізде кезінде Фариза апамыздың жырларын оқып өстік. Енді бұл дәстүрдің қазіргі жас ұрпақ арқылы жалғасып жатқаны бізді ерекше қуантады.

Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырған мектеп ұжымына шынайы алғысымды білдіремін. Керемет дайындықпен, ерекше ықыласпен өткізілген бұл

шараның тәрбиелік мәні зор. Ұстаздардың сахнаға шығып, балаларға өз өнерлерін көрсетуі – өте құптарлық іс.

Осы сәтте Абайдың мынадай өсиетті сөзі еске түседі: *«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған».* Шын мәнінде, Фариза апамыздың поэзиясы – мәңгілік мұра. Оның жырлары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақ руханиятына қызмет ете береді деп сенемін!

Бірғаным Сарықызы Әйтімова
Сенаторлар кеңесі төрағасының орынбасары

Бүгін сіздер атап өтіп отырған Фариза апайдың 85 жылдығы – ерекше мерейтой. Балаларға қарап отырып, бір ой түйдім: жүз мыңдаған жас ұрпақ Фариза апайдың мұрасын, өнерін, адами қасиеттерін насихаттаушылар мен таратушылар болып табылады. Олар апайдың өзімен кездеспесе де, оның шығармашылығы мен өмір жолы арқылы мотивация алады. Бұл мотивацияның күші зор. Ол тек әдебиет саласында ғана емес, жалпы адамның болмысы, рухани дүниесі және еңбекқорлығы арқылы үлкен өнеге береді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бір құрылтайда керемет ой айтқан еді: *«Адал адам, адал еңбек, адал табыс».* Бұл сөздер маған терең ой салып, жүрегіме жақын болды. Фариза апай – осы ұғымдарға толық сай келетін, шын мәнінде үлкен әріппен жазылатын тұлға.

Барельеф өте керемет жасалған! Апайдың қолына алма ұстатып қойғандарыңыз ерекше әсерлі екен. Алма – Адам ата мен Хауа анадан басталған адамзаттың тарихын бейнелейтін терең мағыналы символ. Бұл аллегория – өте әдемі және Фариза апайдың бейнесіне тамаша үйлескен. Барельефті жасаған архитектор мен бейнесуретшінің еңбегіне шын жүректен алғысымды білдіремін.

Фариза апайымыздың өнер жолы – сәулелі жол. Оның мұрасы біз үшін шындық пен рухани құндылықтың биік үлгісі болып қала береді. Баршаңызға алғыс айтамын!

Бимендина Әсима Темкенқызы
Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі:

Фариза апай екеуміз 1999 жылдан бері таныспыз. Фариза апай – менің жүрегімде, ойымда, көңілімде мәңгілік сақталған тұлға. Отбасыммен бірге пантеонға барып тұрамыз, өйткені балаларым мен немерелерім апайды біледі, естерінде... Сондықтан, менің ойымша, апамыздың орны әр адамның өмірінде ерекше. Жастарға, оқушыларға келер болсақ, осы мектептің барлық оқушылары Фариза апайдың өлеңдерін оқып, сол өлеңдер арқылы апайдың қандай жан болғанын, қандай қасиеттерге ие екенін түсінсе, бұл – үлкен жеңіс деп ойлаймын.

Қалмақов Ерлан Болатұлы
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры:

Осыдан 16 жыл бұрын Павлодар шаһарында, қасиетті Керекуде, қазақтың қара шаңырағын арқау еткен республикалық ақындар мүшәйрасы өткен еді. Сол рухани думанның төрінде Фариза апамыздың өзі төрағалық етіп, маған ақ батасын бергені – өмірімдегі ең ұмытылмас сәттердің бірі. Бүгін оның есімімен аталатын қасиетті білім ордасында бас қосуымыз – апамызға деген шәкірттік әрі перзенттік парызымызды терең сезінудің ерекше көрінісі деп білемін.

Фариза апамыздың өршіл рухы мен өрнекті жырларына деген құрметтің белгісі ретінде, өткен жылы тұңғыш перзентімізге оның есімін бергенімізді зор мақтаныш санаймын. Бұл – тек мақтаныш емес, жүрек тереңінен туған адалдық пен жауапкершілік, ар алдындағы міндет. Бүгінгі осындай рухани биіктікке шақыратын шарада Фариза апамыздың тағылымы мен мәңгілік мұрасын дәріптеушілердің арасында болу – жүрекке жылулық, көңілге шабыт сыйлайды.

Қазір ортамызда апамызды көзі тірісінде көріп, оның шарапатын сезінген жандардың отырғаны – ерекше тебіреніс туғызады. Бұл орын – қазақ руханиятының алтын бесігі, ал біз осы құндылықтарды сақтап, жеткізушілерміз. Ақынның мұрасына бас ие отырып, оның бір өлеңін оқымай кету – рухани қателік деп санаймын:

Жыр оқы деп қолқалап қоймадыңдар,
жарқылдауға шамам жоқ, бойда мұң бар.
Мені құрмет тұтқаның үнімді емес,
жырларымды оқы да, ойларымды ал,
ойларымды ал, сонан соң ойланыңдар.
Жырыңды оқы жарқылдап, төгіл деме,
қылығымды алмаңдар көңілге де.
Жыр оқу да – бір дарын, көрген емен
артист болып түсімде, өңімде де,
өмір атты сахна төрінде де.
Әжептәуір шыққанмен ақын атым,
күлдіретін, сілесін қатыратын
жыр жазбаппын мінбеге лайықтап,
жұртты бір сәт шаттыққа батыратын
(жоқ-ау ақынмын деуге, зады, хақым!).
Ұғар ешкім болмаса – кісі жетім,
досы бардың ұялар ішіне Күн.
Менің күнім – сендерсің, тымсырайып
отырсам да ұғатын, түсінетін,
аялайтын, алдымда кішіретін.
Қызықпаймын дақпырттың даң-дұңына,
мақтаулардың, мансаптың барлығына.
Теріс қарап төсекте оқитындар

сезіп, ұғып бойлайды зар, мұңыма,
шомылады, шуақты таң нұрына.
Солар – менің жазылған тағдырыма!

Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіре отырып, Фариза апамыздың аруағы қолдап, рухы ұрпақтар жүрегінде мәңгі сақталсын дегім келеді!

ФАРИЗА ТУРАЛЫ БІРАУЫЗ СӨЗ

Дихан Қамзабекұлы
ҚР ҰҒА академигі, профессор

Құрметті зиялы қауым, құрметті №77 мектеп-гимназиясының ұжымы, шәкірттер!

Біз бүгін Астана қаласында Фариза Оңғарсынова апайымыздың 85 жылдығына орай ұйымдастырылған ерекше мерейтойдың куәсі болып, іс-шараға қатысып отырмыз.

Фариза Оңғарсынова есімі, шығармашылық мұрасы және ол кісінің жастарға деген аманаттаған өсиеті бүгінгі білім саласының азаматтары үшін аса маңызды. Фариза Оңғарсынованың өмірбаяны «Қазақ газеттері» ұжымына да аса ыстық және тағылымды. Өйткені Фариза Оңғарсынова біздің «Қазақ газеттеріне» кіретін екі басылымды ұзақ жылдар басқарды. Оның бірі «Ұлан» газеті, ол кезде «Қазақстан пионері» деп аталды. Бұл газетте ол кісі 1970-1978 жылдар аралығында 8 жыл басшылық қызметін атқарды. 1978 жылдан 2000 жылға дейін алғашқыда «Пионер», кейін «Ақжелкен» деген атпен өзгерген жастар мен жасөспірімдерге арналған әдеби-танымдық, көпшілік журналға да басшылық етті. Фариза Оңғарсынқызының өмір жолына зер салатын болсақ, оның әу бастан журналистикаға, қаламгерлікке жақын болғанын байқаймыз. Өйткені ол кісінің ақындық болмысы, азаматтық үні журналистикаға алып келді.

Естеріңізде болса, 1960 жылдары Кеңес Үкіметінде үлкен бір серпіліс жүрген. Ол «Жылымық» деп аталды. Фариза апай сол «Жылымықтың» өкілдерінің бірі. 1961 жылы оқуды бітірді, оянған елмен бірге ол кісінің де ояну, қалыптасу кезеңі жүрді. 1961 жылдан кейінгі біраз уақыты облыстық газетте, одан кейін 2 жыл уақыты, 1968-1970 жылдары қазақтың айтулы басылымы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жұмыс жасады. Осы газеттің батыс өңірлеріндегі(Атырау, Ақтөбе, Орал) меншікті тілшісі болды. «Шерхан Мұртазаның шекпенінен шықтық» дейтін уақыт осы кезең еді.

Жоғарыда аталған балалар басылымдарында Фариза апай үлкен жаңалық, серпін әкелді. Өйткені ол кісінің педагогикалық білімі бар, психологиялық қабілет-қарымы бар. Осының үлкен пайдасы тиді. Жақсы ұжым қалыптастырды. Біз де сол кезеңдегі жас тілшілердің бірі болдық, оны ұмытпаймыз. Әрине, мұны ұмыту, еске алмау мүмкін емес.

Бүгінде «Қазақ газеттері» басылымдарына 11 газет-журнал кіреді. Оның ішінде «Егемен Қазақстан» газетінен бастап, балалар басылымдары да бар. Осы

басылымдардың бәрінде де Фариза апайдың өзінің үні, қолтаңбасы бар. Ол барлық газет-журналдарға автор ретінде қатысты.

Ақын апамыздың 85 жылдық мерейтойына біз құралақан келген жоқпыз. «Ақ желкен» журналының 2024 жылғы 3-шығарылымын тұтас Фариза апайға арнадық. Бұл шығарылымда Фариза апайдың замандастарының, қаламгерлердің, жас тұлғалардың естелігі, мақалалары көрініс тапқан. Сонымен бірге, №77 мектеп-гимназиясының да қолтаңбасы бар.

«Ұлан» газеті де наурыз айындағы шығарылымын толығымен ақынның шығармашылығына арнады. Аталған екі басылымда да жыл бойы Фариза апайға қатысты бірнеше материалдар жарық көрді. Бұдан басқа 9 басылымда да Фариза апай туралы бірнеше ой-пікірлер, таңдамалы мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, кеше ғана «Егемен Қазақстан» газетінде де үлкен материал басып шығарылды.

Фариза Оңғарсынова Астана қаласының қалыптасуына да белсене ат салысты. Парламенттің бірнеше дүркін депутаты болды. Бірталай мәдени, ғылыми орындарға келіп, журналистика тақырыбында өзінің ашық дәрістерін, шеберлік сыныптарын өткізді. Міне, бұл біз үшін аса маңызды.

Еуразия ұлттық университетінде де бірнеше кеш өтті. Сонымен бірге, Ақселеу Сейдімбектің оқу залын ашқан кезде арнайы келіп, бас-аяғында өзі жүріп, сөз сөйлеп, лентасын қиған болатын.

Астанада қаншама мәдени шаралар өтті. Мәселен, «Шабыт» байқауы, басқа да байқаулардың төрағасы, қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысып, елордада өткен көптеген жиындардың басы-қасында жүрді.

Өмір бар жерде өлім бар дегенді бәріміз де жақсы білеміз. Біз бәрін түсінеміз. Қатты қиналып, науқастанып жатқан кездің өзінде де Фариза апай белгілі қаламгер, экономика ғылымдарының докторы, профессор Мырзакелді Кемел арқылы бізбен байланыста болды. Жастардың халін біліп тұрды, жастардың оқу қабілетін, поэзия, проза, драматургия, сонымен қатар ғылыми шармашылық жөніндегі ойларын, пікірлерін біліп, өсиет айтқан кездері әлі құлағымызда.

Ақын апамыз елордамыз-Астана қаласында мәңгілікке бақилыққа аттанды. Ол кісі ұлттық пантеонға жерленді. Біз сүйек сыйлаған елміз. Бұның да бір рәміздік мәні бар. Астанаға Фариза апай тірі кезінде, яғни фәниде де еңбек сіңірсе, бақида да еңбек сіңіріп жатыр деп ойлаймыз. Ақын апамыздың мұрасы бүгінгі жастарды, сондай-ақ, зиялы қауымды, жас зиялы қауымды тәрбиелеуде, баптауда, жаңа бір шығармашылық деңгейге көтөруде, өзінің әсерін де, ықпалын да тигізген жағдайын көріп отырмыз.

№77 мектеп-гимназия ақынның атын алғаннан кейін, сол жағалауда Фариза Оңғарсынова атындағы көше бар болғаннан кейін, бұның бәрі де елорданың Фариза мұрасымен жаңғыруына, Фариза мұрасымен рухтануына мол ықпал етеді деген пікірдеміз.

Жиындарыңыз құтты болсын, Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясының абыройы арта берсін!

ӨЛЕҢДЕ ДАРА БІТКЕН –ЕЛДЕН ЕРЕК

Муханова Роза Кажыгалимовна
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
жазушы, драматург, ҚазҰӨУ профессоры

Қоңыр үн, қоңыр келбет, қоңыр жанар... Біз сыр алысып көп сөйлескен жандар емеспіз. Бірақ оның ақындық тұлғасы мен өзіне тән өршіл мінезі, өзгеше тағдыры басқалармен салыстыруға келмейді, ерекше, оқшау тұрды. Ешкіммен аса араластығы да жоқ, құз арасынан өзіне ойып ұя жасап алған, жалғыз самғап, кең даланы құшағына сыйдыра алмай құзар биікте қалқып бара жатып, жердегі қыбыр-жыбырды мүлт жібермейтін қыран сияқты. Сондықтан да болар ешкімнің көңілін аулап көлгірсуге зауқы да болған емес. Оның жаратылысына да, мінезіне де өзі таңдаған тағдыры жарасып тұр. Иә, ол өз тағдырын таңдай білгендерден. Тағдырын Өлеңге өргізіп, тіршіліктің басқа қызығынан саналы түрде бас тартқан.

Фариза – жан сұлулығын қалаған қыз. Қазақ поэзиясында Өлеңмен драма жазған ақын. «...Біреудің пасықтығынан, біреудің жасып мұңынан, жүрегім сыздаған кезде, жаным мұздаған кезде, мен сені аялаймын, Өлең», -дейді. Ол Өлеңді дәл өзі айтқандай пана, қамқор, дос тұтты. Фариза Өлеңнің ләззәтына да, азабына да мойынсұнды. Ол екі өмір таңдамады. Өмірді - Өлең деп таныды.

Қазақ поэзиясының алыбы Мұқағалидың көрегендігі қаршадай қыздың қайсар мінезді өлеңдерінен үміт күткенінде. Мұқағали бұрын-соңды Фаризаны танымаған, білмеген. Бірақ әдеби ортаның бұ қызды жатсынып, маңайлатқысы келмеген тас қамалын ақиық ақын тас-талқан етіп бұзып берді. Мұқағали отырғандарға бірауыз сөз ғана айтыпты сол жолы. «Саған , сен сөзді қой. Осы бәріңді басып озады түбі, көрерсің... » Бұл сөздің иесі Мұқағали екенін Фариза қыз білмеді де. Бейтаныс, өзіне жат тұлғаны алғаш рет осылай көрген.

Осы тұста Фариза мен Мұқағалидың жақындығы М. Цветаева мен Блоктың рухани жақындығына тым ұқсас. М. Цветаева өмірінде Блокты екі-ақ рет көріпті. Онда да Москвада өлең оқып тұрған сәтінде, сыртынан көрген. М. Цветаеваның Блокқа арнаған өлеңдері қаншама, дәл бір сырлас, мұңдас болған жандардай сарыла сағына жазады.

Цветаеваның А.Ахматоваға жазған бір хатында: «Мен дертімді ішіме жұттым, ақынды табыттан көргім келмеді қылаң берген таң алдынан ғана көрсем деймін» депті

Мұқағали дүниеден өткенде Фариза-қыздың қандай күйде болғанын білмегеніммен, шын талант дүниеден озғанда соңында қалып бара жатқан таланттардың жылайтыны да азап шегіп, аза тұтатыны ақиқат. Фариза да дүниеден озғанда соңында қалған рухани ізбасарлары да дәл осылай күңіреніп күй кешкені анық.

Өнер - кез-келген жұмыр бастының қолы да дәмесі де жете бермейтін құзар шың іспетті. Құзар шыңға ұя салған – ФАРИЗА. Ол өлеңде дара біткен –елден ерек тұлға!

Фариза Оңғарсынованы әдетте жұрт бірбеткей, сұсты, жарыла сөйлеп, аңқылдай жөнелмейтіндердің қатарына жатқызады. Оның жаратылысының өзі сол екенін біреу білер, біреу білмес. Мен де оның адами, пенделік жақтарын жақсы білмеймін. Бірақ осы бір салқын, қоңыр мінез Ақынға ғана тән деп ойлаймын. Ол аз сөйлейді, сырласуы да ұзақ-сонар болмайды. Түсінгенім - Фариза Дос іздейді. Фаризада дос болмаған, ол о баста-ақ Өлеңді өзіне ең серік еткен.

Киім кию үлгісі де өзгеше, салиқалы, сұсты еді. Оның әйел болып қызыл киініп, бұлғынға оранып, алтын-күмісті тағынып, жаһұтты иемденіп, дүниенің құлы болып емініп жүргенін ешкім көрмепті.

Фариза тура сөзін де, қырын сөзін де айтылар сәтте жебемен тартқандай дөп тигізетін. Онысы кейде теріс, кейде оң болып көрінер, тіпті опық та жер. Алла берген мінездің бұлтара алмайтын иесі болды. Еркектердің өзі қылымсып, ұялшақ қызға айналып жалтарып, жалтаққа салғанда Фаризаның жанары суалып, жаны құлазып, сұсты кейпі көңілсіз көлеңкелі көрініп отыратын. Бұ жұрт не айтып отыр дегендей айналасына бір қарап алып: -Осы сендер қай тілде әңгімелесіп отырсыңдар, өзі?! -дейді. Жұрт ұнатқанды ол ұнатпайтын.Жұрт ұнатпайтынның қадірін асыратын – Фариза.

Бірде Президент мәдениетінің орталығында «Алпамыс батырдың» сахналық қойылымы болып жатты. Байбөрінің боздаған зары құлақ етімді ұйытып барады.

...Бір баланың жоғынан, зорлық қылды маңайым.
Өкім қыла сөйлейді,баласы көп ағайын.
Көретін күнің болар ма, көзімнің жасын, Құдайым!
Сүйегім кетті жасық боп, досым кетті, қашық боп.
Аққан жасым тия алмай, перзенттің зары өтеді.
Баласы жоқ адамның, әркімге ақы кетеді.
«Байбөрі қубас» деген сөз, сүйегімнен өтеді.

Зар әуенін осынша шерлі, осынша мұңлы жан тебірентерлік етіп жазған композитор жігітке әлі күнге дейін тәнтімін. Көзіме жас іркіліп, өз Алпамысымды жеті жыл күткен азапты күндерім есіме оралып, Ғайып ерен – қырық шілтенге барып, табанымды тобылғы жырып, Аналықтай аңыраған күндерім көз алдыма елестеп егіліп отырған едім. Басқалар міз бақпай сахнадағы көрініске қадалып қалған. Бәлкім, мұңды мұң қозғар. Сол жолы жанымда отырған Фариза-ақынның да жылап отырғанын көрдім.

Фариза... Төрт түлігі сай, елінің құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген, атақ пен даңқтан кенде емес, қазақтың бірегей қызы Фаризаның жылағаны таң қалдырды. Жанарын көміп кеткен бір үзік жас дір етіп, тізесіне сіңді сол жолы. Мен Фаризаға тіктеп қарамадым, ол да мені жұбатпады. Менің сырым оған белгісіз, оның сыры маған белгісіз. Біздің еркімізді жеңіп, жылатып отырған Байбөрі мен Аналықтың мұң-зары екені де рас.

Қойылым аяқталған тұста Фариза ақын орнынан қозғалып, аяңдап жүріп кетті. Әлдекімдер қаумалап, қолтаңба сұрап жатыр. Бірі суретке тартып, бірі ақынның бауырына жабыса қалыпты. Отты жанарын жас жуып өткен Фаризаның сол сәтін көріп үлгерген мен ғана шығармын...

Ақиқатты біліп тұрып, қасқая қарсы алатын ақын тұлғалардың өз тағдырына өздерінің ен салып, кесіп-пішіп айтатыны таңқалдырады. Өксіп тұрып, тағдырын да Өлеңмен әдіптеп айтып беретіні қалай? Өзі ұғып, сезініп тұрған тағдырды өзгертсе болмас па? -деп ойлайсың пенде болғасын. Иә, пенде болғасын... Бірақ Алла о баста ақын етіп жаратса пенделіктен сәл биігірек боларын да ұға бермеспіз. Ол өрімдей жап-жас болып-ақ тұрып неге айтты екен осыны ..?

Жалғыздың малы құралмай,
Шырқауға шалқып шыға алмай,
Жалғыздықпенен күн кешер
Шыңдағы жалқы шынардай.
Жалқының жайы – қараң жай,
жапанда жортқан тағы аңдай,
Талықсып кеткен сәтінде
Тіл қатар тұлға таба алмай...
Артықтау туған алаштан
Данышпан болсын бағы асқан –
Жалғыздық бірақ, жарығым,
Құдай мен Күнге жарасқан.
Жабығып жүрек жылардай,
жанымды жаның ұғар ма – ай,
Тұман ойлардың іргесін
Түндерде жатам түре алмай...
Жұмыла кетсе жанарым,
Сөнгенде солып Ана-күн,
Қалады-ау жалғыз жерде деп
Сені ойлап жүрмін, қарағым!

-деп анасының аузына сөз салыпты ақын жабырқаған бір сәтте.

Ұшар шыңның биігінен тағдыр Фаризаға орын сайлаған. Сол биіктен қанатын еркін жайып, Жер мен Көктің ләззәтына малынады. Қыран-құсты ешкім иелене алмайды. Ол жерден азық жиғанмен көкте самғайды.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Гүлсім Бақытқызы Еңсепова
филология ғылымдары кандидаты, фаризатанушы,
ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің,
Бірінші сыныпты кеңесші дипломатиялық рангісінің иегері
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Фариза апайдың есімін естігенде, сонау Атырау өңірінде, Жайықтың жағасында қалған балалық шағым әрдайым көз алдыма келеді. Шамамен 5-сыныпта оқитын кезім болса керек, Фариза апайдың теледидардағы бір бағдарламаға қатысып, сұхбат бергенін көріп, оның айтқан сырға толы әсерлі

әңгімелерін құмарта тыңдап, мен де осы кісі секілді өлең жазсам, ақын болсам деп армандадым. Ең алғаш өнерге, шығармашылыққа деген құлшынысымның артуына, қолыма қалам алып, өлең жазуыма да осы апайымызға деген еліктеушілігім себепкер болды.Сөйтіп, шығармашылыққа тәй-тәй басып, қолыма қалам алып, өлең жаза бастадым. Ол кезде өзім армандап жүрген, пір тұтқан Фариза апамызбен келешекте жолығып, етене араласып, жақын қарым-қатынаста боламын-ау деген ой, әлбетте, үш ұйықтасам да түсіме кірмеген еді...

ҚазМУ-дың журфагын қызыл дипломға бітіріп, бірден Алматыға қалып, бас басылым «Социалистік Қазақстан» газетіне журналист болып жұмысқа орналасып қуанып жүрген кезім. «Қыз қылығымен» деген мақалам газет бетіне шықты. Аталған мақаланы «Социалистік Қазақстан» газеті бетінен Фариза апай да оқыпты. Ол кезде мен ел танитын белгілі, талантты журналист Нұриддин Муфтах ағайдың бөлімінде, сол кісінің қарамағында жұмыс жасаймын. Материалым шыққасын бір-екі күннен кейін ағай мені шақырып алып: «Гүлсім, мына сенің соңғы мақаланды кім сұрап жатқанын білесің бе?», – деді. «Мақаланды Фариза апай сұрап жатыр. «Жақсы мақала екен. Қыздар туралы мұндай ойлы мақала жазған кім өзі? деп маған қоңырау шалды», – деді.

Осылайша, Фариза апаймен алғаш рет жүзбе-жүз танысқаным 1988 жылдың тамыз айы болатын. Фариза апай «Ақжелкен» журналының бас редакторы. Кабинетіне ұялыңқырап кіргенімде: «Кел, кел, қысылма» деп апай мені бұрыннан танитын адамдай қасына шақырды. Ол кісіні көбіне ұнаған адамына ғана сөйлейді, ұнамаған адамын қағып жіберетін мінезі бар деп еститін едік, жақтырмай қалатын қылық жасап қойып жүрмеспін бе деп сескеніңкіреп барып едім, алайда мен келгенде апайдың жылы шырайын көріп, көңілім көтеріліп, қорқынышым су сепкендей басылды.

Сол алғашқы жүзбе-жүз кездесу барысында апай екеуміз жақынырақ танысып, ол кісі маған поэзия туралы, журналистика жайында біраз әңгімесін айтты. «Гүлсім, журналистика мамандығын таңдаған екенсің. Қыз балаға негізі журналист болу оңай емес. Жұрт мені көбіне ақын деп қана біледі, бірақ осы журналистиканың майын ішкен адамның бірі менмін. Журналист болудың қызығын да, шыжығын да, қиынын да, бәрін көріп, осыдан шыңдалып өсіп барып, мен осындай дәрежеге жеттім», – дегені бар.

Сол кездесуден кейін біз талай рет тек қуанышты жағдайларда ғана жүздесіп, араласып жүрдік. Алматыдағы бұрынғы Ленин даңғылы бойындағы апайдың үйіне барып, шәй ішіп, әңгіме-дүкен құратынбыз. Есімде қалғаны, осындай басқосулар кезінде апай: «Осы елдің бәрі мені ақын дейді де, журналист болғанымды айтпайды. Алғашқы мамандығым мұғалім болса да, тұңғыш еңбек жолым журналист болудан басталған. Ең алғаш осы журналистиканың отымен кіріп, күлімен шыққан, осы салада талмай еңбек еткендердің бірі мен едім. Мені халыққа танымал қылған, ең біріншіден, ақындығым емес, журналистік қызметім. Бірақ, қазіргі үлкен журналистердің бірен-сараны ғана болмаса, жастар жағы мүлдем менің журналистік қызметін жайлы білмейді», – деп жиі айтып отыратын.

Сол кезде-ақ маған: «Расында, апайдың журналистік қырын ешкім зерттеп көрмепті. Осыны бір қолға алып, зерттеп, ел назарына ұсынсам», – деген ой ұшқындары пайда болған еді. Алайда, «Егемен Қазақстан» газетіндегі қым-қуат тірлік, қарбалас жұмыс, одан кейін ҚР Сыртқы істер министрлігіндегі қызметім барысындағы күнделікті күйбең тіршіліктен оны қолға алудың сәті де бола қоймады. Содан мен Венгриядағы елшілікте жұмыс істеп келгеннен кейін ғана осы ойым пісіп-жетліп, өзінің шырқау шегіне жетті.

Мен ол кісінің ақындық талантынан гөрі, өзіме жақын, өзім зерттеген журналистік қырына көп мән беруге тырыстым. Фариза апайдың публистикасын зерттеп, ғылыми айналымға түсіріп, кандидаттық диссертация жазсам қайтеді деген оймен апайға барғанымда,ол кісі бірден қолдай жөнелді. Өзінің кабинетіне кіріп, үш-төрт сарғайған папканы алып шықты. Сол папкалардың ішінде апайдың жинақтап жүрген біраз мұрағаты бар екен. Талай газеттерде шыққан мақалалары, очерктері, сұхбаттары бар газет қиындыларын менің қолыма ұстатты. Апай бұрын фельетон жазумен айналсқан екен. Кейбір фельетондары өткір болғаны сондай, облыстық газеттерде жарияланбай қалғандары да бар болып шықты.

Апаймен сонау ең алғаш кездескендегі апайдың мына сөзі жүрегімде сақталып қалған: «бәрі осы журналистикадан басталған. Алдыңғы буын болмаса, кейінгі келген толқын мені журналистикаға қатысы жоқ деп ойлайды. «Ақжелкен» журналында редактор болып отырған тұста, тіпті «Қазақстан пионері» газетінде редактор болып отырғанымда менің үстімнен көре алмай домалақ арыз жазғандар болған, бұл журналистикаға қайдан келді деп. Сондықтан, мен журналистикаға қарыздармын, осы деңгейге жеткенім үшін. Бәрі журналистиканың арқасы» деп айтқан болатын.

Ал. жалпы жұрт Фариза Оңғарсынованы дара, тума талант деп ақындылығын таниды. Қарапайым ел оны тек ақын деп біледі. Ал мен оның журналистік еңбектерін зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп, Фариза апамызды журналист, публицист ретінде танытқанымды апайдың осы сөзін жүзеге асырғаным деп ойлаймын. Филология ғылымдары кандидаты атағын алғаннан соң, сол ғылыми жұмысымды кітап қылып жарыққа шығарып, Фариза апайға апарып көрсеттім. Апай бір мәз болып балаша қуанды. «Біріншіден сенің қорғағаныңа қуанып отырмын. Екіншіден, сен мені журналист деп елге танытатын болдың. Әйтпесе кейбір журналистер мені мойындамай қойды. Мынадай ғылыми еңбек жазылғаннан кейін кәне енді мойындамай көрсін» деп қалжыңдап қояды. Фариза апай үнемі сөзіне осындай қалжың араластырып, көңілді отыратын.

Иә, қазақтың көрнекті ақыны, Халық жазушысы Фариза Оңғарсынова ұлттық журналистиканың қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген, көптеген публицистикалық шығармаларды дүниеге әкелген қаламгер екенін қарапайым жұртшылық біле де бермеуі мүмкін. "Ақын" деген үлкен ұғыммен халықтың санасына сіңіп қалған Фариза - қара сөздің де хас шебері. Бұл туралы Халық жазушысы Шерхан Мұртаза: "Шын ақынға проза жазу жат емес. Ақын жазған проза ақ өлең сияқты, қара сөзден балқыған күміс тамшылап тұргандай әсер

етеді. Фариза Оңғарсынова поэзияда да, прозада да тұяғы мұқалмаған хас дүлдүл." [1] - деп бағалаған.

Әдебиетке келуінің алғашқы баспалдағын журналистикадан бастаған Фариза Оңғарсынова хат қорытудан бастап, кейін хабарлама, фельетон, репортаж, көкейкесті тақырыпты көтерген очерктер, проблемалық мәселелерді қамтыған ойлы мақалалар, естелік-эсселер, репортаждар, сапарнамалар жазып, публицистиканың барлық жанрына қалам тартады. Оның публицистикасында ойып түрып орын алатын үлкен тақырыптардың бірі - қазақ әйелі тағдырының бейнеленуі еді. Қолына қалам ұстаған суреткер өз заманының, замандастарының бейнесін шығармаларында қалдырмаса, өз дәуірі туралы өз сөзін, пікірін айта алмаса, ол нағыз суреткер болмағаны. Ал. Фариза осы талаптар үрдісінен шығып, қай кезеңде де әр салада еңбек етіп жүрген замандастарының, апа-сіңлілерінің бейнелерін туындыларында тұлға ретінде суреткерлік шебар тілмен сомдай білген.

Фариза Оңғарсынованың қазақ әйелі тағдырын бейнелейтін туындыларының ішінде "Біздің Кәмшат" (1967), "Шашы ағарған қыз хикаясы" (1969), "Биші бақыты" (1968), "Келіншек" (1972), “Әйел мен жер тағдырлас" (1980), "Құштарлық" (1982), "Әйел жылуы" (1983), "Ұлытау қызы" (1991), "Әке үміті" (1992), "Ондай адам жоқ қой" (1994) очерктері мен мақалаларын ерекше атауға болады. Фаризаның бұл публицистикалық шығармаларында әйел затының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, қайсар мінезі, қаншама қиындықтарға төзіп, өз мойнына өмірдің ауыртпалығын артып, қиын кезеңдерге мойымай алға қадам жасайтындықтары суреттеледі.

"Әйел жылуы" мақаласында қазіргі ғылыми-техниканың кең дамыған кезеңінде әйел адамның қаншалықты қиын болса да ер азаматпен теңбе-тең еңбек стуіне мүмкіндік болғандығы жазылған. Сонымен қатар, әйел затының қоғамдық істерге белсене араласуы, яғни қоғамдық, саяси, рухани еркіндікке жетуі оның көтерер жүгін де салмақтандырып жіберетінін айтады. "Дегенмен әйел заты осы салмақтың бәрін аркалат жүріп, өз тірлігінің мән-маңызын түсіне жүріп, әйтеуір маңайына мейірім шашуға,көңіл кеңдігіне, парасаттылыққа баулуға ұмтылады. Қоғамға қызмет етеді. Бала өсіреді. Ата-ана, жар күтеді. Әйел жанының жылуы дүниенің қасандығын, қалың мүздары мен сыздарын жібітеді." [2] - деп тебіренеді қаламгер. Сөйтіп, бүгінде қазақ қыздары ерлермен қатар еңбек етіп, ел басқарудан бастап барлық салалардағы қызметтерге араласып жүрсе де олардың қандай қоғам болса да мандайларына жазылған ең басты парызы ана болып, үрпақ өрбітіп, шаңырақтың отандық журналистика тарихынан алтын діңгегіне айналып отырғандықтарын айтып, қазақ әйелінің бейнесін айшықтай түседі.

"Құштарлық" очеркінде қазақ әйелінің биік белестерден көрінгендігіайтылады. Ғалым Патшайым Тәжібаеваның шет елдегі сапары мен ол сапардың себептері, ғылыми жұмыстарының нәтижелері, қол жеткен табыстары баяндалады. Патшайымның Қазақстанда тұңғыш рет рентгенология лабораториясын ұйымдастырғандығы, сол арқылы геолгия-литология ғылымына зор үлес қосқан алғашқы қазақ әйелі екендігі айтылады. "Осынау шырқау жолда

сұңғақ бойлы, таплдырмаштау келген,қара көздерінде өшшес қайрат оты маздаған ғалым-ана,өз Отанының мақтанышы болған қазақ қызы еркін өрлеп барады."[3] - деп суреттейді автор қазақ әйелінің бейнесін.

"Келіншек" очеркінде қазақтың қарапайым дәрігер қызы Әлия Қарамергенова есімді кейіпкер жайлы сөз қозғалады. Үйленген кезде күйем-сүйем деген жұбайы Төлен басқа әйел үшін Әлияны қолындағы бір баласымен тастап кетеді. Төленнің адамдық қасиеттерден жұрдай екендігі, оны құшағына шақырған әйел затының өзі кейін опық жері сөз етіледі. Дегенмен, кейіпкер ойлағандай өмір қатыгез, мейірімісіз емес екен. Тағдырдың тәлкегіне мойымай жалғыз өзі кішкентай қызын бой жеткізген Әлия қиыншылықты жеңе білді. Очерктің соңында ол Сағынбек есімді кісіге тұрмысқа шығып, бақытты өмір сүріп жатқандығы баяндалады. Міне, мұндай қазақ келіншектерінің тағдыры қаншама? Бір адамның бейнесі арқылы суретке бірнеше әйелдердің образын қамти отыра оларды қайсарлыққа, өмірге құштарлықпен, үмітпен қарауға шақырады.

Фариза деректі ғұмырнамалық туындысы "Мен құштар әлемде" өзінің аяулы анасы Халимадан бастап бірсыпыра ананың елді қиын-қыстау сәттерде рухани құлдыраудан қалай аман алып қалғанын, сөйтіп ер-азаматтың отын өшірмей сақтағандарын шынайы бейнелей отыра "қазақ әйелі" деген киелі ұғымды ұлыландырады. Сол бір аяулы аналардың Отан соғысының отты жылдарында өздерін де, өзгені де сақтап, ұрпағын жалғаған мықты рухына оқырманды тәнті етеді.

Жалпы, Фаризаның ана туралы мақалаларының барлығы да терең философиялық талдау мен публицистикалық көтеріңкі пафосқа толы көркем тілмен жазылған туындылар. "Әйел мен жер тағдырлас" мақаласында тіршілікке нәр беріп тұрған жұмыр жерді анамен салыстыра теңестіріп, философиялық ой түйіндейді. "Жер мен Ана мағыналас. Жер алдымен адамзатқа мекен болса, анандай асыраушың да. Жер қойнауының бар қасиеті ана мейіріміне ұқсайды. Мейірім сезсек - ана мейірімі дейміз. Олай болса ана жайлы айтып жеткізу, тебіренбей сөйлеу мүмкін емес екен." [4]. Осылайша тебіренген публицист еліміздің ғылым мен мәдениет, өнер мен әдебиет, оқу-ағарту мен қызмет көрсету салаларында ерен еңбектерімен ел құрметіне бөленіп жүрген қазақ қыздарының есімдерін мақтанышпен атап, әрқайсысына сипаттама береді. "Мен қазақтың қыздарына қайран қалам" деген Жұбан Молдағалиевтің ақындық таңданысы, осы бір жолға сыйып тұрған қазақ әйелінің бойындағы керемет қасиеттер өзін де көп ойландыратынын жасырмайды.

"Дүниенің бар салмағын арқалаған әйел - тіршіліктің тынысы Жер-Ана секілді төзімді." [4]-деп шебер, әрі шындықты ашық жаза отырып, қазақ әйелі бейнесін мүсіншідей сомдай түседі. Сонымен қатар Фариза Оңғарсынова әдебиет әлеміндегі әйелдер туралы, атап айтқанда Шолпан Иманбаева, Мәриям Хакімжанова, Тұрсынхан Әбдірахманова, Марфуға, Гүлсім, Қанипа, Ақұштап, Күләш, Ханбибі, Әселхан, Әсия, Тұрсынай, Шәрбану секілді қыз-келіншектер шығармашылығын ұдайы қадағалап, сындарлы сын мақалалар жазып, оларды үнемі насихаттап келеді. Осы мақсатта Фариза "Қазақтың ақын қыздары" (1975),

"Әйелдер поэзиясы" Ол қандай поэзия?"(1975), "Әнмен қағып аспанның қақпаларын…" (1981), "Ананың ақын жүрегі" (1986), "Зағипаны оқығанда"(1990), "Сөз сайыста - қыздар". (1991), "Әселхан" (1992) атты мақалалар жазған. Бұл шығармаларында жоғарыда аты аталған ақын әйелдердің жеке шығармашылықтарына тоқтала отырып, автор жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ екенін, ал нағыз өнердің шытырман жолы, оның ішінде суреткерлік табиғат әйелге бұйырса, ол екі есе қиындығын айтады. Сондықтан да тағдыры өнермен байланысты әйелдер туралы көбірек ойланатынын жасырмайды.

"Қазақтың ақын қыздары" мақаласында: "Қазақ жұрты ежелден қыз баланың бойындағы талантын қадірлей білген халық екенін алысқа бармай-ақ өткен ғасырда өмір кешкен ақын Сара, күйші-композитор Дина, әнші-композитор Майра өнерінен көруге болады." [5] - дей келе сол дәуірдің, заманның қаталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген осы Сара, Майра, Диналардың бейнесін, дара тұлғаларын айшықтай түседі. Бүгінде оларға арнап гимн жазса да артық болмас еді дейді автор. "Бұрын әр ғасырда шыққан Сара, Дина, Майралар туралы деректер бізге жетіп, өнерлі қазақ қыздары ілеуде біреу болып келсе, бұл күнде қазақтың тек ақын әйелдерінің өзі көптеп саналады." [5] - деп, қазақ қыздарының қолы жеткен жетістіктерін мақтанышпен жазады.

Фариза Оңғарсынова өзінің тұтас шығармашылығында, тек поэзиясында ғана емес, публицистикалық туындыларында да қазақ қызын қастерлеп, насихаттаған. Ол өз шығармаларында арқау еткен қай жастағы, қай деңгейдегі әйел болсын, ұлттық нақышқа толы, ұлттық мінез бен болмысқа, этнографиялық бояуларға қанық қазақ қызының образын жасай білген. Ол құштар әлем - қазақ әйелінің жан-дүниесі, рухани әлемі. Ол қорғайтын әлем - қазақ әйелінің сезім-сыры, ар тазалығы, намыс әлемі. Ол қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім-кімді де табындыратынын, әсіресе, тұрақтылық, моральдық беріктік, нәзіктікпен ұштасып жататын асқақтық, жалынды жігер мен ақыл-қайрат - осының бәрі қазақ әйелінің басынан қай кезде де табылатынын шынайы түрде көркемсөзбен кестелеген шебер публицист.

Қорыта айтқанда, қазақтың аса талантты қыздарының бірі Фариза Оңғарсынова өзінің бүкіл шығармашылығының басым бөлігін қазақ әйелінің тағдырын бейнелеуге, сол арқылы тұтастай қазақ қызының образын жасауға арнаған деп толық ғылыми тұжырым жасауымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұртаза Ш. Поэзияның дүлдүлі, прозаның шебері. - Атамұра: "Фариза Онғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы", 2004. - 7-том,- 5 б.

2. Оңғарсынова Ф. Әйел жылуы. - Шартарап: "Қыз-ғұмыр", 1996. - 297 б.

3. Оңғарсынова Ф.Құштарлық… - Атамұра: "Фариза Оңғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы", 2004. - 7-том,- 286 б.

4. Оңғарсынова Ф. Әйел мен Жер тағдырлас. - Атамұра: "Фариза Онғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы", 2004.- 7-том - 274 б.

5. Онғарсынова Ф. Қазақтың ақын қыздары. - Атамұра: "Фариза Оңғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы", 2004. - 7-том,- 105 б.

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ - ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

Байменова Гулжамал Пердебаевна
“Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицей” директоры

Шын өнер жайшылықта емес, жан дүниенің қайшылығында туады. Ал дарын – Алланың айрықша мейір – шапағаты түскен пендесіне қиял – ғажайып нұры. Ата күші, Ана сүті, киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортасының демеуі, тірліктің тоқсан тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі сол нұр иесін қайталанбас тұлға қып қалыптастырады. Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кем емес.

Солардың бірі – жүректерді жан жылуымен ерітіп, поэзия әлемінің биік шыңдарын өз еркіне бағындырып, қиялға қанат сермеген Атыраудың ару ақыны, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерінің иегері, Мәдени ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкер, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты болған халық жазушысы Фариза Оңғарсынова.

Фариза Оңғарсынова бүгінде ел тарихындағы өшпес тұлға екені анық. Көзі тірісінде қазақ поэзиясының патшайымы ретінде танылды. Ең алдымен халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген Қазақстанның Халық жазушысы деген жоғары атақ та талас тудырмайды.

Бүкіл Алаш жұрты өзінің өрісі бөлек, қазақтың жырын үлкен әлемдік биікке көтерген, қазақтың жырын өзінің мына шынашақтай дене жаратылысына қарамай, алып жүрегімен, үлкен ойының кеңістігінің шалқарлығымен, сөзінің қайталанбайтын өрнегімен бір ерекше биікке көтерген тұлғасын жоғалтып отыр.

Ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның Халық жазушысы Әбділдә Тәжібаев: «Фаризада халықтық рух бар, ол — елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Оның тілі жүйрік, өткірлігі мен тапқырлығы, қанағаттығы бәрімізді де қызықтыратын, қуантатын ақын. Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын» деп айтпақшы, «Рух жанартауы», «Өжеттік қайнары» атанған Фариза қашанда өмір шындығын, ақиқатты жырлады. Ол өз туындыларында безбүйрек, өзімшіл, өркөкірек пенделердің тіршілігіне сын көзбен қарап, оқырманын сүйкімсіз, сұмпайы мінезден аулақ болуға шақырды.

Фариза апайымыздың ақындығы өз алдына бір төбе, азаматтығы өз алдына бір төбе, жалпы қоғамдағы кез – келген мәселеге өзінің ақындық, азаматтық ойын айтып отыратын кісі еді. Кейде батылы барып, батырып айтатын тұстары да аз емес болатын.

Барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдаған ақын отты жырларын нәзік лирикамен үйлестіре білді. Әйел болмысын, жан дүниесін Фаризадай сүйсіндіре жазған қазақ ақыны кемде – кем.

Орыстың ұлы сыншысы Белинский айтқандай «Өмір сүру дегеніміз - сезу, ойлау, қуану және қайғыру» дегендей, Фариза апамыз өмірді сүре білді. Себебі, әр өлеңіндегі әрбір сөз сезімнен құралды.

Фариза Оңғарсынова тәуелсіздік жолындағы сіңірген жанқиярлық еңбегімен де ел есінде қалары даусыз. Ол кісі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған, халықтың көкейінде жүрген түйткілдерді батыл айта білді. Ширек ғасыр бойы әдебиетпен біте қайнасқан ақынның шығармашылық мұрасын таразылау ісі әлі алда. Қазақ руханияты үшін поэзия падишасы – Фариза Оңғарсынованың енді мәңгілік өмірі басталды.

Әркімнің туған жері, туған өлкесі бар. Туған жерге, туған елге деген махаббат әр адамның жүрегінен орын алады. Оған ақындар өлең жазса, сазгерлер ән арнаған. Сол сияқты Фариза да өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын өз өлеңдері арқылы бере білді.

«О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
балапандай талпынып ұшамын мен...» деп туған жеріне деген махаббатын білдіреді.

Фариза өлеңдері оқырмандардың жан азығына айналған қымбат дүние. Ол – мұғалім үшін тәрбие құралы. Көркемсөз майданында ақынға, жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық сияқты адамгершілік – азаматтық қасиеттердің асқар биігінен көрінген ақын. Фариза жырлары кейінгі ұрпақты ар – намысқа, ерлікке, нәзіктікке, ананы, әкені, туған жер, адамзатты сүюге бастап апаратын ақ жол іспетті.

Ақынның беріліп, шабытпен кең жырлаған тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік. Ақын жырлары алғашқы сезімді, құмартуды, адамның басындағы кейбір сәтсіз сезімдер, біреуі сүйіп, екіншісі сүймеген , біреуі адал екіншісі опасыз сияқты құлап – жығылу сәттерін бейнелейді. Алғашқы махаббаттың алауына өртенген жастардың сезіміне, әсіресе қыз баланың алғашқы сезіміне ақынның махаббат лирикасы шипа ем, жанына дауа болары анық.

Фариза Оңғарсынова – биік сезімнің ақыны. Оның көңіл – күй ырқына тез берілетіні, жаны тез жараланатыны да осыдан. Бүгінгі адам жанына, сезіміне оқыс әсер ететін жағдайлардың көптігі өлгендердің ғана жанын ауыртпайды. Фариза көңілін жайлаған адалдық, әсемдік, жақсылықты ғана мұрат тұтқан арман – тілек күнделікті өмір қайшылықтарымен үйлесімге келмейді де, ақын сезіміне кері әсер етеді.

Фариза поэзиясы – өскелең ұрпақты батылдыққа, отан-сүйгіштікке тәрбиелейтін қуатты поэзия. Алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасын тауып, Фариза апамыздың шығармашылығы кеңейіп, елдің дамуына, өскелең ұрпақтың рухы биік болып қалыптасуына сеп болатын тәрбиелік шаралардың қатары артары сөзсіз.

Фариза Оңғарсынқызы өмірінде де, шығармашылығында да жарқын, ерекше тұлға болды. Фариза апамыздың өлеңдері әр тыңдаушының жүрегіне терең ой

салып шабыттандырады. Қаншама жанды қара өлеңмен жұбатып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген сондай қайталанбас тұлға, поэзия падишасы ақын Фариза Оңғарсынова адалдық, намысқойлық, жаны да, ары да таза ерлерге лайық биіктерде ғана көрінген ақын, қашанда сол биігінен көріне берсін дейміз. Бойында шығармашылығы мол поэзия падишасы - Фариза Оңғарсынованың әр өлеңі жастың да, кәрінің де ең таңдаулы шығармасы бола бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kazgazeta.kz/ сайты
2. *“Мазасыз шақ”*. Өлеңдер. Аалматы, «Жазушы», *1972 ж.*

АҚЫН АТЫН АРҚАЛАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Искаков Нурлан Мендыбайұлы
«Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия директоры

Кіріспе

Фариза – рух жанартауы. Ол өткен ғасырдың 70 жылдары дауылды жырларымен қазақ поэзиясына енді. Көзі тірісінде талантымен, дүниетанымымен, қайталанбайтын өршіл мінезімен өлеңді өлшеусіз биікке көтеріп, қазақ әдебиетін, көркем сөзін әлемдік кеңістікке танытты. Поэзия падишасының жарқын бейнесі мен жауһар жырлары халықтың жүрегінде, ұрпақ жадында мәңгі сақталды.

Фариза – бүкіл қазаққа ортақ ақын. Оны оңтүстік те, солтүстік те, батыс та, шығыс та өзімнің ақыным деп есептегендіктен, оның ұлылығы да, бақыты да, кемеңгерлігі де, поэзиясының өміршеңдігі де осыдан.

Фариза Оңғарсынова — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Оның шығармашылығы мен өмірі жастарға ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, білім мен тәрбиені насихаттауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан 2022 жылы 6 мамырда мектебіміз қазақтың көрнекті ақыны, ҚР Халық жазушысы, қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың есімін алғаннан кейін мектептің педагогикалық ұжымы жас ұрпақты оқыту мен ақын шығармашылығындағы әділдік, адалдық, жанашырлық пен қоршаған ортаңды сүю, нәзіктік пен қайсарлықты қатар алып жүру, ойлылық, отбасын құрметтеу, адам баласын досым, өмір жолындағы сапарласым деп қадірлеу, бірлік пен ауызбіршілік, өткенге тағзым, ұлыларды ұлықтау, қарапайымдылық сияқты адами құнды қасиеттерге тәрбиелеуді қатар алып келеді. Тек ақын атын алғаннан бері жыл сайын ақынның туған күнінде түрлі іс-шара өткіземіз. Атап айтсақ, 2022 жыл 25 желтоқсан күні «Ақын жүрегіндегі елорда» атты еске алу кешін өткізіп, «Фаризатану» бөлмесін аштық. Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Қазақстанның ғылымына еңбегі сіңген академиктер, профессор-ғалымдар, Алмас Оңғарсынов қонақ болып келді. 2023 жылы да «Жыр– менің жалғыз тарланым» тақырыбында оқушылар конференциясын ұйымдастырдық. Конференцияға Фариза Оңғарсыновамен бірге жұмыс істеген, ел игілігіне қызмет еткен қоғам қайраткерлері, ғалымдары қатысты. Ал 2024 жылдың қаңтар

айынан бастап мерейтойға байланысты Фариза Оңғарсынова бөлмесін қайта жабдықтап, сіңлісіАлмагүл Оңғарсынованың, идеялас сіңлісі, ақын шығармасын зерттеуші Гүлсім Еңсепованың көмегімен ақын қолданған бұйымдармен, кітаптарымен толықтырдық. Алмас Оңғарсынов және отбасының ұйғарымымен мектебімізге Фариза Оңғарсынова қолданған алты қанатты киіз үйі сыйға берілді. Ол мектебіміздегі білім алушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге, болмысты танып, ұлтын мақтаныш ете алуға тәрбиелейтін құралдардың біріне айналды. Осы арада мен мектебіміздегі өткен іс-шаралардың бір жыл бойына Фариза Оңғарсынова құрметіне аталғанын айтқым келеді. Ақынның туғанына 85 жыл болуына орайластырылған іс-шараларды мектеп оқушыларының ақын шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясынан бастап, жоғары сынып оқушылары баяндама жасады, орта буын оқушылары ақын шығармаларын жатқа мәнерлеп айтты. Бүгінгі конференцияға да сол шараның жеңімпаздары қатысуда. Фариза Оңғарсынова мектебінің әнұраны шығарылып, оған Алмас Оңғарсыновтың қолдауымен ән жазылған, оны мектептің бастауыш сыныптарындағы 80 оқушы тұрақты түрде орындайды. Мектептің педагогикалық ұжымы арасында интеллектуалдық сайыс өткізіліп, әдістемелік бірлестіктер спорттық, әдістемелік жарыстарға қатысты, соңы татулық пен бірлік фестиваліне ұласты. Мектеп оқушылары арасында шахматтан, волейболдан, тоғызқұмалақтан Фариза турнирі, Фариза өлеңдерін жатқа айтудан оқушылар арасында челлендж өткізілді.Үстіміздегі жылы қараша айында мектеп оқушыларының арасында «Фариза оқуы» мәнерлеп оқу байқауын өткіздік, оған даярлық сынып оқушыларынан бастап 11- сынып оқушыларына дейін белсене қатысты.

Білім алушыларымыздың үстіміздегі жылғы білім жетістіктерін де Фариза Оңғарсынованы 85 жылдығына арнадық. Атап айтсам, 2024 жылы қалалық пәндік олимпиададан 10 оқушы, аудандық олимпиададан 15 оқушы орын алды. «Лингвист» олимпиадасынан -1, «Алтын түлек» олимпиадасынан - 3, әдеби шығармашылық байқаулардан 10 оқушы, ән – би байқауларынан – 4, спорттық байқаулардан – 6, республикалық «Алтын сақа» байқауынан− 4, «Ақбота» байқауынан − 48 бастауыш сынып, 13 жоғары сынып оқушылары, дүние жүзі тарихынан 5 оқушы Еуразия Ұлттық университетінде өткен олимпиадада орын алса, мектеп педагогтері де Астана қаласы әдістемелік орталығы ұйымдастырған пәндік олимпиададан 5 жүлделі орындар мен сертификаттар иеленді.

Әсіресе, Фариза Оңғарсынова қазақ деген халықтың шын жанашыры, Исатай, Махамбеттер ізін жалғаған қайсар қызы болғандықтан, өткізілген шараларымызда ұлттық құндылықтар — халықтың мәдениеті, дәстүрлері, тіл, өнер және тарихын көбірек қамтыдық. Олар жастардың рухани дамуына, патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызды. Фариза Оңғарсынова мектебі осы құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланды. Фариза ақын шығармашылығындағы ұлттық құндылықтардың сабақтастығы тәрбие үдерісінде де жақсы көрініп, жоғары жетістіктерге жетті. Фариза Оңғарсынова мектебі — оқу мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ететін, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын білім ордасы. Мектептің бағдарламасы

мен іс-шаралары оқушылардың ұлттық сана-сезімін, мәдениетін дамытуға бағытталған. Фариза Оңғарсынова мектебі оқу-тәрбие мен ұлттық құндылықтардың сабақтастығын жалғастыра отырып, жастарды рухани бай, мәдениетті, патриот азаматтар етіп тәрбиелей береді, өйткені ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту — әрбір білім беру мекемесінің басты міндеті.

Құрметті қонақтар, қадірлі әріптестер!

Бүгінгі таңда біздің мектебіміз қазақ әдебиетінде ерекше із қалдырған, даңқты ақын Фариза Оңғарсынованың атымен аталады. Фариза Оңғарсынова атындағы мектепте білім алып жатқаны әрбір оқушы үшін де, сол оқушыларды білім нәрімен сусындатып жатқаны ұстаз қауымы үшін де үлкен мәртебе. Оның өмірі мен шығармашылығы бізді үнемі жақсылыққа ынталандырады, шығармашылыққа, еңбекке, білімге ұмтылуға жетелейді.

Бұл мерейтой – бізге мектеп ұжымы ретінде, Фариза Оңғарсынованың талантын, оның халқына қызмет ету жолындағы табандылығын еске алуға, ұлықтауға тамаша мүмкіндік. Біздің міндетіміз – оның шығармаларын насихаттап, қазіргі және болашақ ұрпаққа жеткізу. Сондықтан сөз соңында Фариза Оңғарсынова шығармашылығын насихаттау мектептердегі ұлттық әдебиет пен мәдениет бойынша арнайы авторлық бағдарламалар енгізумен, оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырумен, педагогтардың біліктілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды оқыту әдістемесін жетілдірумен ғана шектелмеу керек деймін.

Біз, мектеп әкімшілігі, мектептің қамқоршылық Кеңесі, мектептің ата-аналар кеңесі мен Әкелер кеңесі, Әжелер мектебі, Өзін- өзі басқару ұйымы мен педагогикалық кеңесі атынан конференция қорытындысына төмендегідей ұсыныс білдіреміз:

1. Фариза Оңғарсынова − біртуар тұлға, сондықтан ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен № 514 бұйрыққа жалпы білім беретін орта мектептер, гимназия, лицейлер білім алушылары үшін «Фариза оқуы» Республикалық байқауы енгізілсін.
2. Жалпы білім беретін орта мектеп педагогтері үшін Астана қаласы «Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК базасында жыл сайын тұрақты түрде Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу арнайы бұйрықпен бекітілсін.

Қымбатты конференцияға қатысушылар, біздің ұсынысымыз сіздердің тараптарыңыздан қолдауға ие болады деп сенеміз.

Ақын, қоғам қайраткері, ұлт руханиятының жыр- қызы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойы құтты болсын! Біз оның қайсар рухын ғасырлар өткен соң да сақтауымыз, оның тәлімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіміз керек. Мектепте оқып жатқан әрбір бала Фариза Оңғарсынова ізінен үлгі алып, жастайынан білім мен өнер жолында еңбек етсін! Сіздерге денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт тілейміз.

Фариза Оңғарсынова атындағы мектебіміз әрқашан өркендеп, өрісіміз кеңейе берсін!

ФАРИЗА ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕУ

Абдирова Гулсара Мамбеталиевна
Астана қаласы әкімдігі білім басқармасы,
«Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясы»
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші

Қазақ қашанда сөз өнерін жоғары бағалап, даңқты жырау, талантты ақындары мен шебер сөздің шешендерін марапат биігіне көтеріп, сырлы сөзді сұлу сөз сарайларын ұрпағына аманат етіп, келешекке қаймағын бұзбай жеткізіп отырған.

Фариза Оңғарсынова - қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы. Ақын болмысы отансүйгіштік, ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, адамгершілік сияқты қасиеттерімен дараланады. Фаризаның жырлары кейінгі ұрпақты арнамысқа жетелеп, ерлікке, ана мен әкені, туған жерді сүюге бастап апаратын ақ жол іспетті. Сөз қадірін өз қадірінен артық санайтын халқымыз Фариза Оңғарсынованың өшпес мұрасын мәңгіге насихаттап, рухани байлығының биігіне шығарғаны ақиқат.

Мектеп қабырғасында ақын мұрасын оқыта отырып , ұлттық мүддеге сай тәрбиелеу арқылы ұстаздар қауымы да ұрпақ тәрбиесінде рухани азық- ақынның өшпес мұрасын насихаттау арқылы ұлттық тәлім мен тәрбие беруде. Бала күнінен ақындық қасиетін көрсетіп, өзіне әсер еткен жағдайларға байланысты өлең шығаратын болған Фариза өлеңдерін оқытып қана қоймай , олардың жан-жақты дамыған өз ұлтының мақтанышы болуға бағыттайтын сарында оқыта білу, ұлттық сана сезімін қалыптастыруда ұстаз шеберлігі аса қажет.

Қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар ұстаған тұлға ретінде танылған ақынның еңбек жолы 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, еңбек жолын мектепке мұғалім болып бастаған. Алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1958 жыл жариялана бастаған, көптеген шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Облыстық "Коммунистік еңбек" газетінің редакциясына әдеби қызметкер, 1968-1970 жылдары сол кездегі "Ленинші жас" газетінің Орал, Гурьев және Ақтөбе облыстары бойынша меншікті тілшісі, 1970-1978 жылдары аралығында "Қазақстан пионері" газетінің бас редакторы, 1978-2000 жылдары "Пионер" журналының бас редакторы, 1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлеңдері топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған.

2000-2004 жылдары Қазақстан Республикасы парламенті мәжілісінің депутаты болған.Ақын өмірі мен шығармашылығы туған елі мен жеріне арналса, өнерін өміріне, өмірін еліне арнаған ақынның дара тұлғасын таныту маңызды. Фариза есімі "бірегей" деген мағынаны білдіретін болса, ақын шығармаларын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарымызды әрбір жеке тұлғаның қалыптасу

барысында өшпес мұрамыздың қуаттылығына қазіргі заман талабының биік өресіне жеткенін көреміз. Фариза Оңғарсынова әйелдер жанының күпиясын, арманын, махаббатын көп жазған. Ол сезім күйлерін шертуге, Әлия мен Мәншүктің тағдыры мен трагедиясына дастандар арнады. Фаризаның шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік. Ақын туған жер, отан-ана тақырыптарында нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді. Фариза Оңғарсынованың өлеңдері сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алумен ерекшеленеді.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастыруда Фариза Оңғарсынованың ақындық және азаматтық бейнесінің шоқтығы биік екені рас.Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады**.** «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ» деп көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеукенов айтқандай, ақын шығармашылығын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде : шығарманы өмірмен байланыстыру, шығармадағы құндылықтарды автордың заманы мен биографиясы контекстінде қарастыру ; алған ақпаратты өмірде қалайша қолдана алуға болатынын мысалмен дәлелдеу, сыни ой айту принциптері негізінде білім мен тәрбиені үйлестіре берсек ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білгеніміз.

Бабам қазақ қашанда бала сүйген,
Мұрагерім болса деп мақсат қылып.
Ұл дауысы шыққанда қараша үйден
Атан сойып,той қылған,ат шаптырып...

Осы өлең қатарларынан ақынның қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын,ертеңгі өмірінің жалғасы бала тәрбиесіндегі ұлттық сананы айқын көрсетеді.

Айбынды азаматың елмен көркем,
Зауалы жазалайды сендерді ертең.
Ерлерден бірлік кету-ел-жұртыңды
Жауыңа өзің ұстап бергенмен тең,-деп ақын ел бірлігін биік қойған.
Менің пірім,тірегім, тұғырым да,

Әшекейлі алқам да ,бұрымым да
Қолдаушым да - жалғыз-ақ елім менің,
Қастерлімнің бәрі бар бұл ұғымда,-деген қатарлардан асқан сүйіспеншілік пен өз еліне деген ұлы махаббатына куә боламыз.

Фариза Оңғарсынова - санаткерлікпен кіріккен суреткерлік кредосы қазақ рухына әсер еткен ақын. Сексен алтының желтоқсанында тәуелсіздікке бастаған, Алматының қақ ортасындағы қарлы алаңға шыққан жастардың арасында Фариза жырынан жанына жылу алғандар аз болмағаны екінші дүние жүзілік соғыста кеңес жауынгерлеріне рух берген Жамбыл атамыздың өлеңі сынды халқының жанында болған, оқырманның жүрек түкпірінен орын алған отты өлеңдері ұлт тәрбиесінде ерекше маңызға ие.

Филология ғылымдарының докторы А.Шарип өз зерттеуінде: «Шын мәнінде, Фариза Оңғарсынованың «поэзия планетасы» - оны көзі де, көңілі де ұдайы сағына, сарғая іздеп тұратын халқының рухани галактикасындағы көмескі, күңгірт тартпас шамшырақтардың бірі» деп әділ бағасын алғандығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздерді жас ұрпақтың санасына жеткізе білсек – жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Фариза Оңғарсынова ақындық миссиясы туралы "Ақын" атты өлеңінде жазып кеткендей:

Ақынның нәзік жүрегі
малдан тоңар гүл еді.
Халқының махаббатымен
ақсұңқар құстай түледі,
ел ғана — тұғыр, тірегі**.**
Аялап туған ел, жерін,
өнерін, тілін, ерлерін
қастерлер елдің туындай.
Аяла халқым, суынбай
Бұқардың мұрагерлерін!

Алаш жұрты қазақтың біртуар қызы, ақын, халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың артында қалған ұрпағына сый болып қалған өшпес мұрасы жыл озған сайын құндылығы мен маңызын әр қырынан таныла түспек.

Адам болса сезім мен сенім іздер,
Келіңіздер, бері қарай еніңіздер.
Менің байтақ әлемім — планетамды
Көріңіздер аралап, келіңіздер!

Терең бойлап түйсініп, сезінбесең,
Ішін бермес жұмбақтай жыр әлемім, — деп өзі ескерткендей, Фариза планетасы-поэзиясы қазақ халқының рухани ғұмырымен бірге жасамақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Есіркепова К.Қ. 1960-80 жылдардағы қазақ әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде) Алматы, 2005.

2.Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.

3.«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ әдебиетін орта мектептерде оқытудың өзекті мәселелері»: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2019 ж.

4.Жұмабек С. Поэзия патшайымы /әдеби ой-толғаныстар/ Астана: 2001ж.

5.Керимбекова Б. Д. Фариза Оңғарсынова поэмаларындағы идеялық-көркемдік ізденістер, Алматы: 2008ж.

6. Кемелбаева А. Мәжнүн жүрек эссе, сұхбат Алматы, «Жазушы» 1991ж.

7. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен./Зерттеулер, мақалалар, естеліктер / Астана, 2002.

7.Оңғарсынова Ф./өлеңдер жинағы/Алматы, «Жазушы» 1982ж.

8. Оңғарсынова Ф.«Дауа» жинағы,«Атамұра баспасы», 2002 ж.

9.Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым: мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Алматы: Алматыкітап, 2011ж.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СУРЕТТЕУ ҚҰРАЛДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Агабекова Актолкын Жусиповна
Шымкент қаласы білім басқармасының
«Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған
«Үміт» мектеп-интернаты»
Бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші

Әр сөздің өріміне ойлы қарайтын лирик ақын Фариза Оңғарсынованың өмір туралы тұжырымдары тылсым сырларға толы. Ақын лирикасында суреттеу құралдарының түрлері өте көп кездеседі. Олардың қолданылу аясы да алуан штрихті ауыстырулармен шілтерленіп отырады. Сол тылсым тұңғиықтың тереңіне жасырынған суретті сөзден (образ) метафоралық тіркестер мен әдемі теңеулер туындап, жарық көріп жатады:

Әуезі-ән, жаны-раушан, күй-жүрегі,
Шел басқан сезімді де идіреді.
Асқардай алпыс жігіт ынтығатын
Қазақтың бүгінгі Айша бибілері! [1, 290]

Сөз көркемдігін арттыра түсер айшықтаулардың келесі бір түрі – қайталау. “Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу”, – деп академик З. Қабдолов қайталаудың: 1.жай қайталау, 2. еспе қайталау, 3. әдепкі қайталау (анафора), 4. кезекті қайталау (эпифора) сияқты түрлерін көрсетеді [2, 229 б.]. Ақындық идеясы мен айтпақ

ойына ерекше салмақ сала, әсерлі етіп жеткізу үшін ақындардың жеке сөздер мен сөз тіркестерін қайталай жұмсауы поэзияда бұрыннан бар тәсіл болғанымен, оны әр ақынның қолдану әдісі әр басқа. Ф. Оңғарсынова қолданған қайталаулар поэма мазмұнын айқындаумен қоса, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінен де хабардар етеді. Ақын поэмаларында қайталаулар өте жиі кездеспегенімен, аракідік байқалып отырады. Мысалы:

О, гитара, сайра-дағы
Балқыт балғын денені сен!
Балқыт мылқау айналаны
Мен жылаймын, сен егілсең.
Сайра, жұртты жасқандыра
Ұғынбаған құлақ талсын! [3, 180 б.], – деген жолдар жай қайталаудың үлгісі болса,

...Әндетіп қойыныңда,
Төсіңді арамдаған,
О, менің мұңды далам*!*
Ақтарып байлығыңды,
Құлазып құлдыраған,
О, менің мұңды далам! [3, 179 б.].

Басшысыз үйде бала азар,
Тәртіп жоқ жерде жан азар,
Хан мисызда бәрі азар
Ірілік кетіп жігіттен.
Айғыры – азбан үйір тоз,
Шешені – мылжың жиын тоз,
Бірлігі кетсе елің тоз
Осыған, Бұқар, қарсы ма ең?!

Мұндағы жыр жолдарының соңғы сөздеріне ерекше тоқталып, оқырман назарын сол сөзге аудара бірнеше рет қайталанып кезекті қайталаудың (эпифораның) үлгісі жасалынады.

Мен қарамын –
Қасіретім бұл маңдайда сорым болған,
Азап-мұңның қадады оғын жалған.
Мен қарамын –
Табиғаттың мен де бір перзентімін,
Арқалаған бейнетін жер бетінің.
Мен қарамын –
Қасиетті түндердей адалдығым,
Жүректерді өртеген жанар нұрым.

Дала жолы... бастауын таба алар кім ...
Ізі ме әлде боз інген, қара нардың?
Дала жолы – құпия сыр қаптаған,

бастауы да, шегі де жұмбақ маған.

Дала жолы керіліп сал қылықпен

Талай мен де жолымнан таңды күткем [3, 89 б.].

Бұл – Ф. Оңғарсынова поэмаларында басқаларынан көбірек қолданылатын әдепкі қайталау, яки анафораның шебер жасалған үлгісінің бір көрінісі. Поэманың әр жолы бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып отырады. Мұндай қайталаулар поэманың көркемдік ажарын кіргізумен қатар, негізгі темірқазық ойдың берік те нық болуына қосымша қызмет етіп тұрғаны анық. Қайталаулардың басқа түрін ақын поэмаларынан кездестіре қоймадық.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында көптеп кездесетін кестелі сөз, шымыр шумақ, жақсы тіркестердің де поэманың шырайын ашып, шұрайын кіргізудегі атқарар қызметі зор. “Көп жабы көлденеңдеп көсілгенмен, қадірін серіктестің тұлпар білмек”, “Адамдардың кәсібі– алшаң басып, Ой – теңізден жырақта қарын тырнау”, “Сосын сұңқар топшысын тайдырамыз, Шырқауларға самғайтын шақта нағыз”, “Арыстанға аңсатып тарлан күнін”, “Күншілдіктің суыры сананы жеп”, “Ақтың аппақ екенін біреулерге, күйзелесің дәделдеп ұқтыра алмай” т.б. сияқты ақынның өмірдің өзінен алып, терең ойға құрылған афоризмдері мен қанатты сөз тіркестері оқырманын таңдандырмай қоймайды. Көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, заман жайын, халық сөзін көкейінде ұстаған Фариза поэмаларынан оның азаматтық келбетін, ақындық кредосын анық байқаймыз.

Көркем шығармаға мейлі ол прозалық, мейлі поэзиялық шығарма болмасын ерекше бір өткірлік дарытатын, оқырманын бей-жай қалдырмайтын өтімді құбылтудың бірі – ирония, сатира, сарказм. Мысалы, ақын өз поэмасында: “Күштінің” азап маған, кәріне ілінгенім. Мысықты мазақтаған, тышқандай күнім менің”, “Аузыңды ашса санайды тісіңді де, Қимылың да бағулы, ұмырың – сын”, “Адам басы – алла емес, адамдардың, Көңіл соқса ойнайтын қуыршағы”, “Қажет емес ақылың, адалдығың, оларменен артпайды бағаң, құның”, “Біреу өліп жатса да, жайбарақат, тұрғаны сол түйсіксіз ыржаң қағып”, “Келеке ғып өзіне күлгендермен, қосарланып өзі де ыржияды” т.б. ирония мен сарказмді қолданғанда өмірде, тұрмыста кездесетін келеңсіз, оқыс жәйттарды көрсете отырып, адам мінезінің сырын ашу үшін пайдаланады. Бұл кейіпкердің дара характерін ашуға мүмкіндік береді.

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: “Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат. Жалпыға бірдей түсінікті символикамен қатар әдебиетте ақындар тудырған индивидуалдық символдар бар. Олардың мәнін ашу үшін автордың поэтикалық әлеміне үңілу керек” [6, 154 б.]. “Өмір атты бұрқаған дарияға, Бұрымымнан ұстап ап лақтырдың”, “Оны да бір күн құз-жардан лақтырмайсың ба?”, “Қырында қылаң берген қызғалдақты, Құйын жел кетеді айдап құм далаға”, т.б. мысалдардан байқағанымыздай, автор мегзеп отырған нәрселерін тек ишатарпен ғана білдіріп отырады. Яғни, суреттеп отырған белгілері ап-айқын

күйінде көрінбей, тұспал сурет арқылы елес береді. Әрине, тұспалдап сездіру, тұспалдап суреттеу орнын тауып қолданғанда ғана ұтымды, орамды шығады.

Ф. Оңғарсынова поэмаларының көркемдік қырының тағы бір сыры фразеологизмдер, яғни тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің байыпты қолданыс табуында жатыр. Фразеологизмдер – ақын жырларындағы белгілі бір бейнені көз алдыңа елестете суреттеудегі поэтикалық құралдың бірі. Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы фразеологизмдердің басым көпшілігі халық тілінде бұрыннан қолданылып келе жатқан үлгілер. Алайда, ақынның шеберліні де сонда – ол күнделікті естіп жүрген тұрақты сөз тірсектерінің өзін өңін құбылтып, керек жеріне сай ойнатып қолдана береді. Мысалы: “Ошаққа отырғызып кетті мені, Әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт”, “Бұлт айналып, басыңның тайды бағы, бақ дегенің қашан да айнымалы”, “Қайғылыға қылышын кеземейді, ат құйрығын үзіскен дұшпаны да”, т.б.

Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы ауыз әдебиетіне тән көркемдік құралдардың бірі – гиперболаны пайдалануы да сәтті, ұтымды шыққан. Сөзімізге мына мысалдар дәлел болса керек: “Күлімдесе – көн дала көл болады, қабақ шытса – демінен шыны балқып”, “Айдай ару көріктім, Оймақ аузың шоқ шашып, Сен де бүгін желіктің”, “Жасыл жайлау даламда, қойларым да құнандай”, “Айтысып әлек болған талайлардың, тірідей оқытқанмын жаназасын”, т.б. Градация: “Кімді де болса, әйтеуір сүйші, – деп жүрек, Жалындым, талдым, жүдедім...”, “Бұл да сабақ азаптан талса денең, Сеніп, сүйіп, алданып, шарша дер ем”, “Жүрген кезде құлазып, жылап-талып”, “Жаныңызды тор астында бұлқынған, елестетіп, елжірегем, жылағам”, т.б. Ф. Оңғарсынова поэмаларына тән басты қасиеттің бірі – нақтылық. Ақын өмірдің қай қырына қалам тартса да, әр сөзіне мағына дарытып, барынша анық, нақты айтуға тырысады, жорта жорамал жасамайды. Сонымен бірге әр нәрсенің өмірдегі қаз-қалпын поэзия құдіретімен кемелдендіре көрсету

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер мен поэмалар // Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1987. - Т 1. - 368 б.
2. Қабдолов З. «Сөз өнері»- Алматы, 2002. 336-б.
3. Оңғарсынова Ф. Шығармалары 1-10 том Астана, Фолиант, 2007
4. Жұмалиев Қ. «Стиль - өнер ерекшелігі»- Алматы, 1966. 13-б.
5. Иманасов С Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Ғылым, 1981.-Б. 240-242.
6. Нәжімеденов Ж. Өлеңдер мен поэмалар // Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1996.-Т 1. - Б. 404-406.
7. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. докт. дис: 10.01.02.- Алматы, 1997.
8. Алпысбаев Қ. Қазіргі қазақ лирикалық поэмасы (Методикалық талқылама). - Алматы: СМ. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1989. - 36 б.
9. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.

10. Нарымбетов Ә. «Қазақ поэмаларындағы Махамбет образы» «Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материялдары», 1 том. Атырау, 2003. 80-б
11.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫННЫҢ ҚОҒАМҒА, АДАМҒА ДЕГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСЫ

Абдрахманова Мадина Мұратқызы
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Фариза Онғарсынова – қазақ поэзиясының жарқын жұлдызы, өз заманының шынайы бейнесін жырлаған, қоғамдық мәселелерге үн қосқан ақын, әдебиет саласында үлкен із қалдырған дара тұлға. Оның шығармалары өмір шындығын терең түсінуге, адамның рухани байлығын тануға бағытталған. Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес, адамгершілік құндылықтар мен ұлттық болмысты сақтау идеялары ақын поэзиясында айқын көрініс тапқан. Ақынның поэзиясы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік мәселелерін, рухани байлығын бейнелеп, оқырманды терең ойларға жетелейді. Ақын шығармаларының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қырлары, үні бар. Қаламгердің жырлары құрылымы жағынан болсын, мән-мағынасы жағынан болсын, философиялық ойлары тұрғысынан болсын ерекше сипатқа ие. Ф. Оңғарсынова поэзиясының ең басты кейіпкері – қазақ қызы, олардың махаббаты, ар-намысы, арманы, құпиясы болып табылады. Қазақ қызының ар-намысын бәрінен жоғары қойған ақын өлеңдері қыз баласын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Ақын өз шығармаларында поэзияны жанына серік етіп, қуанышы мен қайғысын, сыры мен мұңын бөлісетін жан досына айналдырған.

Фариза Оңғарсынова шығармаларында қоғамның кемшіліктерін сынай отырып, әділетсіздікке қарсы күрескер ретінде танылды. Оның өлеңдерінде қоғамдық өмірдің өзекті мәселелері – шенеуніктердің бейқамдығы, қарапайым халықтың мұң-мұқтажы, теңсіздік сынды тақырыптар жиі қозғалады. Мысалы, «Шілде» өлеңінде ауыл өміріндегі ауыртпалықтар мен тұрмыстық қиындықтар айшықты суреттеледі. Ақынның қоғамға деген сыны жалаң емес, болашаққа сеніммен қарау, өзгерістерге шақыру үнімен үндеседі. Сонымен бірге, ол қоғамның жекелеген топтарының жауапкершілігін арттыру қажеттілігін алға тартты. “Теңдік” идеясы Фаризаның өлеңдерінде жиі көтеріледі, әсіресе әйелдер мен жастардың құқықтарын қорғау мәселелері айрықша орын алған. Ақын қоғамның прогресі тек адам құқықтарын қорғау мен әділеттілікті қамтамасыз ету арқылы мүмкін екенін насихаттады.

Оңғарсынова әйелдердің қоғамдағы рөліне ерекше назар аударды. Оның лирикасында қазақ әйелінің ішкі жан дүниесі, оның ауыр тағдырын терең ашып, оның қиындықтары мен қуаныштарын нәзіктікпен, шынайылықпен жеткізді. Әйелдің бейнесі тек аналық немесе махаббат символы ретінде ғана емес, оның еркіндігі, қайраткерлігі, қоғамдағы орны айрықша бейнеленеді. Мысалы, «Әйел сыры» өлеңдер топтамасында әйелдің қоғамдағы орны, оның көрген азаптары

мен асқақ рухы көркем бейнеленген. Ал, «Дауылдан кейін» атты өлеңінде табиғаттың қатал бейнесі арқылы қоғамдағы қиындықтарды бейнелеп, адамдардың күрескерлік рухын көрсетуге тырысады. Оның шығармаларына тән тағы бір сипат – болашаққа деген үміт пен сенімнің болуы. Ол қоғамдағы өзгерістер тек халықтың белсенділігі мен рухының мықтылығы арқылы мүмкін болатынын көрсетті. Фариза үшін қоғам тек әлеуметтік құрылым ғана емес, ол – адамдардың тағдыры, арманы, үміті мен өкініші. Фаризаның өлеңдері арқылы халықтың ішкі жан айқайы мен өмірге деген құштарлығы көрініс табады. Ақын адамды қоғамның қозғаушы күші ретінде дәріптей келе, адамның ішкі жан дүниесін зерттеп, оның арман-мақсаттарын, қайғы-қуанышын шынайы жеткізді. Оның «Мәңгілікке махаббат» өлеңі арқылы махаббаттың таза, пәк сезім ретінде суреттелуі – адамның рухани байлығын ашуға ұмтылысы. «Жүрек сенсің» және «Сағыныш» сияқты өлеңдері адамның сезім байлығын, махаббаттың ерекше құдіретін суреттейді. Оның шығармаларында философиялық ойлар жиі кездеседі: адам өмірінің мәні, уақыттың өткіншілігі, болашаққа деген сенім. Ақын адамның өз болмысын түсіну арқылы қоғамға қызмет етуін насихаттады. “Биіктерге” атты өлеңі адамның рухани жетілуіне, биік мақсаттарға ұмтылуына шақырады. Сонымен қатар, ақын адам бойындағы жалқаулық пен енжарлықты да сынға алды. Оның шығармаларында әрекетсіздік – қоғамның ілгері жылжуына кедергі болатын негізгі фактор ретінде суреттеледі. Мысалы, «Жұртта қалған үй» өлеңінде қараусыз қалған үй арқылы қоғамның ұмыт қалған құндылықтарын меңзейді.

Ақын табиғат пен адамның байланысын жырлаған туындыларында экологиялық мәселелерді қозғайды. Оның өлеңдері табиғаттың әсемдігін мадақтап қана қоймай, оны қорғауға үндейді. Мұндай тақырыптар ақынның тек лирикалық суреткер емес, азаматтық ұстанымы мықты тұлға екенін көрсетеді.
Фариза Оңғарсынова табиғат пен адамның үйлесімін жырлаған ерекше ақындардың бірі. Оның шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғатты аялау, экологиялық мәселелерге деген жауапкершілік терең көрініс тапқан. “Туған жер” өлеңінде табиғатқа деген құрмет пен оны қорғау идеялары басты орын алады. Табиғатты қорғау – ақынның адамгершілік ұстанымдарының ажырамас бөлігі.

Фариза ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтарды сақтауға ерекше көңіл бөлді. Оның “Қазақ тілі”, “Туған жер” өлеңдері ана тілі мен ұлттық рухты дәріптейді. Ақын қазақ халқының салт-дәстүрін, ерлікке толы тарихын бейнелеп, ұрпақты ұлттық сана-сезімді дамытуға шақырды. Ол үшін ұлттың болашағы – өткеннің сабақтарын дұрыс түсініп, қазіргі уақытта соны жүзеге асыруда екенін көрсетті.

Фариза шығармашылығы тек ұлттық мәселелермен шектеліп қана қоймай, жаһандық деңгейдегі әлеуметтік және рухани мәселелерді де қозғады. Оның шығармаларында адамзат баласының бірлігі, бейбітшілікке ұмтылуы, рухани жетілуі сияқты идеялар орын алған. Ақынның өлеңдері әрбір адамның әлемдегі орнын түсінуге, өз болмысын жаһандық құндылықтармен үйлестіруге үндейді.

Фариза өз заманының шеңберінен асып, болашақтың биігінен қарай білді. Оның поэзиясы бүгінгі заманның да өзекті мәселелерін шешуде бағыт-бағдар бола алады.

Жеке тұлғаның қоғамға деген әсері: «Мен» деген ұстаным мен азаматтық көзқарас

Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы маңызды аспектілердің бірі — жеке тұлғаның қоғамға деген әсері. Ақын әрбір адамды өз өмірін, өзінің орнын табуға, қоғамда белсенді болуға шақырады. Ақынның өлеңдерінде «Мен» ұғымы өз орнын табуға ұмтылған тұлғаның ұстанымын білдіреді. Ол өз шығармаларында адамның жеке тұлғасының қоғамдағы орны мен маңыздылығын көтере отырып, азаматтық жауапкершілік туралы айтады.

Фариза Оңғарсынова қоғамға деген әлеуметтік көзқарасында адамгершілік пен азаматтық ұстанымдарды үйлестіру маңызды екенін жеткізеді. Қоғамдағы әрбір тұлға өз орнын табуы үшін тек өз мүддесін ғана емес, жалпы елдің болашағын ойлау керек. Осы тұрғыда ақын жастарды тек білімге ғана емес, қоғамға қызмет етуге, өз ұлтына деген сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастыруға шақырады.

Фариза Оңғарсынова өзінің шығармаларында әйелдер мәселесін әрдайым қозғайды. Ақын шығармаларының ішінде әйелдерге қатысты әлеуметтік теңсіздіктерді әшкерелеп, әйелдердің құқықтарын қорғау мәселесін басты тақырып еткен өлеңдер мен поэмалар көп. Әйелдер қоғамдағы төменгі әлеуметтік қабаттардың біріне айналса да, ақын олардың еңбегін, күш-жігерін, рухани байлығын жоғары бағалайды.

Оңғарсынова әйелдердің тең құқықты болуын, олардың әлеуметтік, кәсіби саладағы белсенділігін арттыруды үнемі көтеріп отырған. Оның «Менің атым» өлеңінде әйелдің қоғамдағы орнын анықтап, әйелдердің күш-қуаты мен мүмкіндіктерін ашуға ұмтылу керектігі айтылады. Бұл өлеңде ақын әйелдердің өз әлеуетін ашуына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мәселесін қозғайды.

Қоғамдық бейбітшілік пен әділеттілік жолындағы ақынның үні

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде қоғамдағы бейбітшілік пен әділеттілік мәселесіне үлкен мән береді. Ақын қоғамдық тәртіпті орнату, әділдікті жүзеге асыру жолындағы күресті өз шығармашылығында үлкен арқау етеді. Ол азаматтық міндетті орындауға, қоғамда бірлікті сақтауға шақырады. Әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы тұру, өз ар-намысын сақтау, халықтың құқығын қорғау ақынның басты әлеуметтік ұстанымдары болып табылады.

Ақынның әлеуметтік көзқарасы қоғамдағы әділетсіздікке, әлеуметтік теңсіздікке қарсы үнемі үндеу салады. Оның өлеңдеріндегі әрбір кейіпкер қоғамдық әділеттілікті, моральдық құндылықтарды сақтауға ұмтылады, бұл ақынның өз қоғамына деген сенімін көрсетеді. Ақынның шығармаларының терең әлеуметтік мазмұны, қоғамды жақсартуға ұмтылған адамға деген сенімі, әділетті қоғам құру жолындағы қажырлы еңбегі оқырмандарға рухани күш-жігер береді.

Қорытынды

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы – қоғамның шындығы мен адамның рухани әлемінің бірегей бейнесі. Ақынның лирикалық кейіпкерлері ешкімге ұқсай бермейді, оқи отырып өзімен бірге күрсіндіріп, ойлантады,

қуантып, мұңайтады, толғандырады. Үнемі талпыныс күй кешкізеді. Ұлыларды ұлықтау ұрпақтың парызы. Поэзия падишасының адуынды жырлары арқылы ұлы тұлғаларымыздың рухы тірілгендей болады. Өр рухтың жарқылы ойнаған шығармалары оқырманын қанаттандырады, патриотизмге баулиды, елін, жерін сүюге шақырады. Ақын өз шығармалары арқылы әділетсіздікке қарсы тұрып, адамның рухани әлемін дәріптеуді басты мақсат етті. Оның өлеңдері тек әдеби туынды ғана емес, ол – қоғамның өзекті мәселелерін шешуге үндейтін үндеу.
Сондықтан ақынның шығармалары бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Фариза Оңғарсынова шығармалары әр адамды өзіне, өз ортасына және қоғамға деген жауапкершілікпен қарауға, әділетсіздікке қарсы тұрып, адамды жақсылыққа, адалдыққа шақырады. Оның шығармашылығы мәңгілік құндылықтарды дәріптеген, адамзатқа рухани азық беретін құнды мұра болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова Ф. "Шілде". – Алматы: Жазушы, 1987.
2. Оңғарсынова Ф. "Сыр мен жыр". – Алматы: Өнер, 1996.
3. Әбдезұлы Қ. "Қазақ поэзиясындағы замана үні". – Алматы: ҚАЗақпарат, 2003.
4. Қирабаев С. "Әдебиет және заман". – Алматы: Ғылым, 1992.
5. Құлкенов Н. "Фариза – ғасыр ақыны". // Ақиқат журналы, 2004, №3.
6. Оңғарсынова Ф. «Қарагөз» поэмасы. – Алматы: Жазушы, 1983.
7. Оңғарсынова Ф. «Өлеңдер мен поэмалар». – Алматы: Жалын, 1995.
8. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». – Алматы: Ана тілі, 1991.
9. Әбдіғазиев С. Фариза Оңғарсынова шығармашылығы. – Алматы: Ғылым, 1999.
10. Оразбекова Б. «Қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесі». – Алматы: Мектеп, 2005.
11. Өмірбекова Г. Фариза Оңғарсынова: поэзиядағы әлеуметтік әділеттілік мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
12. Оңғарсынова Ф. «Өлеңдер мен поэмалар» – Алматы: Жалын, 1995.
13. Оңғарсынова Ф. «Сырғымалы сезім» – Алматы: Жазушы, 2003.
14. Оңғарсынова Ф. «Жүрек сыры» – Алматы: Өлке, 2011.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығындағы ұлттық мәдениетті әлемдік мәдениетпен салыстыру және оның көрінісі

Абилкасимова Улпан Жумагалиевна
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
математика-информатика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Орысбаева Назерке Муратбековна
информатика пәнінің мұғалімі, педагог- модератор

Фариза Оңғарсынова - қазақ поэзиясында өзіндік орны бар, қайталанбас дауысымен танылған ақын. Оның шығармаларында ұлттық мәдениет пен

әлемдік мәдениеттің өзара байланысы, үндестігі мен айырмашылықтары тереңнен қозғалады. Бұл баяндамада Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы ұлттық мәдениеттің көрінісін әлемдік мәдениетпен салыстыра отырып талдауға тырысамыз.

Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің көрінісі:

- Қазақ дүниетанымының көрінісі: Ақын өлеңдерінде қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, ұлттық құндылықтары кеңінен көрініс тапқан. Ол туған жерге деген сүйіспеншілігін, ана тіліне деген құрметін, батырлардың ерлігін, даналардың өсиетін, халықтың мұң-зарын терең сезіммен жеткізеді.
- Ана тілінің көркемдігі: Фариза Оңғарсынова тілге ерекше мән беріп, қазақ тілінің байлығын, көркемдігін, иірімділігін шебер пайдаланады. Оның өлеңдеріндегі сөздердің мағынасы терең, әуезділігі жоғары. Ақын тіл арқылы ұлттық рухты оятып, ұлттық сананы қалыптастыруға үлес қосады.
- Ұлттық мінез-құлықтың бейнесі: Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде қазақ әйелінің қайсарлығын, батылдығын, аналық мейірімін, адалдығын, инабаттылығын суреттейді. Сонымен қатар, қазақ ер-азаматының батырлығын, намысын, елге деген қызметін, ақылдылығын бейнелейді.
- Табиғатпен үндестік: Ақын шығармаларында табиғаттың сұлулығы, табиғатпен адамның тығыз байланысы ерекше орын алады. Ол туған жердің кең даласын, асқар тауларын, мөлдір суларын, жасыл желектерін жырға қосады. Табиғатты аялау, онымен үндестікте өмір сүру идеясын насихаттайды.

Ұлттық және әлемдік мәдениеттің салыстырылуы:

Фариза Оңғарсынова шығармаларында ұлттық мәдениет әлемдік мәдениетпен салыстырылып, өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары айқындалады.

- Ұқсастықтар: Ақын өлеңдерінде адамзаттық ортақ құндылықтар – сүйіспеншілік, достық, адалдық, мейірімділік, бостандық, бейбітшілік сияқты тақырыптар көтеріледі. Бұл құндылықтар әлемнің барлық мәдениетінде маңызды рөл атқарады.
- Айырмашылықтар: Фариза Оңғарсынова қазақ халқының тарихи жолы, мәдени мұрасы, ұлттық ерекшеліктері арқылы өзіндік даралығын көрсетеді. Ол қазақ даласының кеңдігін, көшпелі өмір салтын, бай фольклорын, ұлттық музыкасын, әдет-ғұрыптарын жырға қосады. Бұл айырмашылықтар әр ұлттың өзіндік мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді.
- Үндестік: Ақын ұлттық мәдениетті әлемдік мәдениетпен жатсындырмай, оларды толықтыратын, байытатын құбылыс ретінде қарайды. Ол ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік мәдениеттің жетістіктерінен үйренуге шақырады. Ұлттық және әлемдік мәдениеттің үндестігі арқылы адамзаттың рухани дамуына үлес қосуға болатынын көрсетеді.

Фариза Оңғарсынованың шығармаларында ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің салыстырылуы тікелей айтылмаса да, ақынның көптеген өлеңдерінен осы мәселенің көрінісін байқауға болады. Оның өлеңдерінен ұлттық құндылықтар мен әлемдік идеялардың үндесуі, қатар жүруі байқалады. Нақты бір өлең жолдары арқылы осыны көрсетейік:

1. “Менің Қазақстаным” өлеңінен:
Бұл өлеңде ақын Қазақстанның табиғатын, тарихын, мәдениетін мақтан тұтады. Оның байлығын, кеңдігін жырлайды. Сонымен қатар, бұл өлеңде Қазақстанның әлемдік аренадағы орны туралы да ой қозғалады. Ұлттық намыс пен патриотизм сезімі әлемдік кеңістікке ұмтылумен үйлеседі.
“Даламдай дархан, көгімдей асқақ елмін,” - бұл жолдар арқылы Қазақстанның өзіндік ерекшелігін, кеңдігін әлемге паш етеді.
- “Тарихым терең, тамырым да мықты,” - ұлттық тамырлардың мықтылығын айта отырып, әлемдік мәдениетке де ашық екенін білдіреді.

2. “Үш бақытым” өлеңінен:
- Бұл өлеңде Фариза Оңғарсынова өзінің үш бақытын атайды: ана тілі, туған жері және елі. Бұл үш ұғым да ұлттық құндылықтардың негізі болып табылады. Ақын осы құндылықтарды дәріптей отырып, әлемдік деңгейдегі мәдениеттің де құндылықтарына қол жеткізгісі келетінін көрсетеді.
- “Тілім барда, жаным барда өлеңім бар,” - Ана тілінің құдіретін жырлай отырып, мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді.
- “Туған жерім – менің бақыт, сенімім,” - Туған жерге деген сүйіспеншілік арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптейді, бұл адамзаттық құндылықтармен үндеседі.

3. “Қазақ қызы” өлеңінен:
Бұл өлеңде қазақ қызының сұлулығы, ішкі жан дүниесі, қайсарлығы, адалдығы суреттеледі. Қазақ қызының бейнесі арқылы ұлттық мінез, ұлттық құндылықтарды көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ қызының заманауи әлемге бейімделуге дайын екенін де байқауға болады.“Қазақ қызы – қайсар қыз, тау мінезді,” - ұлттық мінездің ерекшелігін айта отырып, әлемдегі басқа да батыл қыздармен салыстыруға болады. “Ақылды, әдепті, ибалы, инабатты,” - ұлттық әдептілік әлемдік әдептілікпен үндеседі.

4. “Аққулар” өлеңінен:
Бұл өлеңде табиғаттың сұлулығы, аққулардың махаббаты, адалдығы жырланады. Аққу бейнесі арқылы табиғат пен адамның бірлігін, әлемдік үйлесімділікті көрсетеді. “Аққулар – сұлулықтың символы, махаббаттың үлгісі,” - табиғаттағы сұлулық пен үйлесімділік әлемдік мәдениетте де маңызды.

5. “Жапырақтар” өлеңінен:
Бұл өлеңде жапырақтардың өмірге келуі, өсуі, қартаюы және жерге түсуі арқылы тіршіліктің шексіздігі, уақыттың өткіншілігі суреттеледі. Бұл жалпы адамзаттық мәселе. “Жапырақтар – өмірдің бір бөлшегі, айналаның бір бөлігі,” - тіршіліктің шексіздігін бейнелейді, бұл әлемдік мәдениетте де айтылады.

Қорытынды:

Фариза Оңғарсынованың шығармаларында ұлттық және әлемдік мәдениеттің салыстырылуы тікелей емес, жанама түрде көрініс табады. Ақын ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, оны әлемдік құндылықтармен салыстырады, үндестіреді. Оның өлеңдерінде ұлттық намыс пен патриотизм сезімі әлемдік кеңістікке ұмтылумен үйлеседі. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін сақтай отырып, әлемдік мәдениеттің жетістіктерінен үйренуге шақырады. Фариза Оңғарсынованың шығармалары ұлттық мәдениеттің байлығын, тереңдігін көрсетеді. Ақын ұлттық мәдениетті әлемдік мәдениетпен салыстыра отырып, әрқайсысының құндылығын, ерекшелігін айқындайды. Оның шығармалары ұлттық сананы оятып, ұлттық рухты көтеріп, жастарды өз мәдениетін құрметтеуге, оны сақтауға шақырады. Сонымен қатар, әлемдік мәдениеттің жетістіктерінен үйрене отырып, ұлттық мәдениетті байытуға үлес қосу керектігін баса айтады. Фариза Оңғарсынованың поэзиясы - ұлттық рухтың, ұлттық сананың, ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі. Оның шығармалары қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оңғарсынова Ф. "Поэзия әлемі". Алматы: Жазушы, 2005.
2. Нұрғалиев М. "Қазақ поэзиясының тарихы". Алматы: Ғылым, 2010.
3. Сыздықова Г. "Ф. Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы". Алматы: Қазақ университеті, 2012.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПАТШАЙЫМЫ

Акилбаева Гульнур Есмаганбетовна
Бауыржан Момышұлы атындағы
№45 қазақ классикалық гимназиясы,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Фаризаны ел арасында «Поэзия патшайымы» деп атайды. Ақын қыз – шыншыл, турашыл, кейде тіпті қатал. Оның өлеңдерін оқи отырып, көз алдыңа ер мінезді, нәзік жүректі сезімтал әйел көз алдыңа елестетеді.Фариза Оңғарсынова – нағыз патриот, оның әрбір өлең жолында өз халқына, оның салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілдік пен құрметті байқауға болады. Ол ең сүйікті ақын-жазушыларының бірі болған және болып қала беруі ғажап емес.

Қазақ поэзиясының биік шыңдарын бағындырған, әдебиетімізге баға жетпес үлес қосқан ақын, Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынова – сөз өнерінің шын мәніндегі шебері. Оның шығармаларының ерекшелігі, терең мазмұны мен өткір шыншылдығы, адам жанының нәзік қырларын сезіне білуінде жатыр. Ақынның поэзиясы өз заманынан тыс, көне ұлттың рухын терең сезінетін және мәңгілік адамдық құндылықтарды дәріптейтін шығармалардан тұрады.

Ақын 1939 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Фаризаның анасы Халима қызының әдебиетке, әсіресе, поэзияға деген сүйіспеншілігін оятты.

Олардың үйінде қазақтың көне әндері, халық аңыздары, ертегілері, батыр Махамбет ақынның шығармалары жиі естілді. Отбасындағы қайғылы оқиға – Оңғарсынның әкесінің қайтыс болуы қыздың кітапқа деген құштарлығын арттырды. Анасын қайғыдан айыру үшін Фариза батырлар туралы дастандарды жатқа айтып үйренген. Анасы жылауын қойып, қызына таңырқай қарады... Өз сұхбаттарында Фариза Оңғарсынова сол түні ерекше сезіммен ұйықтап қалатынын және де ақындықты сезінгенін жиі айтатын...

Ақынның отбасы тұратын ауыл Манаш су тапшылығынан зардап шекті. Қатты жер, айнала құм – бұлақ жоқ, ал құдықтар жоқтың қасы болған. Фариза бой жетіп, инженер-мелиоратор болсам, туған жеріне су жеткізсем, ізденсем деп армандады. Мамандық таңдау уақыты келгенде, анасы қызының қабілетін біліп, оны шығармашылық жолға бағыттады. Одан кейін «Лениншіл жас» республикалық жастар газетінің Қазақстанның батыс облыстары бойынша меншікті тілшісі болып, республикалық «Қазақстан пионерлері» газетінің редакторы болып қызмет атқарды. 1978-1996 жылдары республикалық «Пионер» журналын басқарды.

Фариза Оңғарсынова – қазақ тіліндегі «Сандуғаш», «Әуендер», «Мазасыз шақ», «Тақаппар ұрпақ», «Көгершіндерім менің», «Мен сенің жүрегімде», «Шілде», «Сенің» жыр жинақтарының авторы. Және де 1970 жылдардың аяғында орыс тіліндегі оқырмандар оның «Нәзіктік» кітабымен танысты. Одан кейін «Мазасыздық», «Сәулелену», «Күнді күту», «Түскі аптап ыстығы» және т.б жинақтары орыс тіліне аударылып жарық көрді. Сондай-ақ «Кәмшат» деректі повесі, көптеген көркем-публицистикалық мақалалар мен очерктер, «Биіктік» жинағы да жарыққа шықты.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығында адамның ішкі дүниесі мен оның қоғамдағы орны үлкен орын алады. Ақын табиғаттың әсемдігін, адамның өмір сүру мәнін, оның махаббатқа деген ерекше көзқарасын жоғары деңгейде бейнелей алды. Оңғарсынова өлеңдерінде әйелдің рөлі, ананың, сүйген жардың бейнесі айқын суреттеледі. Ол әйелге тән нәзіктік пен күш-қайратты ерекше сипаттай отырып, оларды еркін, толыққанды өмір сүруге, өз құқығын қорғауға шақырады. Ақынның әйелдер туралы жазған өлеңдері елдің көңілінен шығып, халық арасында кең тарады. Өзінің де ер мінезді, нәзік жүректі, сезімтал әйел екенін өлең жолдарын оқығанда байқауға болады.

Фариза Оңғарсынова - көркемсөз майданында ақын мен жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақын. Ақынның өлеңдері кейінгі ұрпақты ерлікке, нәзік болуға, туған жер мен ұлтты сүюге апаратын жол іспетті. Иә, Фариза Оңғарсынова – нағыз патриот ақын. Оның шығармашылығында туған жер, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту мәселелері маңызды орын алады. Фариза Оңғарсынова өзінің поэзиясында қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, оның өткені мен бүгінін терең сезініп, сол арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат еткен.

Ақынның өлеңдерінде ұлттық рух, өз жерінің табиғатына деген махаббат, адамның азаматтық парызы мен ар-намысы туралы ойлар молынан кездеседі. Ол

өзінің шығармаларында ұлтты ұлықтап, жастарға моральдық және патриоттық құндылықтарды ұстануға шақырады. Әсіресе, Фариза Оңғарсынова өз халқының батырлығын, ерлігін және тәуелсіздіктің маңыздылығын айшықтай отырып, ұлттық сана мен азаматтық ұстанымды нығайтуға ұмтылды.

Сонымен қатар, оның поэзиясында әйелдердің теңдігі мен қоғамдағы рөлі туралы да терең ойлар бар, бұл да ақынның адамзаттық құндылықтарға деген жоғары көзқарасын көрсетеді.

Фариза Оңғарсынова өз уақытындағы қоғам мен қоғамдағы өзгерістерге жауап берген ақын ретінде, нағыз патриот ретінде танылды.

Фариза – бұл есім бүгін өрлік пен ерліктің сыршыл сұлулықтың, ұлылықтың символыболып табылады. «Фариза» сөзі бірегей деген ұғымды білдіреді. Оның отты жырлары ұлттың қуанышы да, жұбанышы да болған.

«Менің терең сенімім бойынша, ақындық сыйлық тек шарасыз адамдарға беріледі. Ақындардың турашылдығы мен шыншылдығынан бұл дүниенің ұлылары, алып империялардың билеушілері мен жеңілмейтін қолбасшылар селт еткізгені тегін емес. Фариза поэзиясы туралы сөз қозғағанда, әділдік сезімін осыншама жоғары түсінетін адам нашар, тіпті орташа ақын бола алмайды деген тұжырымға келемін. Оның поэзиясы – сезімнің бұлағы, әділетсіздікке, екіжүзділікке, екіжүзділікке, ымыраға орын болмайтын өлең жолдарымен өрнектелген сезімдердің ұйытқысы», – дейді халық жазушысы Әбіш Кекілбаев. «Фаризаны ешкіммен шатастыруға болмайды. Оның жұмысының өзіндік ерекшелігі мен даралығы соншалық, ол иеленетін тауашаға басқа үміткерлер іс жүзінде жоқ. Оған қатысты жер бетіндегі тіршіліктің бар азабы мен қуанышын асыл жүрегіне сыйғызған ол нағыз халық ақыны, қазіргі қазақ әдебиетінің классигі және туған Отанының нағыз азаматы деп айта аламыз».

Ол ешқашан халықтың, ел тағдырына бей-жай қараған емес. Мектепте сабақ бергенде де, журналистика саласында да, Парламент Мәжілісінің депутаты болып жүргенімде де емес.Ол – нағыз париот. Соңғы жылдары жас талантты жазушылар мен ақындарды қолдау мақсатында республикалық «Тұмар» әдеби-көркем журналын шығарды. Ақын қыз 2014 жылдың қаңтар айында 74 жасында өмірден озды.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы – ұлттық рухани мәдениеттің жарқын беті: оның поэзиясы таңғажайып бейнелер мен орынды тіркестерден өрілген. Ақын қызды «қазақтың сөз бақсысы» деп атайды: оның лирикалық рух пен биік патриотизмге толы өлеңдері осындай күшті әсер қалдырады. Оның өзі былай деп атап өтті: «Әрбір поэтикалық туынды – ақынның көңіл күйі. Ақынның мұндай күйі оқырманның жанын тебірентсе, бұл нағыз поэзия».

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, оның өлеңдері терең мазмұны, сезімдер мен ойларды күшті жеткізе алуымен ерекшеленеді. Ол қазақ әйелінің болмысын, отаншылдықты, сүйіспеншілік пен өмірдің ауыртпалықтарын шынайы және әсерлі түрде суреттеді.

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде адам жанын тебірентетін қуат бар. Оның поэзиясы жүрекке жақын, табиғаттың әсемдігі мен адамның ішкі әлемін бейнелейді. Өлеңдеріндегі терең ойлар мен сезімдер оқырманды еріксіз ойлануға

мәжбүр етеді. Мұндай өлеңдер тек сөзбен емес, жан дүниесімен жазылғандықтан, олардың әрбір шумағы оқырманды ерекше бір күйге түсіреді.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, қоғам мен адам мәселелеріне терең ойлы, сезімталдықпен қарайтын ақын. Оның шығармашылығының негізгі тақырыптары – махаббат, өмірдің мәні, табиғат, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті.Мысалы, оның «Ақын болам деп едім» атты өлеңінде поэзияға деген махаббатын, өз жүрегінің үнімен үндесіп жазған өлеңдерін сипаттайды. Әрбір өлеңі өзіндік бір өмірдің айнасы тәрізді. Құтты бір терең ойлар мен ұлы сезімдер осы өлеңдерде терең шынайылықпен көрініс табады."Ақын болам деп едім" өлеңі ақынның өнер мен өмірге деген көзқарасын, шығармашылықтың қиындықтары мен қуаныштарын сипаттайды.

Өлеңде ақынның бала кезінде әдебиетке деген махаббаты мен оған деген арман-үміттерінің пайда болғаны туралы айтылады. Ол өзінің болашақта ақын боламын деген арманына жету үшін өмір бойы ізденіп, өлең жазып, сөздің құдіретін түсінуге тырысты. Бірақ ақын болу оңай емес екендігін, оның тек сезім мен сөзбен ғана емес, ауыр еңбек пен жанкештілікпен келетініне көз жеткізеді.

Міне, осы өлең арқылы Фариза Оңғарсынова шығармашылық жолдың қиыншылықтары мен тереңдігін, сондай-ақ, ақынның өз жолында кездескен кедергілер мен жетістіктері туралы баяндайды.Өлеңде ақынның өз болашағын қалыптастыру үшін арман қуғаны, шығармашылық жолда қаншалықты қиыншылықтар мен күдікке толы болғанын көркем тілмен жеткізген. Ақын болу үшін талмай еңбек ету, шын жүректен сену қажет екені айтылады. Ақынның ішкі әлемі, оның күресі мен арманы оқырманға терең әсер қалдырады.

Осылайша, өлеңде адам өміріндегі күресті, қиындықтарды, бірге жүрген жолдастардың маңыздылығын, әрі өзара түсіністікті көрсеткен философиялық терең ойлар бар.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдері жанды тебірентіп, оқырмандардың жүрегінде терең із қалдырады.

Фариза ұлттық поэзиямызға үлкен үлес қосты. Оның ұлы тұлғаларымызға, ақын-жазушыларымызға, батырларымызға арнаған лирикалық,патриоттық, жастарды тәрбиелейтін өлеңдері де бар. Фариза Оңғарсынова - сөз шебері. Сондықтан оның поэзиясы әрқашан қызықты және сұранысқа ие, әртүрліжастағы ұрпақ оқырмандарының сүйіспеншілігіне ие. Фариза Оңғарсынова – поэзия мен адамгершіліктің үлгісі болып саналады. Оның шығармашылығы терең философиялық мәнге ие және қоғамның әр түрлі кезеңдеріндегі қиындықтарды өткір түрде жеткізеді.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы жаңашылдық пен дәстүрді, рухани тереңдікті, жан тазалығын үйлестіре білгендігімен ерекшеленеді. Ол өз өлеңдерінде әйелдер тағдыры, еркіндік, махаббат және әділеттілік мәселелерін көтеріген. Оның поэзиясында лиризм мен қоғамға деген жауапкершілік арасында нәзік теңдік бар.

Фариза Оңғарсынова қазақ әдебиетінде өз орын алған, есімі ұмытылмас тұлға болып қала береді. Оның өмірі мен шығармашылығы бүгінгі ұрпақ үшін

үлгі тұтарлық, себебі ол өз жолында адалдық, кішіпейілділік, әділеттілік пен арнамыс мәселелеріне мән берді.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының ең жарқын өкілдерінің бірі. Оның шығармалары ғасырлар бойы жасайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жететін мәңгілік мұра болып қала береді. Ақынның поэзиясы бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтпай, халықтың жүрегінде сақталып келеді. Оңғарсынова қазақ әдебиетінің патшайымы ретінде ел есінде мәңгі қалары сөзсіз.

Бұл баяндама Фариза Оңғарсынова мен оның шығармашылығының тереңдігі мен мәңгілігін сипаттайтын қысқаша шолу болып табылады. Ақынның өлеңдеріндегі әр сөз, әр жол – ол қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған тағы бір баға жетпес қазына.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- https://bilim-all.kz/olen/11831-Mahabbatty-sezinu
- https://kazpravda.kz/n/koroleva-kazahskoy-poezii/
- https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-omirbayany/
- https://www.zharar.com/kz/olen/9429-fariza_kyzganysh_ongarsynova.html
- Фариза Оңғарсынова «Өткенді қайталау»

Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫ: НӘЗІКТІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ

Амиренова Маржан Амантаевна
Астана қаласы әкімдігінің
«Қ.Ақышев атындағы №69 мектеп гимназиясы»,
қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетіне тың серпінмен келіп, өзінің отты жырларымен жүректі жаулап, қайсар мінезімен тарихта аты қалған тұлға. Оның табиғатынан әйез затына тән нәзік болмысы көпшілікке бірден аңғарыла қоймаса да, жырлары арқылы жайма – шуағын төгіп, сезімнің шыңырауына шығарып, ерекше бақытқа бөлейді.

«Дара күндерімнің,
нала түндерімнің.
Серігі болғаның үшін,
Сенімі болғаның үшін

Мен сені аялап өтем, Өлең!», - деп жырлаған ақын, өзінің өне бойындағы бар өнерді өлеңге төгіп, сарқылмас қазынаны ұрпағына мәңгі табыстап кетті. Оның поэзиясы түрлі тақырыпты қамтиды. Жүректен жарып шыққан жырлары жалпақ жұрттың жанына азық болып, бойларына рух сыйлады, ақын жанына үңілуге мүмкіндік беріп, нәзік әлемнің қанық бояларын сезінуге мүмкіндік берді.

Әдебиет атты әлемде әрбір суреткердің қызыға, қызықтыра жырлайтын өзіне етене жақын тақырыбы болатыны белгілі. Сол арқылы оның авторлық идеясы, дербес көзқарасы аңғарылып жатады. Ф,Оңғарсынованың

шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – әйел тағдыры, әйел жолы. Әйел нәзіктігінің, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза поэзиясының өзгешеліктерінің бірі. Ақын шығармашылығына тән осы ерекшелікті анық байқаған. З.Мүтиев: «Ф. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол – ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. ...Суреткердің қаламынан туған әйел тағдыры, оның өмір түйіткілдерінен сыр тартқан сан қилы поэтикалық дүниелердің ауқымы да қомақты» [1, 11 б.], дейді. Қазақ әйелдерінің қайсар мінезі, олардың бір – біріне ұқсамайтын өзіндік болмыс – бітімі ақын шығармашылығында да бөлекше сипат табады.

«...Шынымды айтсам, мен жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ дер едім. Ал нағыз өнердің шытырман жасы, тіпті суреткерлік табиғаты әйелге бұйырса, ол екі есе қиын. Тағдыры өнермен байланысты әйелдер жайлы ойланатыным да осыдан болар. Қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім – кімді де табындырады деп ойлаймын. Ал, заманның қаталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген Сара, Майра, Диналарға гимн жазса да артық болмас еді»[2, 189 б.], деген Фариза қазақтың біртуар талантты да қайраткер қыздарына арнап бірнеше поэмалар жазды. Соның бірі – атақты «Жетісудың бұлбұлы» - Сара Тастанбекқызының өмір тарихын, өнер жолын арқау еткен «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын» поэмасы.

Фаризаның көп өлеңдері әйел тақырыбына арналған. Өзі де әйел затынан болғандықтан, ол әйел психологиясын, оның басындағы өмір сырларын көбірек білді, айқынырақ түсінді. Ол әйелге тән төзімді, өткір сезім күйлерін, кейде сол сезімге малтығып қалатын әлсіздікті, көңілдің нәзіктігін, адал махабатты тереңірек жырлады. Оның сезімі мұңды, ойлы. Оның өлеңдерінде қуанышы мен қайғысы аралас жүретін азапты күндердің суреттері мол кездеседі. Адам жүрегінің тазалығы, сүюдің саудаға, есепке құрылмауы, сүйгенінің жанын ауыртпауы – автордың ой қалауы. Лирикалық кейіпкер сезімінің тазалығын, әйелге тән адалдықты, көңіл күйінің әрқилы қалтарыстарын ол нақтылықпен бейнелейді. Жаңбыр құйып тұрғанда қол шатырдың астын жігітпен бірге паналаған қыз сезімінің дір етуі, қос жүректің тілсіз қимылдап, қабақтан түсінісуі оқырманның көз алдына жанды сурет алып келеді. Әшейінде тәкаппар қыз да осал тартып, «Менің тәкаппарлығымды, еркелігімді қоштасқанда өзіңмен ала кеттің» деп мойындайды. Фариза суреттейтін әйел осалдығы – махаббат алдында бас ию, сезім нәзіктігі, сүюдің азабына көну. [3, 4 б.]

Әдетте, біз Фариза шығармашылығын сөз еткенде, оның өзіндік әйелдер галереясын» жасағандығын, әйел әлемін, қыз сезімін дәл Фаризадай жырлаған ақын аздығын тілге тиек ететін едік. Сөйтсек, Ф.Оңғарсыноваға бозбала сезімі де жат емес көрінеді. Ақынның «Мен өмірді сен деуші ем» поэмасындағы негізгі желі – бозбала сезімі, оның пәк, балаң махаббаты. «Кейбіреулер махаббат, көңіл – күй тақырыбындағы өлеңдер жалаң сезімге құрылған» деген тіркес қолданып, сынайтын болып жүр. Ал сезімнің жалаңы болады дегенді мен түсінбеймін. «Сезімге әсер етпейді - сезімсіз» десек, бір жөн. ...Сезімнің сүйініші де, күйініші

де адамды, не заманды таңдамайды емес пе? Қуанбайтын, қайғырмайтын, сүймейтін, жек көрмейтін адам бола ма? – деп Ф.Оңғарсынованың өзі айтқандай [4, 211 б.], ақын көп ешкімнің батылы бара бермейтін адам сезімінің небір қалтарыстарына үңіледі. Адамның нәзік жанын барынша өз шығармашылығына арқау етеді. Қыз сезімін, әйел жанын «сұлу мұнардан суырылғандай» етіп жырлайтын ақын бозбала сезімін де өз басынан өткергендей соншалықты шынайы етіп суреттейді.

Осыдан – ақ нәзіктікпен өрілген аяулы сезімнің адамдарды талғамай, барлық жанның бойынан табылуы мүмкін құдіретті күш екендігін айқын аңғарамыз. Фариза апамыз азаматтарымыздың да жүрек түбінде қылаң беріп көрініп қалатын нәзіктікті жеткізе біледі. Расымен, оны сыртқа еш қымсынбастан көрсететін де, жасырып қалатындар да бар. Дегенмен, тірі пендеге түйсік берілгендіктен, адамзатқа тән сезім құбылысы әрқайсымызда орын алуы заңдылық.

Фариза Оңғарсынова бұл құдіретті кейіпкерлері арқылы тамаша суреттеп, ерекше көркемдік тәсілдерді қолданады. Оған қоса, нәзіктікпен қатар қайсарлықты қатар өңгеріп әкеліп алдымызға қойғанда, ұлтымызға тән ұлылықтан өзіміз қайран қаламыз. Отты жырлары халқымызға туындаған қиын кезеңдерде өзінің көп көмегін тигізіп, жанға жалау, жүрекке үміт бергенін де айта кеткеніміз жөн.

Фариза – қазақ рухына әсер еткен ақын. Сексен алтының желтоқсанында Алматының қақ ортасындағы алаңға шыққан, ақ қарға алау жаққан жастардың арасында Фариза жырынан жанына жылу алғандар аз болмағаны анық. Онсыз да қыз баланы бөлекше қастерлейтін халқымыз Фариза өлеңдері арқылы әйел затының қадір – қасиетін бұрыңғыдан да биік бағалай түсті деудің ешқандай артықтығы жоқ. [5, 3 б.]

Ф.Оңғарсынова жалтақтаудан ада болып, жалаң тілден бойын аулақ салды. Өз өлеңдеріне өмір беріп, өрнекпен әрлеп, рухпен көмкеріп, нәзік боялармен өң берді, сұлу сөздермен кестеледі, мәселені тереңінен толғады, тарихты жырлады. Сондықтан да сүбелі сөз иесін тапты. Оқырмандар өлеңдер арқылы бой көтерді, жан дүниесіне үңіліп, өз – өзімен сырласты, сезімнің сиқырына сенді, болашаққа арманмен көз жүгіртті. Күнделікті күйбең тірліктен келешекке деген көп үміт пайда болып, өзі бұрын аңғармаған, мән бермеген жағдайларды жан – жақты саралады, баға берді, мәдени толы.

Ақынның мінезді жырларын оқып отырып, оның қазақ жырының антологиялық сандығына салған үздік үлгілері мен озық ізденістерін анық байқайсың. Мазмұндық тереңдік пен формалық ізденістер, ырғақ пен өлшемдегі өзгешеліктер мен жаңалықтар, ақындық қабылдауларындағы оқыс түйіндер мен күрт бұрылыстар оның поэтикалық полотносын басқалардан оқшауландырып тұрады. [6, 3 б.]

Ф.Оңғарсынова өлеңдерінен бастап, кең көлемді поэмаларына дейін өз қолтаңбасын танытуға ұмтылады. «Сенің өлеңіңді оқығанда, бір жолын аяқтағанша, Атыраудан Алматыға жаяу барғандай демігіп қаламын» деген пікірді айтып жүр жұрт», - деген едің. Мүмкін...о да мүмкін. Бірақ өлең ырғағын

өмір тынысы белгілемей ме? Ал өмір тынысы бір сарынды ма? Бір сарынды күндердей, бір сарынды өлеңдер де жалықтырмай ма? [7, 6 б.] дейтін ақынның мұндай ізденістерін тек форма жаңашылдығы деп емес, ақындық арының, қалам қарымының мықтылығынан деп бағалаған дұрыс.

Расында да, ақын табиғатқа да сүйсінеді, тарихты жырлағанда да ерекше толғанады, туған жеріне деген ыстық сезімін де өлеңге көмкереді, сезімді сұлу баяндап, оның жас, жыныс талғамайтындығын дәріптейді, санасымен сезініп, ой орамымен шумақтарға шоғырландырады.

Мен мұғалім ретінде Ф.Оңғарсынованың шығармашылығын оқушылармен бірге талдап, үнемі жан – жақты жұмыстар жүргіземіз. Жасырын жатқан жылулық, қамқорлық пен қайсарлықтың қаймағын сүзіп алғанда оқушылардың бойында бір – біріне деген құрмет пен ізеттіліктің пайда болып, ақынға деген қызығушылықтың одан әрі оянғанын аңғарамын. Әдетте жалпақ тілге жаттанды болып көрінетін жыр жолдарының әр тармағында нәзіктік қылаң беріп, қайсарлықтың иісі аңқып тұрады. Ақынның туа бітті қасиеті жас ұрпаққа өлең арқылы дарып, өмірлеріне оң әсер етеді десем, артық айтпағаным болар. Сол себепті, ақын шығармашылығын барынша дәріптеп, шыңырау биігіне көтеру біздің алдымызда тұрған басты парыз. Біз әдебиет арқылы мәдениетті дамытамыз, нәзіктік арқылы сезімді басқаруды үйренеміз, қайсарлықтың көмегімен ұлтқа шын жанашыр ұрпақ тәрбиелеп, кемелдеңген келешектің іргесінің одан әрі берік болуына ат салысамыз.

Фариза Оңғарсынова туа бітті талант иесі. Өз – өзіне адал болуының арқасында шынайы жырлар туындады, халық құрметіне бөленді. Қайсарлығы қаншама қыз – келіншектердің абыройын арттырды, өздеріне деген сенімділіктерін қалыптастырды. Ол айналасына өлеңімен шуағын шашты, нәзіктігімен нәр берді, отты өлеңдерімен бойға ой салды.

Қазақ тарихында «тоқырау жылдары» деген атпен қалатын сол бір «жылымық» кезеңнің әдебиетіне шоқ болып жанып келген үркердей топтың ішінде өзгеше мінезді өлеңдерімен Ф.Оңғарсынова поэзиясы тұрды. Ф.Оңғарсынова шығармашылығын қазақ поэзиясына үлкен бетбұрыс әкелген шын мәніндегі әдеби құбылыс деуге болады. Ақын – ең алдымен, өз заманының перзенті, ол өзі өмір сүріп отырған уақыттың өткір де өзекті мәселелерін өзгелерден гөрі әлдеқайда жақсы сезінеді. Осындай түсінік тұрғысынан қарайтын болсақ, ақын Ф.Оңғарсынова – замана үнін, қоғам тынысын танытуда сан түрлі тақырыптарға терең бойлай білген ақын.

Ақынның есімі мәңгі ел жүрегінде сақталып, ыстық естеліктермен көмкерілетіні рас. Әдебиеттің жарық жұлдызына деген құрмет ешқашан ортаймайтыны анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мүтитегі З.Ф.Оңғарсынованың лирикасы: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2000. – Б.87 – 88
2. Оңғарсынова Ф.Шашы ағарған қыз//Мақала, эссе, повестер. – Алматы: Жазушы, 1987. Т 2. – 336 б.

3. Қирабаев, С. Фариза /С.Қирабаев//Егемен Қазақстан. – 2014. – 5 наурыз. – бет.
4. Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. – Алматы: Білім, 1999. – 168 б.
5. Абдрахманов, С. Ұлттық ұғымға ұласқан/С.Абдрахманов //Егемен Қазақстан. – 2013. – 31 желтоқсан (№285). – 8 б.
6. Оралбайұлы, Ө., Серпер сезім: Тұлға /Оралбайұлы, Ө.//Егемен Қазақстан. – 2013. №86. – 14 наурыз. – 5 б.
7. Оңғарсынова Ф. Шілде //Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1978. – 224 б.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ҰЛТҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІ МЕН ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН КӨРКЕМ ТҮРДЕ ЖЕТКІЗУ

Амзина Канат Жадигеровна
Астана қаласы «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназия» ШЖҚ КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-шебер

Фариза Оңғарсынова - көркемсөз майданында ақын мен жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақын. Ақынның өлеңдері кейінгі ұрпақты ерлікке, туған жерді сүюге тәрбиелейді. Ақын отанын, туған жерін, өзі туып-өскен өлкенің кешегі және бүгінгі өмірін, революция мен ерлікті жырлады. Ақынның патриоттық, отаншылдық өлеңдері «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» деп аталатын топтама өлеңдерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына лайық екеніне дәлел болды. Фариза ақын үздіксіз ізденумен, өз бойына біткен дарынын дұрыс жолда, шын поэзияға арнап дамыта алды. Шын үлкен ақындарға тән сезімдерін ашық әрі батыл айтуға, оны көркемдікпен бейнелей танытуға, кейде тіпті суретке айналдырып көз алдыңнан өткізуге қабілетті, өлеңдері оймен өрілген ұлы талант иесі. Өлеңнің көркі – ой мен сезім болса, осы екеуі тоғысып ақынның «менін» биікке көтерді. Фаризаның отансүйгіштігінің, патриоттығының өзі, жаны нәзік адамның туған жерінің әдемі суретін танудан туған ойды сезіммен жырлауы, ол жердің тарихы мен халық өміріндегі дәстүрлі сипатын түсінуі. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері – елімен, жерімен рухани туысып кеткен сезімтал, бауырмал жан. Ол қазақ даласын сүйеді. Саумалкөлдің самалы, Оқжетпестің басындағы сағым-мұнар, Үшқараның биігі, даланың ақ түні – бәрі де ақын ойын қозғады, жырына азық берді. Қиналған, шаршаған шағында ол қырға шығып, жанына шипа іздеді, саумал иісінен дауа тапты. Сол даланың дарқан, жаны шуаққа бай адамдары да ана сүті сіңген тіршілік иісін сақтаушылар боп елестеді. Бұлардағы ойлар мен суреттер тек ел, табиғат сырын түсіну үшін ғана емес, тарих жолын жүрек көзімен саралар шындыққа жүгінеді. Сондықтан да ол «Қаратаудың басынан көш келеді» әнінен қазақ тарихының қайғылы үнін естісе, кейінгі даладағы өзгерістерден ел

еңбегінің күшін таныды. Еңбекқор халқын батыр етіп жатқан осы дала екенін өткір сезінді. Дала адамы мен табиғатты тұтастыра, кең көзбен қарап суреттеген Фариза жырлары ақындық қуатты да, сезімталдықты да, көңіл күйінің әр қилы жағдайларын да солардан алды. Адам бойындағы рух та табиғат арқылы толысты. Ақын өзін сол табиғатпен егіз сезінді. Сондықтан ол ашық күнге қуанды, жаңбырлы аспанға қарап қамықты, көктемде шалқыды, дауылға қарап бұлқынды. Ақын сезімінің күрделі болатыны да осыдан. Табиғаттың құпия сырлары оның жанына кейде өзі де түсініп болмайтын ғажайып сезім дарытты.

Ол алғашқы жастық жырларында да «Батылдықпен аралас жатыр мұңым» деп заманның мұң-шеріне бой алдырмайтынын сездірген еді. Одан кейінгі өмірінің барлығында да «Жүректердің құрсауын ағытар»жігерлі жырлар жазды. Қандай өмір кешсе де, елімен, ағаларымен, інілерімен бірге болды, қолдау көрді. Өз сыры арқылы замандастарының арман-мұңын айтты. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан басталатын қоғамдық дамудың кезеңі алғашқы біз сенген коммунистік рухтың әлсіреп, әділдік пен шындықты айналып өтіп, әлеумет мүддесінен өз мақсат-мұратын жоғары қоятындардың, жағымпаздық пен дүниеқұмарлықтың өрістеген дәуірі болғаны белгілі. Осы тұстан бастап Фариза өлеңдерінде кейін тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетке ұласқан, жаңа, өзгеше бір күрескерлікке беталу көзге түсті. Өмір сүріп жүр екем бекерге мен, Кешсем де азап, арманға жетем деп ем. Жүретінмін көңіл тоқ – жырым бар деп, Кәрі, жастың жүрегін мекендеген. Бүгін барлап қарасам: ұят қандай! (Өлген артық өлексе сияқтанбай). Жыр жарыста жүріппін жүйрікпін деп, Өрден өрге шабатын тұяқ қалмай. Енді үңілсем: Жер басқа, аспан да ерек, Күштер де өзге жүретін жасқап, жебеп. Тегі маған азабын, ақыретін – Бәрін, бәрін қайтадан бастау керек. Бұл жырлар әділетсіздік пен қолдан жайма шуақ жалған тіршілік жасап, астарында заманның рухани күшін әлсіретіп жатқандарға қарсы ақын сезімінің лап етіп жарылуына, өртенуге дайын тұрғанын бейнеледі. Ол сөз арқылы адам жанын қозғайтын сезімді оятуға қызмет етті. Заманды шірітуге бағытталған дерттерге (отансыздық, опасыздық, жағымпаздық, өзімшілдік, пайдакүнемдік, т.б.) қарсы батыл үн көтеріп, сол арқылы адамдар бойында әлі де сақталған әділетті күш болса, соны қозғалысқа түсіруге ұмтылды. О, менің өкініштерім! Ар ағашына асыңдар мені – Жалмасын, жұтсын жасындар мені. Қызықсыз, мәнсіз ғұмырым үшін, Мастанған, құнсыз қылығым үшін Таптасын мені ғасырлар легі. Бұл өлең – заман бойына жабысқан дерттерге қарсы тұру ғана емес, солардың қоғамнан орын алуына себепкер жандардың (соның бірі есебінде өзін) өзін өзі құрбандыққа шалуға баратынын аңғартады. Өзі арқылы келеңсіздікке қарсылық таныту жолына өмірін де қиятын күрескерлік рухқа күш береді. Фаризаның өмірі – өлеңі. Дара күндерімнің, Нала түндерімнің Серігі болғаның үшін, Сенімі болғаның үшін, Мен сені аялаймын. Біреудің пасықтығынан, Біреудің жасып мұңынан, Жүрегім сыздаған кезде, Жаным мұздаған кезде, Мен сені саялаймын, – дейді ол өлеңге. Оның өлеңдерінде жауынгерлік рух бар. Фариза жырлары адамдықты ардақ тұтқан, кісілік пен кішілікті бойына дарыта білген, адамгершілік иесі үшін күрес мектебі деуге лайық.

ФАРИЗА – БИІК СЕЗІМ АҚЫНЫ

Аренова Жамила
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
№48 мектеп-лицейі», қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

Фариза – ұлт поэзиясының палитрасын кеңейткен, ешкімге ұқсамайтын мінезімен қазақ өлең әлемінде өрнегін салған ақын, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Бұл атаққа ол ақтаңгер ақындығымен де, тәуелсіздік жолындағы сенген жанқиярлық еңбегімен де өте лайық екені шындық. Фариза өлеңдерін оқып отырып, оның сезімі мен ішкі жан дүниесін сезінбеу мүмкін емес. Ақын жырында әйел бейнесінің жай ғана ән емес, заманның биік талабына сай жырлануы – Фариза шығармашылығының бір қыры.

Фаризаның ғашықтық тақырыбынан басқа саяси-қоғамдық тақырыптарды игеріп, бірте-бірте құмарта жырлаған сәтті тақырыбы философиялық-психологиялық монологтарға айналғанын көреміз. Туған жер, Отанды айшықты суретпен, бейнелі тілмен, көркемдікпен суреттеп, Поэзия әлемін тебіренткен ақынның жырлары оқырмандарын қуанышқа бөлегені сөзсіз.

Фариза Оңғарсынованың сан алуан тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сыры кімді болмасын қызықтырары анық. Дарындылығымен әдебиеттанушылар назарын аударып, ойлы, сыншыл, талғампаз оқырманның жүрегін жаулаған Фариза поэзиясы ерекше, мақсатты, міндетті зерттеу сөзіне айналды. Ақын Қасым Аманжолов айтқандай, ақынның өмірбаяны оның өлеңдерінде жатыр. Фариза өз заманының әншісі. Ол өз замандастарының өмірбаянын, өз заманының өзекті мәселелерін өлеңдерінде суреттейді. Сондықтан оның тағдырлы жырлары – замандастарының өмір сыры.

Фаризаның өлеңдері 1958 жылдан бері басылып келеді. Оған алғаш назар аударғандардың бірі – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Әбділдә Тәжібаев. Фаризаның алғашқы шығармаларынан-ақ оның таланты танып, қолдап, үнемі тамашалап, қуанып жүретін.

Фариза поэзиясы да өз заманының туындысы. Замандастары мен аға буын ақындар жырлаған заман сырын, оның қуанышы мен мұңын жақсы біледі. Ол да басқа ақындар сияқты туған жерді, туған жердің өткені мен бүгінін, төңкеріс пен ерлікті, адам еңбегін, әке мен анаға деген асқан махаббатты, достықты жырлады. Осылайша ол басқалардың айтқанын қайталамай, өз сөзін, түсінігін, сезімін білдіруге тырысты. Ол осы дәстүрлі тақырыптарды орындау арқылы қаламының мықтылығын, қайраттылығын танытты.

Ақын үшін табиғат – тазалықтың бейнесі. Адамнан тазалықты іздесе де, табиғатқа жүгінеді. Тіршіліктің тарылып бара жатқан қыспағына, табиғаттың шексіздігіне, шаң басқан қара жердегі мөлдірліктің нышаны – теңіз жағасынан жиренген аспанға, Арыстанды-Қарабастың дауылын күтіп, кеудені тазартуға қарсы тұрады. Адамды сүю, оған жақсылық тілеу, оған ұмтылу, іс-әрекетпен

батыл күресу Фаризаның адамгершілік өлшемін айқындайды. Адамгершілік үшін, жақсы мінез үшін, жылы күн үшін, жамандыққа қарсы тұра алатын шындық үшін күреседі. Жақсылық жасау жанды қуаттандырады. «Ешқашан жасалмаған жақсылық кейде қылмыспен тең», - дейді ол. Ақын адамға жақсылық жасау арқылы оның қыңырлығын жұмсарту, ізгілікпен тәрбиелеу мәселесін адамгершілік пен адалдықты сақтаудың бір жолы деп біледі.

Фариза адам болмысының тұтастығына ұмтылады, өмірдің ұсақ-түйегімен шектелуді ұнатпайды. Ұлылықты жақсы көреді. Дала жастарын күңкілдеуден, ұсақ-түйектіктен сақтағысы келеді, олардан дала көңілді халықтың ұрпағына сай мінез-құлық күтеді.

Фаризаның көптеген өлеңдері әйелдерге арналған. Өзі де әйел заты болғандықтан, ол әйел психологиясын, оның өмірінің құпиясын толықтай біледі. Ол әйелдің табанды, өткір сезімін, кейде осы сезімдерді басып кететін әлсіздікті, жүректің нәзіктігін, шынайы махаббатты тереңірек жарлайды. Оның сезімдері қайғылы әрі ойлы. Оның өлеңдерінде қуаныш пен мұң араласқан азапты күндердің суреттері бар. Адамның жүрегінің тазалығы, сүюдің саудаға арналмауы, өзімен санаспау, жақынын ренжітпеу – автор тілегі. Лирикалық кейіпкер сезім тазалығын, әйелдік пен алуан көңіл-күйді дәл жеткізеді. Нөсер жауында жігітпен шатырдың астына тығылған қыздың сезімі, екі жүректің үнсіз қимылы мен қабақтан түсіністік оқырманның көз алдына жанды суретті елестетеді.

Тәкаппар бойжеткен осалдық танытып, «Қоштасарда намысымды, қайратымды ала кеттің», - дейді. Фариза суреттеген әйелдің осалдығы – махаббаттың кішіпейілдігі, нәзіктігі, азапқа төзімділігі. Бұл жағдайда әйел: «Байлық емес, мансап пен атақ емес, сенің махаббатың ең маңыздысы» деп айта алады. Ол сүйіктісінің сезіміне қанағаттанады. Лирикалық кейіпкердің мұндай көңіл-күйі Қыз Жібектің күймедегі өмірінің суретіне, Айша бибі, Баба Әже сынды тарихи ескерткіштердегі әйел сезіміне берілгендік, өзіндік «менінде» баяндалған. Өйткені жаратылысында бәрі адам. Демек, әркім өз мұңынан шерін тауып, одан жан сырын ұғып, ақынды ғана емес, адамды, адамдықтағы ағайынды таниды.

Ақынның жасырын сыры, әрине көрінбейтін дүние емес. Ол ақынның айналасындағы құбылыстарға, адамдармен және өмірдің басқа да түрлерімен (табиғат, жануар,т.б.) қарым-қатынасына әсер етуінің нәтижесінде туындайды. Сыртқы өмірмен байланыс негізінде оның ойы мен сезімінде тек ақынға ғана тән субъективті пікір қалыптасады. Дүние өміріндені бірде-бір маңызды құбылыс қазіргі ақынның назарынан тыс қала алмайды, мұның бәрі ақынның жүрегіне сіңіп, оны бағалай алады.

Белинский: «Өмір – бұл сезім мен ойлау, қайғы мен қуаныш. Қалғанының бәрі - өлім» [1, 347б.], - дейді. Бұл ақынға арналып айтылған. Өйткені ақынның өмірі – өлең, ал өлең өмірі – сезіну мен ойлау, мұңайып, қуану. Бұл адамдық қасиеттерді ақын басқаларға қарағанда ерекше сезінеді. Қуанса әлемге айқайлайды. Мұңайса мұңын бүкіл тіршілікпен бөліседі. Оның сезімталдығы осындайдан байқалады. Бұл өмірді толық сезіну мен оған деген құштарлықтан

ғана туындайтын қасиет. Өлеңсіз ақын болмайтынын түсіну қиын емес. «Қонған екен тағдырдың құсы маған» өлеңінде:

Қонған екен тағдырдың құсы маған,
Енді қалай төбемнен ұшыра алам.
Бақытым да, болмаса азабым да,
Біле алмадым
ал бірақ сұсы жаман,
Тағдырымның жыр атты сыйына мен
Кезіктім де,
Жол тарттым қиырға кең.
Маңдайыма осылай жазылыпты
Ғажап та қиын әлем.
Отау – айдын, жасауым – жасыл кемем,
Ойнайды айдын көгінде жасыл жебең.
Думандатқан жерлерде отырамын,
Көзде – мұң, басымда – өлең.
Көп адамға көктем де, қыс та арайлы,
Ал мен үшін алтын да – мыс талайғы.
Жай құбылыс секілді құшсам Айды,
Бақытым да, әйтеуір, басқалардың
Бағына ұқсамайды.
Елтімеймін дауылсыз таң ғұмырға,
Түк еместей шыңың да, шалғының да,
Жүрек емес, жүрегім – антеннадай
Қабылдайтын әлемнің ән, мұңын да.
Ем іздеуім бекер-ақ, бұл болмысым
Қанымда, тағдырымда! – делінген. [2, 150 б.]

Бұл өлеңде Фаризаның бүкіл ақындық болмысы көрінеді. Ең алдымен ақынның таңғаларлық қиын өмірлік тағдырын, оны жетелеген таланттың азапты жолын көреміз. Ол мұңаймайды, дүниенің мұңын, жырын тыңдайды. Ақын айтқандай, жүрегі антенна іспеттес, әлемнің әр түкпіріндегі қуаныш пен қайғыны қабылдайды. Тұманды ортада мұңайып, өлең ойға оралып, жалғыз ойланады. Ұйқысы тыныш, айды көрсе қуаныш, алтын көрсе қуаныш сезімі жоқ. Осының бәрін тағдырым деп қабылдайды, ешкімге ұқсамайтын бақытын мақтан етеді. Өлеңдегі ойлар сезіммен астасып, тұтас суретке айналып, ақын тағдырын айшықты суреттейді. Фаризаның мұңы да ақындық болмысымен байланысты.

Абайдың «Тіл өнері дертпен тең» деген сөзі оның жан дүниесін де, сырын да ұғуға септігін тигізері сөзсіз. Ол ақынның жан дүниесінің күрделілігін, ақындық психологиясының сырын, оған әсер еткен уақыт қайшылығын суреттейді. Ол өзінің түсінігін ақынның нәзіктігін, сезімталдығын, оңай ренжитінін түсінбейтіндерге қарсы қояды. Өзін мұңайтқан өнер азабының сырын ашады. Лирикалық кейіпкердің мінезін түсіну қиындығының негізінде сезімнің поэтикалық психологиясы жатыр.

Фариза – биік сезім ақыны. Оның тез ренжіп, оңай арбалатыны сондықтан. Фаризаның адалдық, сұлулық, мейірімділік туралы армандары күнделікті өмірдің қайшылықтарымен қатар жүрмесе де, ақын сезіміне кері әсер етеді. Үнемі мұңайып, күйзеліп жүретінін ақын түсінбейді. Кейде ол эмоциялық сезімді тоқтатқысы келеді. Сондықтан оның өлеңдерінің көбісі сезімге, санаға, ойға негізделген. Ақыл-ойды бірінші орынға қойып, жанын тыныштықта ұстап, құмарлықпен айналысуды армандайды. Бүгінгі эмоциялық зарядқа қарамастан, ақыл-ойдың түпкілікті жеңісіне күмән жоқ. Сондай-ақ азапқа қарсы тұру күші бар. Осындай сезімдер мен ойлар ақын өлеңдерінде асқан көркемдікпен бейнеленген. Оны ақынның «Жыл жаңарды» өлеңінен байқасақ болады:

Көңілімде құрсаулы қатпар мұңдар,
Өлеңімде шаттық аз, жатқан бір зар.
Қайран жігер, қайдасың, тілеулес ең,
Тұншықтырған кеудемді батпан зілді ал.
Жарасым жоқ жалғанның сәні кемдей,
Анау аспан, күн мен ай - бәрі жердей.
Көзі біткен құдықтай қалды жұртта
Сезіміме санамның әлі келмей. [3, 150 б.]

Фариза айтқандай, жүрек тек сезімнің бастауы емес, ақыл-ойдың қайнар көзі. Ал таза сезім – жау, эгоизм дертімен уланған тұман. Сондықтан жүрекке жиі жүгінеді. Ол эмоцияларға азғырылды Ол бас тартудан бас тартады. Жүрек пен ақыл - мәңгілік тағдыр. Бірі ыстық сезім, екіншісі суық ой. Ақыл мен жүрек арасындағы диалогта ақыл жүрекке: «Жанба, есіңде, мұңайма!» дейді. – Жүрек айтады: «Өмірім өтті қайғысыз, күлкісіз, өкінішсіз». Жүрек сезімі өмірде ерекше орын алады. Сезімсіз адам мейірімсіз, қатыгез болады. Сезім адамды жылытады, мейірім, жанашырлық сыйлайды, махаббат пен сүйіспеншілікті оятады. Демек, ақынның сезімталдығы өмірдің өзінен алынған жылулықтың, махаббаттың, адамгершіліктің белгісі.

Фариза өлеңдері қоғам шындығы мен басының мұңды күйін ұштастырған автордың терең ойының жемісі. Оның ойлары халықтың жарқын арманына, адалдық пен сұлулыққа бағытталған. Бірақ ол жаққа бару оңай емес. Адамзат осы асыл арман үшін өмір бойы күресіп келеді.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдері ерекше поэтикалық құбылыс ретінде ерекшеленеді. Басқа әдеби типтер мен жанрлар сияқты, лирикада да көркемдіктің басты өлшемі-типтік кейіпкер. Кейіпкерді құру процесінде басты мәселе-ақынның көркемдік соққысының мазмұнын жасау емес. Кейіпкердің эстетикалық сипаты мен поэтикалық реңі көбінесе осы күйзелістің пайда болуына ықпал еткен себеп-салдарлық байланыстармен анықталады. Мұндай жағдайда ақынның өмірге деген көзқарасы шешуші рөл атқарады. Лирикалық монолог интеллектуалды поэзиядан алшақтап барады.

Интеллектуалды лириканың лирикалық монологын қолдана отырып, кейіпкердің көрінісі үшін келесі нәрселер тән: қауымдастық арқылы бір мінез–құлық адамның әлеуметтік-психологиялық мәнін білдіретін жалғыз қасиет ретінде бөлініп, жалпыланады. Лирикалық монолог-бұл үлкен көркемдік

мүмкіндіктері бар кейіпкерді құрудың қарапайым және түсінікті тәсілі. Лирикадағы кейіпкерді құрудың күрделі көркемдік формасы шиеленісті жағдаймен байланысты. Фариза Оңғарсынованың бұл өлеңі қысқа әрі ұзақ өлеңмен оқылады. Өзара ішкі құпия, ақын мен кейіпкердің назары-өлеңнің сыртқы құрылымы. Егер сіз тереңірек қазып алсаңыз, онда кейіпкер бар.

Осылайша өлеңді әр түрлі жағынан талдауға болады, бірақ өлеңге көлеңке түсірмеу керек. «Қыз-тағдыр» Фариза Оңғарсынованың лирикалық поэзиясындағы туындылардың бірі болып саналады, ол өмірдің шындығын, қоғамның тынысын бейнелейтін поэтикалық платформаны анықтайды. Жалпы, Фариза Оңғарсынованың қаламынан шыққан жүздеген өлеңдер әйелдің ішкі сезімі мен характерін сомдауда дүниеге келді. Қыз тағдыр бірді-екілі жанның өткінші өткелі емес, көптің тағдырына арналып жазылған ақынның мәртебесін өсірген жыр-жалауы, қаракөз қарындасқа арналып, өлеңмен өрілген ескерткіш – белгі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті, А. «Жібек жолы», 2011. 596 бет.
2. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы, II том. Астана, 2004. 340 бет.
3. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы, III том. Астана, 2004. 328 бет

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН СТИЛЬ

Аукенова Асель Шаттыковна
«Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Камбарбекова Асем Ахатовна
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-модератор

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінде ерекше орны бар ақын, оның шығармалары қазақ поэзиясының көркемдік деңгейін жаңа биіктерге көтерді. Оның шығармашылық мұрасы ұлттық әдебиеттің байлығын толықтыра отырып, тілдік ерекшеліктерімен және өзіндік стилімен ерекшеленеді. Фариза ақын ретінде өзінің терең ойларымен, шебер суреткерлігімен және тілдің бай мүмкіндіктерін ұтымды қолдануымен есте қалады.

Ақынның шығармашылығының бастауында оның өмірлік тәжірибесі мен қазақ тілінің терең білімін меңгергендігі жатыр. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі үлкен жаңалықтары мен өзекті тақырыптарын көтерген оның шығармалары, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңінің белгілерін айқындап береді. Оңғарсынова өзінің шығармашылығында қоғамның әлеуметтік мәселелерін де көтерген, бұл оның шығармаларына ерекше рухани байлық берді.

1. Тілдік ерекшеліктері

Фариза Оңғарсынованың шығармаларында тілдік ерекшеліктердің басты көрінісі – ұлттық болмысты, қазақ халқының табиғатын, тұрмысын және салт-дәстүрін терең сезіндіруі. Фариза Оңғарсынованың тілінде ерекше қарапайымдылық пен тереңдік үйлеседі. Оның өлеңдерінде ұлттық тілдің мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Оның шығармаларында келесі тілдік ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

Жұмсақтық пен көркемдік: Оңғарсынова өз өлеңдерінде тілдің нәзік дыбыстарын, сөздердің нәзік үйлесімін пайдаланады. Бұл оның шығармашылығына жұмсақтық пен нәзіктік береді.

Қарапайымдылық пен тереңдік: Тілдің қарапайым болғанымен, мағынасы терең. Оңғарсынова оқырманды терең ойларға жетелейтін, көркем сөзге негізделген өлеңдер жазды.

Метафора мен теңеу қолдану: Ақын қазақтың көркем сөздік қорын байытып, метафора мен теңеуді ерекше шеберлікпен қолданған. Мысалы, табиғат көріністерін адам сезімімен байланыстырып, жанды бейнелер жасайды:

Табиғат – дала
бір сәт
анашым, саған ұсап
күрсінеді, солады,
бұр атады,
тіршілікті жалғайды ана – құрсақ.
Кейде мұңды,
кейде шат өң-іреңі,
қабырғасы,
күрсінсе, сөгілері,
әр құбылыс, әр сәті,
бар болмысы
менің ұлы анам боп көрінеді.

Қазақ тілінің байлығы: Фариза Оңғарсынова қазақ тілінің әртүрлі диалектілері мен сөз байлығын кеңінен қолданды. Оның шығармалары ұлттық тілдің, оның дәстүрлері мен мәдениетімен байланысының тереңдігін көрсетеді.

Ұлттық ұғымдарды бейнелеу:

Ақын шығармаларында қазақ халқының ұлттық тұрмысын, дүниетанымын бейнелейтін сөздер молынан кездеседі. Мал шаруашылығы, табиғатқа табыну сияқты тақырыптарда қолданылатын сөздер Фаризаның поэзиясына ерекше өң береді.

Эмоционалдық әсерлілік:

Фариза өлеңдеріндегі эмоционалдық көркемдік оқырманға терең әсер қалдырады. Тілдің нәзік өрнектерін пайдаланып, ол адамның ішкі жан дүниесін ашып көрсетуге ұмтылады.

Тілдің музыкалылығы:

Ақын поэзиясында сөздер мен дыбыстардың үйлесімі ерекше мәнге ие. Оның өлеңдері әнге сұранып тұрғандай әсер қалдырады, бұл қазақ тілінің әуезділігін айқындай түседі.

2. Фариза Оңғарсынова шығармаларының стильдік ерекшеліктері

Фариза Оңғарсынованың шығармашылық стилі қазақ поэзиясында жаңашылдық әкелген. Оның стилін мынадай аспектілер арқылы сипаттауға болады:

Философиялық тереңдік:

Ақынның көптеген өлеңдері терең философиялық ойларға негізделген. Адам өмірі, тағдыр, уақыттың өткіншілігі сияқты тақырыптар оның шығармашылығының өзегі болып табылады.

Әйел болмысының бейнесі:

Фариза шығармаларында әйел болмысының қыр-сыры шынайы әрі терең суреттеледі. Ол әйелдің күш-қуатын, нәзіктігін, қоғамдағы рөлін ерекше мәнермен көрсете біледі:

Жарқыраған нұр жамал –
он төртінен туған ай.
Жаны – тұнған сырлы арал
гүл өсетін құрамай.
Құралай көз – тұңғиық,
жылу да бар, мұң да бар.
Жақсы көрсе – нұр құйып,
жақтырмаса – бұлданар.

Патриотизм:

Ақын шығармаларындағы маңызды тақырыптардың бірі – отанға деген махаббат пен адалдық. Оның өлеңдері арқылы қазақтың рухы мен болмысын сезінуге болады. Мысалы, "Туған жерге" атты өлеңінде туған жердің қасиеті мен оның адам өміріндегі рөлі терең сезіммен өрнектелген.

Туған жер, туған ауыл қымбат маған,
ешкімге бұл сезімді былғатпағам.
Мен оның өзім ғана сезінетін
қастерлі қасиетін жырлап бағам.
Ол жерге деген менде сезім бөлек,
(жатпасын келгенімде өзімді елеп!)
Ал оның қасиетін сезу үшін
тек менің жүрегім мен көзім керек!

Сезім мен шындықтың үйлесімі:

Фариза шығармаларында сезім мен шындық қатар жүреді. Оның өлеңдері тек эмоцияға емес, өмір шындығына негізделген.

3. Фариза Оңғарсынованың шығармалары – ұлттық байлық

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазақ халқының рухани мұрасында ерекше орын алады. Ол ұлттық поэзияны жаңа деңгейге көтеріп, тілдің мүмкіндіктерін тереңінен зерттеп, оқырман жүрегіне әсерлі поэзияны жеткізе білді. Оның тілі қарапайым халықтың түсінігіне жақын болғанымен, көркемдік тереңдігімен ерекшеленеді.
Фариза шығармаларының басты артықшылығы – оның қазақи дүниетанымды терең әрі шебер бейнелеуінде. Оның тілі тек әдебиет әлеміне ғана емес, қазақ халқының ұлттық болмысы мен рухани құндылықтарын тануға да қызмет етеді.

Фариза Оңғарсынова шығармаларын ағылшын тілі сабағында қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын дамытумен қатар, ұлттық құндылықтарды таныстыруға ықпал етеді. Төменде біз сабағымызда қолданатын нақты әдістер мен мысалдар ұсынылады:

1. Мәтіндермен жұмыс жасау
Фариза Оңғарсынова өлеңдерін ағылшын тіліне аудару арқылы оқушылардың аударма дағдыларын дамытуға болады.

Тапсырма:
Оқушыларға өлеңнің қазақша нұсқасын беру, оны ағылшын тіліне аударып, негізгі идеяны түсіндіруді сұрау.
Мысал:
"Баланың ойы" өлеңін:
Қазақша:
Әкем біреу, анам да біреу менің.
Мен жығылсам, сүйенер тіреулерім.
Олар барда – мереке.
Көрген емен
қабақтарын шытқанын, түнергенін.
Менің досым әкесін жек көреді,
«Бізбен ісі жоқ оның!» – деп сөгеді.
Жамандайды сыртынан, тістенеді,
бір-біріне бітпейді өкпелері.
Дос тапса да адамдар, тапса да аға,
әке – жалғыз, табылмас ақшаға да.
Жамандасаң әкеңді, саған әкеп
жақсы әкесін бере ме басқа бала?
Әке – білек, саусағы – балалары,
қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана – тамыр бойымен бәріне де
тіршіліктің жылуы таралады.

Ағылшынша: A child's thought
My father is one, my mother is also one.

If I fall, I will lean on.
I have them, it is a holiday.
Even if they frown.
My friend hates his father.
"He has nothing to do with us!" - he scolds
They are always argue with each other
Even if you find a friend,
people, even if you find a brother,
Father is alone,
even for money that cannot be found.
If you talk bad about your father
Will anybody give his good father?
Father - wrist, finger - children,
They are connected with blood vessels.
And mother spreads
the warmth of life.Бұл жаттығу аударма тәжірибесі арқылы лексика мен грамматиканы дамытуға көмектеседі.

2. Талқылау және пікірталас ұйымдастыру

Ақынның өлеңдері арқылы оқушыларды ағылшын тілінде пікірталасқа тартуға болады.

Тақырып:

Why is it important to preserve one's native language and culture?

How does poetry reflect the values of a nation?

Мысал:

Фаризаның "Тілім барда – ұлтым бар" өлеңін негізге ала отырып, оқушылар ана тілінің маңыздылығын талқылайды.

Қорытынды

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының жарқын жұлдызы. Фариза Оңғарсынованың шығармалары қазақ тілінің байлығы мен тереңдігін көрсетеді. Оның тілдік ерекшеліктері ұлттық болмыс пен мәдениетті айшықтап, ал стильдік ерекшеліктері қазақ поэзиясына жаңа бағыт берді. Ақынның өлеңдері оқырманды терең ойға жетелеп, әр жолында шынайы сезім мен философиялық мазмұнды қатар өрнектейді. Бұл ерекшеліктер оның шығармашылығын мәңгілік құндылықтарға айналдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оңғарсынова Ф. "Сырласу". — Алматы: Жазушы, 1978.
2. Оңғарсынова Ф. "Қыз ғұмыр". — Алматы: Жалын, 1985.
3. Оңғарсынова Ф. "Дала тағдыры". — Алматы: Жазушы, 1996.
4. Оңғарсынова Ф. "Мен саған ғашық едім". — Алматы: Өлке, 2000.
5. Сыздықова Р. "Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы". — Алматы: Ана тілі, 1981. (Фариза поэзиясындағы тілдік ерекшеліктерді талдау үшін пайдалы).

6. Мұхамедханов Қ. "Қазақ поэзиясындағы дәстүр және жаңашылдық". — Алматы: Ғылым, 1997.
7. Әбдіғазыұлы Б. "Қазақ лирикасы: стиль және бейнелілік". — Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2010.
8. Кекілбаев Ә. "Дәуір дауысы" (Фариза шығармашылығына арналған мақалалар жинағы). — Алматы: Жазушы, 1998.
9. Қирабаев С. "Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры". — Алматы: Санат, 2002.
10. Мақатаев М. "Поэзия туралы ойлар" (Фариза поэзиясына параллель талдау үшін). — Алматы: Атамұра, 1999.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ПОЭЗИСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ДАРЫТУ

Асайенова Алмагуль Ергазыевна
Тараз қаласы №40 гимназиясы
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Фариза Оңғарсынованың поэзиясын бастауыш сынып оқушыларына қалай тиімді дарыту керектігін қарастырамыз. Ұлттық мүдде мен жаһандық бағыттағы тақырыптарды, шығармашылықтың маңызын және бастауыш сынып оқушыларына оның әсерін талдаймыз.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясын бастауыш сынып оқушыларына жеткізудің мақсаты ақынға рухани жақындату, оны сезіну, ақынның сезімі мен ой тереңдігіне бойлау, сол арқылы оқушының оқырмандық сапасын арттырып, көркем сөздің құдіретін түсіне білуге тәрбиелеу.

Жұмыстың ең маңызды бөлігі — өлеңмен таныстыру. Өлеңнің бірінші оқылуы, әсіресе, ашық, жарқын, эмоцияналды болуы керек. Поэзиялық шығармалар келістіріліп, мәнерлеп оқытуды талап етеді. Оқытушы оқушылардан тек дауыс интонациясын ғана талап етпей, өлең мазмұнына сәйкес эмоциялық жанды қимылды да, ақынның жүректен шыққан отты сезімін айта білуді де үйреткені абзал.

Себебі, өлең туғызған әсер мен сезімді мезгілсіз үзіп алмаған дұрыс. Өлеңді оқығанда, оқушыларға кітапты жаптырып қойған жөн. Себебі, олар еш нәрсеге алаңдамай, өлеңді ғана тыңдап, дыбыстарды, бояуларды аңдап естіп, көруі керек. Осыдан кейінгі маңызды нәрсе – дұрыс сұрақ қоя білу. Мысалы, «Балалар, сендерге өлең ұнады ма?» деген сұрақтың өзі дұрыс емес. Жауабын балалар бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді де, бағанағы үлкен әсер, сезім толқыны бәсеңдейді. Керісінше, сұрақтың не тапсырманың оқушы сезімін, әсерін одан әрі тереңдету мақсатында қойылғаны жөн. Мәселен, «Өлеңді тыңдап отырып, не елестеттіңдер, не көрдіңдер? Осы өлеңге сурет салу керек болса, қандай бояуды пайдаланар едіңдер?» Талдау осылай басталады. Өлеңді талдау кезінде « Өлең қалай, қандай жағдайда туды ?» деген жауапты Фариза Оңғарсынованың

өлеңдерінен табамыз. Ақын рухани тап-таза болғанда, дүние кірінен жуынып, айнала сылдырап, келісімге келген уақытта ғана нағыз өлең дүниеге келеді екен. Сөз өрнегімен жасалған жыр кестені оқушыға көрсете білу керек. Рас, ол әр оқыған сайын әр түрлі әсер алады, сырына үңіледі, тереңіне бойлайды. Бірақ әсер жоғалып, із-түссіз кетпейді. Балаға рухани азық болып, ізгілік, сұлулық нұрына бөлейді. Мұғалімнің поэзиялық шығарманы оқытудағы тағы бір міндеті – оқушыларды мәнерлеп оқуға үйрету. Поэзиялық шығармалар келістіріліп, мәнерлеп оқытуды талап етеді. Оқытушы оқушылардан тек дауыс интонациясын ғана талап етпей, өлең мазмұнына сәйкес эмоциялық жанды қимылды да, ақынның жүректен шыққан отты сезімін айта білуді де үйреткені абзал.

Фариза Оңғарсынова тек қазақ әдебиеті тарихында емес, бүкіл қазақ халқының тарихындағы үлкен де ерен құбылыс. Тамаша ақынның, кемеңгер ойшылдың өмірі мен қайраткерлігі тарихи жағынан да әдебиет тұрғысынан да өте қызық. Оның шығармашылығының негізгі тақырыптары – сүйіспеншілік пен жек көрушілік, ерлік пен қорқақтық, жақсылық пен жамандық. Өзінің көптеген өлеңдерін ақын туған ауылына, жерлестеріне және бүкіл қазақстандықтарға арнады. Фариза Оңғарсынованың шығармаларына әлеуметтік пен азаматтық тән, ақын жырлары отансүйгіштік рухты оятып, туған халқын сүюге, құрметтеуге, оның дәстүрлері мен мәдениетін қастерлеуге шақырады.

Өмірі мен шығармашылығы және қоғамдағы орны Фариза Оңғарсынова - қазақ әдебиетінің танымал тұлғасы. Биыл қазақтың ақын қызы, халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл. Оның өмірі мен шығармашылығы бай және мазмұнды. Ол көптеген әдеби шығармаларды жазып, қоғамның рухани өміріне елеулі үлес қосты. Оның өлеңдері еліміздің тарихы, мәдениеті, ұлттық құндылықтары туралы әңгімелейді. Оңғарсынованың шығармашылығы арқылы жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, адамгершілік пен ізгілік сезімдерін қалыптастыруға болады.

Оңғарсынованың өлеңдерінде ұлттық құндылықтар, ата-баба дәстүрлері, табиғат сұлулығы, ел мен жерге деген махаббат тақырыптары басым орын алады. Ол өлеңдерінде ата-баба салт-дәстүрлерін, халықтың ерлік рухын, табиғаттың сұлулығын жырлап, оқырмандарды ұлттық мәдениетке баулиды.Мысалы, «Атамекен» атты өлеңінде туған жерге деген сүйіспеншілік, отанға деген адалдық, ерлік пен батырлық тақырыптары көрінеді. Балаларға бұл өлең арқылы Отанға деген махаббаттың қасиетін сезіндіру, туған жерді қорғауға үйретуге болады.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдері балаларға оң әсер етеді. Оның өлеңдері қарапайым тілмен жазылған, жас оқырмандарға түсінікті. Өлеңдердің мазмұны арқылы балалар қоршаған әлемді, жануарларды, табиғатты, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсы түсінеді.Мысалы, «Қызыл гүл» деген өлеңінде балаларға табиғаттың сұлулығын, гүлдердің әсемдігін сезіндіруге болады. Өлеңді оқу барысында балалар гүлдердің түстері мен пішіндерін елестетеді, олардың хош иісін сезеді. Балаларға өлең арқылы табиғатты қорғауға, гүлдерді

жыртуға болмайтынын түсіндіруге болады. Оңғарсынованың шығармашылығында Отансүйгіштік рухы мен жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау маңызды орын алады. Ол өз өлеңдерінде туған елдің тарихы мен мәдениетін, халқының ерліктерін жырлайды. Сол арқылы балалардың бойында Отанға деген Оның шығармаларында адамгершілік, мейірімділік, шыншылдық, адалдық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызы көрсетіледі.

Бұл құндылықтар балалардың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, адамгершілік пен ізгілікке баулуға көмектеседі.Фариза Оңғарсынованың өлеңдері арқылы балалардың жеке тұлғалық және рухани дамуына оң әсер етеді. Өлеңдердегі мазмұнды түсіну, кейіпкерлердің сезімдерін, ойларын, әрекеттерін талдау балалардың ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, сезімталдығын дамытады.Балалар өлеңдер арқылы адамгершілік, мейірімділік, шыншылдық сияқты жақсы қасиеттерді игереді, дүниеге деген көзқарасы кеңейеді.Поэзия бастауыш сынып оқу бағдарламасында маңызды рөл атқарады. Ол балалардың тілін, ойлау қабілетін, шығармашылығын, эстетикалық талғамын дамытуға көмектеседі. Оқушылар өлеңдер арқылы жаңа сөздермен танысады, тілдік қорларын байытады, ойлау қабілеттерін шыңдайды.Поэзия оқушылардың моральдық-этикалық тәрбиесіне де оң әсер етеді. Өлеңдер арқылы адамгершілік, мейірімділік, шыншылдық, қайырымдылық, Отансүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады. Бастауыш сыныптарда ұлттық поэзияны оқыту үшін әртүрлі әдістемелер мен тиімді тәсілдерді қолдануға болады. Оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Мысалы, балаларға өлеңдерді көркем оқып беру, оларға өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою, өлеңнің негізінде рөлді ойындар ұйымдастыру, сурет салу, қолөнер жасау, шығармашылық жұмыстарды орындау тиімді әдіс болып табылады.Осы әдістер арқылы балалар өлеңдерді түсініп, оларға деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Балалардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру үшін оқыту процесін қызықты және тартымды ету керек.Мысалы, оқушыларға өлеңдерді бейнероликтер арқылы көрсету, олардың негізінде көркем шығармалар жазу, көрмелер ұйымдастыру, өлең жарыстары өткізу, ақындармен кездесулер ұйымдастыру тиімді болады.

Осы шаралардың барлығы балалардың поэзияға деген қызығушылығын арттыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесі мен білімін жетілдіруге зор үлес қосады. Оның өлеңдері балалардың ойлау қабілетін, тілдік дамуын, шығармашылық

қабілетін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық поэзияны оқыту үшін жаңа әдістемелерді қолдану, оқу процесін қызықты және тартымды ету, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру маңызды.

ҚАЗАҚ АҚЫНЫ ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

Атекеева Айманкул Ергеновна
«Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясы»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, магистр

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты: Ф.Оңғарсынова поэмаларын тарихи-тақырыптық, жанрлық тұрғыда жан-жақты қарастыру; әрбәр поэмаға жеке-жеке талдаулар жасау арқылы ондағы ұлттық сипат, мінез ерекшелілігінің ақын қолданысындағы ізденіс көрсету. Ақынның лирикалық поэма жазудағы ақындық қолтаңбасын айқындау; лирикалық поэманы дамытудағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін анықтау. Басты мақсат – Ф.Оңғарсынованың әлі де сыншылар назарына ілінбеген, ғылыми айналымға кірмеген поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін жіті зерттеп, оларды бүгінгі күн тұрғысынан өзгеше жаңашалап бағамдау.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Зерттеудің материалы ретінде Ф.Оңғарсынова поэмаларының тарихи сюжеттік негіздері оқулықтар мен көркем шығармалардын, ғылыми еңбектерден алынды. Ф.Оңғарсынованың барлық шығармашылығы, оның ішінде лирикасы жөнінде көптеген құнды пікірлер айтылып, бірқатар зерттеу еңбектердің арқауына айналды. Ал біз сөз еткелі отырған ақын поэмаларының жанрлық, көркемдік ерекшеліктері бірқатар мақалар аясында сөз болғанымен, арнайы көлемді ғылыми-зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Бітімі бөлек өлеңдерінен тыс оннан астам поэмалардың авторы, қазақ поэмасында өзіндік дара қолтаңбасымен ерекшеленетін ақын Ф.Оңғарсынова поэмалары үшін мақала түрінде мұндай ой-пікірлердің аздық етері сөзсіз. Зерттеу мақаламның арқауына айналып отырған Ф.Оңғарсынова шығармалығын әдебиеттанушы-ғалымдар 1960-80 жылдардағы әдебиет аясында қарастылып келеді.

Зерттеу әдістері. Ф.Оңғарсынова поэмаларының тарихи-тақырыптық сипатын, тілдік-бейнелілік ерекшеліктерін ашып, тұжырым-қортындылар жасау кезінде салыстырмалы, обьективті – аналитикалық, талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдерін керегімізге қарай қолдандым.

Зерттеудің жаңалығы: Ф.Оңғарсынованың өлеңдері әдебиеттанушы ғалымдар жағынан өзінің әділ бағасын алғанымен, ақын поэмалары ғалымдардың арнайы тақырып етіп, жекелеген зерттеу нысанасына әлі айнала қойған жоқ. Осы себепті бүгінгі зерттеу жұмысы бойынша ақынның тек қана поэмалары арқау болмақ. Ақын поэмаларының ғылыми негізде алғаш рет кең

көлемде зерттеу көзіне айналуы да осы жұмыстың ғылыми сипатын салмақтандыра түседі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мыналар:

- Ф.Оңғарсынова поэмалары алғаш рет жүйелі түрде негізделіп, ғылыми айналымға енеді.

- Ақынның тарихи тұлғалар мен өнер иелеріне арналған поэмаларының тарихи- тақырыптық сипаты анықталады.

- Ақынның лирикалық поэма жазудағы идеялық -көркемдік ізденістері сараланады.

- Ф.Оңғарсынова поэмасындағы драматизм, психологизм көріністері айқындалады.

- Кейіпкер әлемін ішкі монолог құру арқылы ашудағы ақын шеберлігі мысалдармен дәлелденеді.

Қазақ әдебиеті тарихында дара қолтаңбасымен ерекшеленетін Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясы хақында әдебиеттанушы – ғалымдардың өзінің ғылыми талдау–тұжырымдары бар. Ф. Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану – алыптардан бастау алады. Қазақтың көрнекті сөз зергерлері Ғ. Мүсірепов (“Екі ауыз сөз”), Ә. Тәжібаев (“Ой мен сезім нақыштары”) айтқан бағалы ойлармен қоса М. Қаратаев, Ә. Шәріпов, С. Сейітов, З. Ахметов, З. Қабдолов, Ә. Жәмішев, С. Қирабаев, Т. Тоқбергенов, Р. Нұрғали, т.б. сынды ғалымдар да өз еңбектерінде Ф. Оңғарсынова поэзиясына аса үлкен ықылас танытқан болатын. “Тоқырау жылдары” аталған “жылымық” кезеңнің әдебиетіне ерекше мінезді өлеңдерімен келген Ф. Оңғарсынованың ақындық мұрасы, оның ішінде, лирикалық кейіпкер әлемі, мінез, дәстүр жалғастығы біршама зерттелді. Атап айтсақ, С. Айбергенованың “Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы” атты ғылыми еңбегінде Ф. Оңғарсынова поэзиясы алдыңғы буын мен кейінгі толқын қазақ ақын қыздарының шығармашылығымен байланыста қарастырылса,

Н. Қамарованың “Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі психологизм” деп аталатын кандидаттық диссертациясында [Қамарова, 2001, s. 101–102] ақын өлеңдеріндегі психологизм табиғатына теориялық талдаулар жасалады. “Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері” атты Ж. Сұлтанғалиеваның диссертациясында ақынның өлеңдеріндегі мінез ерекшеліктері сөз болады [Сұлтанғалиева, Алматы, s. 53–54]. З. Мүтиевтегі “Ф. Оңғарсынова лирикасы” дейтін кандидаттық диссертациясында ақынның лирикасы қарастырылған болатын. [Мүтитегі, 2000, s. 87–88]

Ф. Оңғарсынова мұрасында әлі де жүйелі арнада зерттелмеген, ғылыми тұжырымға енбеген саланың бірі – ақынның поэмалары. Поэма – жалпы әдеби процестегі көрнекті қызмет атқарып келе жатқан күрделі жанрдың бірі ретінде бірден қалыптаса салмады. Бастауын қисса-дастандар мен лиро-эпостық жырлардан алатын қазақ поэмасының да ұзаққа созылған өсу жолдары, даму уақыттары бар.Ертедегі дәстүрге сүйенген, соны жалғастырып байыта, тереңдете түскен қаламгерлер қазақ поэмасының алғашқы ең жақсы үлгілерін қалыптастырып берді. Ф. Оңғарсынова – халықтың ерекше жүрегінен орын алған өлеңдерінен бөлек бірнеше поэма жазған эпик ақын. Ақын поэмаларының

басым көпшілігі тарихи тұлғаларды арқау еткен. Сол арқылы ақын тарих пен бүгінгі күннің өзара байланысын тауып, тарихи дәуірдің ақиқатын көрсетуді мақсат тұтады. Сондай-ақ, ақын өлең сөзбен тарихқа айналған тұлғалардың рухани портретін көрсетті. Осы тұста "тарихи тұлға" дегеніміз кім? деген заңды сұрақтың пайда болары анық. Бұл ұғым жайында ғалым Қ. Әбдезұлы "Тарих және тағдыр" атты зерттеу еңбегінде: "Ең алдымен, тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел үшін, халық үшін маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекеттерге барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған", – дейді (Әбдезұлы, 2004, s. 208). Ф. Оңғарсынованың халық үшін күрескен тұлғаларға арнап жазылған тарихи тақырыптағы поэмалары өзінің композициялық жүйесінің мықтылығы, сюжеттік желісінің қызықтылығымен, образ жасау шеберлігімен қазақ поэмаларын дамытудағы тұшымды туындылар ретінде бағаланады. Яғни, ақын дәстүрлі эпикалық шығармаларды жаңа сапаға сай жаңғырта отырып, әртүрлі тақырыпты қамтитын поэмалар туғызды. Ф. Оңғарсынованың тарихи тұлғаны арқау еткен кең көлемді шығармаларының қатарында Жетісудың бұлбұлы атанған Сара ақынға арнаған "Сайраған Жетісудың бұлбұлымын", қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш кәсіби әнші Майра Уәлиқызына арнаған "Тартады бозбаланы магнитім", атақты Ақан сері Қорамсаұлына арнаған "Ақан сері аңыздары", поэзия алдаспаны Махамбетке арнаған "Алмас қылыш немесе мен Махамбет ақынмен қалай кездестім", Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүкке арнаған "Тыңдаңдар, тірі адамдар", композитор Ғ. Жұбановаға арнаған "Дыбыстар әлемі", қазақ қыздарының ішінде алғашқы болып "темір тұлпарды" бағындырған Еңбек ері К. Дөнентаеваға арнаған "Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген" атты поэмаларының қазақ поэзиясынан алар орны ерекше. Сондай-ақ,

Ф. Оңғарсынованың "Күй" атты күйші Динаға арнаған диптих, ақын М. Хакімжанова жайлы "Жыр анасы" атты триптихін, ақиық ақын М. Мақатаевқа арнаған "Мақатаев туралы жыр" циклдық топтамасын, Халық артисі, күміс көмей әнші Б. Төлегеновaға арнаған "Бибігүл-ән" арнауын даралап айтуымыз қажет. Ф. Оңғарсынованың "Сайраған Жетісудың бұлбұлымын", "Тартады бозбаланы магнитім", "Ақан сері аңыздары", "Дыбыстар әлемі" поэмаларын, күйші Динаға арнаған "Күй", әнші Б. Төлегеновaға арнаған "Бибігүл-ән" атты циклдық жырларын өнер адамының өзгеше тағдырына арналған шығармалар қатарына қосуымызға болады. Аталған поэмалардағы негізгі мәселе бір адамның тағдыры емес, еркіндікті, азаттықты аңсаған шығармашылық адамына ортақ тағдыр. Мұндағы Майра, Сара, Ақандар солардың жиынтық образы. Поэма табиғаты өлеңнен өзгерек. Өлеңге бір ғана сезім жеткілікті болса, поэмаға қызмет ететін көбіне–көп тарихи оқиғалар, жеке тұлғаның іс–әрекеті мен қақтығыстар. Қазақ поэмасы өзінің ғасырлар бойғы даму тарихында көптеген өзгерістерді бастан өткерген жанрдың бірі болғанымен, ол халықтың, ұлттың тағдыры мен шығармашылық тұлғаға деген қызығушылығын сақтап қалды.

Әдебиет атты әлемде әрбір суреткердің қызыға, қызықтыра жырлайтын өзіне өте жақын тақырыбы болатыны белгілі. Сол арқылы оның авторлық идеясы, дербес көзқарасы аңғарылып жатады. Ф. Оңғарсынованың шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – әйел тағдыры, әйел жолы. Әйел тәкаппарлығының, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза поэзиясының өзгешеліктерінің бірі. Қазақ әйелінің қайсар мінезі, олардың бір-біріне ұқсамайтын өзіндік болмыс-бітімі ақын шығармашылығында да бөлекше сипат табады. "...Шынымды айтсам, мен жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ дер едім. Ал нағыз өнердің шытырман жасы, тіпті суреткерлік табиғаты әйелге бұйырса, ол екі есе қиын. Тағдыры өнермен байланысты әйелдер жайлы ойланатыным да осыдан болар. Қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім–кімді де Қазақ Ақыны Фариза Оңғарсынова Поэмаларының Тарихи - Сюжеттік Негіздері табындырады деп ойлаймын.

Поэмаға негіз болған бас кейіпкері – XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ардақты ақын қызы Сараны біреулер тарихи тұлға десе, екіншілері – Сара көркем бейне, жиынтық тұлға деседі. Дегенмен, Сараның өмірде нақты болғандығын дәлелдейтін жайт – оның өлеңдері. Осы айтыстың аумағындағы таласқа үн қосқан Ғ. Мүсірепов те өзінің "Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!" деген мақаласында: "Қазақтың әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылары еш уақытта бұл айтыстың болғанына шек келтірген емес. Ғасырлар бойына жасап келген поэзиямыздың көрнекті бір саласы болып келген ақындар айтысының ең биігіне көтерілгені – "Біржан-Сара" айтысы деп білеміз. ...Өз басым ақындар арасында Сараның алатын орны бірінші қатарда деймін. Мәселен, қазақ әйелдерінің ішінде әншілік туын Майраға, күйшілік туын Динаға, опера өнерінің тұңғыш туын Күләшқа ұсынатынымыз сияқты, ақындар айтысының асқақ туын Сара Тастанбекқызының қолында көргім келеді"(Мүсірепов, 1982, s. 132-134), – деп бұл мәселенің соңғы нүктесін қойған болатын. Ф. Оңғарсынова поэмасындағы Сара бейнесі мүлде ерекше көркемдік арнада айқындалады. Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның "әйелдері" әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады. Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын "Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай", – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Шынында да, поэмадағы Сара ойларынан, Сара сөздерінен лирикалық қаһарманның тұлғасын көру қиын емес. Яғни, ақындық "мен" Сара келбеті арқылы көрініс табады. Ақын болып тұрып халықтың жүрегіндегі сөзді жеткізе алмаса, жырыңа елдің қайғысын ортақтастыра алмасаң, сенің ақынмын дегенің де құр әурешілік . Ақын "таңдайға алмас сөзді арқандатумен" осы айтпақ ойын көркемдеп, аз сөзге көп мағына дарыта түскен.

Қорытынды Ұлттық, жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшелігі мол, үздіксіз дамып отырған қазақ әдебиетінің үлкен саласында Ф. Оңғарсынова оқырман жүрегіне жол тапқан өлеңдерінен тыс әртүрлі тақырыпта, әртүрлі

жанрда оннан астам поэмалар жазды. “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тартады бозбаланы магнитім”, “Тыңдаңдар, тірі адамдар”, “Қасірет пен ерлік жыры”, “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”, “Дала тағдыры”, “Мүшәйра”, “Қырдағы айқас”, “Мен өмірді сен деуші ем”, “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім”, “Ақбөбек жырлары”, “Қарғыс”, “Дыбыстар әлемі”, “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” сияқты поэмалары оның ақындық қасиетімен кең және терең екендігін дәлелдеді. Ақын поэмалары уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде, шындықтың қоғамдық-философиялық сипатын ашуда көрнекті қызмет атқарады. Өзінің көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, Ф. Оңғарсынова заман жайын, халық сөзін көкейіне түйіп, әділет пен шындық туын жоғары ұстаған ақын екенін байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алпысбаев, Қ. (1992). Поэма және сюжет. Алматы: Қазақ университеті.
2. Ахметова, К. (1989). Ақиқат пен ар алдында. Лениншіл жас газеті, 12, 5-4.
3. Аяпбергенұлы, Р. (2002). Ф. Оңғарсынова поэмалары. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 5, 30–31. Әбдезұлы, Қ. (2004). Тарих және тағдыр. Алматы: Қазығұрт.
Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, ұлттық рух пен әйел образының көркемдік деңгейін көтерген ақын ретінде тарихта қалды. Оның поэзиясы ұрпақтар арасындағы рухани байланыс пен әйелдер бейнесінің әлеуметтік маңыздылығын көрсету арқылы әдебиетімізде маңызды із қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов. (1995). *Фариза Оңғарсынова: Ақын, әйел, қоғам* – Алматы: Жазушы.
2. Байменов, С. (2000). *Қазақ поэзиясындағы әйел образы* – Алматы: Ғылым.
3. Ержанов, Б. (2010). *Фариза Оңғарсынова және қазақ әдебиеті* – Алматы: Қазақ университеті.
4. Иманбаева, Б. (2008). *Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы ұлттық құндылықтар* – Алматы: Өнер.
5. Қабдешев, М. (2005). *Қазақ поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық* – Алматы: Атамұра.
6. Қасымбекова, Ж. (2012). *Ұлттық рух және әйел бейнесі Фариза шығармашылығында* – Алматы: Тарих және әдебиет.
7. Оңғарсынова, Ф. (1993). *Өлеңдер* – Алматы: Жазушы.
8. Рахметова, А. (2013). *Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы нәзіктік пен қайсарлық* – Алматы: Қазақстан.
9. Сәрсенбаева, Г. (2007). *Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы ұлттық және рухани құндылықтар* – Алматы: Ғылым.
10. Тұрарбекова, Л. (2015). *Әйел мен ұлттық рух: Фариза Оңғарсынова поэзиясы* – Алматы: Қазақ университеті

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛСІЗ ДЕ МЫҚТЫ АНА БЕЙНЕСІ

Гайнуллина Гульмира Тлеугазиевна
Астана қаласы, №75 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қыз атаулының бәрі әлсіз, нәзік.
Олар тек ана болғанда ғана ұлы
күшке, шексіз құдіретке ие болады.
Дүкен Мәсімханұлы.

Халқымыз әйел адамды сұлулықтың символына балап, «әлемді құтқаратын» тартылыс күші бар әдемілік деп жатады. «Әлемді құтқарады» деуі олардың сұлу болғаны үшін айта салған жай сөз емес. Әйел ер азаматтың қабырғасынан жаратылған нәзік те сырлы құбылыс болғанымен, сол сыршылдықтың тұңғиығына батып, жауабын өмір бойы таба алмай кеткендер қаншама. Иә, әйелді түсіну оңай емес. Ол бағасын білгенге – патшайым, бағаламайтындар үшін жай ғана дәрменсіз тіршілік иесі. Жазушыларымыз да қазақ ұлтының болмысын қалыптастыруға, табиғаттың өзі дарытқан ақыл көкжиегімен ұлтты тәрбиелеп, халықтың құрметіне бөленген нәзік жандылардың тағдырын қашан да шығармаларына арқау еткен. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында да қазақ қызының бойындағы батылдық ұшқыны жиырмаға толмаған Ұлпан қыздың бейнесінде көрініс табады.
Әйел түсінігі тар ауқымға сыймайтынын ерте аңғарған Мұхтар Әуезов «…Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе» деген екен. [А].

Қазіргі қазақ лирикасын алатын болсақ, әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайым-танымда тереңнен толғап, жүректен қозғап өткен ақынның бірі – Фариза Оңғарсынова. Оның лирикасындағы қазақ әйелінің қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ерекше назар аударуды, терең үңіле зерттеуді аса қажет етеді. Ақын өлеңдеріне арқау болған аталмыш тақырып аясында Фаризаға тең әріптесті табу - сірә да қиын. Бұл туралы сөз етсек, тағы да әйел ақындар шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Айталық, М. Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, А.Бақтыгереева, К. Ахметова сынды ақын-әйелдердің әйел кейіпкерлері арамызда жүр. Ол - мәңгілік дүние.

Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол - ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. Ол қыз, келіншек, әйтеуір, әйел заты мейлі, кәрі әже болсын, ана атты алыптың бар болмыс-бітімін тұлғалық тұрпатын танытуымен құнды. Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы әйел образын лирикада қаһармандық санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Ақын лирикасындағы әйел-ана бейнесінің болмыс-

бітімі өзіндік өзгеше бір құдірет-қырымен, қадыр-қасиетімен ерекшеленеді. Фаризаның көптеген өлендерінде, поэма мен циклдерінде әйел табиғатының жас ерекшеліктеріне сай ішкі сезім бұлқынысы (қыз қылығымен, ана ақылымен, әже парасатымен) күрескерлік тұлғасына дейін көтерілген. Өлеңдерінің дені әйел жамиғатының жаратылысына арналған ақынның аталған тақырыптағы шығармашылық шырайы "Сенің махаббатың", (Алматы, 1979, Әйелдер әлемі жыр кітабында), "Шілде" (Таңдамалы өлеңдер, Алматы, 1978) жинағында, қаламгердің қос қанатындай қос томдық "Таңдамалыда" (Алматы, 1987), "Қыз-ұмыр" (Алматы, 1996) және "Мен саған ғашық емес ем" (Алматы, 1999) кітабында сырлы сипат табады. Жұмыр жердің жарық шырағы - ананың, әйелдің жанашыры бола білген ақынның лирикалық кейіпкерлері әр қилы жастағы, алуан мінезді күнделікті өмірдің өтінде жүрген біздің замандастарымыз. Өткен тарихты терең біліп барлау, бағзы заманның құм астында қалған асылын іздеп тауып, жан бітіру де ақынның өнер өлкесіндегі ізденісінің бір қыры. Фариза әйелдері сертке берік, махаббатта тұрақты, нәзік жанды, сұлу келбетті, тәтті қылықты қыздар мен адамдық арды ойлаған, ата-баба жолынан қия басып өтпеген ардақты ана, ер мінезді, ақ кимешекті абзал әйелдер болып келеді.

Өлең өлкесінде әйел психологиясын жеке адам ретінде зерттей жырлауды және одан тағылым алар лық дәстүр жалғастығын кейінгі толқын Фаризадан үйренсе керек-ті. Бүгінгі поэзияда өз үндерімен танылып қалған Б. Бекетова, Ш Жұбатова, Г.Салықбаева, Г.Өмірзақова, Т.Оразбаева, Р. Қараева, Бахтиярқызы Қ. және басқа да ақын-қыздар лирикасында Фариза суреткерлігінің қолтаңбасы бары байқалады. Әйел жанының нәзік те терең қалтарысына үңіліп, өмір соқпағының көңіл сыздатар тұстарын, сондай-ақ шат-шадыман қуаныш мезеттерін өлең-сөзде мүлтіксіз шынайылықпен жеткізуде ақындар стилінде бір ізділік бедері, көзқарас бірлігінде жақын-туыстық жиі ұшырасады.

Мәселен, Сәулеш Шәтенованың;

Тозаңдай ем... қара тас боп бекідім,
Тастар мендей жаралады тозаңнан.
Көлік-тірлік жүргіземін тетігін,
Шаршағаным сезіліп сәл жанардан.

...Мықты әйел болма, бірақ, құрбым-ай.
Нәзік болу- мына сенің қаныңда!
Мықты әйел болмас едім мен бұлай,
Мықты еркек кездескенде жолымда,-деген өлең жолдары мен Баянның:

Қопарылып жатса да тереңдерім,
Мен сонда да тістеніп, жеңем дедім.
Сен келгенде суықтау көрінгенмен,
Есігімді қақса деп елеңдедім [Е]. - деген шумағынан жүрекке жылы тиер жастық шақтың Фариза мәнеріндегі стиль бізге естілсе, Гүлнәрдің: Телефонға ұмтылсам - бұйырмасын,
Мейлі, сенсіз өмірім қиындасын
Сұп-суық боп сыртыңнан сынап өтем,

Мен деп енді журегің жиі ұрмасын! [F] - деген жолдары Фариза өлеңіндегі қолтаңбаны ("Телефон шыр етеді", "Телефоны құрғырың") еске түсіреді. "Шәкіртсіз ұстаз - тұл" демекші, өнер айдынында қанаттас келе жатқан қаламдас қарлығаштарға өнегелік сөзін айтуды ақын абзал борыш санайды. Әрдайым жас ақындардың шығармашылық жолына назар аударып, сәт сапар тілеп, ақ батасын беруден жалықпаған.

Әйел халқының еңбектеген баладан еңкейген қариясына дейінгі образын лирикада кесек те тұлғалы қаһарман дәрежесіне көтерген ақынның суреткерлік сарабдал қуатының өзі осы нәзік жандылардың бейнесін сомдауымен ерекшеленеді. Әйелдер әлемінің қоғамдағы рөлін, олардың жеке бас проблемаларын ұлт шеңберінен әрі асыра, жалпыхалықтық дәрежедегі санатқа көтеру де ақын Фариза Оңғарсынова шығармашылығына жазылған тағдырдың тарту-таралғысы. Қаламгердің алдына қойған үлкен мақсаты - әйел халқының жан-дүниесіне тереңірек үңіліп, жете жырлау екенін С. Қирабаев былайша өте орынды байыптаған: "Фаризаның көп өлеңдері әйел тақырыбын қозғайды. Бұл - заңды да. Өзі де сол жынысқа қатысты болғандықтан ол әйел психологиясын, оның басындағы өмір фактілерін көбірек біледі, айқынырақ түсінеді. Ол әйелге тән төзімді, өткір сезім күйлерін, кейде сол сезімге малтығып қалатын әлсіздікті, көңілдің нәзіктігін, адал махаббатты тереңірек жырлайды. Оның сезімі де мұңды, ойлы" [G].

Әйел затының зары мен мұңын, қуанышы мен құдіретін заңғар биікке көтере жырлаған ақынның шығармашылық зертханасында аталған тақырып аясы айрықша орын алады. Жаратылысы күрделі, жұмбағы мол әйел жанының сезім сырларын шым-шымдап сыртқа жайған суреткердің сөз сарайына енген сайын әйел хақындағы бұрынғы көзқарастың байырғыға айналғанын аңғарасыз. Ақындық мұраттың айдынында айқұш-ұйқыш айшықты із қалдырған қаламгердің жыр-өлеңі әйелдер қауымына арналған ән ұран есебіндей ширек ғасырдан астам уақыт, әлі күнге айтылып, жарығын шашып келеді.

Махаббат мәселесінде ақын кейіпкерлері кінәратсыз ашық көңілден сыр ақтаруға асық. Өмір-өзеннің аумалы-төкпелі жел қайығына мініп алып, арман мен бақытқа қол созған, өкіну мен өксудің өртіне орана жүріп, көп құсасы ішіне сыймай, сыртқа тепкен талайлардың психологиялық ахуалы ақын өлеңдерінің өткір өзегі болған. "Ғашық жайлы мұңды өлеңдер жазбауға" мүмкін болмайтындығын баса айтқан ақынның байқампазға бағытталған мына өлең:
Сүю - сезім улары, татпақ түгілі қайғысын,
Ғашық болып туғалы көрмепсің-ау, байғұсым!
Кетісудің кілті- егес, қозғамайық ол жайлы.
Махаббатың - күлкі емес, мұңсыз сүю болмайды! [H] - деп, ағынан ақтарылады лирикалық бейне.

Әйел қауымының қадыры - сүйіспеншілік сезімінің мәрттігімен тулаған қызу қанды көңілдің көрігімен қарсылас жыныстың атаулының алдында аса құнды бағалы мәртебелі көрінеді. Талай ұр да жықтың жанын жаулап, басын байлаған қыз-шіркіннің керім жігітті іздеп таба алмай, тапса да таңдайына татымай талайлардың тауын шағып, жағасы жайлау жайдарман көңіл күйінен

сыр шерткен әзіл-шыны аралас "Табылмай бір керім жігіт" атты өлеңінде; "Сізге ғана құштармын",- деп,

Көп жігіттер ғашық болды.

Бір "керімін" ұстармын деп,

Қыз көңілі тасып толды,- деп жырлай отырып, соңында өкініп, саусақ тістерін болжай алмаған сұлу бикештің жеке басындағы бопса ғана емес, жалпы қыздар атаулының кемшілігіне тән көкейтесті проблеманы қозғайды.

Әйел жынысының жіңішке жолын сәулелі соқпаққа қайтсем де айналдырам деп, байыз таппаған ақын "мені" оқырман жүрегіне сыз түсіруге бар. Әйтсе дағы ақындық айқындама әйел затына аянышпен қарауға, мүләйім мүсіркеуге атымен қарсы. Бұл жөнінде ақын былай жырлайды;

...Тілемеймін өмірден жеке несіп,

Мықтылармен күнелтпен жетелесіп.

Жолы қысқа, қыз бала десеңіздер,

Кішіреймеймін , мен қайта кетем өсіп. [I]

Ақын Фаризаның қазақ әйелі, ең алдымен, отбасы берекесі, отағасының адал жары, сенімді серігі, ақылшысы, балаларының мейірімді анасы, туған-туыстарының қамқоршысы, жанашыры. Содан соң қоғамның барлық салаларында қызмет етіп жүрген белсенді мүшесі, қазіргі заман қаһарманы. Үшіншіден, қазақ әйелі нәзік болмысты парасатты жан, сұлулық пен сымбаттылықтың символы. Демек, ақын шығармасындағы әйел келбеті – «бір қолымен бесік тербеткен, екінші қолымен әлемді тербеткен» аяулы да сыршыл жан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

a) Қазақ әдебиеті. 10.03.2017 жыл.

b) Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1- том. Алматы: Жазушы, 1987. - 352 б.

c) Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2- том. Алматы: Жазушы, 1987. - 368 б.

d) Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. Алматы: Жазушы, 1972. - 184 б.

e) Белинский В. Таңдамалы шығармалары. Алматы: ҚМБ, 1948. - 216 б.

f) Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. - 69 б.

g) Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. Алматы: Жалын, 1996. – 391 б.

h) Оңғарсынова Ф. Шілде. Алматы: Жазушы, 1978.-320 б.

i) Бекетова Б. Жалғыздық: Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1994. - 160 б.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТЫЛУЫ

Джуманова Светлана Аманжоловна
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
“№2 мектеп-гимназия” КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдебиетінің көшбасшы тұлғаларының бірі, айрықша орны бар ақындардың қатарына Фариза Оңғарсынова жатады. Оның шығармашылығы қазақ поэзиясында ерекше орын алады. Ақынның өлеңдері, әсіресе әйел образын сомдаудағы қолтаңбасы терең ой мен нәзік сезімнің, ұлттық рухтың көрінісі болып табылады. Фариза Оңғарсынова шығармаларының ішінде әйел тақырыбы ерекше маңызды, өйткені оның өлеңдерінде әйелдің ішкі дүниесі, әйелдің әлеуметтік рөлі, сондай-ақ ұлттық тұрмыстағы орнын айшықтайтын көркем суреттер бар.

Білім беру жүйесінде Фариза Оңғарсынова шығармаларын оқыту барысында оның әйел образын талдаудың әдістемелік мәні зор. Сонымен қатар, ақынның өлеңдерінде әйелдің философиялық, әлеуметтік, моральдық және рухани мәні қандай екенін сараптап, оны оқушыларға қалай жеткізу керектігі туралы ойлармен бөліссек:

1. Фариза Оңғарсынова шығармашылығында әйел образының ерекшеліктері.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында әйел бейнесі тек тұрмыстық немесе әлеуметтік жағдайдың көрінісі ғана емес, ол терең философиялық, психологиялық және метафизикалық тұстарды қамтитын күрделі образ ретінде қалыптасқан. Ақынның өлеңдерінде әйелдің нәзік жан дүниесі, ішкі толғанысы мен күресі көрініс тапқан. Ол әйелді сыртқы күштерден қорғанатын, бірақ ішкі рухы мықты, өмірге деген сенімі берік тұлға ретінде бейнелейді. Ф.Оңғарсынованың әйел бейнесі ананың, жардың, ғашықтың, қоғамдағы әйелдің рөлі сияқты аспектілер тұрғысынан әр түрлі қырынан, түрлі жағынан көрсетіледі.

Қазақтың ұлттық тұрмысындағы әйелдің орны ақын шығармаларында ерекше мәнге ие. Әйел — тек отбасының ұйытқысы, үй шаруасының шебері емес, қоғамда өз орны бар, ұлттық құндылықтарды сақтаушы, ұрпақ тәрбиелейтін тұлға ретінде суреттеледі. Ф.Оңғарсынова шығармашылығындағы әйел бейнесі — ұлттық рухтың айнасы, замана көшіне қарай ұмтылған, заман ағымына бейімделе отырып, ішкі еркіндігін сақтауға тырысқан тұлға. Әйел образын шығармашылығында суреттеу арқылы ақын әлеуметтік әділеттілікті, әйелдің құқықтарын қорғауды, қоғамда теңдікті талап етуді мақсат тұтты. Әйел мен қоғамның, әйел мен табиғаттың байланысы оның поэзиясындағы негізгі тақырыптардың бірі болып табылады.

2. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы әйел образының оқу үдерісіндегі маңызы.

Фариза Оңғарсынованың әйел образын мектепте оқыту әдістемесі оқу бағдарламасында маңызды орын алады. Ақынның әйелдер туралы жазған өлеңдері арқылы оқушыларға әйелдің ішкі әлемін, оның күресін, өз орнын табуға ұмтылысын танытуға болады. Бұл тұрғыда ақын шығармашылығы тек поэзия ғана емес, әлеуметтік құндылықтарды, адамгершілікті, моральдық нормаларды ұғындыру құралына айналады.

Мектепте әйел образының оқытылуының негізгі мақсаты — оқушыларға әйелдің қоғамдағы орны мен рөлін түсіндіру. Қоғамдағы әйелдің мәртебесі, оның еркіндігі мен құқықтары мәселелері арқылы жас ұрпақтың адамгершілік, ізгілік қасиеттерін дамытуға болады. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы әйел образы оқушыларға қазақстандық әйелдің тарихын, мәдениетін және ұлттық құндылықтарды ұғындыруға жол ашады.

Әйел тақырыбындағы ақын шығармаларын оқу барысында оқушылар:

- Әйелдің қоғамдық рөлі мен тұлғалық ерекшеліктерін;
- Әйел мен табиғаттың, әйел мен қоғамның арасындағы байланысты;
- Әйелдің ішкі жан дүниесіндегі күресті, оның өмірге деген көзқарасын тереңірек түсінуге үйренеді.

Қазақ әдебиетінде әйел образын тану, зерттеу арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Фариза Оңғарсынова шығармаларының тәрбиелік мәні мол, әсіресе жасөспірімдер үшін оның поэзиясы өмірлік құндылықтарды ұғындыруда, рухани бағытта тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады.

3. Әйел образына қатысты шығармаларды оқу әдістемесі.

Фариза Оңғарсынованың әйел образын оқыту әдістемесі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды мақсат етеді. Ақынның өлеңдеріндегі символикалық, метафоралық элементтер арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту, олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру көзделеді.

Өлеңді талдау барысында төмендегідей әдістер қолдануға болады:

- **Шығармашылық талдау:** Ақынның әйел образын суреттеген өлеңдерін оқушыларға талқылауға ұсыну. Мұнда оқушылар өлеңдегі басты ойды, идеяны, әйелдің бейнесін ашатын элементтерді талдайды. Оқушыларға сұрақтар қою арқылы оларды шығарманың мәнін түсінуге шақыру.
- **Сөздердің образды мағынасын ашу:** Өлеңдеріндегі метафоралар мен символдарды анықтап, олардың әйел образын жасауға қандай рөл атқаратынын зерттеу.
- **Пікірталас:** Әйел образының әдебиеттегі, қоғамдағы маңызын, ақынның көзқарасын оқушылармен талқылау. Мысалы, "Әйел теңдігі туралы ақынның көзқарасы қандай?" немесе "Ақынның әйелді қандай

жағдайда бейнелеуі оның қоғамға деген көзқарасын қалай көрсетеді?" деген сұрақтар арқылы пікірталас ұйымдастыру.

Әдебиет сабағында шығармашылық тапсырмалар беру арқылы да әйел образын тереңірек зерттеуге болады. Оқушыларға "Фариза Оңғарсынованың әйелдер бейнесі қандай? Өз отбасындағы, қоғамдағы әйелдерге қатысты ойларыңды қағазға түсіріп, өлең жазып көр" деген шығармашылық тапсырма берілуі мүмкін.

Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқу барысында әйел образының тереңдігін әрі жан-жақты ашу үшін оның философиялық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін қарастыру қажет.

«Мазасыз шимайлар» әдісі — шығармашылық жазу мен ойлауды дамытуға арналған әдіс. Бұл әдіс әсіресе балалар мен жастар арасында шығармашылық қабілетті дамытуға, ойлау мен сөздік қорды кеңейтуге бағытталған. Әдіс мазмұнды шығармашылық жазуды және өзін-өзі білдіруді ынталандырады. «Мазасыз шимайлар» әдісінің сипаттамасы:

Уақыт шектеуі: Бұл әдістің басты ерекшелігі — белгілі бір уақыт ішінде үзіліссіз жазу (мысалы, 5-10 минут). Мұндай уақыт шектеуі адамдарды өз ойларын тез және нақты білдіруге мәжбүр етеді. Жұмыс барысында ойлар еркін flow тәрізді ағызылып, логика мен құрылымнан бөлек шығармашылық күші мен есте сақтау қабілеті дамиды.

Өзіндік бақылау мен эмоция: «Мазасыз шимайлар» әдісінің басты мақсаты — қатысушының өз эмоцияларын, сезімдерін білдіруі. Осылайша, адам психологиялық тұрғыдан босап, ішкі күйзелістерінен арылып, өз шығармашылығын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік алады.

Креативтілікке әсері: «Мазасыз шимайлар» әдісі адамның шығармашылық қабілетін ашуға көмектеседі, себебі ол стандартты құрылымдар мен қалыптарға байланысты болмай, ойдың еркіндігін қалыптастырады. Бұл әдіс арқылы қатысушылар өздерінің шығармашылық потенциалын аша алады.

Қолдану салалары:

Әдебиет сабақтарында: Жазушы болуға немесе әдеби шығармашылыққа қызығушылық танытқан оқушыларға жаңа идеяларды дамытатын, еркін жазуды үйрететін әдіс.

Психологиялық тренингтерде: Стрессті төмендету, эмоцияларды басқару және өзін-өзі түсіну үшін пайдаланылады.

Мәдени шараларда: Шығармашылық жобалар мен идеялар бойынша топтық жұмыстарда ойлау және идеялар ағынын жандандыру үшін қолданылады.

Жеке шығармашылық практикаларда: Өз ойларын еркін жазу арқылы адамның ішкі әлеміне үңілу, шығармашылық дағдыны дамыту.

Жалпы, «Мазасыз шимайлар» әдісі адамды өз сезімдері мен ойларын еркін әрі ашық түрде білдіруге шақырады, оны шығармашылық және жеке тұлғалық даму жолында қолдануға болады.



«Мазасыз шимайлар» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты көзіңізге не елестетесіз? Шимайды түрлі-түсті қарындаштармен бояп, сурет салып, оқушы өз көзқарасын, айтайын деген ойын, пікірін тақырыппен байланыстыра білдіреді.

Әйел образын зерттеу барысында келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

- **Әдеби-сын тұрғысынан талдау:** Фариза Оңғарсынованың әйел туралы өлеңдерін тарихи-әлеуметтік тұрғыдан зерттеуге тапсырма беру. Ақынның өлеңдеріндегі әйел бейнесінің қоғамдағы орны мен рөлі қандай екенін талдау.
- **Әлеуметтік және философиялық контекст:** Әйел мен қоғам, әйел мен табиғат арасындағы байланыс мәселелерін философиялық тұрғыда зерттеу.
- **Пәнаралық байланыс:** Фариза Оңғарсынованың шығармашылығында әйелдің бейнесін мәдениеттану, социология және психология тұрғысынан талдау.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы әйел образы — қазақ әдебиетіндегі ең маңызды бейнелердің бірі. Ақынның әйелдер туралы өлеңдері қоғамдағы әйелдің рухани және әлеуметтік рөлін тереңнен көрсетеді. Білім беру жүйесінде оның шығармаларын оқыту арқылы оқушыларға әйелдің қоғамдағы орнын, рухани әлемін түсіндіруге болады. Бұл әдістемелік жұмыс оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, әйелдерге құрметпен қарауға, олардың қоғамдағы маңызды орнын бағалауға мүмкіндік береді.

Әйел образын оқу барысында оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық мәдениетке, әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Фариза Оңғарсынова шығармашылығында әйелдің бейнесі — ұлттың рухани болмысының айнасы іспетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Ә.Нұрқатова.** «*Қазақ әдебиетіндегі әйелдер образы және олардың әдебиеттегі бейнесі*». Алматы: Санат, 2021 жыл
2. **Ф.Оңғарсынова.** *Өлеңдер*. — Алматы: Жазушы, 1986 жыл
3. **Р.Сүйіншәлиева.** «*Қазақ әдебиетінің әйелдер кейіпкерлері: жан-жақты талдау*». Алматы: Білім, 2003 жыл
4. **Б.Шаймерденова.** «*Фариза Оңғарсынова және қазақ поэзиясындағы әйелдің орны*». Алматы: «Қазақстан кітап», 2016 жыл
5. Толық шығармалар жинағы / Ф. Оңғарсынова – Алматы: «Сардар», 2016
6. Фариза Оңғарсынова поэмаларындағы идеялық-көркемдік ізденістер: монография / Б. Д. Керімбекова – Алматы: «Елтаным», 2017. – 186-б.

7. Үш томдық шығармалар жинағы. Оңғарсынова Фариза – Астана: «Елорда», 2004
8. Шілде / Ф. Оңғарсынова: – Алматы: «Сардар Баспа үйі», 2019. – 479-б
9. «Фариза»/ С. Қирабаев // «Егемен Қазақстан». - 2014. - 5 наурыз (№ 44). – 5-б.
10. «Ұлттық ұғымға ұласқан» / С. Абдрахманов // Егемен Қазақстан. - 2013. - 31 желтоқсан (№ 285). – 8-б.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК, БЕЙНЕЛІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерғалиева Мөлдір Төлегенқызы
«Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Өнерпаздық тұлғасын дүйім жұрты танып – білген, елі мен халқына қадірі артқан, табиғат сыйлаған талантымен танылған поэзия тарланбоздарының шығармашылық өрнегінің өмірлік мұратқа айналып, зерттелуінің өзі – ұмырлық рухани танымға ие заңды құбылыс. 60 - жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры – поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынның бірі Фариза Оңғарсынова болатын.

Фариза Оңғарсынова - көркемсөз майданында ақын мен жазушыға тән ерлік,батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақын. Ақынның өлеңдері кейінгі ұрпақты ерлікке, нәзік болуға, туған жер мен адамзатты сүюге апаратын жол іспетті.

Ф. Оңғарсынова шығармаларын талдау барысында ақынның тосын теңеу, ерекше эпитет, мазмұнды метафораларымен бірге, басқа да көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарының сәтті қолданыс тапқандығына көз жеткіземіз. Сөздің сәнін кіргізіп, тілді ажарлаудағы негізгі көркемдегіш құралдардың бірі – теңеу. Мұнда әрбір суреткер белгісіз нәрсені белгілі бір нәрсеге теңеу арқылы танытып, оның ерекше бір қасиет-сипатын аңғартады. А.Байтұрсынов өз еңбегінде: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, шығырақ көрсетеміз», — деп теңеуді 1 — әншейін теңеу, 2 — әдейі теңеу деп екіге бөледі .Қазақ өлеңін теориялық тұрғыда зерттеген ғалым З. Ахметов теңеу жөнінде: «Көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті, белгілі нәрсемен салыстырып айту бір басқа да, ал бейнелілік сипаты бар көркем теңеу жасау – бір басқа»,- дейді. Ақын поэмаларындағы теңеулерге тоқталғанда, мұндағы теңеу түрлерінің көбінсе -дай, -дей, — тай, — тей сондай-ақ, секілді, бейне түрінде келетінін байқадық. Ақын қандай да бір бейнелеу тәсілдерін

пайдаланғанда, ол сол суреткердің өзіне ғана тән тілдік қолданысы болуы тиіс. Ф. Оңғарсынова поэмаларында бұрын-соңды ақындарда кездеспеген, ақындық дербес теңеулер де бар. Ол көбінесе әр шумаққа теңеулермен астары қалың мағына береді. Мысалы:«Кеуек тастар секілді іші үгілген», «Жайдақ судай кезетін жайылманы», «Біреулерге жорғалап ала құрдай, Біреулерді жерлейді таң атырмай», «Шамданады сен айтақан ақиқаттан, Шоқ шашырап түскендей шаптарына», «Сана күңгірт ортада сезімдер де, Жылы үйде өскен жемістің шырынындай» /Мүшәйра/, «Тағдыры толқындағы тал қайықтай», «Жазғы түндей адамның арда шағы», «Аққан жұлдыз секілді ғұмырың да» /«Сайраған Жетісудың бұлбұлымын»/, «Уды да үнсіз шашыңдар сұр жыландай», «Нәзік дене бұтадай дірілдеді», Жанар онсыз жаныңа күлкі үйірмей, етек-жеңі бөлінбес бір киімдей» / «Тыңдаңдар, тірі…»/, «Өлеңімді сәбидей жетеледім», «Үні өшкен жетімдей шықтым жасып» / «Сырласу немесе … »/, «Қанды жерден шошынған аққудайын», «Дала қайғылы әйелдей жаны жара, Сәбисіз үй секілді қаңыраған» / «Дала тағдыры»/ сынды теңеулер ақынның өлеңге биік талғаммен баратындығының көрінісі болса керек. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы теңеулерден ақынның дара мінезі байқалады. Осы орайда академик З.Қабдоловтың «Лирикада мінез болады. Ол – ақынның мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады», — дейтін әйгілі пікіріне иекартамыз. Ақынның тұла бойындағы мінез ерекшелігі оның жырларынан да көрінуі заңдылық. Өйткені, табиғи мінезсіз өзіндік қолтаңбасының да қалыптаспайтындығы белгілі.«… Қазақтың бүгінгі ақын-жазушыларының үйреніп, үлгі алатын екі түрлі қоры, екі түрлі қазынасы бар. Оның бірі – қазақтың бұрынғы, бүгінгі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті, екіншісі – орыс әдебиеті мен бүгінгі әдебиет. Әрбір ақын-жазушы күрделі шығарма жазарда осы екі қор, екі қазынаны оймен шолып, солардың жақсысынан, жаманынан үлгі алады, алуға да тиісті», — дейді ғалым Б. Кенжебаев. Ф. Оңғарсынова поэмаларының жазылу әдісі, ондағы көркемдік құралдарына назар аударғанда, ақынның ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясынан көп үйренгендігі байқалады. Әсіресе, ақын поэмаларында молынан ұшырасатын ақынның таза қазақы ойлануынан туған ұлттық сипат танытар мынадай теңеулері ерекше көзге тартады. «Жасқаншақтап күйеудеу ұрын келген», «Адам да жүгені жоқ жүйрік аттай», «Тойса болды төгіліп тегенедей», «Көгі көктей бастайды керегедей», «Еркектер жоқ, құландай кең даладан, Ауып кеткен тігерге тұяқ қалмай», «Шыбындаған жылқыдай шұғылмасаң, Жатпайды құрт күшің не көркіңді елеп», «Арқандалған бұзаудай алыс бармай, Би-болысты паналар қалыс қалмай», «Отқа, суға түседі отар қойдай», «Аяр, алтай түлкідей қашқан алдан», «Долы қатындай қарғанған» / «Мүшәйрә»/, Сөз бейнелілігі тұрғысынан образ жасаудың айрықша тәсілі метафораның (ауыстырудың) қазақ поэзиясындағы қызметі сан-сала, орны орныққан. Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Әдебиетші ғалым ӘДербісәлінің: «Ой мен сөзді көркем, әсем, әсерлі, образды берудің эволюциясы барына назар аударлық. Жалпы образды немесе

поэзиялық сананың дамуы екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – мифологиялық ойлау, екіншісі – метафоралық ойлау», — деп атап айтқанындай, өлең өрнегіндегі көркемдік мәселелерін метафорасыз зерттеу мүмкін емес. Қазақ тіл білімінде метафора аз зерттелген жоқ. ҒалымдарБ.В. Томашевский, А.А. Потебня, Қ.Жұмалиев, Б.Хасанов, З.Ахметов еңбектерінде метафораны басқа тәсілдерден ерекшелендіретін белгілерін анықталады. Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі. Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады десек, ақын поэмаларында дәстүрлі метафоралармен қатар, ақынның өзіндік дара қолтаңбасын айқындайтын метафоралар да бар. Мысала: «Сенбеу-ақ керек еді, Жылан – жауға бойлаған керегені», «Басталды да батыстан қара жорық, Ажал – орақ жөнеді адамды ұрып», «Бақыт деуге бола ма бұл тағдырды, Бізді мұрттай ұшырған тұлпар — жылды» / «Тыңдаңдар, тірі адамдар!»/, «Мүмкін өмір – толқын жеп жұқардың ба?», «Сөз – маржандар жиылмай гүл — қырманға», «Буындырып ой-толғақ азаптайды», «Уақыт – толқын шаяды парақтарын, Жолдар жайлы жазса егер жер естелік», «Қайдан өнер кісілік, пейіл — бұлақ, Адам ажал – жазыққа жүгіреді», «Сабылтып банды деген сағым қашқын», «Кәрі таудың құшағына, Тұрақтамай бұлақ — қыздар», т.б. метафоралардан ақынның әлемге деген өзгеше көзқарасы мен таным-түйсігі аңғарылады. Қай ақын болмасын көркемдік тәсілдерді қолданғанда ең алдымен, өлеңнің эстетикалық қуатын арттыруды, эмоциялық қызметін күшейтуді мақсат етері анық. Әсіресе, ақынның «Мүшәйрә» поэмасында әдебиетімізде ең жиі кездесетін басты құбылтулардың бірі – метафора сәтімен қолданылады. Поэмадағы «Сиқырлап сылаң қағып өмір-жеңге, Заман да құбылтады өңім демде», «Пайымдауға мұрша жоқ заман – құйын, Шырқ үйіріп шырмайды адам миын», «Су тартыла бастаған қара жердей, Ой-теңізден жырақтап барады адам», «Шоқығандай сұңқарды тәмам қарға, адалдықты төпейді Заман — балға», «Ақыл көндей күстеніп бара жатса, Киесіздей көрінер ана-құндақ»,«Қанша мықты болса да өмір – көген, бұл ауруға көнбейді көрінген ем», «Шындық – Айна жүзінен өздерінің, сиықтарын көргенде шыдамайды», «Шындық үні шарықтап шырқар ма алға, жерде әлі зұлымдық-қылқан барда», т.б. сынды ауыстырулар ой образын үстемеліп, поэмаға өзгеше мән беріп, көркемдігін арттырумен қатар, қазақтың өіне тән ұлттық ойлауынан туғанын айта кеткен жөн.Байқап отырғанымыздай, ақын метафоралары күнделікті өмірде көп ести қоймайтын соны, әсерлі. Сөзден сурет тудыратын, ойшылдық пен терең сезімталдыққа жетелейтін ақынның үздіксіз ізденісінің нәтижесі. Көркем сөз – поэтикалық образдың арқауы, сол поэтикалық құралды жасайын деген образын толық берсе, анық, айқын көрсете ғана шумаққа енуі керек. Сонда ғана сөз шумақта өзінің ішкі, сыртқы бедерін өрсетіп, поэтикалық образға кірпіш болып қалана алады. Сөзді дұрыс қолдану – поэтикалық образ жасаудың басты шарты. Ф. Оңғарсынова – тілді барынша шеберлікпен қолданатын аса талғампаз ақын. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлігін арттырады. Яғни, бейнелеп сөзден сурет салуға бейімділік — өлеңге қажет ең негізгі қасиет. Ақын поэмасындағы сөз тіркестері әсерлі мән-мазмұнға ие болып, маңызды қызмет атқарады.

«Жыртпаса мұң сауытын бұлқып адам», «Жарма мінез ақ болсаң, ақымақсың», «Адамдардың желбуаз жайдақ әні», «Қайда әйтпесе ақ алмас қылықтары», «Дөңгеленіп жұмыр бас, жұмыр құрлық, арасында шырқырап құлын – шындық» сияқты эпитеттері шумақтардың мазмұнын айшықтап, айтылған ойды әсерлендіре еткізіп тұр. Ақын эпитеттері мағына тереңдігімен, сонылығымен, қайталанбайтындығымен ерекшеленеді, ойлантады. Бейнелі сөздер ақындық, эстетикалық сезімнің, жүниені образды, бейнелі түрле танып-білетін және танытатын көркем ойдың бір ұрпағы іспетті.

Қорыта айтқанда, Фариза ақынның жырларынан Қазақ Елінің шынайы поэзиясының мәңгілік көрінісін,махаббатын, ақын көзқарасы мен қолтаңбасын, ізденіс мұраттары, өлеңдегі өлшем, бірліктер, сыр-сезім сипаттары, шумақ пен ақынның өлең-жырларындағы лирикалық кейіпкер мұратын, қоғам құбылыстарын көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Оңғарсынова Ф. Мазасыз шақ. – Алматы: Жазушы,
Оңғарсынова Ф. Мен сенің жүрегіңдемін. –
Оңғарсынова Ф. Дауа. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002.
Ақүрпекова Г. Ақын Ф.Оңғарсынованың табиғат лирикасы. // Атамекен.
Мүтитегі З. Тақырып пен идея. // Ұлт тағылымы.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ

Ермухамбетова Жанар Закарьяновна
Астана қаласы «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясы»
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер
Мукажанова Диана Каламбаевна
директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі

Кіріспе

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ақын, журналист, балалар әдебиетіне елеулі үлес қосқан тұлға. Оның шығармалары терең мазмұнымен, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Ақынның өлеңдері жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге жол ашады. Бастауыш мектеп оқушыларының әліппелік білімнен әдебиет әлеміне өтетін кезеңінде Фариза Оңғарсынованың шығармалары таптырмас оқу құралы болып табылады.

Негізгі бөлім

1. Фариза Оңғарсынованың шығармашылығының ерекшелігі

Фариза Оңғарсынованың балаларға арналған өлеңдері қарапайым тілде жазылғанымен, олардың мазмұны терең және ойға жетелейді. Ол баланың жас ерекшелігін ескере отырып, өмірдің мәнін түсіндіретін туындылар ұсынған. Ақын шығармашылығының басты ерекшеліктері:

- Табиғатқа сүйіспеншілік: ақын табиғатты ерекше жырлаған. Мысалы, “Қызғалдақ”, “Құстар әні”, “Таң шапағы” сияқты өлеңдері балалардың табиғатқа құрметпен қарауға, оны аялауға шақырады.
- Отансүйгіштік: ақын шығармаларында патриоттық сезім басым. Ол туған жерге деген махаббатты, елге қызмет етудің қадірін өлеңдері арқылы жеткізген.
- Адамгершілік пен рухани құндылықтар: Фариза апамыздың туындылары мейірімділік, адалдық, достық, ата-анаға құрмет сияқты құндылықтарды дәріптейді.

2. Бастауыш сыныптағы рөлі

Фариза Оңғарсынованың шығармаларын бастауыш сыныпта оқыту бірнеше маңызды мақсаттарды көздейді:

- Баланың ой-өрісін дамыту: ақынның қарапайым әрі бейнелі тілі оқушыларға сөздік қорын байытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі.
- Құндылықтарды қалыптастыру: шығармалар балаларды еңбекқорлыққа, шыншылдыққа, жақсылық жасауға тәрбиелейді.
- Ұлттық рухты ояту: Фариза шығармалары арқылы бала туған жерін сүюді, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін құрметтеуді үйренеді. Мысалы, “Жазғы демалыс” өлеңі ауыл өмірінің шынайы көріністерін суреттеп, балаларға туған жерінің сұлулығын сезіндіреді.

3. Шығармаларын оқыту әдістері

Фариза Оңғарсынованың шығармаларын бастауыш сыныпта оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері оқушының білімін тереңдетіп қана қоймай, әдебиетке қызығушылығын оятады:

- Мәнерлеп оқу: оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа оқып, мазмұнын талдау арқылы шығарманың негізгі идеясын түсінеді. Бұл әдіс арқылы баланың есте сақтау қабілеті мен дұрыс сөйлеу дағдысы дамиды.
- Сахналау: балалар өлеңдер мен шағын әңгімелерді сахналау арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын түсініп, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.
- Сурет салу: “Біздің бақ” немесе “Күзгі бақ” сияқты өлеңдерді оқығаннан кейін балаларға өз әсерін сурет арқылы жеткізуге мүмкіндік беру – олардың қиялын дамытудың тиімді жолы.
- Талдау: өлеңдердің құрылымын, ұйқастарын, көркемдік тәсілдерін талдау арқылы балалар әдебиеттің негізгі элементтерін түсіне бастайды.

4. Шығармаларын оқыту үдерісіне қосатын үлесі

Фариза Оңғарсынованың шығармаларының оқу бағдарламасына енгізілуі бірнеше бағытта оң әсер береді:

- Эстетикалық тәрбие: өлеңдер оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, өнерге деген сүйіспеншілігін оятады.

• Тәрбиелік мәні: ақын шығармаларындағы адами құндылықтар балалардың мінез-құлқын қалыптастырады.

• Тіл байлығын дамыту: Фаризаның поэзиясы бай қазақ тілін меңгеруге ықпал етеді.

• Тұлғалық даму: шығармаларды талдау арқылы бала өз ойын еркін жеткізуді үйренеді, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды.

Қорытынды

Фариза Оңғарсынова – ұлттың рухани байлығын келер ұрпаққа жеткізуші. Оның шығармалары бастауыш мектепте ерекше маңызға ие, өйткені олар балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, туған жерді қадірлеуге үйретеді. Фариза апамыздың поэзиясы арқылы жас ұрпақтың рухани дамуына үлкен үлес қосуға болады. Сондықтан оның туындылары мектеп бағдарламасының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова Ф. “Балаларға арналған өлеңдер жинағы.”
2. Қазақстан Республикасының бастауыш мектептерге арналған оқу бағдарламасы.
3. Қазақ әдебиеті оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдар.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН "ФАРИЗАТАНУ" КУРСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Жакупова Назия Казымовна
Ақтөбе қаласы, Фариза Оңғарсынова атындағы
№ 41 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақын, жазушы, аудармашы. Ақын өзінің поэзиясында ұлттық мәселелерді, әйелдің қоғамдағы орнын, адамның рухани байлығын терең толғап, өз заманының әлеуметтік және моральдық сұрақтарын көтерді. Оның өлеңдері – жүрек тебірентерлік сезіммен, терең ойлармен, поэтикалық тілімен ерекшеленеді. Фариза шығармашылығын оқу әдістемесі қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында маңызды орын алады. Оқушыларға Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқытудың әдістемесін жасауда, ақынның тілдік ерекшеліктері, шығармаларының тақырыбы мен идеялары, сонымен қатар, оның поэзиясының мазмұндық, форма және стиліне көңіл бөлу қажет.

Фариза шығармашылығы тек поэзиямен шектелмей, қазақ әдебиетінің рухани жаңғыруына, қазақ тілінің көркемділігі мен күшін сақтауға үлкен әсерін тигізді. Оны мектепте оқыту және "Фаризатану" курсын енгізу

әдеби білім мен тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл курс арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттырып, ұлттық руханиятты тереңірек ұғынуына мүмкіндік беріледі. Ф.Оңғарсынова аты мектепке берілгеннен кейін ақынның шығармашылығы мен туындыларын оқыту ұстаздық міндетім деп санадым. Осы мақсатта мектептің 5-9 сынып оқушыларына арнап «Фаризатану» курсын жаздым. Курс 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап ҚББ №682 бұйрығы негізінде мектептің гимназия сыныптарында жүргізіліп келеді.

"Фаризатану" курсы – мектеп бағдарламасына қосымша ретінде Ф.Оңғарсынова шығармашылығын тереңдете зерттеуді мақсат тұтатын арнайы пән. Бұл курстың негізгі мақсаты – оқушыларға ақынның шығармаларының мазмұны мен стилін түсіндіріп, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын нақты көрсету.

Курстың міндеттері:

- Ф.Оңғарсынова поэзиясын талдау арқылы оқушыларға оның шығармашылық ерекшеліктерін ұғындыру;
- Ақынның шығармалары арқылы рухани тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды насихаттау;
- Оқушылардың әдеби тілін дамыту, ақынның поэзиясындағы бейнелі сөздерді, метафоралар мен символдарды меңгерту;
- Әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді өлеңдері арқылы қарастыру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту.

Курстың құрылымы:

1. **Ф.Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығы**: ақынның өмір жолы, шығармашылық кезеңдері, қоғамдағы орны туралы жалпы шолу.
2. **Әдеби шығармаларын талдау**: әр түрлі өлеңдер мен поэмаларын оқыту, олардың мағыналық тұстары, символдар мен бейнелер.
3. **Ақын тіліндегі ерекшеліктер**: Фариза Оңғарсынова поэзиясының тілдік, көркемдік қасиеттері, бейнелеу құралдары.
4. **Әлеуметтік және философиялық тақырыптар**: ақынның шығармаларындағы этикалық, моральдық сұрақтар, әйел мен қоғам, ұлттық сана туралы ойлар.

Ф.Оңғарсынова шығармашылығын курс арқылы оқыту әдістемесінің негізгі бағыттары:

1. **Шығармаларының мазмұны мен идеяларын түсіндіру**:
   - ✓ Оқушыларға ақынның шығармалары арқылы адамның ішкі әлемін, өмірге деген көзқарасын таныстыру.
   - ✓ Ақынның поэзиясында ұлттық құндылықтардың, еркіндік пен әділеттіктің маңызына ерекше көңіл бөлу.
2. **Шығармаларындағы тақырыптарды талқылау**:
   - ✓ Ф.Оңғарсынованың шығармаларында патриотизм, ұлттық болмыс, әйелдер құқығы мен еркіндігі сияқты маңызды тақырыптар жиі кездеседі. Осы тақырыптарды талдай отырып, оқушыларға шығарманың терең мәнін түсіндіру.

- ✓ Әр шығармада ақынның өзекті әлеуметтік мәселелерге, адамгершілікке деген көзқарасын қарастыру.

3. **Поэзиялық құрылымды түсіндіру**:
   - ✓ Ақынның өлеңдерінде қолданған бейнелі тіл мен метафораларды талдау.
   - ✓ Өлеңдегі ырғақ, ұйқас және өлең формаларына ерекше назар аудару.
4. **Өлеңдерін жатқа оқу және шығармашылық тапсырмалар**:
   - ✓ Оқушыларға ақынның өлеңдерін жатқа айтуға тапсырмалар беру, сонымен қатар сол өлеңдерге шығармашылық жұмыстар жасау (мысалы, өлең жазу немесе еркін ойлар мен пікірлер жазу).
   - ✓ Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылардың ақынға деген көзқарасын қалыптастыру.
5. **Ақынның шығармашылығындағы философиялық ойларды түсіндіру**:
   - ✓ Ф.Оңғарсынова тек лирикалық ақын ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылығында терең философиялық ойлар да бар. Бұл ойларды оқушыларға түсіндіріп, оларды өмірлік мәні бар мәселелерге ой салуға бағыттау.
6. **Топтық және жеке жұмыстар**:
   - ✓ Оқушыларға топтық жұмыстар ұйымдастырып, әр топқа белгілі бір өлең немесе өлең жолдарын талдап, талқылап шығуға тапсырмалар беру.
   - ✓ Оқушылардың өз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік беріп, поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру.
7. **Тәрбиелік мәні**:

Ф.Оңғарсынованың шығармалары көп жағдайда адамгершілік құндылықтар мен ізгілікке бағытталған. Бұл құндылықтарды жастарға үйрету арқылы олардың рухани дамуына әсер ету.

Ф.Оңғарсынованың шығармаларын оқыту барысында оның өлеңдеріндегі адамгершілік, адалдық, теңдік, еркіндік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді дәріптеу маңызды. Бұл ақынның шығармашылығын тереңірек түсініп, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырады.

- **Әңгімелесу және пікір алмасу**: оқушыларға Ф.Оңғарсынова шығармашылығының қоғамдағы рөлі туралы сұрақтар қойылады. Әңгімелесу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамиды.
- **Шығармашылық тапсырмалар**: оқушыларға ақынның өлеңдерін қайта жазу немесе өз шығармаларын жазу, эссе жазу сияқты шығармашылық тапсырмалар беріледі.
- **Өлеңдерді талдау, мектепте оқыту әдістемесі**: оқушылар ақынның өлеңдерін оқу арқылы олардың ішкі мағынасына үңіледі. Ақынның лирикалық кейіпкерлері мен тақырыптары жайлы пікірталастар ұйымдастырылады. Өзім қолданып жүрген өлең жаттауға машықтандыруға «Канон», «Кір жаю», «Қарлы кесек» әдістерін қолданып отырамын. Бұл ақын өлеңдерін есте сақтауға үйретететін әдістер болып саналады. Мысалы, ақынның 5-сыныптағы «Туған жер» өлеңін алсақ,

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.

Осы өлеңнің әр тармағын бір оқушыдан оқытып, қайталату арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыруға болады. Бұл өлеңді жаттатуда **«Канон»** әдісін қолдануға болады.

«Ана» өлеңін жаттату барысында «Кір жаю» әдісін қолдануға болады. Оқушыларға өлеңнің шумақтары шатыстырылып беріледі. Оқушылар өлеңнің шумақтарын жатқа, ретімен орналастыру қажет.

Кеудеңде мені тербеттің,
жас шыбық енді көктеді.
Мінеки мен де ер жеттім,
еңбегің бекер кетпеді.
Өмірде мынау ең жақын,
аяулым сенсің, **ана**шым!
Болмаса мейлі зор даңқың,
мен үшін бірақ д**ана**сың.
Мейірім төккен нұр жүзің
тұрғандай сезем жанымда.
“Адал бол, – деуші ең,– жұлдызым”
сақталды сөзің жадымда.
“Игі еңбек түбі осы-ау” дер
көргендер жеміс ағашын.
Қартаймай, мәңгі жасай бер
мәңгілік Күндей, **ана**шым!

Ақынның «Әкеме» өлеңін жаттатуда «Қарлы кесек» әдісін қолдандым. Бір сөзден соң екінші сөзді қоса оқып, оны қайталай отырып, оқушылар тез жаттауға машықтанады.

Әкем біреу, анам да біреу менің,
Мен жығылсам сүйенер тіреулерім.
Олар барда мереке, көрген емен
Қабақтарын шытқанын, түнергенін.
Менің досым әкесін жек көреді,
«Бізбен ісі жоқ оның» деп сөгеді,
Жамандайды сыртынан, тістенеді,
Бір-біріне бітпейді өкпелері.
Дос тапса да адамдар, тапса-дағы,
Әке жалғыз, табылмас ақшаға да,
Жамандасаң әкеңді, саған әкеп,
Жақсы әкесін бере ме басқа бала.
Әке – білек, саусағы – балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары,
Ана – тамыр бойымен бәріне де,
Тіршіліктің жылуы таралады.

2019 жылы Ақтөбе қаласы әкімінің №171 бұйрығы негізінде мектебімізге Фариза Оңғарсынова есімі берілді. Ақын құрметіне арнап мектепте «Фариза» музейі жасақталды. Музейдің ашылу салтанатына ақынның ұлы Алмас

Оңғарсынов, қазақтың белгілі жазушысы Ә.Кекілбаевтың жары Клара Жұмабаева қатысты. Ақынмен бірге «Ұлан» газетінде жұмыс жасаған Жазушылар Одағының мүшесі, «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Мейірхан Ақдәулетті жыл сайын мектепке шақырып, Ф.Оңғарсынова туралы естеліктер айтылады. Музейде ақынның 12 томдық кітаптары, балаларға арналған аудармалары, ақынға сыйға тартқан естелік кітаптары, ақынның ұстаған сөмкесі, аяқ киімі, костюмі қойылған. Курс сабақтары осы музейде жүргізіледі. Ақынның естелік жәдігерлеріне білім алушылар құрметпен қарайды. Биылғы оқу жылында «Фаризатану» курсы мектептің 5,6-сыныптарында арнаулы курс бағдарламасына сай өткізілуде. Курс қазақ поэзиясының көрнекті өкілі – Ф.Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығын меңгерту мақсатында жүргізіледі. Ф.Оңғарсынованың шығармаларын оқыту болашақта қазақ әдебиеті пәні бойынша білімін жалғастырғысы келетін мектеп оқушылары үшін мәні аса зор. Көптеген оқушыларымыз ақын өлеңдерін насихаттау бағытында ұйымдастырылған байқау, сайыстардан жүлделі орындар алып жүр. Атап айтсақ, Республикалық «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» атты байқаудан бас жүлде иегері Жұмабек Асылзат, 1-орын иегерлері Нсанбаева А, Қожаева А, Абдысаликова А. Аймақтық, қалалық мәнерлеп оқулардан Ерғазина А жүлделі орындар алып, Алғыс хаттармен марапатталды. Курс жетекшісі ретінде ҚББ ұйымдастыруымен өткен «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында Алғыс хатпен марапатталдым. "Фаризатану" курсы оқушыларды ақынның шығармашылық әлеміне терең бойлатуға, оның ұлттық әдебиетке қосқан үлесін ұғынуға, поэзияны түсініп оқуға көмектеседі. Бұл курстың тек әдебиет сабағымен шектелмей, оқушылардың жалпы сөйлеу мәдениетіне де ықпалы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақындар мен жазушылар. «Фариза Оңғарсынова»: – Алматы, 2013 жыл
2. Әбдіқалықова С. «Қазақ әдебиетінің тарихы: XX ғасырдың II жартысы», 2015 жыл
3. **Ғабдуллин М. «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы»:** – Алматы,**1996 жыл**
4. Жақып М. «Фариза Оңғарсынова: Өмірі мен шығармашылығы», 2010 жыл
5. Қазақ энциклопедиясы «Оңғарсынова Фариза»: –Алматы, 2007 жыл
6. Қирабаев С. «Қазақ әдебиеті: XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы ақын-жазушылары»: –Алматы, 1994 жыл
7. Оңғарсынова Ф. «Жүрек сыры»: –Алматы, 2009 жыл
8. Оңғарсынова Ф. «Поэзия мен өмір»: – Алматы, 2004 жыл.
9. Оңғарсынова Ф. «Алтыбақан»: – Алматы, 2000 жыл
10. **Оңғарсынова Ф. «Жыр туралы жыр»: – Алматы, 2009 жыл**

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ

Жақсылық Жұлдызай Жұмабергенқызы
«К.Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназиясы»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ф. Оңғарсынованың поэмаларының бір саласы шағын сюжетке құрылған лирикалық поэмалар болғандықтан, оған негізінен лиризм үстемдігі тән. Яғни, кейіпкердің сезім сырлары, жанын толқытқан өмір көріністері алдыңғы орынға шығады. Мұнда әдетте лирикалық шегіністер, лирикалық толқулар кең орын алады. Ф. Оңғарсынованың лирикалық поэмаларында кейіпкердің ішкі дүниесі бірінші орынға көтеріліп, көңіл-күйі, сезімі негізгі арқауға айналады. Ақын қаламынан адам жанының тереңіне бойлап, оларға тән психологиялық көңіл-күй, сан алуан сезімдерді суреттейтін бірнеше лирикалық поэмалар дүниеге келді.

Соның бірі «Сырласу немесе акын әйелдің анасымен диалогы» – ақын тағдырын, әйел сезімін, оның табиғи болмысын терең лиризммен ашатын психологиялық поэма. Поэма дәстүрлі сюжетке смес, керісінше, осы заман поэзиясының ізденістеріне сай ақындық-философиялық ой-толғаныстарға, әйел-ақынның анасымен диалогына құрылған.

«Сен кейде күрсінесің, жаным анам,
Мен бармын, айналанның бәрі де аман.
Айтушы ен он ұлға да бермесім деп
әлде ырза емессің бе әлі маған?» [1, 44], – деп лирикалық кейіпкер өз өмірін ана өмірімен байланыста суреттеген. Осы шағын үзіндінің өзінен-ақ лирикалық кейіпкердің өзіне ғана тән психологиялық, мінез ерекшеліктері ашылады дейміз. Лирик ақын өмірді бейнелегенде әртүрлі сезімге бой алдырады. Бір өлеңінде мұңлы болса, екіншісінде өмірге құштар болады, бірде сүйсе, келесісінде жек көреді. Әрине, бұл ақын шығармасының ауанына байланысты. Конфликт тек сюжетте ғана көрінбейді, конфликт ақынның ішкі әлемінде де болады. «Өзге өмірге еніп, бөтен дауыспен сөйлегенімен, лирик-ақын өз дербестігін (индивидуальность) жоғалтпайды, ол тек өз «менін» кеңейтіп тұлға ретінде баийды» [2, 31].

Поэма сюжеті диалогқа құрылғанымен, мұндағы акын бейнесі жетекші релге ие болып, үнемі көшбасшылық қызмет атқарып отырады. Ақынның өз бейнесінде көрінетін лирикалық кейіпкер поэманың басынан аяғына дейін катысады. Ал лирикалық кейіпкер тебіренісі белгілі дәрежеде автордың куаныш-сүйінішімен ұласын жатады. Осы тұрғыдан келгенде, көп жағдайда автор бейнесі мен лирикалық кейіпкер бейнесі астасып кетеді. Сөйтіп, еленнің бүкіл бітімінен ақын тұлғасы айқын көрінеді. Лирикалық кейіпкердің жүрегін жарып шыққан ішкі толғанысы тебіреніс-монолог түрінде айтылады. Осылайша, лирикалық кейіпкер ішкі жан-сарайының құлпысын ашар, жалғыздықтан жабырқағанда, жан-әлемі құлазығанда қасынан табылатын ана бейнесімен сырласып кеткен.

Поэмадағы жан-жүрегі жалғыздықтан жүдеген тек ақын ғана емес, жастайынан жесірлік қамытын киген ана да жалғыз. Алайда, ана жалғыздыққа мойымай, ұрпақ қамы үшін жасымай қарсы тұра алған, яғни ана үшін жалғыздық проблемалық деңгейге көтерілмеген.

«Артықтау туған алаштан,
Данышпан болсын бағы асқан.
Жалғыздық бірақ жарығым
Құдай мен күнге жарасқан» [3, 45], – деген жолдардан ақын қазаққа ғана тән ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді танытады. Ана сөздерінен құпиясы мол адам жанының терең психикасы, ұлттық таным-түсінігі танылады. Аналық асыл сезімді суреттеуде ақын ана сөздерімен өз болмысымызға тән ұлттық ерекшеліктерді байқатып отырады. «Жалғыздық құдайға ғана жарасқан», – деген қарапайым шындыққа бағынған кейуананың перзентінің жалғыздығына күйінуі қазақ ұлтына ғана тән қасиет. Жалғыздық – қазақы ұғымның қалыбына симайтын, қазақы танымға жат құбылыс.

Поэманың алғашқы бөлімдерінде ақын тек қана өзінің жеке басының мұңы, ішкі сезім иірімдерімен, рухани жалғыздығымен бөліссе, енді ақын достық, адалдық, тектілік, ұлылық сияқты ұлық мәселелерге қарай ойысады, Анасына мұң шаққан лирикалық кейіпкер өзімен-өзі оңашаланып, психологиялық тебіреніске жиі беріледі. Яғни, диалогтан қарағанда монолог басымдау тұрады да, драмалық шиеленіске әкеліп соғып жататын кездері де болады. Оқиға шиеленісуінен гөрі тереңнен толғану, кейіпкер тебіренісі, ішкі арпалысы басым. Осы арқылы психологиялық тартыс күшейіп, кейіпкердің жан сыры ашылады.

Поэмада көтерілген өзекті тақырыптың бірі – екінің біріне бұйыра бермейтін ақындық тағдыр, екінің бірі түсіне алмайтын ақындық азап. Фаризаның лирикалық кейіпкері үшін «тірліктің бар қамы, азабы, тауқыметі, үй қамы, бала, жары, тобырлардың мылжыңы, бағалары» секілді азаптар түк те емес, «Азаптырақ, Ақынды ой қамағаны: Асау ой бұлқынғанда, Сөз-маржандар жиылмай гүл-қырманға» [3, 52]. Бұл Акын азабы, өлеңнің қағазға түсудегі қиыметі. Бірақ осы азапқа орай келер рахаты да болмаушы ма еді? Өмірге өлең келеді.

... Менің құйттай бойыма күш құйылып,
өзімді адам сезуім сонда ғана [3, 53].

Міне, қарапайым жұртқа түсініксіздеу ақын жанының арпалысын тілмен айтып жеткізе алмас азап пен рахатқа толы ақындық тағдырды Фариза осылайша асқақ идеяға айналдырады.

Поэмада «жалғыздық» проблемасы алдыңғы орынға шығады. Әр адам – жалғыздық. Ал, өнер адамының, ақынның жалғыздығы мүлде бөлек. Поэмада оқиға, тартыс, қым-қуыт әрекет жоқ. Керісінше, ақын ішіндегі ширыққан тартыс әлем-тапырақ дүние. Ақын лирикалық кейіпкердің басындағы жалғыздықтың сан алуан көрінісін түрлі сипатта бейнелейді. «Әлем әдебиетіндегі экзистенциализм сарыны жалғыздық, сырт ортадан бөгделену ниетіне негізделеді. Қайғының досы жалғыздық. Жалғыздық тамыры теренде» [4, 53]. Біздіңше, жалғыздықтың да неше түрі болады. Тыныштықты аңсаған

жалғыздық, құлазыған жалғыздық, өмірдегі жалғыздық, өнердегі жалғыздық, рухани жалғыздық. Жалғыздықтың шығармашылық адамдары үшін пайдасы да болатын кездері бар. Жалғыздықтың ең жақсысы, жемістісі де осы түрі болса керек.

Ақын адамзатқа ортақ, көңілін күпті еткен күрмеуі көп сұрақтарға Ана атты құдіретпен сырласа отырып жауап табады. Поэмадағы адасқанға жол көрсетіп, білмегенге жөн сілтеп отыратын Ана образы лирикалық кейіпкердің ғана анасы емес, ол Кие мен Қасиеттің, қамқорлық пен мейірбандықтың символы. «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы» – үлкен философиялық мазмұнға ие, айтары мол көлемді поэма.

Ақынның өнер тақырыбына арнаған лирикалық поэмаларының бірі – «Ақбөбек жырлары» – Маңғыстаудағы ел арасында кеңінен тараған Ақбөбек пен Қайыптың мұңлы махаббаты туралы аңызға сүйене отырып, сол аңыздың желісінде жазылған поэма.

Атақты Ақбөбек пен Қайыптың талайлы тағдыры қаламгерлер назарынан тыс қалған жоқ. Соның бірі біз сөз етіп отырған Ф. Оңғарсынованың «Ақбөбек жырлары» поэмасы. Осы аңыздың желісі негізінде 1961 жылы Б. Адамбаев «Ақбөбек» атты поэмасын жазды. Аталған поэма аңыз негізінен ауытқып, өзгеше өрнекке ие ақындық танымммен жырланады. Өмірде қосыла алмаған қос ғашық Ақбөбек пен Қайып поэмада өз махаббаттары үшін күресіп, ақыр соңында екеуі қосылып, бақытты өмір кешеді. Б. Адамбаев поэмадағы Ақбөбекті халық ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі үлгіде суреттелген.

Ал Ф. Оңғарсынованын «Ақбөбек жырлары» поэмасы елге белгілі аңыздан алшақ кетпеген. Ақын поэмаларының біразына ортақ сипат кейіпкерінің сыртқы портретін беруге көп ұмтыла қоймайды, керісінше, олардың өздерін сөйлету арқылы өз сырын өздеріне ашқызады. Ақын белгілі бір оқиғаны суреттеуде көлем қуаламайды, керісінше, шымыр формалы, өткір идеялы, ойлы, ықшам поэмалар қатарын толықтыруға тырысады.

Ақынның мол әдеби күш қуатпен жазылған лирикалық туындысының бірі «Мен өмірді сен деуші ем» (Бозбала күнделігінен) поэмасы. Ф. Оңғарсынованың аталған лирикалық поэмасында махаббатта жолы болмаған бозбала жігіттің сезім сарсаңы сөз болады. Поэмадағы лирикалық кейіпкер мінезін тек шытырман оқиғалар ғана ашып отырмайды. Сонымен қатар, кейіпкер лирикалық көлемде өзінің ішкі дүниесін өзі де ашып отырады. Сюжетті поэмадағы оқиға іс-әрекет, тартыс арқылы ашылса, мұнда ақын бірде өз атынан, енді бірде кейіпкер атынан сөйлейді. «Мен өмірді сен деуші ем» таза лирикалық поэма. Дегенмен, мұнда драмалық шығармаға тән элементтер де жоқ емес. Лирикалық кейіпкердің өз-өзімен сөйлесуі, яғни ішкі монологы, ішкі ойы, іс-әрекеттері нәзік драматизммен қабысып кететін тұстары да кездеседі.

Ф. Оңғарсынованың ең алғашқы жазылған поэмаларының бірі «Қарғыс» поэмасы. Поэма бастан-аяқ қара нәсілді қыз Анжеланың монологына құрылған, сюжетсіз лиро-публицистикалық поэма. «Қарғыс» поэмасы коммунистік идеологияның құрсауынан құтыла қоймаған «тоқырау» жылдары жазылды. Поэманың негізгі тақырыбы бір қарағанда, Африка қара нәсілділерінің басынан

кешкен қилы тағдыры секілді болып көрінері анық. Бірақ, Анжеланың аузымен баяндалатын қара нәсілділерге ғана тән қасірет анығында, қазақ ұлтының басындағы трагедия болатын. Қарғыстың «қара континент» әйелдері туралы толғау емес, қазақ ұлтының тағдыры туралы ащы зар екендігін аңғартатын детальдың бірі Даланың басым жырлануы. Өйткені, Даланы өзімен егіз санайтын қазақтың Далаға келгенде қашанда үні өктем, дауысы жарқын. Поэма шумақтарының астарында талай тарихи шындық бүркеніп жатыр. Қазақ жеріне келімсектердің көптеп орналастырылуы, қазақ жерінің байлығының оңды-солды жөнелтілуі – міне, осылардың барлығын ақын «тігісін жатқызып» бөлек бір қоғамның дерті ретінде көрсетеді. Алайда, мұның қазақ ұлтының үлесіндегі қасірет екендігін сезімтал оқушының түсінбеуі мүмкін емес. Көп нүктемен көп ойлар көмкерулі қалады.

Ф. Оңғарсынованың «Мүшәйра» поэмасының да негізгі идеясы өткен күн шындығын бүгінгі өмірмен сабақтаста суреттеу десек, осыған орай ақын түрлі көркемдік ізденістерге барады. Кез-келген ақынның өзіндік стилі, фабула, композиция құрудағы әдіс-тәсілінің болатындығы белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда, Ф. Оңғарсынова поэмаға мүшәйра формасын бекер тандамаған. Сыртқы формасы мүшәйраға құрылып, ондағы оқиғалар әлдебір есте жоқ ескі заманда болғандай етіп суреттелгенімен, бұл ақын өмір сүрген уақыттың шындығы болатын. Мұндай ащы шындықты өзі өмір сүріп отырған ортаның көтермейтіндігін жақсы ұғынған автор осындай пішіндегі шығармалар жазуға мәжбүр еді. Аңыз желісіне құрылған ақындар айтысында бағзы замандардың қоғамдық өмірінің қайшылықтары айтылса да, оның бүгінгі күнге тікелей қатысы бар. Мүшәйраға қатысқан әр ақын әлі келгенше әділ сөзді айтуға тырысады, олардың қиыннан қиыстырып сөз сайысына түсуімен поэма сюжеті де ширығып, дами түскен. Ақындардың басым бөлігі аянбай ел, жер, адам тағдыры туралы толғанады, халық тағдыры әр қырынан бой көтереді.

Ф. Оңғарсынованың тарихи тұлға тағдырын арқау еткен «Ақан сері аңыздары» атты шығармасы Ақан сері өміріндегі түрлі жағдайларды өзінің көңіл-күйі, психологиялық құбылыстары арқылы ашады. Шығарманың көлемі шағын болғанымен, көтерген тақырыбының ауқымдылығы тұрғысынан поэмаға жақындайды. Алайда, автор бұл шығармасын цикл деп атапты. Ақынның аталған циклді өлеңінде жеті тарауша болса, жетеуінде жеті түрлі оқиға сөз болады, алайда бәрінің келіп құяр ортақ арнасы Ақан сері ойлары, сезімдері.

Қазақ поэзиясында бұрыннан бар бай дәстүрді сақтай отырып, ақын Ақан сері тақырыбына өзіндік ізденіспен келген. «Ақан сері аңыздары» есімі исі қазаққа мәшһүр тарихи тұлға Ақанға арналғанымен, мұны таза тарихи шығарма дей алмаймыз. Өйткені, ақын тарихи дәлдікті сақтауды, болған-біткен оқиғаларды тарихқа сүйене отырып баяндауды қажет деп санамаған. Ондағы оқиғалар да шығарма атауына орай, ел аузындағы аңыздар ғана болуы мүмкін. Фариза бәрінен бұрын Ақан серінің адами қасиетін, адамға тән күйініш-сүйінішін бірінші орынға шығарады, сыртын қойып, ішіне үніледі. Осы тұрғыдан қарағанда, «Ақан сері аңыздарын» лирикалық цикл деуге болады.

Ф. Оңғарсынованың өмірде болған тарихи тұлғаға арнаған поэмаларының бірі – «Дыбыстар әлемі» поэмасы. Поэмасына ақын ҚазССР-ның халық артисі, композитор Ғ.Жұбанова туралы толғаныс-кантата деген анықтама беріпті. Ақынның тарихи тақырыпқа арналған көптеген өзге поэмалары сияқты мұнда да нақты Ғ.Жұбанова туралы ештеңе айтылмайды, өмірбаяндық деректер кездеспейді. Поэмадағы алдыңғы орынға лирикалық кейіпкердің ішкі жан толқыныстары шығып, олар дыбыстар әлемімен қатар сипатталады. Осыған қарап «Дыбыстар әлемін» тарихи тұлғаға арналған өнер тақырыбындағы лиро-философиялық поэма деп атау орынды сияқты.

Поэманың әр тарауының аттары түрлі музыкалық аспап, терминдермен аталып, оркестр, скрипка, литавра, трамбон, гобой, флейта, кларнет түрінде келеді. Поэманы лиро-философиялық деп атауымыздың себебі: музыкалық аспаптың үнімен өмір үні, заман сыры нәзік қылмен жалғасқандай бірлікте өрілген. Поэма тарауларының музыкалық терминмен келуі, я болмаса, айтар ой, ақындық идеяны қандай да бір музыкалық аспаптың үнімен беру – бұрын-соңды қазақ поэмаларынан байқала қоймаған үрдіс. Яғни, ақынның тарихта бар, ел танитын тұлғаның өнегелі өмірі мен қызметін сөз өнерімен кескіндеуде үнемі ізденіс үстінде болғандығы байқалады.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы 1960 жылдарды адамзатты күрделі жаратылыс ретінде бағалап, оның жан әлеміне айрықша көңіл бөлуімен ерекшеленеді дегенді жиі айтамыз. Ф. Оңғарсынова поэмаларынан айтпақ ой, ақындық идеясының сонылығымен ерекшеленетін поэмаларының бірі «Интервью» деп аталады. Поэма композициясы кос кейіпкер – телекомментатор мен кинорежиссердің өзара сұхбатына құрылған. Автор адамның мінез қырларын, сезім күйлерін ашудағы қолайлы тәсілдің бірі – диалогты қолданады. Поэмадағы ақынның басты мақсаты адамзат атаулының өмір бойы танып-біліп, түсінгісі келетін, көруге асық «құдірет», «жаратушы», «сенім» деген ұғымдардың астарына үніле отырып, олардың өзін-өзі тануға деген ұмтылысын аңғарту. Бұл қарттары құдайсызданып, жастары шыққан тегін ұмыта бастаған ақын өмір сүрген уақыттың талабы болатын. Ф. Оңғарсынова өзі өмір сүріп отырған қоғамды дендеген «дерттерді» бірде жеңіл әжуа, зілсіз мысқылмен сынаса, енді бірде ащы сарказм, уытты ирониямен түйреп отырады. Лирикалық қаһарманның «құдіретті» іздеуі бара-бара үлкен философиялық ойларға жетелейді. Бұл – адамның өзін-өзі жетілдіру идеясына әкеледі. Айтар ой іріленіп мәселе адам бойындағы екіжүзділік пен опасыздық, дүниеқоңыздық пен қызғаншақтық секілді жағымсыз қылықтарға қарай ойысады. «Интервью» көлемі жағынан шағындау болғанымен, көтерген тақырыбы күрделі, терең мағыналы поэма.

Сөз соңында айтарым, ізденіс жұмысы арқылы Ф. Оңғарсынованың лирикалық поэмаларындағы идеялық-тақырыптық ізденістері мен олардың көркемдік табиғаты танылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дауа: өлеңдер / Ф. Оңғарсынова. – Алматы : Атамұра, 2002. – 286 б.
2. Жанр және шығарма / Р.М. Әбдіқұлова. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 287 б.

3. Мен саған ғашық емес ем...: өлеңдер / Оңғарсынова, Фариза. – Алматы: Жазушы, 2009. – 247 б.
4. Өнер - жеке тәжірибе: сыни-мәдениеттанушылық кітап. Бөпежанова, Әлия - Алматы: Жібек жолы , 2007. – Таным. 1-кітап .– 328 б

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Жалелова Адия Омаровна
Астана қаласы әкімдігінің С.Қожанов атындағы
«64 мектеп-лицейі» ШЖҚМКК

Кіріспе
Негізгі бөлім
1. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының ұлттық руханиятқа қосқан үлесі
1.1 Ұлттық сана мен ұлттық болмысты жаңғырту
1.2 Әйелдер бейнесі арқылы қоғамдағы тәрбие мәселесін көтеру
1.3 Әлеуметтік әділеттілік және рухани еркіндік идеялары
2. Фариза шығармашылығының бүгінгі тәрбие жүйесіне ықпалы
2.1 Рухани-адамгершілік тәрбие
2.2 Ұлттық тәрбие беру құралы
2.3 Қоғамдық және азаматтық тәрбие
Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғасы, халқымыздың рухани әлемін байытқан бірегей ақын. Оның поэзиясы ұлттық сана мен мәдениетіміздің айқын көрінісі, ұлттың рухани байлығын тереңдетуге үлес қосқан шынайы мұра. Фариза шығармалары нәзік эстетикалық мазмұнымен ғана емес, тәрбиелік құндылығымен де ерекшеленеді. Ол ұлттық құндылықтарды, адамгершілік пен рухани тазалықты дәріптеу арқылы бүгінгі тәрбие жүйесіне зор ықпал етті. Ақынның қаламынан туған әрбір шығарма ұлттық болмысты сақтап, ұрпаққа өнеге болатын рухани құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған.

Негізгі бөлім

1. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының ұлттық руханиятқа қосқан үлесі

1.1 Ұлттық сана мен ұлттық болмысты жаңғырту

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық болмысының жарқын көрінісі болды. Оның өлеңдерінде халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени құндылықтары мен дәстүрлері шынайы суреттеліп, ұлттық рухтың терең тамырларын жаңғыртатын идеялар

бейнеленген. Ақын шығармалары жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және оны нығайтуға бағытталған.

Туған жер мен ана тілге арналған өлеңдері оқырманды ұлттың бай рухани мұрасын қадірлеуге шақырады. Фариза туған жерді адамның болмысы мен рухының негізі ретінде сипаттай отырып, табиғат пен елге деген сүйіспеншілікті жоғары дәрежеге көтереді:

«Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас».

Бұл жолдар туған ел мен жердің қасиетін ұрпаққа жеткізу арқылы патриоттық тәрбиені арттыратын, ұлттық құндылықтарды сақтауға үндейтін шығармашылықтың айқын мысалы.

Мәдени және тарихи мұраны дәріптеу

Фариза шығармашылығы қазақ халқының тарихи тұлғаларын, мәдени мұраларын дәріптеумен ерекшеленеді. Ол қазақ әйелдерінің рухани әлемін ашып көрсетіп, олардың өмірдегі және қоғамдағы орнын ерекше сезімталдықпен бейнелейді. Ақын өлеңдері арқылы әрбір оқырман халқымыздың тамыры тереңге бойлаған мәдениетінің бір бөлшегін сезінеді.

Жас ұрпаққа тәрбиелік ықпал

Фариза шығармалары жастарға ұлттық рухани құндылықтардың маңызын түсіндіруде маңызды құрал болып табылады. Ол шығармаларында ұлттық болмыстың заманауи бейнесін ашып, оны сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Ақынның өршіл рухты, отаншылдыққа толы өлеңдері жас ұрпақты адамгершілікке, әділеттілікке және өз халқына адал қызмет етуге баулиды.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы ұлттық құндылықтарды насихаттап, қоғамның рухани деңгейін көтеруге үлес қосты. Оның шығармалары бүгінгі тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбие берудің негізіне айналды.

1.2 Әйелдер бейнесі арқылы қоғамдағы тәрбие мәселесін көтеру

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ әйелінің образы арқылы ұлттық тәрбие мәселесін тереңнен қозғады. Ақын әйелді тек отбасының тірегі ғана емес, ұлттың рухани негізін қалыптастыратын тұлға ретінде сипаттады. Оның поэзиясында ананың мейірімі, әйелдің даналығы және олардың қоғамдағы орны ерекше мадақталады.

Ананың мейірімі – тәрбиенің қайнар көзі

Фариза өлеңдерінде ананың махаббаты мен мейірімі отбасының ғана емес, ұлт болашағының да негізі ретінде суреттеледі. Ол ана бейнесі арқылы ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды екенін көрсетеді. Ананың тәрбиесі мен мейірімділігінің арқасында бала бойында ұлттық сана, рухани тазалық және патриоттық сезім қалыптасады. Мысалы, оның жырларында ананың еңбегі мен рухани байлығы ерекше шабытпен бейнеленеді:

«Түн ұйқысын төрт бөліп,
Бөбегінің жыртық көңілін бүтіндеген ана».

Бұл жолдар ананың ұрпақ тәрбиесіндегі орнының биіктігін анық көрсетеді.

Әйелдің даналығы – ұлттың негізі

Фариза шығармаларында әйел бейнесі даналық пен тәрбие негізі ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінде әйел тек отбасы тірегі ғана емес, қоғамның рухани ұстазы ретінде көрініс табады. Қазақ әйелінің бойындағы сабырлық, білімге құштарлық, адалдық пен парасаттылық қасиеттері жас ұрпақты тәрбиелеудің басты құндылықтары ретінде суреттеледі.

Ақын әйел болмысының қоғамдағы күрделі мәселелерді шешудегі рөлін ашып көрсетіп, оларды ұлттың рухани ұстазы ретінде дәріптейді. Бұл арқылы ол қазақ қоғамының әйелге деген құрметін және олардың тәрбиелік маңызын насихаттайды.

Ұлттық тәрбиенің іргетасын қалыптастыру

Фариза шығармашылығы арқылы әйел образы ұлттық тәрбие жүйесінің негізі ретінде танылды. Ол әйелдің еңбегі мен мейірімі арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің қажеттілігін айқындады. Ақынның жырлары ұрпақты ұлттық болмыс пен рухани тазалыққа тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Фариза Оңғарсынованың әйел бейнесін асқақтатып жазған шығармалары қазіргі қоғам үшін де өзекті. Олар отбасы құндылықтарын дәріптеп, қоғамды рухани жаңғыртуда маңызды рөл атқарады.

1.3 Әлеуметтік әділеттілік және рухани еркіндік идеялары

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы әділетсіздікке қарсы күрес пен рухани еркіндік идеяларымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздікті сынға алып, рухани жаңғыруға шақырады. Ақынның осы идеялары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, олар адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралы болып қала береді.

Әлеуметтік әділеттілік – ақын үнінің өзегі

Фариза шығармаларында әділетсіздікке қарсы ашық наразылық пен әділетті қоғам құру идеясы басым. Ол жеке адамның құқығы, қоғамдағы теңдік және әділетсіздікке төзбеу туралы өз ойын батыл түрде жеткізді. Ақынның қоғамға деген жанашырлығы оның әрбір өлеңінен көрініс табады.

«Әділдік қайда жоғалды,
Қай заманда ақиқат тұр аман?»

Бұл жолдар әлеуметтік мәселелерді көтеріп, әділдікке шақыратын оның шығармашылығының айқын дәлелі. Ақынның поэзиясы әділетсіздікті көріп үнсіз қалмауға, қоғамдағы кемшіліктерді жою үшін белсенділік танытуға үндейді.

Рухани еркіндік – тұлғаның дамуының кепілі

Фариза рухани еркіндікті қоғамның және жеке тұлғаның дамуының негізі деп санады. Оның өлеңдерінде адамның рухани байлығы, еркін ойлау мен шығармашылыққа ұмтылысы жоғары бағаланады. Ақын адамның ішкі әлемінің тазалығы мен рухани дербестігін сақтауға шақырады.

Рухани еркіндік идеясы арқылы Фариза жастарды ой еркіндігіне, өз құндылықтарын қорғауға және ішкі жан дүниесін байытуға баулиды. Бұл идеялар жастардың қазіргі қоғамдағы рухани дағдарыстарға қарсы тұруына жол

ашады.

Жастарды тәрбиелеудегі маңызы

Фариза шығармалары әділеттілік пен рухани еркіндік идеялары арқылы жастардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған. Ол оқырмандарын адалдыққа, әділеттілікке және шыншылдыққа тәрбиелей отырып, қоғамда өзгеріс жасауға шақырады. Ақын жастарды:

- әділетсіздікке көз жұммауға,
- шындық үшін күресуге,
- рухани құндылықтарды бағалауға үйретті.

Фариза Оңғарсынова қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күресте сөздің күшін пайдалана отырып, рухани жаңғыру мен адамгершілік тәрбиенің мәнін ашып көрсетті. Оның бұл идеялары бүгінгі қоғамда тәрбиелік мәні зор мұра ретінде бағаланады.

2. Фариза шығармашылығының бүгінгі тәрбие жүйесіне ықпалы

2.1 Рухани-адамгершілік тәрбие

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазіргі тәрбие жүйесінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ерекше орын алады. Оның шығармалары мейірімділік, әділеттілік және патриотизм сияқты асыл қасиеттерді насихаттай отырып, жастардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Мейірімділікке баулу

Фариза өлеңдері адамдар арасындағы ізгілік пен жанашырлық сезімдерін тәрбиелеуге көмектеседі. Ақын адамның рухани тазалығы мен өзгеге деген қамқорлығы қоғамды жақсартудың негізі екенін ерекше атап көрсетеді. Оның өлеңдеріндегі ананың мейірімі мен махаббатының бейнесі оқушылардың жүрегіне ізгілік дәнін себеді. Мысалы:

«Көңіл деген қаламаса,
Бәрі бекер, бәрі алдамшы,
Адам болып қаламаса».

Бұл жолдар оқушыларды адамгершілік құндылықтарды бағалап, мейірімді болуға шақырады.

Әділеттілікке шақыру

Фариза шығармалары әділдік пен адалдықтың маңызын ашып көрсетеді. Оның поэзиясы әділетсіздікке төзбеуге, әрқашан шындық пен әділет жолында болуға үндейді. Бұл қасиеттерді балаларға үйрету оларды болашақта қоғамның жауапты мүшесі болуға дайындайды.

Патриотизмді қалыптастыру

Фариза өлеңдерінде туған жерге, ана тілге және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Ақын шығармалары арқылы оқушылар туған жерін құрметтеуге, оны қорғауға және оған адал қызмет етуге үйренеді. Мысалы:

«Елім деген жүрекпенен ел ұққан,
Ұлтты сүймей болмайтұғын ел ұлан».

Бұл жолдар балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеп, ұлттық болмысты сақтауға бағыттайды.

Рухани дамуға ықпал

Фариза шығармашылығы балалардың ішкі жан дүниесін байытып, олардың рухани дамуына негіз болады. Ақынның терең философиялық мазмұндағы өлеңдері оқушыларға өмірдің мәні, адалдық, мейірімділік, әділеттілік сынды құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

Фариза Оңғарсынованың шығармалары бүгінгі тәрбие жүйесінде рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді. Оның өлеңдері арқылы жас ұрпақ мейірімді, әділ және патриот азамат болып қалыптасып, қоғамның лайықты мүшесі болады.

2.2Ұлттық тәрбие беру құралы

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазақ халқының тарихын, тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға, сол арқылы ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталған. Оның өлеңдері мен публицистикалық еңбектері ұлттық болмыстың терең мәнін ашып көрсетеді. Ақын шығармалары арқылы жас ұрпақ өз халқының бай мәдениетін құрметтеуді және сақтауды үйренеді.

«Ана тілі – ардағым,

Сол арқылы сөйлеп тұр сан ғасырдың жыр-әні».

Бұл жолдар оқушыларға ана тілі мен мәдениеттің маңыздылығын түсіндіруге, ұлттық болмысын терең сезінуге көмектеседі.

Тарихты тануға үндеу

Фариза шығармалары қазақ халқының тарихи жады мен батырлық рухын жаңғыртады. Оның тарихи тұлғаларға арналған өлеңдері оқушыларға ұлттық мақтаныш сезімін сыйлайды және ел тарихына құрметпен қарауға шақырады. Ол өткенді білу арқылы болашақты тануға, өз ұлтының ерекшеліктерін ұғынуға жол ашады.

Білім беру бағдарламаларындағы орны

Фариза Оңғарсынованың шығармалары мектеп бағдарламаларына енгізіліп, әдебиет сабақтарында ұлттық тәрбиенің құралы ретінде қолданылады. Оның поэзиясы мен публицистикасы оқушыларды қазақ халқының рухани құндылықтарын терең түсінуге және өз болмысын құрметтеуге баулиды.

Ұлттық сана қалыптастыру

Ақын өлеңдері ұлттық сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Ол жас ұрпаққа халқымыздың тарихи, мәдени және рухани мұрасын жеткізіп, өз елінің нағыз патриоты болуға шақырады.

«Ерлік деген елді сүю,

Туған жердің тасын қастерлеу».

Бұл сөздер ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларын ашып көрсетеді және оқушылардың бойында өз халқына деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

2.3 Қоғамдық және азаматтық тәрбие

Әділетті қоғам құруға үндеу

Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі әлеуметтік тақырыптар қоғамдық және азаматтық тәрбиенің негізгі құндылықтарын дәріптейді. Ақын әділеттілік

пен адалдықты адамның азаматтық міндеттерінің іргетасы деп санады. Оның шығармаларында қоғамдағы әділетсіздікке, теңсіздікке қарсы күрес идеялары ашық көрініс табады. Бұл жас ұрпаққа әділетті қоғам құру жолында белсенді болуды үйретеді.

«Әділдік жоқ жерде,
Еңсесі түсер елдің».

Бұл жолдар қоғамдағы әділдік пен теңдіктің маңызын терең түсіндіреді. Ақынның әлеуметтік мәселелерге үн қатуы жастарды белсенді азаматтық позиция ұстануға шақырады.

Жеке жауапкершілікке тәрбиелеу

Фариза шығармалары әр адамның өз міндетін адал атқаруы қоғамның дамуы үшін маңызды екенін көрсетеді. Оның поэзиясы арқылы жастар еңбекқорлық, жауапкершілік және адалдық сияқты азаматтық қасиеттерді меңгереді.

Қоғамға қызмет етуге шақыру

Ақын өлеңдері жас ұрпақты өз елінің игілігі үшін қызмет етуге, қоғам алдындағы борышын терең түсінуге тәрбиелейді. Бұл шығармалар оқушыларға өз ортасына бей-жай қарамауға, елдің болашағы үшін үлес қосуға ынталандырады.

«Қоғамның бағы адамда,
Жауапкершілік санада».

Бұл сөздер жеке тұлғаның қоғамдағы рөлін айқындай отырып, жас буынға қоғамның бір бөлшегі ретінде өз орнын табуға жол сілтейді.

Қазіргі қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелеу

Фариза Оңғарсынованың шығармалары жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Оның өлеңдері арқылы тәрбиеленген оқушы:

- қоғамның өзекті мәселелеріне назар аударады,
- әділдік пен шындықты қорғауға тырысады,
- өзінің азаматтық борышын адал атқарады.

Қорытынды

Фариза өлеңдеріндегі қоғамдық және азаматтық тәрбиенің идеялары жастарды әділетті, жауапты және белсенді азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған. Оның шығармалары жастардың бойында елге қызмет етуге деген ұмтылысты күшейтіп, әділетті қоғам құруға өз үлесін қосуға тәрбиелейді.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы – қазақ руханиятының алтын діңгегі, ұлттық құндылықтардың шынайы жаршысы. Оның поэзиясы адамгершілікке, әділдікке, патриотизмге тәрбиелеу арқылы жас ұрпақтың рухани дамуына үлкен үлес қосады. Ақынның өлеңдері арқылы оқушылар ана тіліне, туған жеріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілікті терең сезініп, өз болмысын құрметтеуді үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. **Оңғарсынова, Ф.** *Таңдамалы шығармалар жинағы*. Алматы: Жазушы, 1987.

2. **Қазақ әдебиетінің антологиясы.** Қазақстанның әдеби мұрасы туралы жинақ. Алматы: Ғылым, 2002.
3. **Тұрлығұлова, Г.** "Фариза Оңғарсынова шығармашылығының тәрбиелік маңызы". *Қазақ әдебиеті зерттеулері журналы*, 2015.
4. **Қазақ ұлттық энциклопедиясы.** *Фариза Оңғарсынова* мақаласы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
5. **Сариева, А.** "Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтар". *Әдебиет және қоғам* журналы, 2010.
6. **Байтұрсынов атындағы білім академиясының еңбектері.** "Қазақ әдебиетінің тәрбиелік мәні" тақырыбындағы баяндамалар жинағы. Алматы, 2018.
7. Фариза Оңғарсынова шығармашылығы туралы мәліметтер: adebiportal.kz
8. Тәрбие жүйесіндегі ұлттық құндылықтар: edu.gov.kz

FARIZA ONGARSYNOVA'S POETRY: STUDY CONCERNS OF NATIONAL RELEVANCE AND GLOBAL DIRECTION, AND THEIR RELATIONSHIP WITH THE PEDAGOGICAL INNOVATIVE PRACTICE OF AN ENGLISH TEACHER

Report is written by:
Zhalelova Indira, English teacher, teacher-expert
Amirbek Akbope, English teacher
School-gymnasium №77 named after Fariza Ongarsynova

Key words: poet, national interest, perspective, metaphor, educational practice, critical thinking ,creative thinking, English language, students, vocabulary acquisition, language and literature.

Introduction

Fariza is a great poet. A great representative of the 60s of the XX century, with a lot of novelty. The subject range of the poet's lyrics consists of very complex literary processes. Fariza Ongarsynova's poetry stands out in Kazakh literature. It represents not just national ideals and cultural traditions, but also worldwide themes like love, nature, human relationships, and societal challenges. In this paper, we will examine how Ongarsynova's poetry may be linked to concerns of national interest and global orientation, as well as how these features might be included into the educational practice of English language instructors.[1]

One of the most well-known Kazakh poetesses, Fariza Ongarsynova, is known for her profoundly personal and life-reflective poetry. Identity, patriotism, and cultural legacy are topics that frequently appear in her poetry. Since Ongarsynova expresses national awareness via poetry, her writing is pertinent to analysis in the framework of national interest.[2]

Fariza Ongarsynova's Poetry: National Interest and Global Perspective

Fariza Ongarsynova's poetry is a unique blend of indigenous traditions and global issues, making it popular both in Kazakhstan and beyond. In this perspective, it is critical to examine in further depth how she seamlessly mixes national identity with universal, global principles in her works.

National interest in Fariza Ongarsynova's poetry.

Fariza Ongarsynova (1939-2020) was a Kazakh poet whose work was deeply rooted in Kazakh history and culture. Her poems frequently portray the national theme through love for her native land, nature, culture, and language. However, her capacity to portray deep feelings and experiences related to knowing her people, their customs, and their formation as a nation is what distinguishes her poetry at the national level.[3]

Example 1. "Kazakhstan dalasy" (The steppe of Kazakhstan).

Қазақстан даласы, талай дастан арналып саған әлі , талай жұлдыз-жанарлар қадалады. Сенің құтты кеудеңнен кеңістікке нан иісі таралады. Құлан үйір салатын әр алаңы – нан алабы бұл күнде, ән алабы.	The steppe of Kazakhstan has several sagas dedicated to it, including many burning stars. The aroma of bread emanates from your wonderful breast into space. The kulan herd building sites serve as bread pools and song pools on specific days.

In this poetry, Ongarsynova describes Kazakhstan as her native and cherished land, a source of inspiration and power for her. Her passion for her native area and culture displays a desire to preserve everything that has been accumulated over millennia. For instance, consider the following lines:

In addition to expressing pride in her nation's history and culture, the poetess also makes a plea for its preservation for coming generations. This is a profound understanding of the importance of cultural traditions that need to be preserved, in addition to being a patriotic display of love.[4]

Example 2. "Akku tagdyr" (The fate of the Swan)

Ongarsynova's poetry also makes extensive use of Kazakh folkloric motifs and symbols. In her poem ""Akku tagdyr" (The fate of the Swan), the poetess uses the image of a swan, which is a symbol of beauty, purity, and independence in Kazakh traditional art. The swan becomes a metaphor for the Kazakh psyche, reflecting the people's resolve and longing for independence and freedom:[5]

Аққу-ана отырды ұясында бауырымен тербетіп көгілдірін.	In the nest, the mother swan was swaying on her haunches.

Киелі деп аққуды жұрт ұғады, Арқалаған қандай жан бұл күнәны? Аққу-ата қансырап жатты жерде, жанұшырып сыңары шырқырады.	What type of soul is involved in this sin? The swan is regarded as a saint. The family was ringing, and the father swan was bleeding on the ground.

One of the elder generation's representatives, A. Tazhibayev, commented elegantly and sweetly on the creative uniqueness and thematic richness of the poet Fariza's lyrical flag. The scientist's paper "patterns of thought and feelings" is devoted to Fariza's collection of poetry "July" (1978). "I see a difference in Fariza's love songs, unlike all of us," the author writes, as though the face of F. Ongarsynova's poetry, which was put to the test by a visionary eye and in-depth knowledge, truly received its own evaluation. Regardless of who we are, this disparity causes us to reflect. This Fariza defies the laws and standards of the Conditional Form of a person by singing in Kazakh poetry with courage, free from the constraints of antiquated traditions and conventions, without stealing, without concealing his emotions, and without censoring his voice" . A. Tazhibayev highlights the collection's use of metaphorical language and the poet's use of rhyme in his poems. Additionally, he highlights the flaws in the poet's writings, including "the Ghost is happy," "what his wife said to a drunkard," "Faith," and "Voice of the steppe." "If I read Fariza, I will be winged" is the title of the ultimate, insightful speech of Abdilda's senior view on Fariza, who taught the poet to him. It was written 10 years after the aforementioned rationale and dedicated.[6]

Poetry with a global perspective

Fariza Ongarsynova's work actively transcends the national context and tackles challenges that affect humankind as a whole, despite her strong affinity to her own culture and the notions of maintaining national identity. Her poetry touch on universal issues that are relatable to people from many nations and cultures, including human suffering, the pursuit of purpose in life, love, and agony.[7]

3. "Omir" (Life) as an example

The poet in "Omir" considers the substance of existence, its intricacy, and its unpredictable nature. These observations apply to everyone, regardless of nationality, and are therefore universal:

Табылмай құл тірлікке бір арашы,
морт сынды өмірімнің бұғанасы.
Миым – тас, жүрегім – мұң, сезімім – көн,
алдымда – ажал-шыңның құламасы.
1990

Although the topic of life and the metaphor "peace" might be read within the framework of Kazakh reality, they also sound like an appeal to global ideals such as peace and harmony.

Example 4: "Tugan zher" (Homeland)

The poem "Zher Ana" is another example of a global viewpoint, in which Ongarsynova presents the Earth as the mother of all people, as our own mother, on which we all live. This graphic represents the interdependence of humans and environment, which extends beyond limited nationalism:

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.
Алақаны анамның – топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын.
Сені қалай сүюдің керектігін,
Мен ешқандай кітаптан оқымадым.

Connection with pedagogical practice

Fariza Ongarsynova's poetry has great potential for application in educational practice, particularly when teaching other languages like English. Her works may be a wonderful resource for enhancing students' text perception and analytical abilities, extending their cultural knowledge, and promoting critical and creative thinking. The use of poetry in foreign language training not only improves lexical and grammatical abilities, but it also helps students develop their emotional spheres and broaden their cultural perspectives.[8]

1. Enhancement of lexical and grammatical abilities

Fariza Ongarsynova's poetry, despite their great emotionality and imagery, employ a number of lexical devices that can be beneficial to English language learners. For example, metaphors, epithets, synonyms, and antonyms in her poetry assist children appreciate the diversity of language and teach them how to use new words in diverse circumstances.

For example, in Ongarsynova's poetry, epithets like "zharkyn bolsyn" ("let it be bright") give an opportunity to practice using adjectives in context. Teachers might advise that pupils look for comparable expressions in English, which will help them improve their vocabulary and comprehend the language's structural aspects.[9]

Poetry also helps students practice grammatical constructs including tenses, modal verbs, conditional phrases, and others. Ongarsynova's poetry frequently have a highly personal and philosophical tone, encouraging pupils to evaluate and interpret complicated structures into English.

2. Improved text perception and analysis skills.

Fariza Ongarsynova's poetry provides enough material for analysis and interpretation, which is an essential component of teaching a foreign language. This poetess's poems may be utilized to improve textual abilities such as identifying the major meaning, emphasizing essential concepts, and addressing the emotional component of the works. This enhances pupils' capacity to understand literary works on a deeper level, which is critical for successful language learning.

3. Cultural enrichment and increased intercultural competency

Fariza Ongarsynova's use of poetry in English instruction helps to broaden students' cultural perspectives and build their intercultural competency. Her poetry take

you into the realm of Kazakh literature, philosophy, traditions, and modernism. Familiarity with such works promotes a better knowledge of the unique characteristics of Kazakh culture and history, which may be a significant step toward the development of cultural openness and respect.

Students learning English might become more conscious of the need of cultural preservation, which is a component of the global educational system.

It also allows you to examine how universal topics such as love, patriotism, family, and nature are seen in other cultures, as well as compare them to the cultures of English-speaking countries.

For example, Ongarsynova's "Zher Ana"—a composition about the motherland and nature—can serve as a starting point for class discussions regarding ecology and environmental conservation. Pupils might investigate how several countries' literary traditions (such as English poetry) share ideals related to environmental and natural resource protection.

4. Fostering critical and imaginative thought.

Like any great literature, Fariza Ongarsynova's poetry challenges students to think critically and imaginatively. By using this kind of literature to teach English, the teacher may inspire students to create their own interpretations, evaluate works, and write English essays or poems based on what they have read. This aids students in developing their critical thinking and writing skills, both of which are essential for foreign language learners. As an illustration, a teacher may assign pupils to read Ongarsynova's poetry on the motherland and then write an English essay titled "What does homeland mean to me?" In addition to analyzing the poetess's text, students will have to use new vocabulary and grammatical structures to convey their ideas in a foreign language while writing an essay.

In conclusion, Fariza Ongarsynova's poetry is an effective instrument for teaching English since it combines language skills with cultural, emotional, and philosophical factors. It is an important tool for developing students' intercultural competency, critical thinking skills, and creative approaches since it not only helps with vocabulary acquisition but also improves knowledge of cultural and humanistic issues. Incorporating such works into the English language learning process results in a more comprehensive and nuanced grasp of language and literature.[10]

Resources:

1. Begalin, M. (2009). "Poetry of Fariza Ongarsynova as a cultural phenomenon."
2. Ongarsynova, F. (1991). Collected works. Almaty: Zhazushi.
3. Kenzhebaev, A. (2010). Kazakh poetry: traditions and modernity. Almaty: Kazakh University.
4. Suleimenova, G. (2015). Poetry and pedagogy: new approaches to learning. Astana: Literature.
5. Крэбтри, Х. (2016). "The Power of Poetry in Language Learning"
6. Зейнолла Мүтиев. “Фариза Оңғарсынова лирикасы” ОРАЛ-2019

Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жаңабек Дана Әкімжанқызы
«Ж.Аймауытов атындағы №24 орта мектеп»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

Фариза Оңғарсынова лирикасы өзіндік сыр-сипатқа ие, өлең-жырдың жетік дәстүрін өн бойына жиған байсалды поэзия.Сезімді селт еткізер, жүректен шыққан жырдың балын тамызар ақын поэзиясының пернесі таза да тың лиризмге лайықталған. Өмірдің өзін өлең деп бағалаған ақынның өлең сөзге жүгінуі де автор этикасын әйгілеп тұр. Фариза лирикасындағы шалқар шабыт ақынның сөз өнерін құрметтеу, оған табыну құдіретінен көрік алады. Нағыз ақынға тән кредо жыр бұлағын аялап сүюден нәр алып, одан арғы биіктерге қол созады. Ақын түсінігінде поэзия патшалығы адамзат дамуы мен жеке адам психологиясына қызмет етер ерекше дүние.

Негізгі білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 9-сыныптың 3-тоқсанында Ф.Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңі берілген.

Көктеуі келіскен көркемөнердің өзегі-өлең деп ұқсақ, "сөз патшасына" сыйынып сыр ашу- ақынға ғана жарасқан символика болғаны да. Ақынның өзекті өртеп шыққан "Өлеңінде" өміршең өрнектер автордың поэзия планетасындағы платформасын паш еткендей:

Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін,
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!

Өленді аялау, құрметтеу ақын біткенге ортақ қадірлі қасиет. Ақын болмай-ақ сөз өнерін бағалайтын пенде де жыр-жақұтын жан серігі етуге қақылы. Фариза лирикасындағы "сөз сарасының" қадыр-қасиеті жеке бастың мұң-мұқтажынан жоғары тұр, өнегесі - адамды тәрбиелеудің қазыналы, қастерлі құралы.

Эмоция - лирик ақынға тән шабыт құбылысы. Ақынжандылықтың алмас шындығы жеке бас проблемасын баяндаудан аулақта жатыр, керісінше, ырық бермес шалқар сезімге нәр береді. Жан күйзелісі, тіршілік толқыны ішке сыймайды, өзгеге сыр ақтаруға асық. Сөз жоқ, лирикалық кейіпкер тағы да өлең - доспен ой бөліседі. Жыр маздаған жүректің шер тарқатар аяулысы өлең болыпты:

Дара күндерімнің
нала күндерімнің
серігі болғаның үшін,

сенімі болғаның үшін
мен сені аялаймын.

Шабыттың шар тасын отты өлеңге жаныған ақынның ат басын тірер мама ағашы алдында тұр. Ол - поэзия.

Дара күннің серігі секілденіп, нала түннің сенімі сияқтанып, ай боп туған қияқтанып, сыр ұрлаған өлең-ода ой отауына орныгып алған:

Өмірдің өткелдерінен
Қиындық көп көргеніммен,
өртеніп от басқаныммен
өзіңмен қоштаспадым мен
Қаламгердің өмірлік кредосы айқын.

Поэзияны құрметтеу, ол арқылы болашақты бағдарлау – Фариза лирикасының еншісіне бұйырған бояуы қанық тақырып. Ақын лирикасын қай қырынан алып қарасақ та, бұлжымас бірізділік бедерін аңғаруға болады. Ол - "өлең-сөздің патшасы, сөз сарасына" (Абай) деген құрмет. Ақынның лирикалық геройы өзі деп алсақ, ақын "мені" моншақ-жырдың мақсат-мұратын маздатудан жалықпайды. Жүректі жарып шыққан өлең-жырдың нұрлы насихатшысы бола білу, оны назардан тыс қалдырмау - қаламгердің перзенттік парызы сияқты.

Ф.Оңғарсынова шығармаларын оқытуда өз іс - тәжірибемде мынандай әдістерді қолданамын:

- «Кілтті сілтемелер» әдісі- Ф.Оңғарсынованың өлеңдері туралы мақалалар, веб-беттер, ақпараттық контенттермен арнайы берілген сілтемелермен жұмыс жасайды;
- «Түртіп алу» әдісі- Ф.Оңғарсынова өлеңдерінің шығу тарихы жайлы кесте сызу;
- «Алтын қор» әдісі- өлеңде кездесетін жаңа сөздерді түсіндірме сөздіктен мағыналарын ашу.Оқушылардың сөздік қорын молайтады;
- «Болжау» әдісі- Ф.Оңғарсынова поэмаларын бөліктерге бөліп, әрі қарай не болатынын оқушыларға болжату. Оқушының жауабымен салыстыру, ұқсастықтарын ажырату;
- «Пазл» әдісі арқылы өтілген тақырыпты қорытындылау тиімді;
- «Квест» ойындары арқылы оқушылар түрлі кедергілерден сұраққа жауап беру арқылы өтеді;
- Жасанды интеллект арқылы өлең оқу әдісі де оқушылардың қызығушылығын тудырады.

Жаңартылған білім беру идеясының өзі оқушыны ізденімпаздыққа, зерттеуге, қорытынды жасай білуге баулу болып табылады.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларды қалыптастыратын бөлімшеде Б/С 9.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстыру оқу мақсатын жүзеге асыру көзделгенде М.Мақатаевтың шығармаларымен салыстыру өз тиімділігін көрсетті.

Ф.Оңғарсынова	**М.Мақатаев**
Өмірдің өткелдерінен қиындық көп көргеніммен, өртеніп от басқаныммен, өзіңмен қоштаспадым мен. Күлкімді, жайлы күнімді, азапты, қайғы-мұңымды өзіммен бөліскенің үшін, қатем мен жеңістерім үшін менің мынау қиындау тағдырым болып о баста көріскенің үшін Өлең, мен сені аялап өтем!	Поэзия! менімен егіз бе едің? Сен мені сезесің бе, неге здедім? Алауыртқан таңдардан сені іздедім, Қарауытқан таулардан сені іздедім. Сені іздедім кездескен адамдардан, Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан. Шырақтардан, оттардан, алаулардан, Сені іздедім жоғалған замандардан. Сені іздедім досымнан, қасымнан да, Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да, Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда, Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда, Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.

Ф.Оңғарсынова өленderін тиімді оқыту әдісінің бірі комиксті қолдану.Комикс қазіргі жастардың ең қызығатын дүниесіне айналып отыр. Комиксті қолдану шетел тәжірибесінен бастау алды деп айту қиын. Себебі Жүсіпбек Аймауытов «Жаман тымақ» әңгімесін 1929ж журналға комикс түрінде жариялаған екен.Қазақ комиксі осыдан бастау алған деп айтсақ қателеспейміз.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады. Поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың өленderін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалардың негізінде оқып, тану арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Базарбаев М. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы. Алматы: Жазушы, 1973. - 256 б.
2. Бекхожин К. Дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Жазушы, 1969. - 248 б.
3. Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты, Алматы: Ғылым, 1982. - 192 б;
4. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздсрі. А: Мектеп, 1970. - 380 б;
5. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Алматы: Жазушы, 1988. -248 б
6. Негимов С. Өлең өрімі. Алматы: Ғылым, 1980. - 136 б.
7. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б.
8. Өлең өткелдері. Алматы: Жазушы, 198 б. - 328 б.
9. Өлең - сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
10. Фариза Оңғарсынова, Үш томдық шығармалар жинағы, «Елорда» Астана 2004.-288б.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Жұмағали Динара Өркенқызы,
Астана қаласы, «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог- сарапшы
Алдашова Назерке Сакентаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Кіріспе

Жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті болып табылады. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы екені анық. Бүгінгі таңда жастардың моральдық-этикалық тәрбиесі қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жастардың рухани, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған кешенді тәсіл болып табылады.

Осы оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына өзгерістер енгізіліп, барлық мектептерде жүзеге асырылып жатыр. Аталмыш бағдарламасының қазіргі білім беру жүйесі үшін өзектілігі мен маңыздылығы жоғары. Бағдарлама өз елінің дамуына елеулі үлес қоса алатын азаматтардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттері:
- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мәні

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – бұл жастарды тәрбиелеудің жүйелі және кешенді тәсілі. Оның мақсаты – жастардың тұлғалық дамуын, моральдық-этикалық құндылықтарын қалыптастыру, қоғамға жауапкершілікпен қарау, және

әлеуметтік белсенділікті арттыру. Бұл бағдарлама жастардың тұлғалық дамуына, олардың моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыруға бағытталған.

Моральдық-этикалық тәрбиенің негізгі аспектілері

- Адамгершілік құндылықтар: Жастарға адалдық, әділдік, жауапкершілік, және құрмет сияқты адамгершілік құндылықтарды үйрету.
- Этикалық нормалар: Жастарды қоғамдағы этикалық нормалармен таныстыру, олардың маңыздылығын түсіндіру.
- Сенім мен жауапкершілік: Жастардың өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

Бүгінгі қоғамда жастарды моральдық-этикалық жағынан тәрбиелеу қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыру үшін әдебиеттың рөлі орасан зор. Қазақстанның болашағын, яғни жастардың тәрбиесін, талантты әдебиетшілердің шығармашылығына да байланысты. Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармалары жастардың моральдік-этикалық тәрбиесіне үлкен әсер етеді.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы жастарды тәрбиелеу, адамгершілік, моральдық құндылықтар туралы терең ойлармен толы. Оның өлеңдері арқылы жастарға бағыт-бағдар беріп, өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі. Оның шығармалары өз заманының рухын, қоғамдағы өзгерістерді сипаттай отырып, жастарға моральдық, адамгершілік құндылықтарды насихаттайды. Оңғарсынованың поэзиясы терең философиялық мағынамен және адамдық сезімдермен бай, ол шығармаларында әйелдің, ананың, қоғамның тағдырын, сонымен қатар, оларға тән қиындықтарды шебер түрде көрсете білген.

1. Адамгершілік және моральдық құндылықтар

Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы жастарды моральдық-этикалық жағынан тәрбиелеу негізінде ұлттық құндылықтар, мәдениет, тарих, және халық әдебиеті өзекті орын алады. Фариза Оңғарсынова шығармашылығы жастарға ұлттық мәдениетті, құндылықтарды терең түсінуге, өз отанында патриоттық сезімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оның поэзиясындағы адамгершілік құндылықтар жастарға жауапкершілік, адалдық, махаббат, достық сияқты моральдық нормаларды қалыптастыруға бағыттайды.

Фариза Оңғарсынова өз өлеңдерінде адамгершілік, адалдық, достық сияқты құндылықтарды насихаттайды. Оның шығармаларында жастардың бойында осы қасиеттерді қалыптастыруға арналған терең ойлар бар. Мысалы, "Менің елім" атты өлеңінде туған жерге, халқына деген сүйіспеншілікті, ұлттық құндылықтарды дәріптейді.

Фаризаның көп шығармаларында адамның ішкі дүниесі, сезімдері, рухани әлемі мен әлеуметтік мәселелер тереңінен сөз болады. "Махаббат туралы поэма", "Балаға хат" секілді шығармаларында ол махаббат, ата-ана, балалар тәрбиесі,

өскелең ұрпақты қоғамдағы орнын анықтауға қатысты маңызды түйіндер көтереді. Оның поэзиясындағы образдар жастарға адамгершілік, адалдық, қиындықтарға төзе білу, моральдық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіреді.

2. Жастарға арналған үлгі

Ақынның поэзиясында жастарға үгіт, насихат ретінде жазған өлеңдері молынан кездеседі. Ол жастарды өз мақсаттарына жетуге, қиындықтарды жеңуге шақырады. "Ерме" өлеңінде:

Сөзге ермес жолдас. Ол да – арман,
ермеден басыңды алып қаш.
Өзіндік пікірі жоқ жаннан
адамдық шығып жарытпас- деп жастардың біреудің сөзіне ермей, әркімнің өзіндік пікірі, өзіндік ойы болатыны айтып, олардың күш-жігерін, ынтасын көтереді.

3. Тәрбие мен білім

Фариза Оңғарсынова білім мен тәрбиенің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Оның шығармаларында білім алу, өзін-өзі дамыту, қоғамға пайдалы болу туралы ойлар жиі кездеседі. "Білім" атты өлеңінде білімнің адам өміріндегі рөлін, оның адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы маңызын көрсетеді.

Қазіргі жаһандану заманында ары мен намысын жоғары қойған қазақтың ұл-қыздарының ұлттық болмысы туралы ақын өз өлеңдерінде сөз етеді.

Ақын "бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербететін" әйел мойнына артылар жүктің жеңіл емес екенін сіңлілеріне былайша өсиет етіп айтады:

Сая-сендер халықтың қорғаны ұлға,
Қорғандардың талабын сорға бұрма.
Ескеріңдер ертеңгі ел тағдыры,
Жер тағдыры сендердің қолдарыңда!

Ел қорғаны, ұлт тәуелсіздігінің тірегі болар ұлдарының да тілеуін қара өлеңіне арқау ете жырлайды:

Асау ғасыр!
Іріні үгіп демің
Бара жанса, сөнердей үміттерім.
Мен тілеймін: күңкі мен ұсақтықтан
Сақтағай деп даламның жігіттерін!

Ақынның бұл өлеңінен қазақ елінің ертеңі болар ұл мен қыздың болашағына деген алаңдаушылықты көреміз. Біздің басқа ұлттардан ерекшелігіміз – ұрпақ бойына ар-намысты етене қалыптастыру, ибалы, ізетті бойжеткен мен қайсар да батыл ер жігіттерді жастайынан тәрбиелеп жетілдіру. Осындай ұрпақтың арқасында ғана еліміздің, ұлтымыздың ертеңі өрге басатынына нық сенімдіміз.

Фариза Оңғарсынова өзінің шығармашылығында жастарға үлгі болар тұлға ретінде көрінеді. Оның поэзиясы тек өз дәуірінің проблемаларын ғана емес,

сонымен қатар, уақыттан тыс адамзаттың негізгі бағдары мен мәселелерін қамтиды. Ақын шығармашылығының жастарға тигізетін әсері — оларды ойлануға, өзін үнемі дамытуға, және өздерінің қоғамдағы орнын табуға шақырады.

Қорытынды

Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы жастарды моральдық-этикалық жағынан тәрбиелеу – бұл қоғамның болашағын қалыптастырудағы маңызды қадам. Фариза Оңғарсынова шығармалары жастарды моральдық-этикалық әрі рухани жағынан тәрбиелдеудің тиімді құралы бола алады. Оның поэзиясы тек эстетикалық құндылықтарды емес, сонымен қатар, адамгершілік принциптерін де насихаттайды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы жастарға осындай шығармаларды насихаттау - білім берудің, тәрбие мен мәдениеттің негізі болып табылады. Фариза Оңғарсынованың шығармалары арқылы жастардың рухани әлемі қалыптасып, елінің, халқының мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімі артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

4. Оңғарсынова Ф. "Поэзия әлемі". Алматы: Жазушы, 2005.
5. Нұрғалиев М. "Қазақ поэзиясының тарихы". Алматы: Ғылым, 2010.
6. Сыздықова Г. "Ф. Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы". Алматы: Қазақ университеті, 2012.
7. Ақдәулетұлы М. Фариза: [Ақын Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы жайлы] // Дәуір, 1995, 23 ақпан; Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір... // Қазақ әдебиеті, 1997, 4 наурыз.
8. Мүтиев З. «Фариза Оңғарсынова лирикасы». Орал: «Шұғыла Принт», 2019.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Заңова Ботагөз Амангельдықызы
Ақмола облысы Целиноград ауданы
«Софиевка ауылы ЖОББМ» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қандай да бір көркем шығарманың көркемдік құндылығын анықтауда ондағы поэтикалық ерекшеліктерді зерттеудің маңызы зор. Шығарманың эстетикалық деңгейінің биіктігі ақын шеберлігі мен оның тынымсыз ізденісіне тікелей байланысты екендігі даусыз. 1960-80 жылдар қазақ әдебиетінің барлық салалары секілді поэмалардың да тақырыптық және көркемдік–эстетикалық принциптері тұрғысынан дамудың жаңа белесіне көтерілген кезеңі-тін. Осы жылдарда жазылған Ф. Оңғарсынованың кең көлемді шығармалары да қазақ поэзиясында бұрыннан бар дәстүрлерді жалғай отырып, өзіндік ізденістермен қазақ поэмаларының қатарын толықтыра түсті. Ақынның өзгеге ұқсамайтын дара қолтаңбасы әсіресе, поэмалардағы көркемдік құралдарды игеру, оқырманды

образды ойлауға ұмтылдыру барысында анық байқалды. Алайда, “Тіл байлығын игеру, сөз қорын молайту бір бар да, сол бай тіл мен мол сөзді әдеби шығармада суреткерлік шеберлікпен қолдану бір бар. Сөзді көп білетін адамның бәрі суреткер емес” [1, 204 б.].

Белгілі бір ақын-жазушының стилін, өзіндік ерекшелігін атағанда оның тіліне, сөз қолданысына айрықша тоқталып өткен жөн. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты құралы десек, ойды жеткізудің алуан түрлі тәсілдері бар. Көркемдік құралдардың қай-қайсысы болса да, суреткердің белгілі бір идеялық-эстетикалық мақсатына орай қызмет атқарады. Қаламгер атаулының басты мақсаты – айтайын деген ойын терең, мағыналы, сұлу етіп жеткізу. “Әдебиеттегі бұрыннан бар метафора, эпитет, теңеулерді қайталамай, қайта санын көбейтіп, түрлерін дамыту ақындар үлесіне тиген міндет”, – дейді ғалым М. Дүйсенов [2, 277 б.].

Ф. Оңғарсынова поэмаларын талдау барысында ақынның тосын теңеу, ерекше эпитет, мазмұнды метафоралармен бірге, басқа да көркемдегіш-бейнелеу құралдарының сәтті қолданыс тапқандығына көз жеткіземіз. Сөздің реңін кіргізіп, тілді ажарлаудағы негізгі көркемдегіш құралдардың бірі – теңеу. Мұнда әрбір суреткер белгісіз нәрсені белгілі бір нәрсеге теңеу арқылы танытып, оның ерекше бір қасиет-сипатын аңғартады. А. Байтұрсынов өз еңбегінде: “Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз”, – деп теңеуді 1. әншейін теңеу, 2. әдейі теңеу деп екіге бөледі [3, 335 б.].

Қазақ өлеңін теориялық тұрғыда зерттеген ғалым З. Ахметов теңеу жөнінде: “Көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті, белгілі нәрсемен салыстырып айту бір басқа да, ал бейнелілік сипаты бар көркем теңеу жасау – бір басқа” [4, 35], – дейді. Ақын поэмаларындағы теңеулерге тоқталғанда, мұндағы теңеу түрлерінің көбінесе - дай, - дей, -тай, -тей сондай-ақ, секілді, бейне түрінде келетінін байқадық. Ақын қандай да бір бейнелеу тәсілдерін пайдаланғанда, ол сол суреткердің өзіне ғана тән тілдік қолданысы болуы тиіс. Ф. Оңғарсынова поэмаларында бұрын-соңды ақындарда кездеспеген, ақындық дербес теңеулер де бар. Ол көбінесе әр шумаққа теңеулермен астары қалың мағына береді. Мысалы: “Кеуек тастар секілді іші үгілген”, “Жайдақ судай кезетін жайылманы”, “Біреулерге жорғалап ала құрдай, Біреулерді жерлейді таң атырмай”, “Шамданады сен айтқан ақиқаттан, Шоқ шашырап түскендей шаптарына”, “Сана күңгірт ортада сезімдер де, Жылы үйде өскен жемістің шырынындай” /Мүшәйра”/, “Тағдыры толқындағы тал қайықтай”, “Жазғы түндей адамның арда шағы”, “Аққан жұлдыз секілді ғұмырың да” /“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”/, “Уды да үнсіз шашыңдар сұр жыландай”, “Нәзік дене бұтадай дірілдеді”, “Жанар онсыз жаныңа күлкі үйірмей, етек-жеңі бөлінбес бір киімдей” /“Тыңдаңдар, тірі...”/, “Өлеңімді сәбидей жетеледім”, “Үні өшкен жетімдей шықтым жасып” /“Сырласу немесе...”/, “Қанды жерден шошынған аққудайын”, “Дала қайғылы әйелдей жаны жара, Сәбисіз үй секілді қаңыраған”

/“Дала тағдыры”/ сынды теңеулер ақынның өлеңге биік талғаммен баратындығының көрінісі болса керек. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы теңеулерден ақынның дара мінезі байқалады. Осы орайда академик З. Қабдоловтың “Лирикада мінез болады. Ол – ақынның мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады” [5, 28 б.], – дейтін әйгілі пікіріне иек артамыз. Ақынның тұла бойындағы мінез ерекшелігі оның жырларынан да көрінуі заңдылық. Өйткені, табиғи мінезсіз өзіндік қолтаңбаның да қалыптаспайтындығы белгілі.

“...Қазақтың бүгінгі ақын-жазушыларының үйреніп, үлгі алатын екі түрлі қоры, екі түрлі қазынасы бар. Оның бірі – қазақтың бұрынғы, бүгінгі ауыз әдебиетімен жазба әдебиеті, екіншісі – орыс әдебиеті мен бүгінгі әдебиет. Әрбір ақын-жазушы күрделі шығарма жазарда осы екі қор, екі қазынаны оймен шолып, солардың жақсысынан,жаманынан үлгі алады, алуға да тиісті”, – дейді ғалым Б. Кенжебаев [6, 136 б.] Ф. Оңғарсынова поэмаларының жазылу әдісі, ондағы көркемдік құралдарына назар аударғанда, ақынның ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясынан көп үйренгендігі байқалады. Әсіресе, ақын поэмаларында молынан ұшырасатын ақынның таза қазақы ойлауынан туған ұлттық сипат танытар мынадай теңеулері ерекше көз тартады. “Жасқаншақтап күйеудей ұрын келген”, “Адам да жүгені жоқ жүйрік аттай”, “Тойса болды төгіліп тегенедей”, “Көгі көктей бастайды керегедей”, “Еркектер жоқ, құландай кең даладан, Ауып кеткен тігерге тұяқ қалмай”, “Шыбындаған жылқыдай шұлғымасаң, Жатпайды жұрт күшің не көркіңді елеп”, “Арқандалған бұзаудай алыс бармай, Би-болысты паналар қалыс қалмай”, “Отқа, суға түседі отар қойдай”, “Аяр, алтай түлкідей қашқан алдан”, “Долы қатындай қарғанған” /Мүшәйра”/, “Тасқында ыққан қойдай маңыраған”, “Соңымнан ұрпақ келер жас қырандай, кететін жеке жортқан арланды іліп”, “Құландай құрық көрсе шығандаған”, “Шабыт та шәлкес мінез, шідерді үзіп, жылғада жортып жүрген бір ақтабан”, “Адам мәңгі жалғайды үміттерді, бір-бірінен көкпардай іліп алып”, “Ірмекті сүттей ашыған”, “Арғымақтай өтсе де ғұмыр ағып” /“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”/, “Шалға тиген байғұстай шарасыздан”, “Белең алған асаудай бұрылмай ма”, Жапанда жортқан тағы аңдай” /“Сырласу немесе...”/, “Сәуле түспес, жел соқпас мал қорадай”, “Шідерлеулі күліктей”, “Аз-ақ ауыл шалаптай сұйылуда”, “Жолатпайды үйірге жауыр аттай” /“Дала тағдыры”/ “Көңірсіді құйқадай адал далам”, “Адам кейде бұзаудай ноқталаған” /“Қасірет пен ерлік жыры”/, т.б. Сондай-ақ, ақын жайшылықта ешкімнің ойына орала қоймайтын теңеулерді тауып, айтпақ ойын ойнатып, сөзін қырық құбылтады. “Қорқаулар доптай ойнаған, Адалдық, арды лақтырып”, “Атаның егіз ұлындай, ажырамас екі бұрымдай”, “Жартыкеш ай барады жаутаң қағып, Үйінен кеткен қыздай ұзатылып” /“Қырдағы айқас”/, “Түріне тұрсың тым ұқсап, Әжем терген алашаның” /“Ақбөбек жыры”/, т.б. теңеулердің өз орнымен қолданылып, шығарманың танымдық мазмұнын күшейте түсуі де ақын шеберлігінің шыңдалғандығының дәлелі. Ф. Оңғарсынова поэмаларында теңеудің барлық түрі: жай түрі, күрделі түрі, ұлғайған түрлері де кездеседі

Ақын өлеңдерін сан қырынан талдап, зерттеген ғалым С. Қирабаев ақын өлеңдеріндегі ізденістер турасындағы ойын “Ақынның тіршілігі өлеңімен” атты мақаласында: “Фариза не айтса да нақтылай, сурет тілімен, образбен айтуға ұмтылады, қарапайым жазады. Ол сөзді үнемді пайдаланады. Теңеулерге де жиі жүгіре бермейді, көбінесе метафоралық бейнелер жасайды да, құбылысты суреткерлікпен көрсетуге ұмтылады” [7, 48 б.], – деген екен. Әйтсе де, Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы теңеулерінің ақындық өзгеше ойлам мен тосын түйсіктің жемісі екендігі анық.

Қай ақын болмасын көркемдік тәсілдерді қолданғанда ең алдымен, өлеңнің эстетикалық қуатын арттыруды, эмоциялық қызметін күшейтуді мақсат етері анық. Әсіресе, ақынның “Мүшәйра” поэмасында әдебиетімізде ең жиі кездесетін басты құбылтулардың бірі – метафора сәтімен қолданылады. Поэмадағы “Сиқырлап сылаң қағып өмір – жеңге, Заман да құбылтады өңін демде”, “Пайымдауға мұрша жоқ заман – құйын, Шырқ үйіріп шырмайды адам миын” “Су тартыла бастаған қара жердей, Ой-теңізден жырақтап барады адам”, “Шоқығандай сұңқарды тәмам қарға, адалдықты төпейді Заман – балға“, “Ақыл көндей күстеніп бара жатса, Киесіздей көрінер ана-құндақ”, “Қанша мықты болса да өмір – көген, бұл ауруға көнбейді көрінген ем”, “Шындық – Айна жүзінен өздерінің, сиықтарын көргенде шыдамайды”, “Шындық үні шарықтап шырқар ма алға, жерде әлі зұлымдық-қылқан барда”, т.б. сынды ауыстырулар ой образын үстемелеп, поэмаға өзгеше мән беріп, көркемдігін арттырумен қатар, қазақтың өзіне ғана тән ұлттық ойлауынан туғанын айта кеткен жөн. Ақын метафоралары бір нәрсені екіншісіне жәй ғана ұқсатпайды, сондай-ақ, ақын ауыстыруларының ішкі дыбыс үйлесімі, ырғағы да әсем.

Поэзиядағы құбылтулардың ішіндегі аса бір икемдісі әрі жиі қолданылатыны, жансызға жан бітіріп адам мен табиғатты үйлестіре отырып, дерексізге қимыл дарытатын көркемдік тәсілдің бірі – кейіптеу Ф. Оңғарсынова поэмаларында молынан кездесетін тәсілдің бірі. Алайда ақын поэмаларындағы кейіптеулердің өзі түрленіп, сан алуан сипатта көрінеді. Көбінесе ақын поэмаларынан эпитетті және метафоралы болып келетін кейіптеулерді жиі табамыз. Мысалы: “Алаң тірлік ақылды тағалаған”, “Сері сезімдер ойқастасын, Қамау кірпіктер айқаспасын”, “Зұлымдықтың жарына соғылды арман”, “Ақ ұлпа бұлттар қысылып, Көкжиектерге қашқанда”, Шатқаяқтап шындықтың шатқалында, Көмді бәрін өмірдің қой тастары”, “Тымырсыған тірліктер тыпырлайды”, “Жарқ етіп сонда өмірдің ай жанары”, “Жылжымай жалғандықтың қой тастары”, “Жанашырлық бұл күнде торда жылап”, т.б. тіркестер эпитетті кейіптеулер қатарын құраса, “Арасында шырқырап құлын–шындық”, “Адалдықты төпейді заман–балға”, “Кәрі таудың құшағына, Тұрақтамай бұлақ–қыздар”, “Жеткізбей жүр күліп қашып, Жалаң аяқ бала–сағым”, “Тауға да жеттік ентігіп, Бұлақ– қыз күлді сылқылдап”, “Жанымды үміт –сәуле аймалады”, “Қара бұлт құрсауласа жер–бесікті, Ақиқат аласұрып сең кешіпті”, тағы да басқа метафоралы кейіптеулер ақын поэмаларынан молынан кездеседі. Сонымен бірге эмоциональды

сипаттағы кейіптеулер, теңеумен сабақтас келген кейіптеулер де ақын поэмаларынан табылып жатады.

Белинскийдің айтқаны бар-ды: "Ақынды зерттеу дегеніңіз оның шығармасымен шұқшия оқу арқылы танысу ғана емес, сонымен бірге, оның суреттегендерін өз басынан кешіре білу" дей келе, сыншы ғұлама: "Ақынның шығармасын өз басынан кешіру деген сөз оның байлығына сүйеніп, мазмұнына терең бойлап, ауыратын жерінде ауырып, қайғысына қайғырып, қуанышына, үмітіне, шаттығына рахаттану деген сез. Біраз уақыт ерекше ақынның ықпалында болып, соның тілімен сөйлеуді, соның көзімен қарауды, соның құлағымен ты ңдауды жақсы көрмейінше оны түсінуге болмайды" [8,110] деп толымды түсінік береді. Ендеше ақын поэмаларын көңіл салып оқып іштей түйсініп түсінелік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. «Сөз өнері»- Алматы, 2002. 336-б.
2. Жұмалиев Қ. «Стиль - өнер ерекшелігі»- Алматы, 1966. 13-б.
3. Иманасов С Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Ғылым, 1981.-Б. 240-242.
4. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер мен поэмалар // Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1987. - Т 1. - 368 б.
5. Нәжімеденов Ж. Өлеңдер мен поэмалар // Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1996.-Т 1. - Б. 404-406.
6. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. докт. дис: 10.01.02.- Алматы, 1997.
7. Алпысбаев Қ. Қазіргі қазақ лирикалық поэмасы (Методикалық талқылама). - Алматы: СМ. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1989. - 36 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.
9. Оңғарсынова Ф. Шығармалары 1-10 том Астана, Фолиант, 2007
10. Нарымбетов Ә. «Қазақ поэмаларындағы Махамбет образы» «Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның мате-
Риялдары», 1 том. Атырау, 2003. 80-б.

Ф. ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯҒА ӘСЕРІ

Имакова Лаура Оспановна
Астана қаласы, «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп- гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, педагог-шебер
Кожакелдиева Лаура Аманкелдиевна, педагог-зерттеуші

Кіріспе. Ф. Оңғарсынова — қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы ұлттық әдебиетіміздің дамуына зор үлес қосқан. Оның поэзиясы терең философиялық ойлармен, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді дәріптеумен ерекшеленеді. Ф.Оңғарсынованың шығармалары қазақ халқының рухани әлемін, оның тарихын, салт-дәстүрлерін, заманауи қоғамдағы мәселелерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның поэзиясындағы ұлттық рух, табиғатқа деген сүйіспеншілік, адам мен қоғам арасындағы байланыс сияқты тақырыптар қазақ поэзиясының дамуына жаңа серпін берді. Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы тек әдебиетте ғана емес, қазақ халқының мәдениетінде, өнерінде және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады.

Ақын шығармашылығының тақырыптық және стильдік ерекшеліктері. Ф. Оңғарсынова лирикасының құрыш-болаттай өткір өлеңдерімен қатар әлеуметтік өмірдің сан- саласын қамтитын азаматтық жырлары қоршаған ортаның отансүйгіштік ажарын, әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін қозғайды. Отанын, жерін сүйе білу, оны қорғау −ер жігіттердің, елін сүйер азаматтардың абыройлы парызы екенін "Дала жайында айтыс" атты өлеңінде былай жырлайды:

Үйрене алар емеспін дала сенің:
отты жел, құмайт, елес
Күн дара кешерім
Ат міне шауып қорғаған бабаң елім деп
сол қалпы әлі сор, далаң...
ана-жерім деп жер бетінде жұмаққа балап едің кеп...

Өлеңдегі "сол қалпы әлі сор, далаң..." деген тармақта ақынға ғана тән өткірлікпен жырланған шындық бар. Ол шындық − жердің қадірін түсіну үшін намысты қайрау, сор даланың қожайынын ой ұйқысынан ояту, елді сүюді Отанды сүюден бастауға шақыру, қазақтың сайын даласын баға жетпес байлығым деп бағалауға шақыру.

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен...− деп ақын өзін туған жерінің бір бөлшегі, жақын жүрсе, аяулысы, алыста қалса, сағынышы деп бағалайды. «Мен ел кезіп кетермін отансыздай, үмітіңді ақтауға жарамасам» деген ақын туған жер алдындағы жауапкершілікті ана алдындағы перзенттік парызбен тең қарайды.

Кезінде академик С. Қирабаев "Поэзия өзіңді, өз құпияңды ашу, жария ету, Абай тілімен айтқанда, "сырыңды жұртқа жаю". Поэзиядағы азаматтық әуен де сондықтан ақынның азаматтық кейпінен туады" деген екен. Ф. Оңғарсынова лирикасына тән ерекшеліктер де ақынның бірде өр, бірде күйзелу, мұңға бату жағдайындағы азаматтық халінен жазылғандығында болса керек.

Жаралы далам жатыр ыңыранып,
От құшып, шөлден қатып, дымы жанып.
Сырт бүтін, ішің түтін, тіл-тістеулі

ңәуендерді жырлаған» немесе «оның тақырыбы адам жанының нәзік сырларында» деп кесіп айту қиын-ақ, өйткені тақырыбы жағынан төркіндес, идеялық мәні мен мазмұны жағынан алсақ, әр алуан.

М. Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, А.Бақтыгереева, К. Ахметова сынды ақын-әйелдердің қатарында Ф.Оңғарсынова да әйел- ана бейнесін, оның психологиясын жырлап қана қойған жоқ, ол әйелді жаңа биікке − типтік бейне биігіне көтерді. Оның өлеңдерінде нәзік жанды, келбеттері сұлу, отбасының ұйытқысы бола білген әйелдер − арды ойлаған, азаматын көтерген, махаббатқа берік, ер мінезді, отбасы мен қоғамдық тазалыққа жауапкершілікпен қарайтын ақ жаулықты аналар.

Алғашқы арман-тілекті
Шетке ысырғым келмейді.
Бірді сүйген жүректі
Көпке ұсынғым келмейді...− деген ақын сертке берік, өрекпіген көңілге тұсау сала алатын бойжеткенді бір ғана жанды сүйетін, бір сөзінде тұратын байлаулы жан етіп жырлайды.

Сен маған көктем боп кел,
Нәзіктеу жанымды ұғатын.
Отты махаббатыңмен өктем боп кел,
Асқақтығымды табындыратын... Болашақтан үміт күткен пәк көңілді қыздың белгісіз жанға деген ықыласы, еркелігі, алдан күткен асылына деген ерекше ынтызарлығы көрініп- ақ тұр, ширақ ой мен лирикалық сезім астасып, ақынның адам жанына ерекше үңілгендігін сездіреді. Ақын қазақ қызының, қазақ әйелінің махаббатын парасаттылықпен астастыра шебер өре білген, ол туралы өзінің "Шілде" жинағының алғы сөзінде "...Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел ақынның жан дүниесі − өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді» деген екен.

Күлкімді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін,
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,

Өлең, мен сені аялап өтем!− деген ақын өлеңді аялайтын, оны жан серігіне бағалайтын барлық ақындардың жолын жалғастырып қана қойған жоқ, ол өлеңі арқылы қоғамға әсер ете алды, сананы оятып, өзгенің бақыты мен мұраты үшін өлең арқылы күресе білді.

Поэтикалық тіл байлығы мен образдардың тереңдігі.

- Классикалық әдебиеттің негізін қалаған Махамбет, Абай поэзиясынан бері өлең-сөз әлемінің қазіргі көрнекті өкілдерінің барлығына тән ерекшелік − түркі әдебиетінің сөз өрнектерін қолданған. Ол дәстүр Фаризада да өзгеше бір өң алып, табиғи тектілігін жоғалтпай, жаңаша мәнге ауысып, құлпырып келіп отырады. Мысалы, Хорезмиде "жүзінің сәулесі - жұмақ бағы" болса, Фаризада жіктеу есімдігі түрінде айтылатын "мен – жез едім, өмір өзі шыңдады алмас қылыш",

«сен - Күншығыс, мен бейне Күнбатыс», Жүсіп Баласағұни "тіл - арыстан есік баққан ашулы", "ақыл - шырақ", "білім - жарық" сияқты қанатты сөздерді қолданса, Фариза "сана - мұзарт таулардай, ой - сәйгүлік" деп қолданады.

- Ақын атаулының шығармашылық негізінің бастауы − төл әдебиетінің дәстүрі. Фариза Оңғарсынова да ауыз әдебиетінен аттап кетпеді, оның ауыз әдебиетінен алған үлгілерге сүйеніп жазған «Жар-жар», «Беташар» сынды өлеңдері ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде тағылымды құрал болары сөзсіз.
- Өткен ғасырдағы аңыздар мен әңгімелерді көркем дүниеге айналдыру Фариза шығармашылығының бір қыры деуге болады. "Ақан сері аңыздары", "Асан қайғының толғауы", "Қорқыт қобызының сарыны", "Қаңбақ-тағдыр", "Өсиет" сынды өлеңдері жыраулар жырлаған оқиғалардан ақынның халықтың көрегендік, көсемдік, ділмарлық, шешендік сияқты ерекше қасиеттерін бағалағанын, оны келер ұрпаққа жеткізуді мұрат санағанын байқауға болады.
- Ақынның біршама жырлары жыраулар мақамына сай, солардың үлгісінде өткен заманның озбырлығы мен зорлығы, қатыгездігі мен батырлығы, адалдық пен әділдігі туралы жазылған.

Шешендіктің сәні жоқ:
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса, − деген Дулат ақынды Фариза ақын
Шешендігің не керек −
сөз ұғатын елің жоқ.
Көсемдігің не керек −
адамдарға сенім жоқ,− деп жалғастырғандай болады.

- Махамбет үрдісін сақтап, Махамбетше жырлау арқылы Махамбет мектебін қалыптастырушы да, жалғастырушы да деуге болады. Оның «Махамбетше турайтын қақыратып, айбалта - жыр керек-ақ адамдарға» деуінен Махамбетті үлгі тұтқаны анық байқалады..
- Қай ақын болсын, жыр қайнарынан қанып ішкен Абай мұрасына оралу, оған сыр ақтару «Абай аға! Биікте ме - қайда жүр аруағың? Құлағыңа жете ме шағым - әнім?» деп жырлаған Фариза ақында да кездеседі, жай кездеспейді, сөз өрнектерінің ұқсастығы байқалады: «Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су» Фаризада «Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, Өзен де мың бұралып, жатыр ағып» болып ұштасады.
- Ақын өзінен бұрынғылардың дәстүрін жалғап, поэзиясында монологті көп қолданды: "Бақыттының монологы", "Әйелдің монологы","Жастық шақ монологы", "Жантолының монологы" , "Абайды іздеу", "Адам ұрпағының сөзі"
- Ақынның шығармашылығында метафоралық бейнелік сөздер көп. Сыншы С. Жұмабеков "Сын пернесі" кітабында Фариза поэзиясындағы мынандай метафоралық бейнелі сөздерді көрсетіпті: «жыр-Шолпан, шырпы-ғұмыр, ажал-мерген, жыр-құрық, өмір-шеңбер, түн-түрме, жыр-жеңге, мұң-желек, ән-пырақ, семсер-жыр», т.б.
- Ақын теңеулерді де «жас арулардай, бабалардың айбынды дүбіріндей, бұрымдай, қошқар мүйіз әжемнің теруіндей, аспанды тіреп тұрған секілдімін,

алтын қазықтай, сұр жебенің ұшындай, жазғы жасындай, жанартаудай, Махамбетше, Хафиздің жырларындай» деп әдемі қолданған.

- Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы ерекше қолданылған құбылтудың бірі– кейіптеу. «Сылқылдап күлді көк теңіз, маужырап қарап тұрды күн елжіреп, ақ түтек ойлардың ақпаны сақ- сақ күледі» деген кейіптеулерді ақын теңеумен не метафорамен тіркестіріп қолданған.
- Ақын шығармаларында антонимдер (ақ- қара, нұр - мұң, түс - өң, адал - арам, жақсы - жаман, от – мұз) мен эпифоралар (Сен үшін сонау алыстардағы елес **ем**,"Сыртыңнан сүйіп жүретінімді сезуші едің ғой "демесең, мен саған ғашық емес **ем**) да ерекше орын алады.

Ф. Оңғарсынова шығармашылығының ұлттық поэзияға әсері. Сонымен Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы ұлттық сана мен мәдениеттің дамуына зор ықпал етті дейміз. Оның азаматтық лирикасы, әсіресе, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер мен адамгершілік құндылықтарды көтеру арқылы қазақ әдебиетінде ерекше орын алды. Ақын поэзиясы ұлттық сана-сезімді оятуға, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінуге бағытталған. Оның шығармаларында қазақтың ұлттық дәстүрлері, салт-санасы, ұлттық болмысы мен рухы айқын көрінеді. Фариза Оңғарсынова өз поэзиясында қазақ әйелінің бейнесін, оның қоғамдағы рөлін, отбасындағы орны мен жауапкершілігін ерекше атап өтті. Бұл арқылы ол қазақ әйелінің күшті, батыл, әрі рухани бай екенін көрсетіп, ұлттық мәдениеттің дамуына үлес қосты. Оның поэзиясы жастар арасында патриотизмді, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етті. Ф. Оңғарсынованың шығармалары арқылы жастар ұлттық құндылықтарды, тарихты, мәдениетті тереңірек түсініп, өздерінің ұлттық болмыстарын нығайта алды. Оның поэзиясындағы азаматтық лирика, әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары мен бостандығы мәселелері замандастарының шығармашылығына да әсер етті. Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясында жаңа бағыттар мен стильдерді қалыптастыруға ықпал етіп, кейінгі буын ақындарға шабыт берді.

Қорытынды. Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының алтын қорына енген тұлға. Оның шығармашылығы ұлттық сана мен мәдениеттің дамуына, сондай-ақ замандастары мен кейінгі буындарға әсер ету арқылы қазақ әдебиетінің поэтикалық байлығын арттырып қана қойған жоқ, жас ұрпаққа тәрбие берудің, ұлттық құндылықтарды сіңірудің құралына айналды. Сондықтан
Ф. Оңғарсынованың поэзиясы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, жаңа ұрпаққа рухани азық болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

9. Оңғарсынова Ф. "Поэзия әлемі". Алматы: Жазушы, 2005.
10. Нұрғалиев М. "Қазақ поэзиясының тарихы". Алматы: Ғылым, 2010.
11. Сыздықова Г. "Ф. Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы". Алматы: Қазақ университеті, 2012.
12. Тұрсынов, А. "Заманауи қазақ поэзиясы". Астана: Фолиант, 2015.

13.Әбдірахманова С. "Поэзиядағы ұлттық рух". Алматы: Атамұра, 2018.
14.Қабдолов З. "Сөз өнері". Алматы: Санат, 1999.
15.Омарова Л. "Ф. Оңғарсынова және қазақ әдебиеті". Алматы: Қазақ әдебиеті, 2016.
16.Сейітов Б. "Поэзияның философиясы". Алматы: Раритет, 2011.
17.Тасболатов Е. "Қазақ поэзиясындағы әйелдер образы". Алматы: Қазақ университеті, 2019.
18. Ақдәулетұлы М. Фариза: [Ақын Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы жайлы] // Дәуір, 1995, 23 ақпан; Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір... // Қазақ әдебиеті, 1997, 4 наурыз.
19. Мүтиев З. «Фариза Оңғарсынова лирикасы». Орал: «Шұғыла Принт», 2019.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҮЙЛЕСТІРУ

Искакова Асия Тулеббергеновна
«Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»,
тарих пәні мұғалімі, педагог

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы 5 желтоқсанда қазіргі Атырау облысындағы Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында дүниеге келген. Фариза он баланың кенжесі. Алайда, бауырларының көбі ерте қайтыс болып кетеді. Әкесі – Оңғарсын Иманғалиев оқыған, балық шарушылығын алғаш болып ұйымдастырған, жұртына қадірлі азамат болған. Ол Фаризаның кішкентай кезінде қайтыс болып кеткен. Ал анасы – Халима Иманғалиева арабша хат таныған кісі. Ол, халық ертегілерін, ескі қазақ әндерін жатқа білген. Балаларын да оқу-білімге баулып, сауатты болуларына үлкен үлес қосқан да анасы болып табылады. Балалары қыстың ұзақ кештерінде кітаптарды дауыстап оқып, поэтикалық шығармаларды жаттап үйренді. Фариза өз балаларын ескі дәстүрлі тыйымдарға байланып қалмайтындай, еркін болып өсулеріне барын салған анасына тынымсыз еңбегі.

Фариза бала кезінен -ақ қайсар мінезімен көзге түскен. Өзінің де айтуы бойынша «қыз болып қуыршақпен ойнамаппын, ерке әрі қыңырсоқтау еді мінезім» деп өзіне мінездеме береді.

Фариза Оңғарсынованың еңбек жолына тоқтала кетсек, 1961 жылы Гурьев (Атырау) мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдап, оқу бітіргеннен кейін сол өңірдегі Балықшы, Еркін қала, Октябрдің қырық жылдығы атындағы қазақ мектептерінде дәріс берді. Ол 1966 жылға дейін ауылдық мектептерде мұғалім, содан кейін директор болып жұмыс істеді. 1966 жылдан бастап Гурьевтік

«Коммунистік еңбек» облыстық газетінің редакциясында әдеби қызметкер ретінде жұмысқа орналасып, журналистік қызметін бастады.

1968-1970 жылдары «Лениншіл жас» газетінің редакциясында Гурьев, Ақтөбе және Орал өңірлерінің меншікті тілшісі ретінде жұмыс жасады. Қайсар мінезді қазақ қызы 1970-1978 жылдары «Қазақстан пионері» республикалық пионерлік газетінің редакторы болып қызмет етті. Ал 1978 жылы «Пионер» (қазіргі Ұлан) газетінің бас редакторы және 2000 жылға дейін қазіргі «Ақ желкен» журналының бас редакторы қызметін атқарады. Содан кейін 2000 жылдан 2004 жылға дейін – ҚР парламенті мәжілісінің I және II шақырылуларының депутаты болды.

Қанша лауазымды жұмыс атқарғанымен, Фаризағың әдебиетке деген махаббаты ерекше болды. Жан-дүниесінде, айналасында болып жатқан мәселелерді өлең жолдарымен қағаз бетіне түсірді. Алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1958 жылы, тұңғыш өлеңдер жинағы «Сандуғаш» 1966 жылы жарық көрген. «Алмас қылыш», «Тартады бозбаланы магнитім», «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Тыңдаңдар, тірі адамдар», «Қарғыс», «Қасірет пен ерлік жыры» поэмалары, «Үйім менің – Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамаларының авторы. Сонымен қатар көптеген шығармалары шет ел тілдеріне аударылған. Чили ақыны Пабло Неруданың «Жүректің төрт мезгілі» кітабын, орыс ақыны А.А.Блоктың «Нәпсі», «Куликов даласы», «Он екі жыл өткен соң», «Кармен», «Қарлы перде» өлең топтамаларын, сондай-ақ, Р.Ф.Казаковаңың, Е.А.Евтушенконың, араб ақыны Әбдірахман әл-Хамисидің жекелеген шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ақынның шығармашылығы туралы сыр шертетін болсақ, оның өлеңдерінде әйелдер тақырыбы, отбасы құндылығы, соның ішінде анаға деген махаббат пен құрмет, достық, ұлтжандылық, намысшылдық, құрмет пен ар-ождан, бірлік пен ынтымақ жайлы құндылықтар көтерілген. Тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау Фариза туындыларының бір қыры еді. Ақынның шығармашылығына тән басты қасиет шындықты ту ететіндігінде. Оның бұл қасиеті кез-келген туындысынан айқын көрініп тұрады.

1979 жылы жарық көрген «Сенің махабатың» жинағындағы сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы атты поэмасы Фариза ақынның шығармашылығындағы шындықтың биік шырқауы болып табылады.

Ақынның шығармаларындағы құндылықтарға жеке тоқтала кетсек, ең өзекті құндылықтардың бірі отбасы құндылығы, соның ішінде анаға деген махаббат пен құрмет және әйелдер тақырыбы болып табылады. Еске сала кетсем, Фариза апамыз «Ана мен бала» мен «Бала құқығы» заң жобаларын жасап, мәжіліске ұсынған болатын. Яғни өлең жолдарындағы мәселені тек жазып қана

қоймай, ұлт болашағында өзекті екеніне маңдай терін төккен. Кеңпейіл қазағымыздың тарихына үңілсек, әйел мен ана орны ерекше.

Тұмар анадан бастау алған қазақ халқының әйелдері ержүрек,батыл, адал,ерін қадірлей алатын, қоғамдағы орны ерекше екенін білеміз. «Ана бір қолымен бесік тербесе, бір қолымен әлемді тербейді» демекші, ұлт болашағы ананың,әйелдің қолында. Мысалға ала кетсек, ақынның келесі өлеңдеріне назар аударсақ:

Ақ мамам
Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым күнім дейтін
Ақ мамам, ақ мамам
Құлыншағым күнім дейтін
Әлемдегі ақылды адам
Бәрінен сол жақын маған
Аялап көлдей
Нұр шашып күндей
Жанына мені балаған
Көңілі көктем
Мейрімін төккен
Аяулым сенсің, анажан
Асыл әнімсің, жазғы таңымсың
Өзіңмен нұрлы жолдарым
Тылсым жылдарда
Қиын сындарда
Тілегің — менің қорғаным

Анажан
Ұлжандылық, отансүйгіштік пен намысшылдық тақырыптары да Фаризаның тағы бір қозғаған құндылықтарының бірі. Өзі қайсар мінезді, шыншыл жан болғандықтан, сонымен қатар Кеңес үкіметінің үстемдігі, орыстандыру саясатының салдарынан өзегі өртеніп, шығармаларында отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа шақырады.
Ер-тұрман
Өртейді бір өкініш жиі мені…
Киіз үй. Мекеніміз қиыр еді.
Анамның алданышы, сүйінері –
әкемнің ер-тұрманын күніне бір
тазалап, қайта-қайта иіледі.
Көзінің тірісінде қайран әкем
қастерлеп қадір тұтқан бұйымы еді.
Қырда едік, көп жайлардан жырақта едік.
Мен жүрдім ер-тұрманды мұрат көріп.
Құрмет, ар –ождан, бірлік пен ынтымаққа да арналған шығармалары ке емес. Қазақтың ұлы ақынына арналған «Абайды іздеу» өлең шумақтарында оқырманды құрмет, ар-ождан мен ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Ал «Ауыл» шығармасында бірлік пен ынтымаққа шақырады.
Абайды іздеу

Абай аға!
Биікте ме - қайда жүр аруағың?
Құлағыңа жете ме шағым-әнім?
Көкті кезіп іздер ем - жерде мені
шырмап қойды шырғалаң шаруа, мұң.

Жердің беті балшық пен былық әлі,
Жол табады жылпос пен ұры-қары.
Жұртың даңғой әм надан баяғыша.
мәз болады бір-бірін жығып әлі.

Ауыл

Біздің ауыл ұя еді киелі бір,
Теңіз бойы, бұйратты жиегі қыр.
Өнегелі ұл мен қыз өсіріп,
Шаңырағына құт қонған үй еді кіл.
Жігіттері мәрт мінез, жаны сері
Жалғыз арман-ерім деп таныса елі
Бұрын біздің ауылда әр азамат
Бүкіл елдің ары мен намысы еді.

Мысалға келтірілген өлең жолдарына көз жүгіртсек, ұлт болашағы мен ұлттық мүддеге деген жанашырлықты байқай аламыз. Қазақтың біртума ақыны, қайсар мінезді Фариза Оңғарсынова өзінің қызмет жолында да, әдебиет тарихында да ойып тұрып өз орнын қалдырды.

Қорытындылай келе Фариза Оңғарсынова шығармаларында ұлттық мүде мен ұлт болашағына әсерін тигізетін кереметтей құндылықтарға толы. Адам бойын нәрлендіретін, қоғамдағы толағай мәселелерді көтерген. Әлі күнге дейін ең басты да қиын тақырыптардың бірі әйел тақырыбы, соның ішіндегі оның қоғамдағы рөлі мен отбасы құндылығы 2024 жылдың өзекті мәселесі екені ешкімге құпия емес....

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Дауа. Өлеңдер. Ф.Оңғарсынова 1985 ж
Таңдамалы шығармалары. Екі томдық Ф.Оңғарсынова 1987 ж
10 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Ф.Оңғарсынова 2004 ж
https://adebiportal.kz/kz/authors/view/4150
https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-omirbayany/
https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-en-%D2%AFzdik-10-oleni/
https://sputnik.kz/20181219/fariza-ongarsynova-tyraly-ne-bilemiz-8531003.html
https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%B7%D0%B0_%D0%9E%D2%A3%D2%93%D0%B0%D1%80%D1%81%D1%8B%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0

«ПОЭЗИЯ – ӘЙЕЛДЕЙ ЖҰМБАҚ ӘЛЕМ...»

Ильясова Эльмира Тулеповна
Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп- лицейі»
Директордың бейіндік істер жөніндегі орынбары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясына 60-жылдардың бел ортасында келген үркердей топтың белді өкілі.

Оның шығармашылығында бүгін-ертең-болашақ бірге астасып жатыр. Фаризаның от ойлы, сардар сезімді жырлары санаға сәуле құйып, жаныңа жылу сыйлайды.

Шығармашылығының бұлақ бастауы фольклордан, көшпенділер поэзиясынан, Ақтамберді, Махамбет, Абайлардан нәр алатын ақын жырларынан Махамбет болмысының жаңа мазмұны, жырының заман нышандарымен байыған өрім-қайырымдары бағаланады.

Қай ақынның да жырларынан, ең алдымен, өзінің бітім-болмысы, таным-парасаты айқындалады. Лирикалық кейіпкерлердің барлығында дерлік өз әлемінің бір бөлшегі жататын Фариза жырлары әу бастан-ақ отттылығымен, өршіл рухымен оқшау тұрды. Жас шамасы, сезім деңгейі, парасат биігі әрқилы кейіпкерлер мінез ірілігі, болмыс біртұтастығымен тәнті етеді. Айталық, «Мен сенің жүрегіңдемін» өлеңі оқырманның жүрегін бірден баурап алды, бойжеткен мен бозбалалар «Мен саған ғашық емес ем» секілді жырларды өз жүрек сырларындай жатқа соқты.

Ақынның алғашқы кезеңдегі жырларында жеке бастың көңіл-күйі, сезім сергелдеңдері лирикалық кейіпкердің ашық монологымен, еркін сөзбен өрнектеліп, әлі бұл ретте, кейіпкердің, ең алдымен, өз позициясы алдындағы планда тұрса, кейінгі жырларында өмір-болмысты әрқилы қырынан танитын лирикалық кейіпкер оттылығын жоғалтпай, бірте–бірте сабыр-парасатқа орын береді.

Фариза шығармашылығындағы азаматтық әуен лирикалық кейіпкерінің көңіл-күйі, жан әлемінің сан мың сәттерін, сан мың сол сәтте ұстап өрнектер өлеңдерінен бастап туған жер, ел, Отан, заман туралы жырларында күшейе түседі.

Поэзия –
әйелдей жұмбақ әлем,
сиқыр сырын түсінер тұлға да кем.
жаны – тұнған тұңғиық тереңдік те,
қимылы – ырғақ, әуен.
Поэзия –
арудай құпиясың
Ұқтырар жылдап әрең... –

деп, поэзияға бейнелі де дара анықтама берген ақынның өнер-өлең және оның мұраты, өнер адамының қоғамдағы орны мен рөлі туралы ойлар – бүкіл шығармашылығының елеулі бір өзегі болып келеді.

Белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев айтқандай, Фаризада өзінің талантына лайық тегеурінді мінез де болды. Расында да, ақынның мінезі тегеурінді еді. Талайды опындырған да, бірақ ақынды биік шыңға жетелеген де, дәл осы мінез болатын. Ертеректе, неміс баспасының аудармашысы Ильза Чертнер деген әйел Фариза Оңғарсынованың үйіне қонақта болған. Сонда қойдың үйітілген басына үрке қарап, сылқылдай күлген аудармашы мен оның серігінің әрекеті Фариза апаймызға жақпай, ақын оларды үйінен қуып шығады. Сол кезде ақын: "Дәстүрімді сыйламаған адам, өлеңдерімді аудармай-ақ қойсын" депті.

Ақынның әдебиет деп аталатын азабы көп ауылға келуіне жаратылыстың әкенің қаны, ананың сүтімен берген қасиеті. Фариза Оңғарсынова қалың қазаққа алдымен, шыншыл журналист ретінде танылды. «Лениншіл жас» газетінің Мұнайлы өлкедегі тілшісі көп жазатын, әділ, кесіп жазатын.

Қайсар мінезді қазақ қызы 1970-1978 жылдары «Қазақстан пионері» республикалық пионерлік газетінің редакторы болып қызмет етті. Ал 1978 жылы «Пионер» (қазіргі Ұлан) газетінің бас редакторы және 2000 жылға дейін қазіргі «Ақ желкен» журналының бас редакторы қызметін атқарады. Содан кейін 2000 жылдан 2004 жылға дейін – ҚР парламенті мәжілісінің I және II шақырылуларының депутаты болды.

Ақын анамыздың шығармашылығы туралы сыр шертетін болсақ, оның өлеңдерінде әйелдер тақырыбы жиі жырланды. Тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау Фариза туындыларының бір қыры еді. Ақынның шығармашылығына тән басты қасиет шындықты ту ететіндігінде. Оның бұл қасиеті кез-келген туындысынан айқын көрініп тұрады.

Көркем сөзде жалпыға ортақ бір ғана өлшем бар. Ол – талант, ой-парасат, көркемдік шеберлік асулары. Ақын мен ақынның айырмашылығы – дүнині қалай көріп-танып, сол таным-суретін оқырманға қалай жеткізе алуында. Дүние-ғаламды көру-қабылдауы, ой мен сезім табиғаты өлшемдерімен келгенде әйел ақындардың белгілі өкілдерінің шығармашылығы - Фариза Оңғарсынованың иеялық-көркемдік жүгі қомақты, әлеуметтік-азаматтық бағыты айқын, отты да өршіл жырлары, сондай-ақ 1979 жылы жарық көрген «Сенің махабатың» жинағындағы сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы атты поэмасы Фариза ақынның шығармашылығындағы шындықтың биік шырқауы.

Фариза Оңғарсынова алғашқы өлеңдерінде Қазақстанның шөлді жерлерінің өзгеруі, кең байтақ сусыз даланың ең шөлді бұрыштарына тіршіліктің келуі, ерлігі мен батылдығы кеңпейілділігінен кем түспейтін адамдар туралы жазды. Қазіргі заманғы қазақ әдебиетіне өктем түрде кірген ақынның өлеңдері, поэзиясының өмірбаяны осылай басталды. Оның алғашқы өлеңдер жинағы 1966 жылы «Сандуғаш» деген атпен жарық көрді. Содан бері «Жазушы» баспасында бірнеше өлеңдер топтамасы жарық көрді.

Қазақ поэзиясында әйелдер әлемінің толық жыр кітабын жазған ақын – Фариза Оңғарсынова. Ол өз шығармашылығында әйел тағдырын, жан дүниесін

терең, жүйелі суреттейді. Оның лирикалық кейіпкерлерінің адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы, рухани өсуі анық байқалатын жырларында әйел атты күрделі планетаның жүрек соғысы, сезім бұрқаныстары, ой ағыны жан-жақсы зерделенеді. Әдебиеті ғалымдар мен сыншылардың бірқатары да Оңғарсынова шығармашылығының бұл қырына тоқтамай кетпейді. Мысалы, филология ғылымының докторы Рымғали Нұрғалиев «Сезімін бүркемелеп, шымылдықтың ар жағында ұстаған «жіңішке» жолды қыздарымыздың бүгінгі сезім әлеміндегі байлық, рухани терең толғаныс, сұлулық, әсемдік, келісім мұраттары, адамгершілік нысана биіктігін таныса; сыншы Сайлаубек Жұмабеков «әйел жаны, ақын әйел болмысы біршама қарама-қайшылығымен, күйініш-сүйінішімен, мұарт-мүддесімен бүкіл творчество бойында жүйелі түрде көрініс табуы сирек» деп көрсетеді.

Ақын «Шілде» атты таңдамалы жыр жинағының алғысөзінде «өз жырларымда әйел жанының сан күйін мүмкіндігінше жеткізгім келеді... олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы – өлеңдерімнің арқауы» деген еді. «Шілдеден соң ақынның тағы бір «әйелдер әлемі» жыр кітабы – «Сенің махаббатың» жарық көрді. Дина, Майра, Әли және Мәншүкті мөцлеткен жырларында ақын заман, қоғам, уақыт хақындағы толғаныстарымен бөліседі. Өнері өміршең, тағдыры қиындау жандардың ой сезім әлемдері санаңызда жаңғырады.

Жыр – әлемде жолдар аз таң нұрындай
Зулап өтер дауылға, шаңға ұрынбай.
Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен
Сендік тағдыр менің де тағдырымдай, - дейді ол ақын Сараға арнауында.
Жол – басқа,
Мені өзіңмен жақындатар
тағдырлас, үндестігім.

Бұл жолдар – ақын Мәриям Хакімжановаға арналып жазылған. Бұл өлеңде ақын-ананың, ақын-ұстаздың бейнесін – өмірдің талай қиындығын, жыр-азап бейнесін тартқан үлкен жүрек, парасат иесін танисыз.

«Шаңырақ туралы жыр немесе жас ананың әндері» өлеңі – «Күнім де сен, күлімде сен, бөбегім» , - деп басталатын жылусыздау, құрғақ ұйқастай әсер еткен өлеңін есептемесек, лирикалық қаһарман – өмірге сәби әкелген жас ананың мақтанышын, «көкірегіне жібек ерін тигенде жаны бақыттан талықсыған» ананың жан әлемін, жалпы әйел табиғатын мөлдірете көз алдыңызға әкелер жырлар.

Лирикалық қаһарман тығырыққа тірелгенде, қуанғанда, мұңданғанда анамен сырласу түрінде жазылған жырлар поэзиямызда жоқ емес. Айталық, Фариза ақынның «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы», «Сенің махаббатың» - сырласу ана мен қыдың жеке бас әңгімесеінен биік жатыр. мына өлең жолдарына ерекше тоқталғым кеп тұр.

Даланы жалғыз жайланып,
Шымылдық құрып жатты түн
Киі үй. Көгал. Ай жарық,

Бағандай биік ақ түтін.

Ару Ай кербез. Гүл рең,
Сүйкімді сұлу жас қылық
Жұлдыздарды да нұрымен
Бір сәтке сәуле шаштырып.

Ақындық көкірек көз, қатпен дүниенің о шеті мен бұ шетін, өткені мен бүгінін, келер болашағын, жоғалтқаны мен тапқанын мұқят барлап отыратын Фариза Оңғарсынованың саханыс – дала, кейіпкерлері – оның сан тарау тағдырлы адамдары. Мұнан Сарыарқаның сайын даласын да, кербез сұлу Көкшенің көркін де, Маңғыстау маңғаздарын да, құрыш білек еңбекшіні де, тұлғасымен айбын-айбар берген қаламдас ағаны да табасыз. Сәйгүлігі жұлдыздай аққан, майда керімсалы соққан дала, аққанат киіз үйі, әженің қошқар мүйіз өрнекті текеметі, ақ жаулықты жеңеше, бірге өскен дос-жаран - бәрі-бәрін қоссаңыз – дала панорамасын көрер едіңіз.

Ақын үшін дала - кеңдіктің, еркіндіктің, адалдықтың, кемеңгерліктің, мейірімнің бесігі. Сондықтан да ол даланың «мәңгілік күндей жылуын» сезінеді, «найзағай жарқыл семсер жырға» шабыт алады. Мазасыздық – ақынның тұрақты хал-күйі. «Мен асылы, тынышты күйге түссем, қайраңдағы балықтай тұншығармын» , - дейтін ақынның жеңілістері де ғаламдық ауқымды ұғымдар, күреске толы өмір айдынына құлаштай жүзуге, түптеп келгенде, жаңа шығармашылық белестер үшін қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-omirbayany/
2. Ә. Бөпежанова «Өнер – жеке тәжірибе», Алматы- 2007
3. Ф.Оңғарсынова «Менің махаббатым», Халықаралық Абай клубы-2017.
4. Қ. Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», Алматы, «Мектеп-2003»
5. Феномен казахской поэтессы. Жизнь, Любовь и Трагедия Фаризы Онгарсыновой.
6. «Патша-сөздің Фаризасы» | Қазақ Әдебиеті - QazaqAdebieti

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ФАРИЗА МҰРАСЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Кабдыляшимова Гаухар Саимбековна
Астана қаласы «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог- зерттеуші,
педагогика ғылымдарының магистрі

Тәрбие - ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұрпағымызға

қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық пен патриотизм, жауапкершілік, сүйіспеншілік, үлкенге құрмет пен кішіге ізет сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп шығармашыл азаматты тәрбиелеу өте маңызды.

Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы үрдіс. [8]

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу,оларды тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы бола бермек. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау- еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Қазақстан Республикасың Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2024-2025 оқу жылының білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысы жүйесіне енгізілді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті. Олар: тәуелсіздік және Отаншылдық, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, бірлік және ынтымақ, заң мен тәртіп, жасампаздық және жаңашылдық». [7]

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады. Әр құндылық оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізіліп, әр айдағы өткізілетін шаралардың жеке тұлғаның қалыптасуына бағытталуы мақсат етілді.

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы: «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштаған ұғымы. Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу». «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі. [1]

"Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығында: Сынып жетекшісінің қызметі – білім беру ұйымының жарғысы, білім алушыларға білім берудің өзекті міндеттері, жаңартылған мазмұны, әдіснамасы, сондай-ақ тәрбие нысандары ескерілген тұлғалық бағдарлы тәсіл негізінде құрылған мақсатқа сай бағытталған, жүйелі, жоспарланған процесс. Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту» делінген. [9] Мектептегі сынып жетекшісінің функциялық қызметтері Тәрбие жұмысы жоспарына негізделеді. Әр жыл сайын сынып жетекшісінің құратын тәрбие жұмысының жоспары нақты мақсаттар мен міндеттерге негізделеді. Әр апта сайын өткізілетін сынып сағаттары – жеке тұлғаның адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, өнер саласындағы талғам-тілектерін тәрбиелеуде, адамдар өмірінде кездесетін жағымды-жағымсыз мінез-құлық нормаларына, олардағы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға, ұлтжандылық сезімдерін шыңдауда сабақтан

тыс кезде өткізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бір формасы болып саналады. Сынып сағаттарын өткізу барысында олардың танымдық белсенділіктері артады және іскерлік дағды қасиеттері қалыптасады. [6]

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне арналған ұлттық құндылықтар, атап айтқанда: **тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.** Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрініп, әрбір ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды. Әр айдың іс-шаралары күнделікті және апта сайын болатын шараларға, жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік сабақтарына тармақталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жоспарын құруда оқушыларға ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениет пен өнерді, адамгершілік пен сүйіспеншілікті, парасаттылықты қалай меңгерту керек деген сұрақ әр сынып жетекшісі ретінде мені де ойландырмай қоймады. Мектебімізге қазақтың халық ақыны, жазушысы, жыр падишасы Фариза Оңғарсынованың есімі беріліп, Биылғы жылы Фариза ақынның 85 жылдық мерейтойын атап өту үстіндеміз. Жетекшілік ететін бірінші сынып оқушыларымды қабылдап, тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылуда. Мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған бүлдіршіндерді әуелі мектеп өміріне баулып, оқу тәрбие үрдісіне икемдедім. Алғашқы назарларын

мектебіміздің сыртқы және ішкі қабырғаларында ілулі тұрған фото суреттерді таныстырудан бастауды жөн көрдім. Одан ары «Фаризатану»

кабинетіне саяхат жасап, ақынның кітаптарымен таныстырдым. Әрине, шәкірттерімнің көздерінде түсінбеген көп сұрақтардың бар екенін де байқау қиын емес еді... Әр мерекелік жиындарда оқушылардың еңселерін тік көтеріп асқан шабытпен орындайтын мектебіміздің Әнұраны -біздің төл әніміз.

Біліміңнен бақ табамын,
Болашаққа аттанамын.
Фаризадай ақын атын алған,
Мектебіммен мақтанамын.
Менің мектебім, көңіл көктемім.
Шығарамыз біз атыңды әлі,
Ақтарған жыр кенін, мектебім бұл менің,

Фариза ақын атындағы, - деген ән шумақтарында үлкен ой, балаларға артылған жауапкершілік, алға қадам басуға деген сенімділік жатыр. «Бірлік пен ынтымақ» құндылығына тәрбиелеу мақсатында ақынның жыр қоржынынан алынған «Достар» өлеңі оқушыларды тек бірлік пен ынтымақтастыққа шақырып қоймай, сабақтардағы сергіту жаттығуларына да айналды. Мектеп қабырғасына енді ғана қаланып жатқан оқушыларымның алғашқы кітабы «Әліппе» оқулығында:

Білім керек бәріне
Корабльді басқарып,
Көк жүзіне самғасам.

Тауды бұзып, тас жарып
Мұхиттарды жалғасам.
Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің,
Керек екен бәріне, - деген Фариза Оңғарсынованың өлеңі бүлдіршіндерге білім алудың маңыздылығының жоғары екендігін түсіндіріп тұрғандай. [4]

Тәрбие жұмысының жоспары бойынша желтоқсан айы - бірлік пен ынтымақ айы. Аптаның дәйек сөзі: «Жанұям -қорғаным, ата -анам тірегім» деп аталады. Отбасының қорғаны мен ұйытқысы анасы мен әкесіне деген өлеңі шәкірттерімнің бірден санасына құйып тоқып алған өлеңдерінің біріне айналды:

Әкем біреу, анам да біреу менің,
Мен жығылсам сүйенер тіреулерім.
Олар барда мереке, көрген емен
Қабақтарын шытқанын, түнергенін.

Осыған ұқсас ақынның «Анажан», «Өмір сен», «Ақ мамам» деген өлеңдері сабақта және тәрбие сағаттарында оқушылардың жеке де, хормен де айтатын өлеңдерінің бірі. [11]

Сондай ақ, «Әже» өлеңі әрбір бүлдіршіннің өз әжесіне деген тәтті сезімін білдіруге арналған өлеңдердің бірі.

Тентек болсам, ашынып,
Жақсы іс қылсам, асырып,
Маған сақтап жүреді,
Тәттіні де жасырып.
Тосып тәтті дәмдерін,
Ол бар жерде бал жедім
Мен ұықтарда атады,
Ертегісін, әндерін.
Біздің үде осында
Әжетайым бар менің. [5]

Ақын Фариза Оңғарсынованың тәрбие сағаттарында ұлттық құндылықтарды балалардың бойына қалыптастыру мақсатында барлық оқушыға «Сөз сыры» деп аталатын кітабын тарту еттік. Кітаптың бірінші бетінде: «Қалада өскен менің немерелерім мақалмен айтқан ойларымды түсінбей қалады. Бұл кітапшадағы дүниелерді жазуыма осы жағдайлар себеп болды. Саған және сенің құрбы достарыңа арналған осы кітапшаны түсініп оқысаң деген тілекпен Ф.Оңғарсынова деп алғашқы бетінен ақ баланы баурап әкететін сөздермен жазылған кіаптың іші әр сынып жетекшісінің көмекші құралы десем артық емес. Бұл кітапшада халқымыздың мақал -мәтелдері мен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын талдап түсіндіреді. Балаларға ұлттық салт - дәстүріміз бен әдет - ғұрпымыз туралы мол мағлұмат берері сөзсіз.

Ұлттық құндылықтар және Фариза мұрасы қай кезде болса да тығыз байланыста. Себебі, ақынның түрлі тақырыптарда жазған өлеңдерінің астарында ұлттық мұра, халқымыздың рухани мол ұлттық құндылығы жатыр.

Қазақтың халық жазушысы Ә.Кекілбаев: «Фариза аспанға алау атып, шоқ шашыратып жатқан рух жаңартуы. Өшпейтін де, сөнбейтін де өжеттік қайнары» дейді. [2]

Ақын - өз заманының ар-ұжданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді. Әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұндасы, берер дәрі-дауасы – поэзия. Фариза – бұл есім бүгін өрлік пен ерліктің сыршыл сұлулықтың, ұлылықтың символы. Фариза біреу де болса, бірегей деген ұғымды білдіреді. Оның отты жырлары ұлттың қуанышы да, жұбанышы да болған. [3]

Ұлттық құндылықтарды оқушы бойына қалыптастыруда халқымыздың ұлттық тәрбиеге бай қазынасы, ақын-жазушылардың еңбектері, халық ауыз әдебиеті туындыларының алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Астана, 2024 ж
2. https://farizawksu.blogspot.com/p/60.html Ф.Оңғарсынованың лирикасы
3. https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-omirbayany/ Фариза Оңғарсынова: қазақтың ақын қызының өмірі мен шығармашылығы
4. Ә.Е.Жұмабаева., Н.Ж.Құрман., Б.А.Сабденова «Әліппе» Алматы, «Атамұра», 2021ж
5. Б.Т.Қабатай, В.А.Қалиева, Н.К.Зейнетоллина «Әдебиеттік оқу» Алматы, «Атамұра» 2022ж
6. К.Ж.Бұзаубақова., М.С.Елубаев., «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» Тараз, 2019ж
7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 15 наурыз, 2024ж
8. Педагогика. Ш.Құрманалина., Ә.Ғалымова., Астана: Фолиант, 2010ж
9. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы бұйрығы
10. «Сөз сыры» Ф.Оңғарсынова. Алматы, 2005ж
11. Ф.Оңғарсынова: Сандуғаш. Өлеңдер жинағы. Алматы, «Жазушы», 1966

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЕҢБЕКТЕРІ БОЛАШАҚ ЖАСТАР ҮШІН РУХАНИ ӨНЕГЕ МЕКТЕБІ

Каирбаева Санияш Сайлаухановна
Сұлтанбек Қожанов атындағы 64 мектеп – лицейі,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Аннотация

Бұл баяндамада Фариза Оңғарсынованың шығармаларының болашақ жастар үшін рухани өнеге мектебі ретіндегі рөлі қарастырылады. Ақынның

еңбектері ұлттық құндылықтарды насихаттап, жас ұрпақты адамгершілікке, рухани тазалыққа тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады. Баяндамада оның шығармашылығындағы идеялардың тәрбиелік мәні мен қазіргі қоғамға тигізер ықпалы жан-жақты талданады.

Өзектілігі:

Жастарды рухани бай тұлға ретінде тәрбиелеу – қоғамның басты міндеті. Фариза Оңғарсынованың шығармалары ұлттық болмысты сақтап, рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған, сондықтан оны оқу мен насихаттау заманауи тәрбие үдерісінің өзекті бөлігі болып табылады.

Мақсаты:

Фариза Оңғарсынованың шығармаларын зерттеу арқылы олардың болашақ жастардың рухани дамуына қосатын үлесін анықтау және насихаттау.

Міндеттері:

- Фариза Оңғарсынованың шығармашылығындағы басты тақырыптарды талдау.
- Ақынның еңбектеріндегі рухани және тәрбиелік идеяларды айқындау.
- Жастардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін Фариза шығармаларын қолдану жолдарын көрсету.
- Ақын еңбектерінің заманауи тәрбие жүйесіндегі орнын бағалау.

Күтілетін нәтиже:

- Жастардың Фариза шығармаларына қызығушылығы артады.
- Фариза Оңғарсынова еңбектерінің тәрбиелік ықпалы мен рухани құндылығы нақтыланады.
- Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы заманауи тәрбиелік әдістерге енгізіледі.
- Болашақ жастарға ұлттық рухани құндылықтарды жеткізудің тиімді тәсілдері ұсынылады.

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің алтын қорына енген ұлы ақын, терең ойлы суреткер, рухани тәрбиеші. Фаризаның шығармалары ұлттық рухты оятып, туған елге, жерге, және халықтық құндылықтарға деген махаббатты дәріптейді. Фаризаның поэзиясы мен прозасы шынайылығымен, сыршылдығымен және адамгершілікке толы идеяларымен ерекшеленеді.

Қазіргі заманда жастарды рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу – маңызды міндеттердің бірі. Бұл орайда Фариза Оңғарсынованың еңбектері болашақ ұрпақ үшін өнегелі мектеп бола алады. Фаризаның ұлт тағдырына деген алаңдаушылық, адам болмысына терең үңілуі, және әділеттілік пен махаббатты жырлауы жастардың өмірге көзқарасын қалыптастыруда зор рөл атқарады.

Бұл баяндаманың мақсаты – Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі маңызды құрал ретінде қарастыру. Ақынның еңбектерін зерделеу арқылы оның болашақ ұрпаққа

қалдырған рухани мұрасының құндылығын анықтап, жастарға ұсынудың тиімді жолдарын көрсету.

Фариза Оңғарсынова-қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, оның шығармашылығы адамгершілік, махаббат, отанға деген сүйіспеншілік сияқты маңызды тақырыптарды қамтиды. Поэзиясы қарапайым тілмен жазылған, бірақ терең мағынаға ие. Фаризаның шығармашылығында бірнеше басты тақырыптар айқын көрінеді.

1. Махаббат және сүйіспеншілік

Фариза Оңғарсынованың поэзиясында махаббат тақырыбы ерекше орын алады. Өлеңдерінде нәзік сезімдер, сүйіспеншілік, адалдық пен сағыныш терең түрде суреттеледі. Ақын махаббаттың қиындықтары мен қуаныштарын, жалғыздық пен бақытты сезімдерді шебер жеткізеді.

2. Туған жер және Отансүйгіштік

Туған жерге, Отанға деген махаббат Фаризаның шығармашылығында ерекше көрініс табады. Фаризаның өлеңдерінде туған өлкеге, табиғатқа, ұрпаққа қалдырған мұраға деген сүйіспеншілік басты орын алады. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі оның әрбір өлеңінде айқын байқалады.

3. Аналық махаббат және әйел образы

Фариза Оңғарсынова әйелдің табиғатын, аналық махаббатты және қоғамдағы әйел рөлін ерекше сипаттайды. Өлеңдерінде әйелдер күш-қуаты мен мейірімділігі, отбасылық құндылықтар мен бала тәрбиесі басты тақырып болып келеді.

4. Әлеуметтік әділетсіздік және адамгершілік

Фариза шығармаларында қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздікке қарсылық айқын көрінеді. Ақынның өлеңдерінде жеке тұлғаның бостандығы, әділдікке ұмтылу, ар-ождан мәселелері көтерілген. Бұл тақырыптар жастарды адамгершілік пен адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған.

5. Жасампаздық және болашаққа үміт

Фаризаның өлеңдерінде болашаққа деген үміт айқын байқалады. Шығармаларында өсу, даму, жаңару идеялары қозғалады. Бұл жас ұрпаққа үлгі болып, еңбек етуге, өз жолын табуға ынталандырады.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы терең мазмұнға толы. Ақынның өлеңдері ұлттық құндылықтар мен адамгершілік туралы дәріптейді. Ақынның басты тақырыптары – махаббат, туған жер, аналық сүйіспеншілік және адамгершілік – болашақ ұрпақ үшін рухани азық болып табылады.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы – рухани жаңғыру мен тәрбиелік құндылықтарды терең дәріптейтін поэзия. Оның өлеңдерінде қазақ халқының мәдениеті, дәстүрлері мен адамгершілік ұстанымдары айқын көрініс тапқан. Ақынның шығармаларында жастардың рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған көптеген идеялар бар.

1. Ұлттық Рух және Дәстүрлер

Фариза шығармаларында қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениеті жоғары бағаланады. Туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды сақтау

және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – ақынның басты идеяларының бірі. Ол жастарды ел тарихын білуге, салт-дәстүрді құрметтеуге шақырады.

2. Адамгершілік құндылықтар

Фариза өлеңдерінде адамгершілік қасиеттер, адалдық, мейірімділік және шынайылық басты тақырыптар болып табылады. Оның шығармалары жастарды дұрыс жолға, ізгілікке тәрбиелеу мақсатында жазылған. Ақын «жақсылық жасау» идеясын кеңінен насихаттайды.

3. Аналық мейірім және әйелдер образы

Фариза Оңғарсынова шығармаларында аналық махаббат пен әйелдің қоғамдағы орны ерекше сипатталады. Оның өлеңдері ананың мейірімін, әйелдер рөлін, отбасы берекесін мадақтайды. Бұл жас ұрпақты отбасылық құндылықтарға, әйелдер теңдігіне және ананың маңыздылығына тәрбиелейді.

4. Патриотизм және Отансүйгіштік

Фариза шығармаларында Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік айқын көрініс табады. Ақын жастарды Отанын сүюге, ел үшін қызмет етуге шақырады. Оның поэзиясы ұлттық сананы оятып, патриотизмді насихаттайды.

5. Жастарды Тәрбиелеу және Болашаққа Үміт

Фариза поэзиясында жасампаздық, еңбекқорлық, адамгершілік сияқты құндылықтар көтерілген. Жастардың алға қарай ұмтылуы, өмірге деген мақсатты көзқарасы мен еңбекқорлығы ақын шығармаларының өзегі болып табылады. Ол болашақ ұрпаққа өмірдегі қиындықтарды жеңу үшін күш-жігер мен құндылықтарды жеткізеді.

Фариза Оңғарсынованың шығармалары жастарды ұлттық рухқа, адамгершілікке, патриотизмге және еңбекқорлыққа тәрбиелейтін ерекше құндылықтарға толы. Оның поэзиясы болашақ ұрпақ үшін рухани мектеп ретінде қызмет етіп, адамгершілік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Фариза Оңғарсынованың еңбектері қазіргі заманауи тәрбие жүйесінде үлкен маңызға ие. Шығармалары жастарды ұлттық құндылықтар мен адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Ақынның поэзиясы мен проза шығармалары тәрбие беру барысында әртүрлі аспектілерді қамтиды: патриотизм, адамгершілік, аналық мейірім, ұлтжандылық және өмірлік құндылықтар.

Ақын еңбектерінің заманауи тәрбие жүйесіндегі орны:

Ұлттық тәрбие және патриоттық тәрбие

Фариза шығармалары жастардың патриоттық сезімін оятып, елінің тарихы мен мәдениетіне деген құрметті арттырады. Заманауи тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбие берудің маңызды құралы ретінде қолданылуы жастарды Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Адамгершілік құндылықтар мен моральдық тәлім

Ақынның өлеңдері мен жазбалары адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа, шынайылыққа тәрбиелеуге бағытталған. Заманауи тәрбие жүйесінде жастарды моральдық-адамгершілік негіздерге үйретуде Фариза шығармалары ерекше орын алады.

Әлеуметтік және отбасылық құндылықтар

Фариза өлеңдері отбасылық қатынастарды, аналық махаббатты, әйелдер рөлін

насихаттайды. Жастарға аналардың, әйелдердің қоғамдағы рөлін түсінуге және отбасылық құндылықтарды құрметтеуге көмектеседі.

Рухани даму және шығармашылық бағыт
Заманауи тәрбие жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту маңызды орын алады. Фариза шығармалары жастарды өзін-өзі дамытуға, рухани өсуге, жазба және поэзия өнерін игеруге ынталандырады.

Жеке тұлғаның қалыптасуы
Фариза Оңғарсынованың өлеңдері жеке тұлғаның өмірлік мағынасын, мақсаттарын анықтауға көмектеседі. Жастардың өзіне деген сенімділігін арттырып, тұлғааралық қарым-қатынастарды дұрыс қалыптастыруға бағытталған.

Заманауи тәрбиенің көпқырлылығы
Ақынның шығармашылығы заманауи тәрбие жүйесінде әртүрлі әдістермен: мектепте, колледжде, университетте немесе қоғамдық ұйымдарда пайдаланыла алады. Фариза өлеңдері білім алушы жастардың өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға әсер етеді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы заманауи тәрбие жүйесінде маңызды орын алады. Оның өлеңдері жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік, патриотизм және рухани дамуына ықпал етеді. Ақын еңбектері жастарға тәрбиелік және рухани мәнге ие, оларды тұлғалық өсуге және қоғамға пайдалы азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы болашақ жастар үшін рухани өнеге мектебі ретінде үлкен маңызға ие. Өлеңдері мен поэмалары ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаттарды, отансүйгіштік сезімдерді насихаттайды. Ақынның поэзиясында жастардың бойында рухани тазалық, өз елін сүю, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді қастерлеу идеялары кеңінен көрініс табады. Фариза Оңғарсынованың шығармалары жастарды тәрбиелеуде және тұлға ретінде дамытуда ерекше рөл атқарады.

Қорытынды ұсынысым:

- **Фариза шығармаларын оқу бағдарламаларына енгізу**: Оқу орындарында Фариза Оңғарсынованың өлеңдері мен поэмаларын оқу, талдау арқылы жастардың рухани өсуіне ықпал ету.
- **Көпшілік шаралар мен әдеби кештер өткізу**: Ақынның шығармалары негізінде ұйымдастырылатын әдеби кештер, оқырмандар конференциялары арқылы жастар арасында оның шығармашылығын кеңінен насихаттау.
- **Электронды және баспа материалдарды әзірлеу**: Фариза Оңғарсынова еңбектері бойынша арнайы электронды оқу құралдары мен кітаптар шығару арқылы жастарға қолжетімді ету.
- **Заманауи оқыту әдістерін қолдану**: Ақын шығармаларын заманауи тәрбие әдістерімен үйлестіріп, онлайн платформада, бейнемазмұнда, интерактивті сабақтарда қолдану.

- **Тәрбие жұмыстарының жүйелі жүргізілуі**: Әртүрлі жас топтары мен қоғамдағы әртүрлі топтарға арналған тренингтер мен семинарларда Фариза еңбектерін пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Оңғарсынова Ф. – Ақынның шығармалары мен поэзия жинақтары:
Оңғарсынова Ф. «Сен менің шырағымсың». Алматы, 2015.[1.15 бет]
2. Мәсімова Н. «Фариза Оңғарсынова: ұлттық рух пен адамгершілік». Алматы, 2014.[2.2 бет]
3. Құдайбергенова Г. «Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар». Астана, 2016.[3.22 бет]
4. Біржанова А. «Фариза Оңғарсынова және қазіргі жастар тәрбиесі». Шымкент, 2019.[4.50 бет]
5.Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы – Фариза Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы жинақтар мен мақалалар.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА - ТАЛАНТЫ БИІК ДАРА ТҰЛҒА

Кайыргазинова Саулеш Закарьяновна
Абай облысы Жарма ауданы Жарық ауылы
«Жамбыл атындағы орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі қазақ поэзиясы әлемге танымал рухани қазына десек, оның бастау-негізі ауыз әдебиетінде, от-жалынды жыраулар жырларында жатса, биіктеуі XIX ғасырдағы Махамбет, Абай есімдерімен байланысты екендігі, ал XX ғасырда Мағжан, Ілияс, Сәкен, Әбділда, Жұбан, Қасымдар көтерген поэзия күмбезін, олардың ақындық эстафетасын 1960 жылдардан бастап Мұқағали, Қадыр, Жұмекен, Фаризалардың жемісті жалғастырғаны белгілі. Отандық әдебиеттануда жүйелі зерттеліп келе жатқан тақырыптың бір саласына 60-90 жылдар поэзиясын жатқызуға болады. Ұлттық лириканың дамып-өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан ақын-жазушылардың шығармашылық болмыс-бітімін, ақындық қарым-қуатын зерттеу әр кезде де күн тәртібінен түскен емес. Қазақ әдебиеттану ғылымында лирика жанрына, жалпы поэзияға арналған мақалалар да, зерттеулер де баршылық, алайда қазіргі поэзия өрісіне (70-90 жылдар) арналған зерттеу еңбектері (Қ. Мәшһүр-Жүсіп, Б. Кәрібозұлы, А. Шәріп, т.б.) бірен-саран, жетімсіз. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілінің бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы Ф. Оңғарсынова шығармашылығы әр уақытта да жыр сүйер қауымның, әдеби сынның оң назарында болып, жоғары бағаланып келеді. Бүгінгі қазақ өлеңінің өресін, жалпы қазақ поэзиясының деңгейін Фариза туындыларынсыз толық елестету, анықтау мүмкін еместігін оңды ұғынсақ, ақын шығармашылығы бір

емес, бірнеше зерттеу еңбектері мен оқу құралдарына негіз бола алатыны күмәнсіз. Фариза - үлкен ақын. XX ғ. 60-жылдарының ешкімге ұқсамайтын жаңалығы мол үлкен өкілі,

Ф. Оңғарсынова шығармашылығын жан-жақты кең көлемде арнайы қарастырылуы соңғы жылдары қолға алына бастады. Дарыны асқан дарабоз ақынның табиғи талантының тылсым сырын таратып айту да, жіліктеп жазу да зерттеушіден үлкен зердені қажетсінеді. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың нақ ортасында "Сандуғаштан" (1966) серпін алып, сексенінші жылдардың аяғындағы құйылымы қадірлі, шырайы бөлек, қос томдық "Таңдамалыны" (1987) және "Қыз-ғұмырға" (1996) дейінгі аралықты қамтиды. Ақын Ф. Оңғарсынованың қаламгерлік қызметінің бір қыры аудармашылық және публицистикалық еңбегімен ұштасатынын ескерсек те, автордың тырнақалдысы - "Сандуғашынан" старт алған таза поэзиялық жыр жинақтары төмендегідей тізбені құрайды екен: "Маңғыстау маржандары" (1969), "Мазасыз шақ" (1972), "Асау толқын" (1973), "Көгершіндерім" (1974), "Мен сенің жүрегіңдемін" (1975), "Шілде" (1978), "Сенің махаббатың" (1979), "Сұхбат" (1983), "Жүрек күнделігі" (1984), "Дауа" (1985), "Маңғыстау монологтары" (1986), "Екі томдық: Таңдамалы шығармалары" (1987), "Өсиет" (1995), «Қыз-ғұмыр» (1996) және "Мен саған ғашық емес ем" (1999) сынды дүниелермен толықты.

Ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясының шырқау биіктерге көтерілгенін өз дәуірінде танып, бағамды байлауын айтып кеткен "алыптар тобының" өкілі Ғабит Мүсірепов болды. Сөз зергерінің ақынның 1983 жылы жарық көрген "Сұхбат" өлеңдер жинағына жазылған "Екі ауыз сөзінде" сарабдал суреткердің салмақты ой-пікірі берілген. Мұнда кітап авторының атына жай ғана жылы сөз айтыла салмай, ақын туындыларының табиғи танымына терең көз жіберген сөз зергері ой-пікірін дәйекті мысалдармен тұжырымдаған.

Фариза-бұл есім бүгін ерлік пен елдіктің сыршыл сұлулықтың ұлылықтың символы.Фариза біреу де болса,бірегей деген ұғымды білдіреді.Оның отты жырлары ұлттың қуанышы да, жұбанышы да болған.

Ақын – өз заманының ар-ұжданы. Әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұңдасы, берер дәрі-дауасы – поэзия болған.

Көңілді, жайлы күнімді,
Азапты қайғы мұңымды
Өзімменен бөліскенің үшін,
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қиындау тағдырым болып
О, баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем! –
деп толғайды. «Асау толқын» атты өлеңінде:
Тағдырыңды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа
Көз нұрың, болашағыңда – сол түбінде, елім
Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан – бар үміт сенде.

О, асау толқыным менің! –

деген жолдардан ақынның жастарға үлкен сеніммен, үмітпен қарайтыны анық байқалады.

Ақын шығармаларының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қырлары, үні бар. Қаламгердің жырлары құрылымы жағынан болсын, мән-мағынасы жағынан болсын, философиялық ойлары тұрғысынан болсын ерекше сипатқа ие.

Фариза апамыздың :

Шебер көп бұл заманда кілең керім,

Болмайтын ажыратып түр-өңдерін.

Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан,

Әжемнің осындай,жыр-өрнегім,-деген өлең жолдарында әжелеріміздің қолдарынан шыққан сан қилы оюлары,қолөнер бұйымдары жұртты таң қалдырса,Фариза апамыз өзінің өлеңдерімен жұртты сүйсіндіріп,халқының аяулы қызына айналып отыр

Әр халықтың өзіне тән дәстүрі ұлттық мәдени мұрасында көрініс табады.Қазақтың қолөнері,оның дәстүрі ғасырдан ғасырға өтіп біздің заманымызға жетіп отыр.Осындай халқымыздың асыл мұраларының бірі ою.Ақын Фариза Оңғарсынова өзінің өлеңіне қазақ халқының ең құнды мұраларының бірі ою-өрнекті арқау етеді.Жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықты дәріптеп,сіңірту арқылы елінің патриоты болуға шақырады.Оюлар өлеңін оқыта отырып,ата-бабаларымыздың жоғары ғұрыпты ғана емес,сонымен бірге эстетикалық тұрғыдан да жете дамыған халық екенін аңғарамыз.

Фариза апамыздың балаларға арнап жазған шығармалары да өте көп. Қай шығармасын алсақ та,тәрбиелік мәні өте зор.

Ақынның лирикалық кейіпкерлері ешкімге ұқсай бермейді, оқи отырып өзімен бірге күрсіндіріп, ойлантады, қуантып, мұңайтады, толғандырады. Үнемі талпыныс күй кешкізеді. Ұлыларды ұлықтау ұрпақтың парызы. Поэзия падишасының адуынды жырлары арқылы ұлы тұлғаларымыздың рухы тірілгендей болады. Өр рухтың жарқылы ойнаған шығармалары оқырманын қанаттандырады, патриотизмге баулиды, елін, жерін сүюге шақырады.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ БОЙЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Тұлғаның қоғамдағы орнын нығайтудағы тәрбие қағидаттары)

Калибекова Гульнур Каниятовна
Астана қаласы әкімдігінің «С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

"Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - дейді

өз сөзінде әл-Фараби. Ол білімнің тәрбиемен ұштасу қажеттігін және адамның мінез-құлқының дұрыс қалыптасуы маңызды екенін айтады.

Қоғамның дамуы мен оның тұрақтылығын сақтау үшін ең басты қажеттіліктің бірі – адамгершілік пен жауапкершілік қағидаттарын берік ұстанатын азаматтарды тәрбиелеу. Бұл бағытта біртұтас тәрбие жүйесінің рөлі ерекше, себебі ол тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етіп, оны қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастырады. Біртұтас тәрбие дегеніміз – адамгершілік, рухани, интеллектуалдық, физикалық және әлеуметтік тәрбиені өзара үйлестіре отырып жүзеге асыру.
Біртұтас тәрбие жүйесі жеке тұлғаны дамытудағы кешенді көзқарасқа негізделеді. Ол тәрбиенің барлық бағыттарын – адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік тәрбие түрлерін біріктіре отырып, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе қоғам мен жеке тұлға арасындағы байланыс механизмін нығайтады, өйткені тәрбие тек отбасы мен мектеп қабырғасында емес, сонымен қатар қоғамдық ортада да жүзеге асырылуы тиіс[1].

Қазіргі замандағы біртұтас тәрбие жүйесі білім беру мекемелерінің, отбасының және қоғамның тығыз ынтымақтастығын талап етеді. Әсіресе, жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік принциптерін және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру арқылы олардың болашақтағы рөлі мен орнын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, бұл жүйе әрбір тұлғаның даралығын ескеруге және оны жан-жақты дамытуға бағытталған.

Адамгершілік – адамның өзіне және қоршаған ортаға деген көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің өлшемі. Біртұтас тәрбиенің бұл бағытындағы негізгі мақсат – жеке тұлғаны ізгілікке, әділдікке, қайырымдылыққа баулу.

"Бақытқа жету үшін адамгершілікке негізделген тәрбие қажет", – деп әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары»[2] атты еңбегінде адам өмірінің ең басты мақсаты – бақытқа жету екендігін жазған болатын. Ал бақытқа тек ізгілік пен адамгершілік арқылы жетуге болады дейді.

Мектеп қабырғасында оқушыларды кішіпейілділікке, өзгелерге құрмет көрсетуге үйрету адамгершілік негіздерін нығайтуға ықпал етеді. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сынды дәстүрлер оқушы бойында жоғары моральдық қасиеттерді қалыптастырады.

Бұған қоса, адамгершілік тәрбиесі тек теориялық білім берумен шектелмеуі тиіс. Оқушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту, еріктілік әрекеттерге қатыстыру арқылы оларды мейірімділік пен жауапкершілікке үйретуге болады. Мұндай тәжірибелік жұмыстар оқушының қоршаған ортаға деген жанашырлығын арттырып, өзін қоғамның маңызды бір бөлігі ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Өзімнің жетекшілік ететін 5-сыныбымда оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалай қалыптастыруға тырысамын? Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан, әрбір сабағымыз адамгершілік қасиеттерді насихаттайтыны белгілі. Қазақ халқының дәстүрлі ертегілерін,

Ыбырайдың ғибратқа толы әңгімелері мен өлеңдерін, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын оқытып, содан алған әсерлерін, ойларына түйгенін сұрап, қорытынды жасатып отыру арқылы адамгершілік пен жауапкершілікті қалыптастырамыз. Тағы да бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынып отырмын:

1. ***Шығармашылық эссе жазу.*** Оқушылар "Менің отбасымдағы адамгершілік құндылықтар" немесе "Мен үлгі тұтатын тұлға" тақырыбында эссе жазды. Бұл жұмыс балалардың өз отбасындағы және қоғамдағы адамгершілікке қатысты көзқарастарын білдіруге мүмкіндік берді. Жазбаша жұмыстарын сыныпта оқи отырып, әр оқушы өзінің пікірін ортаға салып, өзгелердің құндылықтарын құрметтеуді үйренді.

2. ***Әдеби кейіпкерлерге талдау жасау.*** Қазақ даласында ағартушылық пен тәрбиенің негізін қалаған ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқан өсиеттері халқымыздың рухани және білім беру саласында терең із қалдырды. Педагогтің балаға тәрбие берудегі негізге алатын басты ұстанымы – адамгершілікке тәрбиелеу. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі»[3], - деп, өз әңгімелеріне үнемі осы тақырыптарды арқау етеді. Қазақ әдебиетіндегі Ыбырай Алтынсариннің әңгімелеріндегі Қыпшақ Сейітқұл, Атымтай жомарт сияқты кейіпкерлерді талдау барысында оқушылар адамгершілік қасиеттерге назар аударды. Олар кейіпкерлердің әділдік пен мейірімділікке, адалдық пен еңбекқорлыққа ұмтылысын талқылап, оны өз өмірлерінде қалай қолдануға болатынын айтты. Осындай талдаулар балалардың өз іс-әрекеттеріне сыни көзбен қарауға көмектесті.

3. ***Психологиялық тренингтер өткізу.*** **Оқушылардың бір біріне деген мейірімділігін, сүйіспеншілігі мен адамгершілігін арттырып, бір бірін жақынырақ тану үшін, сынып сағатында түрлі тренингтер өткізуге болады. Мысалы, «Сыныптасыңды құшақта» тренингісі арқылы оқушылар бір біріне мейірлене қарап, бұрынғыдан жақындай түсті.**

4. ***Топтық пікірталастар***. "Адамгершілікке апаратын жол қандай?" тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Бұл сабақта оқушылар топтарға бөлініп, әр топ адамгершілік қасиеттердің маңыздылығы туралы өз ойларын дәлелдеді. Бұл жұмыс жауапкершілік пен топтық жұмыстың маңызын түсінуге көмектесті.

Жауапкершілік дегеніміз – адамның өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне және олардың салдарына саналы түрде жауап беру қабілеті. Бала жауапкершілікке үйренгенде, ол өз уақытын тиімді жоспарлауды, міндеттерін орындауды, өзіне және өзгелерге қамқор болуды, қателіктерден сабақ алуды үйренеді. Жауапкершілік - баланың ерте жастан бастап қалыптасатын қасиеті. Бұл үрдісте отбасылық тәрбие мен мектептің рөлі ерекше.

Отбасы – бұл баланың алғашқы тәрбиелік ортасы. Баланың жауапкершілікке деген алғашқы қадамдары үй тапсырмаларын орындау, үй шаруасына көмектесу, өз заттарын жинау сияқты әрекеттерден басталады. Ата-ананың мінез-құлқы – бала үшін басты үлгі. Егер ата-ана өз міндеттерін жауапкершілікпен орындаса, бала да бұл қасиетті бойына сіңіреді[4].

Мектеп – баланың жауапкершілігін дамытудағы маңызды орындардың бірі. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің үйлесімді жұмысы баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Мұғалімдер балаларға тапсырмалар беру арқылы олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттырады. Тапсырмалардың мерзімін белгілеу, бағалау жүйесі баланы жауапкершілікке үйретеді. Сынып сағаттары, дебаттар, ұжымдық іс-шаралар арқылы балалар бір-біріне қамқор болуды, ортақ міндеттерді орындауды және топпен жұмыс істеуді үйренеді. Әр бала ерекше. Мұғалімдер баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оған бағыт-бағдар беруі қажет. Бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттырады және жауапкершілік сезімін оятады. Ата-аналар мен мұғалімдер тұрақты байланыста болып, балаға қойылатын талаптарды бірізділікпен орындауы қажет. Баланың жетістіктерін мадақтау және оны қызықтыру арқылы оған жауапкершілік сезімін оятуға болады. Бала жасаған қателіктерінің салдарын түсініп, оларды түзетуді үйренуі керек.

Бала бойында жауапкершілік қасиетін қалыптастыру – ұзақ және үздіксіз процесс. Бұл тек ата-ана мен мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Біртұтас тәрбие арқылы балаға дұрыс бағыт-бағдар беру оның болашақтағы табысты, саналы, және жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Жауапкершілікті тәрбиелеудегі әрбір қадам – болашаққа салынған негіз[5].

Сыныптағы жауапкершілікті нығайтуды сынып белсенділерін тағайындаудан бастауға болады. Сынып белсенділеріне 7-8 оқушыны емес, барлық оқушыны кіріктіруге болады. Әр оқушының өзіне жүктелген міндеті болып, ешбірі жауапкершіліктен қалып қоймауы керек.

Тұлғаның қоғамдағы орнын нығайтудағы тәрбие қағидаттарының бірі – жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты сақтау. Әрбір баланың қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуына қолдау көрсету маңызды. Бұл үшін білім беру мекемелері мен отбасының арасындағы тығыз байланыс қажет. Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етіп, оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді[6].

Сонымен қатар, тәрбие беру үдерісінде тұлғаның жас ерекшелігіне сәйкес әдістер қолданылуы тиіс. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларын ертегілер мен ойындар арқылы тәрбиелеу тиімді болса, жоғары сынып оқушылары үшін пікірсайыстар мен шығармашылық жобалар ұйымдастыру пайдалы. Бұл әдістер оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың өз пікірін еркін білдіруіне жағдай жасайды[7].

Біртұтас тәрбие – қоғамға қажетті азаматтарды тәрбиелеудің негізгі құралы. Ол адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру арқылы тұлғаның қоғамдағы орнын нығайтады. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде жеке тұлға өз іс-әрекеттеріне саналы түрде қарауға, өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға және қоғамның дамуына үлес қосуға дайын болады. Сондықтан білім беру жүйесі мен отбасының бірлескен күш-жігері арқылы тәрбие қағидаттарын тиімді іске асыру – қазіргі заманның өзекті міндеттерінің бірі[8].

Бала бойында жауапкершілік қасиетін қалыптастыру – ұзақ және үздіксіз процесс. Бұл тек ата-ана мен мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Біртұтас тәрбие арқылы балаға дұрыс бағыт-бағдар беру оның болашақтағы табысты, саналы, және жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Жауапкершілікті тәрбиелеудегі әрбір қадам – болашаққа салынған негіз.

Біртұтас тәрбиенің бағыттары адамгершілік пен жауапкершілікті қалыптастыру арқылы іске асады. Ата-ананың, мектептің және қоғамның бірлесе әрекет етуі арқылы балада құндылықтарға негізделген тәрбие қалыптасады. Адамгершілікке баулу – жауапкершілік сезімін арттырудың негізі. Бұл бағытта отбасының мейірімділігі, мектептің әдістемелік қолдауы және қоғамның оң әсері шешуші рөл атқарады. Нәтижесінде, адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерімен сусындаған бала қоғамға пайдасын тигізетін саналы азаматқа айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
2. Әл-Фараби. "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары".
3. Ыбырай Алтынсарин. "Тәрбие туралы өсиеттер".
4. Қалиұлы С. "Ұлттық тәрбие негіздері".
5. Рахымжанов Т. "Қазіргі заманғы білім беру және тәрбие үдерістері".
6. Мұқанов, М. Ж. "Тұлғаның даму психологиясы." - Алматы: Қазақ университеті, 2002.
7. Жұмабаев, М. "Педагогика." - Алматы: Рауан, 1995.
8. Қожахметова, К. Ж. "Тұлға тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар." - Алматы: Білім, 2010.
9. Выготский, Л. С. "Психология развития ребёнка." - Москва: Просвещение, 1984.
10. Смирнов, С. Н. "Мектептегі әлеуметтік-психологиялық қолдау." - Мәскеу: 2007.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ МЕН КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кашаулиева Гульмира Көкталқызы
«Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Искаков Нурлан Мендыбаевич
мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Кіріспе. Қазақ әдебиеті тарихында ұлт рухын, оның терең тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, тілін, ділін сақтауға зор үлес қосқан қаламгерлердің бірі – Фариза Оңғарсынова. Оның шығармашылығы ұлттық

мүдде мен көркемдік құндылықтардың терең үндестігін айқындайды. Оңғарсынова поэзиясы мен прозасы қазақ халқының әлеуметтік-рухани болмысын, оның күрделі, бірақ қасиетті тарихын, табиғатпен тығыз байланысын көрсетеді. Оның шығармашылығының негізінде қазақтың ұлттық рухы, тіл мен мәдениетінің дамуы және адамгершілік құндылықтар жатыр.

1. Ұлттық мүдде мен ұлттық сана

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында ұлттық мүдде басты орын алады. Бұл шығармаларында қазақ халқының өзіне тән дүниетанымы, болмысы мен қадір-қасиеті айқын көрініс табады. Ол – тек әдебиет қана емес, ұлттық рухты сақтап қалу, қазақ қоғамының рухани жаңғыруына өз үлесін қосуға да зор мән берген жазушы. Оңғарсынова қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтау, дәстүрлерді жаңғырту, тіл мен мәдениетті дәріптеу тақырыптарына жиі оралады. Оның шығармалары ұлттық сананы оятып, жас ұрпақты өз тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, ұлттық мұраны сақтауға шақырады.

2. Тіл мен әдебиет – ұлттық мәдениеттің негізі

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында қазақ тілінің орны ерекше. Ол қазақ тілінің сұлулығын, құдіретін, оны сақтау мен дамыту қажеттілігін өз шығармаларында ашық көрсетеді. Оңғарсынова тіл арқылы ұлттың рухани әлемін, оның болмысын сақтауға үлкен назар аударады. Оның шығармаларында қазақ тілінің байлығы мен сұлулығы, сөздің мағыналық тереңдігі айқын көрінеді.

Қазақ тілінің қоғамдағы орнын, оның мәдениетіміздегі рөлін көрсету – Ф. Оңғарсынованың басты мақсаты. «Қазақ тілі» атты өлеңінде ол тілдің ұлттың рухани болмысын сақтаушы ретіндегі маңыздылығын нақты айтады. Қазақ тілін қорғау мен дамыту, оны кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру тақырыбы Фариза Оңғарсынованың шығармашылығында үнемі өзекті болып келеді. Ол тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың тарихы мен мәдениетін, әлемге деген көзқарасын айқындайтын маңызды элемент екенін ұғындырады.

3. Әлеуметтік мәселелер мен әйелдер проблемасы

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында ұлттық мүдде мен әлеуметтік мәселелер тығыз байланысты. Оның шығармаларында қоғамдағы әділетсіздік, әйелдер мәселесі, адамның өз құқығын қорғауы секілді әлеуметтік тақырыптар жиі көтеріледі. Қазіргі қоғамдағы әйелдің орны мен оның құқықтары, сондай-ақ теңсіздік мәселелері – Оңғарсынованың шығармашылығында үлкен орын алады. Ол қазақ қоғамында әйелдің жағдайын терең зерттей отырып, әйелдерге қатысты кемсітушілік пен қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікке қарсы шығады.

Оның «Мен сені қызғанамын», «Жақсы көру» өлеңдері қазақ әйелінің жасырын сезімі мен сүю ерекшелігін көрсетеді. Ф. Оңғарсынова қазақ әйелінің рухани күшін, оның қоғамдағы ұлы рөлін, сондай-ақ әйелдің тәуелсіздігін, еркіндігін ашық көрсетеді. Бұл өлеңде әйел адамның тек отбасындағы ғана емес, қоғамдық өмірдегі орны да маңызды екені айтылады. Ф.Оңғарсынова әйелдің ішкі жан дүниесін, арман-мүддесін, оның қасіретін және қуаныштарын терең түсініп, осы мәселелерді шығармаларында көрсетуге тырысады.

4. Табиғат пен адам: ұлттық таным мен рухани құндылықтар

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығында табиғаттың бейнесі үлкен мәнге ие. Табиғат – оның шығармашылығында адам мен оның рухани дүниесінің ажырамас бөлігі ретінде көрінеді. Ол табиғатты тек табиғат ретінде емес, сонымен қатар, адам мен әлемнің үндестігін, ұлттың рухын сақтайтын бейне ретінде көрсетеді.

Оның өлеңдерінде табиғат – қазақ халқының рухани әлемінің бейнесі, оның ішкі күйі мен көңіл-күйінің айнасы ретінде көрінеді. Фариза Оңғарсынова табиғаттың сұлу көріністері арқылы адамгершілік, ізгілік, туған жерге деген сүйіспеншілік сияқты маңызды құндылықтарды паш етеді. Ол «Ей, табиғат, құпия арман-ғалам», «»Шеберсің-ау, табиғат, шірікін, ана» деп табиғатты қорғау, оны құрметтеу арқылы қазақ халқының ұлттық дүниетанымын көрсетуге тырысады.

5. Көркемдік құндылықтар: тілдің нәзіктігі мен символизм

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында тілдің сұлулығы мен нәзіктігі, сөздің терең мағынасы ерекше орын алады. Ол поэзиясында метафораларды, символдарды кеңінен қолдана отырып, терең философиялық ойларды жеткізеді. Бұл оның шығармаларының эстетикалық құндылығын арттырып, оқырманның рухани дүниесіне әсер етеді.

Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы символизм мен метафоралар қазақ әдебиетінде жаңа тыныс ашады. Оның өлеңдерінде табиғаттың бейнесі, әйелдің бейнесі, сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлеріне қатысты символдар жиі кездеседі. Осылайша, оның шығармашылығы қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін жоғарылатып, ұлттық әдебиетімізге жаңа мағыналар мен мәндер қосады. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының басты көркемдік құндылығының бірі – қазақ тілінің байлығы мен сұлулығын ерекше көрсетуі. Оның өлеңдеріндегі сөздер терең ойды, сезім мен көңіл күйді дәл әрі нәзік жеткізу үшін ерекше таңдалып, қолданылған. Ақынның тілінде метафоралар мен символизм кеңінен пайдаланылады, бұл оның шығармаларына ерекше әсемдік береді. Мысалы, оның «Тақ пен тіл» атты өлеңінде тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухы мен тағдырының бір бөлшегі ретінде көрінеді. Ф.Оңғарсынова қазақ тілінің сұлулығын, оның терең мағынасын жоғары бағалап, оны ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау қажеттігін айтады.

6. Лиризм мен терең философия

Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі лиризм мен философияның байланысы оның көркемдік құндылықтарының тағы бір маңызды элементі болып табылады. Ақынның өлеңдері адамның ішкі дүниесін терең жырлайды, оның рухани ізденісін, көңіл-күйінің құбылуын суреттейді. Сонымен бірге оның шығармашылығында қоғамдық мәселелер, адам баласының өмір мен өлім, махаббат пен қорғаныс сияқты тақырыптар да кеңінен қамтылады. Бұл философиялық тереңдік Оңғарсынова өлеңдерін тек эстетикалық құндылығы жоғары ғана емес, сонымен қатар ой салатын шығармаларға айналдырады.

7. Поэзиядағы рухани ізденіс

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында рухани ізденіс ерекше орын алады. Оның өлеңдері тек сыртқы көріністер мен оқиғаларды баяндап қана қоймайды, олар адамның жан дүниесіне, оның ішкі әлеміне терең енуге

бағытталған. Ақынның әрбір өлеңі – оқырманды толғандыратын, ойлантатын, ізденіске жетелейтін туынды. Оның шығармалары арқылы ұлттың рухани болмысын түсінуге, оның дәстүрлері мен мәдениетін бағалауға деген жаңа көзқарас қалыптасады. Мысалы, «Жанымның тынысы» өлеңінде ақын рухани тазалық, ішкі еркіндік, өзіңді тану мен өмірдің мәнін іздеу мәселелерін көтереді.

Қорытынды

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, поэзиясы мен прозасы арқылы ұлттық рух пен көркемдік құндылықтарды жоғары деңгейде ұсына білген ақын. Оның шығармашылығында ұлттық сана, қоғамдық мәселелер мен адамгершілік құндылықтар көркемдік тұрғыдан терең өрнектелген. Әсіресе, ақынның өлеңдеріндегі көркемдік құндылықтар – тілдің сұлулығы, метафора мен символизмнің қолданылуы, ұлттық тақырыптардың терең ашылуы мен философиялық тереңдік оның әдебиетке қосқан үлесі ретінде әдеби ортада ерекше бағаланады. Көркем тілінің ерекшелігі тек поэзияның эстетикалық дәрежесін ғана емес, сонымен бірге оның идеялық мазмұнын да тереңдетеді. Фариза Оңғарсынова өз шығармалары арқылы ұлттың рухани болмысын сақтап қалуға зор үлес қосқан қаламгер ретінде қазақ әдебиетінде мәңгілік із қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова Ф. “Шығармалар жинағы”. Алматы: Жазушы, 1995.
2. Оңғарсынова Ф. “Мен – қазақ әйелімін”. Алматы: Жалын, 1987.
3. Шалабаева Н. Қ. “Фариза Оңғарсынова және қазақ поэзиясы”. Алматы: Қазақ университеті, 2003.
4. Қасымбекова С. “Қазақ поэзиясындағы Фариза Оңғарсынова: дәстүр мен жаңашылдық”. Алматы: Рауан, 2001.
5. Адамбекова А. “Ұлттық рух пен өнердегі қазақ әйелінің бейнесі (Фариза Оңғарсынова шығармашылығы бойынша)”. Жас ғалым, 2010.
6. Оңғарсынова Ф. “Өлеңдер мен поэмалар”. Алматы: Өнер, 1999.
7. Оңғарсынова Ф. “Өлеңдер жинағы”. Алматы: Өнер, 2001 ж..
8. Сейітов Б. “Фариза Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы”. Алматы: Мектеп, 1997.
9. Тұрсынов С. “Қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі”. Алматы: Санат, 2006.
10. Ахметова З. “Қазақ поэзиясындағы ұлттық тақырыптар”. Алматы: Қазақстан, 2004.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫН ГИПЕРМӘТІНДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Корыкбасова Галия Кайдаровна
Астана қаласы әкімдігінің “Қадыр Мырза Әлі атындағы
№88 мектеп-лицейі” ШЖҚ МКҚ,
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Фариза Оңғарсынова қазақ халқының аса талантты ақын қыздарының бірі. Ол 1939 жылы қазіргі Атырау өңіріндегі Манаш аулында дүниеге келген.

Қазақ поэзиясына 1960 жылдардың бас кезінде кіріп келген Фаризаның өлең - жырларында жайықтың суындай жағаны соққан адуынды көңіл күй ерекше сезіледі. Фаризаның өлеңдері Каспийдің алапат толқынындай айбынды, Каспийдің аққуларындай пәк, мөп-мөлдір, таза, туған даласындай кең, аруанасындай маңғаз, күніндей ыстық, тауларындай асқақ боп сыр шертеді.

Фаризаның әдебиет әлеміне келер жолдағы алғашқы «тәрбиешілері» анасының аузынан естіген ертегі, жыр, аңыздар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар; және өзі оқыған қазақ халық әдебиетінің туындылары. Міне осылар ақынды әдебиет әлемінің есігін ашуға себепші болды.

Фаризаның 1967 жылы «Бұлбұл» деген атпен тұңғыш жыр кітабы жарық көріп жұртшылыққа кеңінен таныла бастады. Фаризаның жас оқырмандарға арналған өлең - жырлары да аса мол, тым тартымды. «Оюлар» өлеңінде Фариза Оңғарсынова өзінің өлеңіне қазақ халқының ең құнды мұраларының бірі ою - өрнекті арқау етеді. Біз «Оюлар» өлеңін оқи отырып ата - бабаларымыздың жоғары ғұрыпты ғана емес, сонымен бірге эстетикалық тұрғыдан да жете дамыған халық екендігін аңғарамыз.

Ақын өз өлеңінде өмір мен өнердің ең әсемін жіті көріп асқан шеберлікпен жырлай білген.

Түрін - ай текеметтің! Асыл қандай.
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай
«Келе ғой қошақаным өзіме»! деп

Әжем кеп сипағандай шашымнан жай»,- дейді. Туған жердің жасыл кезін жайнатып түсірген оюларды көргенде «келе ғой»,- деп шақырып тұрған әжесін көргендей болады. Текеметтің әрбір өрнегі көзіне ыстық көрініп анасына, әжесіне деген сағыныш сезімін тербейді. Әжесінің көзіндей бұл оюларды көргенде көз алдына әжесінің тарамысты саусақтарын көрінгендей болады. Менің де жыр өрнегім әжемнің оюындай ғасырлардан сүрінбей өте алар ма екен дейді. Сағынышына басқұр, өрнекті медет тұтады.

Сүйеніп тұскиізге тұрып қаппын,
Көз жазып оюлардан қалам ба деп.
Мөлдір шық жасырынды жанарға кеп, - дейді [1].

Көркем шығарманы түсіну - көп қырлы әрі көп деңгейлі процесс, ол оқырманның тілдік және жалпы мәдени дамуына тәуелді, себебі мәтінді оқу мен түсіну барысында сол оқырман мәтіннің мағыналы болуына ықпал етеді. Ю. М. Лотманның айтуынша: «Мәдени жадтың көлемі мен құрамының айырмашылығы тіпті бір дәуірдің оқырмандары арасында да айтарлықтай болады. Сондықтан дәйексөз, әсіресе ол «...» белгісімен ерекшеленсе, тұспал жасай отырып, оқырман аудиториясын «өзімдікі – бөтен», «жақын – алыс», «түсінетін – түсінбейтіндерге» бөледі. Бұл жағдайда мәтін «керек қылған адам түсініп алар» қағидасы бойынша өмір сүреді. Сонымен қатар, оқырманды мәтінге жақындатудың көп сатылы жүйесін құратын қос сілтеме жағдайы өте жиі кездеседі: кейбіреулер мәтінді авторлық ойдың тікелей көрінісі ретінде қабылдайды («бөтен оқырман»), басқалары мәтінде тұспал бар екенін түсінеді, бірақ оны шеше алмайды, ал үшінші топтағы оқырмандар мәтіндегі дәйексөзді

белгілі бір сыртқы мәтінмен байланыстырып, осы салыстырудан туындайтын мағынаны тани алады. Төртінші топтағы оқырмандар болса, бұл дәйексөздің тұспалын бірден танып, оның эмоционалды-мәдени ореолын, «семантикасының төркінін» терең түсініп оқиды [2].

Гипермәтіндік технологиялар - бұл ақпаратты ұйымдастыру, сақтау және ұсыну әдістерін қамтитын технологиялық жүйе. Гипермәтіннің негізгі принципі - мәтіндік ақпараттың бөлшектерін (параграфтар, сөздер, суреттер және т.б.) бір-бірімен сілтемелер арқылы байланыстыру. Бұл сілтемелер пайдаланушыға бір ақпараттан екінші ақпаратқа, яғни гипермәтіндік элементтер арасында жылдам әрі оңай өтуді қамтамасыз етеді.

Білім беруде гипермәтіндік технологиялардың пайдасы зор, себебі олар оқу процесін тиімдірек, ыңғайлы және қызықты етеді. Міне, білім берудегі гипермәтіндік технологиялардың негізгі артықшылықтары:

- Ақпаратқа жылдам қол жетімділік: Гипермәтіндік сілтемелер арқылы оқушылар қажетті ақпаратты тез таба алады. Бұл оқу материалдарын іздеуді жеңілдетеді және уақытты үнемдейді.

- Оқушының қызығушылығын арттыру: Гипермәтіннің интерактивтілігі жеке материалды белсенді зерттеуге мүмкіндік береді, бұл білім алу процесіне қызығушылықты арттырады.

- Көпмедиялық контент (мазмұн): Гипермәтіндік технологиялар мәтін, сурет, видео және дыбысты біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл оқу материалдарын түрлі форматта ұсыну арқылы білімді қабылдау мен есте сақтауды жеңілдетеді.

- Интербелсенді оқыту: Гипермәтіндік жүйелер арқылы оқушылар мен мұғалімдер арасында кері байланыс орнату мүмкіндігі туындайды, мысалы, форумдар, онлайн талқылаулар мен сауалнамалар.

- Ақпаратты ұйымдастыру: Гипермәтіндік құрылым оқушыларға ақпаратты логикалық түрде түсінуге көмектеседі және оларды топтастыруға, салыстыруға мүмкіндік береді.

- Топтық жобалар мен ынтымақтастық: Гипермәтіндік технологиялар оқушыларға бірлескен жобалар жүргізуге мүмкіндік береді. Олар ақпаратты бөлісіп, бірлесіп жұмыс істей алады.

- Жеке оқыту: Гипермәтіндік сілтемелер мен материалдарды пайдалану білім алушыларға өз қарқынымен оқуына мүмкіндік береді, бұл олардың жеке даму қажеттіліктеріне сай келеді.

Білім берудегі гипермәтіндік технологиялар қолдану, оқытушылар мен студенттерге тиімдірек білім алу әдістерін ұсынады, сонымен қатар оқу процесін қызықты әрі құрылымды етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында гипермәтіндік технологияларды қолдану оқушылардың оқу материалына деген қызығушылықты оятуға көмектеседі. Гипермәтіндік технологияларды қолданудың бірнеше тәсілдерін көрсетейік:

- Гипермәтіндік әдебиет оқулықтары: Оқулықтарда гипермәтіндік сілтемелер арқылы шығармалардың мазмұны, кейіпкерлері, авторлар туралы қосымша ақпаратқа немесе әдеби сын материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін ресурстар орналастыру.

•Интербелсенді веб-сайттар: Оқушылар үшін гипермәтіндік сілтемелермен толықтырылған ақпараттық веб-сайт құру. Мысалы, белгілі бір автор немесе шығарма туралы материалдар, дәуір мен стильдер жайлы сілтемелер қосу.

•Электронды әдеби энциклопедиялар: Оқушылар электронды энциклопедиядағы (мысалы, қазақ әдебиеті, тарихы бойынша) гипермәтіндік элементтерді пайдалана отырып, шығармалар мен авторлар туралы зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

•Мультимедиялық презентациялар: Гипермәтіндік сілтемелерді қамтитын презентациялар даярлау. Ақпараттық слайдтарда шығармалардың қысқаша мазмұнын, автор өмірбаянын, видео немесе анимациялық контентті көрсету.

•Онлайн платформадағы жобалар: Оқушылар топ болып интернет платформаларында (мысалы, Google Docs, Padlet) бірлескен жобаларды жүргізіп, әр бөлімде гипермәтіндік сілтемелер мен ресурстарды пайдаланып, әдебиетке қатысты зерттеулер мен талдаулар жүргізе алады.

•Виртуалды әдебиет сабақтары: Онлайн сабақтарда гипермәтінді ресурстарды пайдаланып, білім алушылар шығармаларды оқи отырып, оларға қатысты материалдарға (мысалы, фильм, музыкалық бейнемазмұн) сілтеме жасай алады.

Бұндай әдістер оқу үрдісін белсенді етіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Мектепте оқытылатын мәтіндердің жартысынан көбі - отандық классикалық әдебиет үлгілері. Ал бұл шығармалардың дені өткен ғасырлар мен дәуірлерден. Сәйкесінше, шығармада суреттелетін тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр мен наным-сенімдер де, тіпті жеке сөздер де білім алушыға таныс емес болуы әбден мүмкін. Осылайша көркем шығарма әлемі заманауи оқырман үшін түсініксіз болуы - анық заңдылық.

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бұл үрдіс тілді жақсы білмеу есебінен арта түседі. Осындайда шығарма тілін жақсы түсінуге көмектесетін аталмыш технология болмақ.

Фариза Оңғарсынованың «Оюлар» өлеңі орта мектептің 8-ші сыныбы бағдарламасында берілген. Осы шығарманы гипермәтіндік әдіске салып, оның ұтымды жақтарына талдау жасадық.

Түрін-ай тәкәметтің! Асыл қандай!
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
«Келе ғой, қошақаным, өзіме!» - деп
әжем кеп сипағандай шашымнан жай.
Күйімді кешсендер-ау сол беттегі,
тұрғандай ана-көңіл тербеп мені.
Жан бітіп жайраңдайды жан-жағымнан
қазақтың қошқар мүйіз өрнектері.
Аңсаумен күнім өтті қанша менің,
желбауда, басқұрда ма аңсау емім.
Әжемнің көзіндей бұл оюларды

таба алмай дала кезіп шаршап едім.
Елестеп көз алдыма сән шақтарым,
келгендей құлағыма аңсатқан үн.
Түрінен текеметтің көріп тұрмын,
әжемнің тарамысты саусақтарын.
Шебер көп бұл заманда кілең керім,
болмайтын ажыратып түр-өңдерін.
Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан
әжемнің оюындай жыр-өрнегім...
Болардай басқұр, өрнек маған медет,
белгісі балғын шақтың карар жебеп,
сүйеніп түскиізге тұрып қаппын
көз жазып оюлардан қалам ба деп.
Мөлдір шық жасырынды жанарға кеп...
1981

Мәтінді түсінудің белгілі 3 деңгейі бар екенін білеміз: тілдік (лингвистикалық), семиотикалық және референттік. Жоғарыда көрсетілген өлең жолдарындағы сілтемелер осы үш деңгейде де шығарма мәтінін тануға көмектеседі.

Сөздердің лексикалық мағынасын қарапайым білмеу жалпы мәтінді түсінбеуге әкеледі. Мәтінді танудың ***лингвистикалық деңгейін*** гипермәтіндік технология арқылы тануға мысал бұл өлең жолдарындағы *үңілдім, сипағандай, тербеп, аңсатқан, медет*, т.б. лексикалық бірліктерге сілтеуден меңгертеміз. Жаңа сөздермен танысу кезеңінде мәтіннің тілдік дәңгейін меңгеруде гипермәтін таптырмас құрал.

Мәтіннің ***семиотикалық деңгейін*** тану – екінші, әрі маңызды қадам, ол оқушыны әдеби шығарманы қабылдауда лингвистикалық деңгейден бір саты жоғары көтеріп, оқырман ретінде талғамын арттырады. Көркем мәтінде сөздің тура мағынасы ғана емес, оның мәдени дәстүрдегі тұрақты мағыналары да маңызды болуы мүмкін. Айталық өлеңдегі *кілең керім, тарамысты, мөлдір шық* тіркестерін талдауда бұл бірліктерді көркемдеуіш құрал ретінде қолданған басқа да туындыларға сілтеме жасап таныстыруға болады.

Үшінші деңгей тілдің ***референттік*** қызметімен анықталады, ол әрқашан бізді қандай да бір шындыққа бағдарлайды: тұрмыстық, әлеуметтік, психологиялық, діни және т.б. Көркем мәтін бұл - басталуы, аяқталуы, шарықтау шегі және т.б. бар тілдің композициялық кеңістігі ғана емес, сонымен қатар сыртқы немесе ішкі әлемнің көрінісі. Шығармада бейнеленген тарихи шындықты түсінбеу және білмеу оқырманға сөздердің лексикалық немесе семиотикалық мағынасын білмеумен пара-пар. Мәтінде бұл деңгейлердің барлығы бір мағыналы элементте – сөзде қиылысады, сонымен бірге кейбір жағдайларда мәтінді лексикалық қайта құру, екіншісінде – семиотикалық, үшіншісінде – тарихи-мәдени жақтан жұмыстар жүргізу қажет, бұл нақты әдістемелік міндетке немесе білім беру жағдайына байланысты.

«Оюлар» өлеңінде біз *қошқар мүйіз* (видео-сілтеме), *желбау* (бейне-сілтеме), *басқұр* (бейне-сілтеме), *түскиіз* (мәтіндік сілтеме) секілді архаизмдерді суретті, бейнелі контентке сілтеме жасау арқылы таныстырамыз. Сондай ақ бұл ұлттық тұрмыстық заттардың тарихымен, этимологиясымен, тіпті жасалу техникасымен таныстыратын сілтемелерге де жүгінуге болады. Ол әрине білім алушылардың жас ерекшелігіне, тілді меңгеру деңгейлеріне тікелей байланысты.

Бұл гипер-сілтемелер оқушы алдында шығарманың құндылығына арттырады, онымен қоса білім алушының мәдени-тарихи дүниетаным көкжиегін арттырады. Гипермәтіндік технологиялар мәтінді сызықтық деңгейде, яғни қатаң реттілікпен емес, оны жан-жақты (бейнелік, аудио, визуалды) қабылдап, субъекттің эмоционалды жағына бағытталған. Ал бұл шығарманы танудың, қабылдаудың ең ұтымды жолы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиет пәнінен Фариза Оңғарсынова "Оюлар" өлеңі https://infolesson.kz/debiet-pninen-fariza-oarsinova-oyular-lei-732705.html

2. Лотман Ю.М. Пушкин. - СПб., 1995. - С. 414.

3. Сұлтанғалиева Ж.С. Қазіргі қазақ поэзиясы және Ф.Оңғарсынова лирикасы https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/214/553

4. Қазақша ою-өрнек түрлері және мағынасы https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2043622-qazaqsa-oyu-ornek-turleri-zane-magynasy/

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ БЕН ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫ

Мадреймова Шамсия Марленовна
«Ф.Оңғарсынова атындағы мектеп-гимназиясының»
бастауыш сынып мұғалімі педагог-шебер,
Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері
Мукажанова Алуа Бекмуратовна
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің бірегей тұлғасы, ақын, жазушы, журналист. Оның шығармашылығы қазақ халқының рухани әлемінің тереңдігін көрсететін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларға бай. Ақынның поэзиясы мен прозасында ұлттық болмыс, ана тілі, салт-дәстүр, туған жерге деген сүйіспеншілік басты тақырыптар болып табылады.

Фариза шығармашылығының өзегінде туған жерге деген махаббат айрықша орын алады. Оның өлеңдерінде ауылдың көркем табиғаты, қазақ даласының сұлулығы жан-жақты суреттеледі. Мәселен, “Туған жер” атты өлеңінде ақын:

“Сағынышым – сағым ойнап кең дала,
Сені аңсаймын, ақ самалы жел ғана.”

деп, туған жерге деген сағынышын, оның рухани құндылығын ашып көрсетеді. Ақын үшін туған жер – тек өмір сүретін мекен емес, ол халықтың өткені мен болашағын байланыстыратын қасиетті ұғым.

Ақын шығармашылығында ана тілін сақтау, ұрпаққа жеткізу мәселесі ерекше орын алған. Ол өзінің көптеген өлеңдері мен мақалаларында тілді тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың жаны, рухының тірегі деп қарастырады. Мысалы, “Ана тілім – ардағым” өлеңінде Фариза ана тілінің маңыздылығын:
“Тілім барда қазағым бар, мен бармын,
Тілімменен рухымды жырлармын,”
деген жолдармен бейнелейді. Ақынның бұл сөздері ана тілі – ұлттық бірліктің символы екенін түсінуге жетелейді.

Фариза поэзиясында ұлттық құндылықтарды әйел образы арқылы дәріптеу де кеңінен орын алады. Ол әйел-ананың бейнесін қазақтың рухани тірегі, отбасының ұйытқысы ретінде суреттейді. Ақын қазақ қыз-келіншектерінің қайсарлығы мен мейірімділігін дәріптеп, олардың қоғамдағы рөлін жоғары қояды. Фариза Оңғарсынованың анасына деген ерекше сүйіспеншілігін өлеңдерінен де байқауға болады. «Шілде» атты бір ғана өлеңдер жинағының ішінде анасына арнап жазған 7өлеңі бар. Сонымен бірге қазақ қыздарына арнап жазған жырлары өте көп. Ақын-композитор Ғазиза Жұбановаға арнап «Дыбыстар әлемі» дастанын, күйші Дина Нұрпейісоваға «Күй» диптихін, әнші Бибігүл Төлегеноваға арнап «Бибігүл-ән» жырын,Роза Бағлановаға «Назқоңыр» өлеңін, ақын Мәриям Хакімжановаға «Жыр анасы» туындысын және Әлия мен Мәншүкке «Тыңдаңдар, тірі адамдар!» топтама өлеңдерін арнаған болатын. Жазған мақалалары әйелдердің бастан өткен жайттары туралы,алған сұхбаттары да әйелдердің жетістіктері жайлы және өлеңдері де тұнып тұрған әйелдердің сезімі,көзқарасы тәжірбиесі.
Ал Қазақстан мәжілісінің депутаты болған кезде Фариза Оңғарсынова қазақ тілінде 2 заң дайындаған. Біреуі –«Ана мен баланы қорғау» заңы болса,екіншісі «Баланың құқығы» деп аталады.

Фариза Оңғарсынова ұлттық мінез бен қазақ халқының болмысын терең суреттейтін ақындардың бірі. Оның кейіпкерлері әрқашан ар-намыс, қайсарлық, адалдық секілді қасиеттерімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттерді суреттеу арқылы ақын ұлттың даралығын көрсетіп, жастарды адамгершілікке, ұлттық құндылықтарды сақтауға үндейді.
Фариза Оңғарсынова өз өлеңдерінде қазақ халқының мінезін ерекше бейнелейді. Ақын үшін ұлттық мінез – батылдық, қайсарлық, адалдық, намысқойлық, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің жиынтығы. Оның кейіпкерлері өз елін, жерін қорғауға дайын батырлар, өз шаңырағын сақтап, ұрпағын тәрбиелеп отырған аналар мен қоғам қайраткерлері. Мысалы, "Тыңдаңдар, тірі адамдар!" өлеңінде ол Әлия мен Мәншүктің ерлігін дәріптей отырып, қазақ әйелдерінің қайсарлығын, батырлығын жырлайды. Бұл – қазақ халқының намысшыл әрі өз еркіндігі үшін күресетін мінезін көрсетеді.

Фариза шығармашылығында ұлттық болмысты сақтаумен қатар, еркіндік, азаттық идеялары да көрініс табады. Ақынның жырлары жастарды рухани еркіндікке, өз ұлтының дара қасиеттерін мақтан тұтуға шақырады.
"Бостандық" тақырыбына арналған өлеңдерінде қазақ халқының еркіндік үшін күресі, оның қайтпас қайсар мінезі шебер бейнеленеді. Ақын шығармалары арқылы ұлттық рухты жаңғыртуға ұмтылады.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазақ халқының рухани байлығының көрінісі. Оның поэзиясы ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оқырманды елін, жерін, ана тілін сүюге шақырады. Ақынның туындылары арқылы біз халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін терең түсініп, болашақ ұрпаққа жеткізуге талпынамыз.

Фариза Оңғарсынова – тек ақын ғана емес, халқымыздың мәдениетін, ұлттық рухын сақтаушы тұлға. Оның шығармалары бүгінгі жастар үшін үлкен тәрбие көзі болып табылады.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы – ұлттық мінез бен қазақ болмысының терең көрінісі. Оның өлеңдері арқылы біз халқымыздың қайталанбас қасиеттерін, рухани байлығын, салт-дәстүрін, елге деген махаббатын түсініп, сезінеміз. Ақын өз шығармашылығы арқылы бізді туған жерді, ана тілді, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және сақтауға үндейді.

Фариза Оңғарсынова – қазақ руханиятының жарқын өкілі, оның өлеңдері мәңгілік ұлттың айнасы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. **Оңғарсынова, Фариза.**
   "Шілде" – Өлеңдер жинағы. Алматы: Жазушы баспасы, 1987.
2. **Оңғарсынова, Фариза.**
   "Дыбыстар әлемі" – Композитор Ғазиза Жұбановаға арналған поэмалар мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 1994.
3. **Оңғарсынова, Фариза.**
   "Қыз ғұмыр" – Әйелдер тақырыбына арналған өлеңдер жинағы. Алматы: Ана тілі, 2003.
4. **Ахметова, Зейнолла.**
   "Қазақ поэзиясындағы Фариза Оңғарсынова феномені." Алматы: Мәдениет баспасы, 2010.
5. **Мұқаметжанова, Әсем.**
   "Фариза Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы." Астана: Фолиант, 2015.
6. **Қазақ әдебиеті энциклопедиясы.**
   "Оңғарсынова Фариза" өмірі мен шығармашылығы туралы мақала. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 2013.
7. **Қирабаев, С.**
   "Қазақ поэзиясындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеу." Алматы: Білім, 2005.

8. **Смағұлова, А.**
"Ақын әйелдердің поэзиясындағы ұлттық болмыс." Алматы: Рухани жаңғыру орталығы, 2017.
9. **Оңғарсынова, Фариза.**
"Ана тілім – ардағым" – Өлеңдер топтамасы. Алматы: Жалын, 1992.
10. **"Әдебиет және өнер" журналы.**
Фариза Оңғарсынова шығармашылығына арналған мақалалар. №3, 2009 ж.
11. **Бекхожин, Қ.**
"Фариза поэзиясы – ұлттық мұра." Астана: Ұлттық ғылым академиясы, 2008.
12. **Тілепбергенова, Ә.**
"Ақын шығармашылығындағы әйел тағдыры." Алматы: Рауан, 2012.
13. **"Егемен Қазақстан" газеті.**
"Фариза Оңғарсынова туралы мақалалар мен сұхбаттар." Әр жылдары шыққан сандар.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫ: НӘЗІКТІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Мамаева Жадыра Жанбырбайкызы
Астана қаласы, «Сәкен Сейфуллин атындағы №80
мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-модератор

Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының оқу жылына арнаған әдістемелік-нұсқаулық хаттағы ұсыныстарға сай, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі тілдік оқу пәндерінің, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мазмұны тек білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес тіл жүйесімен танысуды қоса алғанда, тілдік дағдылары мен олардың бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуды, білім алушылардың сөздік қорын байытуды, қазіргі өзгермелі, дамыған әлемде тілдерді үйренудің маңыздылығын, елімізді қоршаған көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтас бейнесін ұғып, түсінуді, құрметтеуге тәрбиелеуді қамтамасыздайды және әртүрлі сыни көзқарастар мен түрлі мәдениеттерге, мектепте оқытылатын тілдегі әртүрлі ақпарат көздерімен, интернет бетіндегі ақпаратты сүзгіден өткізіп, өз бетінше жұмыс істеуді білуге, оның ішінде дамып жатқан жасанды интеллект негізіндегі Интернет-қорлар мен платформалармен шығармашылықты сыни тұрғыда ойлауды дамытуға және күнделікті өмірде пайдалануға бағытталған.

Поэзия падишасы - Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясының жарқын өкілі, нәзіктік пен қайсарлықты шебер үйлестіре білген ақын. Оның шығармашылығы қазіргі заман мұғалімдеріне тек рухани азық емес, сонымен қатар оқыту әдістемесіне жаңаша көзқарас қалыптастыруға үлгі. Сырт көзге қайсар, қатты көрінетін, сыни көзқарасты ақын, шығармаларында нәзік жанын байқауға болатын, көркем сөз шебері. Бұл баяндамада ақын поэзиясының тәрбиелік және рухани әлеуеті, оны қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қолданудың заманауи тәсілдерін талдағым келеді.

Фариза Оңғарсынова — қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, терең мазмұнды поэзиясымен танымал ақын. Оның шығармашылығы рухани құндылықтарға, ұлттық болмысқа, адамгершілікке және тәрбиелік маңызға толы. Ақын өлеңдері қазақ әдебиеті мен тілі пәндерін оқытуда маңызды құрал болып табылады, өйткені олар оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, ұлттық сана-сезімін арттырады.

Апамыз - Фариза Оңғарсынованың поэзиясының тәрбиелік және рухани әлеуетіне тоқталсам:

1. Рухани құндылықтар:

Ақынның өлеңдері адамгершілік, адалдық, махаббат, ұлттық бірлік сияқты рухани құндылықтарды насихаттайды. Мысалы, туған жерге, елге деген махаббат өлеңдерінің басты тақырыбы.

2. Ұлттық сана:

Оның шығармашылығы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін дәріптеуге бағытталған. Туған жер, ана тілі, ұлттық дәстүрлер тақырыбындағы өлеңдері жас ұрпаққа өз тамырын тануға мүмкіндік береді.

3. Әйел бейнесі:

Фариза қазақ әйелінің рухани қуатын, қайсарлығын, ана бейнесінің ұлылығын ерекше жырлаған. Бұл оқушыларға әйел затына деген құрмет пен махаббатты қалыптастырады.

4. Шығармашылық еркіндік:

Ақынның сөздерінде еркіндік пен өзіндік ойлау үлгісі бар. Бұл оқушыларды өз пікірін айтуға, шығармашылық еркіндікке баулиды.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы терең адамгершілік, өмірлік құндылықтар мен әділеттілік идеяларына негізделген. Ақын нәзік сезімдерді қайсар мінезбен үйлестіре отырып, әрбір өлеңінде оқырманды ойлауға және әрекетке итермелейді. Оның поэзиясы жас ұрпақтың патриоттық рухын көтеруге және өзін-өзі тануға ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі оқушының рухани және зияткерлік дамуын қолдайтын заманауи әдістемелерді қолдануы қажет. Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқыту барысында келесі тәсілдер қолданылуы мүмкін:

- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту: өлең жолдарын талдап, оларға әдеби эссе, рецензия жаздыру.
- Сыни тұрғыда ойлау дағдыларын қалыптастыру: шығармаларды тақырыптық талқылауларда қолдану.

- Пәнаралық байланысты нығайту: тарих, өнер және қазақ әдебиеті пәндерімен интеграциялау.

Ақын Ф.Оңғарсынованың поэзиясын білім берудегі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында, тәжірибемде қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдерге тоқталсам, олар:

1. Интерактивті оқыту әдістері:

Талдау және пікірталас: Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін талдау арқылы оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыру.

Шығармашылық тапсырмалар: Оқушыларға ақынның стильдік ерекшеліктерін ескере отырып, өз өлеңдерін жазуды ұсыну.

Дискуссиялық форматтар: өлеңдерді шағын топтарда талқылау, пікірталастар ұйымдастыру.

2. Мультимедиа технологияларын сабақтар барысында қолдану:

- Фариза Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығын таныстыратын бейнематериалдар көрсету.
- Оның өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдатып, мазмұнын талқылау.

3. Жобалық жұмысты оқушыларға зерделеу үшін беру:

- Фариза поэзиясынан алынған тақырыптар негізінде оқушылардың жеке жобаларын құру. Мысалы, «Қайсарлық және нәзіктік: өмірлік үлгілер» тақырыбында зерттеу.
- Оқушыларды топтарға бөліп, ақынның шығармашылығына арналған зерттеу жобаларын қорғау. Мысалы: «Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы туған жер тақырыбы».

4. Кейс әдісі:

Ақын өлеңдері негізінде өмірлік жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар беру.

5. Драматизация:

Ақынның өлеңдерінен үзінділерді сахналау арқылы оқушылардың поэзияны түсінуін тереңдету.

6. Цифрлық платформалар:

- Цифрлық құралдарды қолдану: Padlet, Kahoot, Mentimeter платформаларын пайдалана отырып, викториналар мен интерактивті сабақтар өткізу.
- Ақын шығармаларын интерактивті форматта (Quizlet, Kahoot) оқыту.

Электронды кітаптар мен өлең жинақтарын пайдалану.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясының тәрбиелік мәні ерекше. Ақынның шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен бірге адамгершілік тәрбиенің құралы болып табылады. Оның өлеңдеріндегі азаматтық жауапкершілік, ұлттық рух пен ана тіліне деген құрмет оқушыларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Іс-тәжірибемнен мысал келтіріп өтсем, «Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы адамгершілік құндылықтар» атты сабағымда, келесідей мақсат

қойдым: оқушылардың ақын шығармашылығы арқылы рухани құндылықтар туралы көзқарасын дамыту. Сабақ барысында келесідей әдістер: топтық жұмыс, шағын зерттеу, поэзияны мәнерлеп оқуды қолдандым. Сабақтың нәтижесінде: оқушылардың шығармашылық және аналитикалық дағдылары дамыды.

Ақынның өлеңдерін білім беру барысында қолдану, келесідей білімділік нәтиже берді:

1. Оқушылардың тілдік қоры байыды.
2. Эмоционалдық интеллект дамыды.
3. Ұлттық рух пен патриотизм қалыптасты.
4. Әдебиетке деген қызығушылық артты.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелерін шешуде үлкен әлеуетке ие. Оның шығармалары арқылы оқушыларды тәрбиелеу, білім беру және дамыту – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл баяндамада ұсынылған әдіс-тәсілдер мұғалімдердің тәжірибесіне жаңашылдық енгізіп, әдебиет сабағын тиімді әрі қызықты етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Касенова А.А. «Білім берудегі IT технологиялар», Абай атындағы ШҚГК Өскемен қ., 2022ж.

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат, Астана қ. 2024ж.

3.Оңғарсынова, Фариза. Мен саған ғашық емес ем [Мәтін] / Ф. Оңғарсынова. - Алматы: Білім, 1997. - 165 б.

4. Оңғарсынова, Фариза. Мен саған ғашық емес ем [Мәтін]: өлеңдер / Ф. Оңғарсынова. - Алматы: Жазушы, 2009. - 248 б.

5. Оңғарсынова Ф. Алғашқы сабақ [Мәтін]: өлеңдер / Оңғарсынова Ф. - Алматы: Арман-ПВ, 2005. - 152 б.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ОККАЗИОНАЛ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Мамбеталина Гулшат Карбозовна
Ақтөбе қаласы Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Фариза Оңғарсынова шығармаларында кеңінен кездесетін окказионал тіркестер – халық дүниетанымының көрінісі. Сонымен қатар автор жаңа тіркесті

қалыптастырып, байланыспайтын сөздерді біріктіріп, жаңа ұғым, жаңа қолданысты қалыптастырады.

Ұлттық әдебиетімізді жаңа мазмұн, соны идея, терең ой, тың бейнелермен байытқан ақындардың бірі де бірегейі – Фариза Оңғарсынова. Ақын жайлы У.Қайралапов былай дейді:

Ақындық тұғырына дара қонып,
берер қолы көрмепті ала болып.
Қазақтың қайта туған бір қызы бұл
біздер үшін Шолпан боп, Сара болып.
Жырын жұтып шөлдесем, қанатынмын,
сезуші ем шырақ болып жанатынын.
Тілеймін жыр шыңына самғап ұшқан
топшысы талмасын деп қанатының [1,13], - деп бағалаған.

Әдебиет зерттеушісі, ғалым З.Ахметов ақын жайлы былай дейді: «Өлең ырғағын өзінше өрнектеп келтіру жағынан Фариза Оңғарсынованың бірталай шығармалары айрықша көз тартады. Сөз қолдану ерекшеліктерінен де, сөйлемдердің синтаксистік құрылысы мен өлеңнің ырғақ-интонациясынан да ақынның өзіне тән публицистикалық үнділікті, еркін сөйлеп айтылатын сөзде ғана болатын орамдылықты мол сезінеміз» [8, 100], - деп ақынның сөз оралымына ерекше назар аударады. Сонымен қатар Т.Қажыбаев та ақын жайлы: «Поэзия аталатын өміршең өлкеге алғаш беттеген сапарынан-ақ өзгеге ұқсай бермейтін өз әуені, болмыс бітімі бөлекше жыр құйылысымен дараланған Фариза ақынның жүрек сырын жібектей есіп жеткізер есті, еңселі лирикаларынан адуынды асаулық пен текті тарпаңдықты мөлдір мұң мен асқақ пафосты сарынды сезініп түйсінген сайын ақын көңілінің айтпағын бүкпесіз, ашық айтуға машықтығы тәнті етіп, тебіренте түседі. Ақын қасиетіндегі осы бір турашылдық пен бүкпесіз ақиқат өрімдері өрісті жырларға құлаш ұрып, өз творчествосының кемелденіп, толысқан бүгінгі шағында жаңа қырларымен түрленіп, ажарлана түсуі Фаризаның өз стилінің қалыптасқандығын, өз әуенінен айнымағанын танытқан» [1,117], - деп ақын шығармашылығын жоғары бағалайды.

Ендігі кезекте окказионал тіркестердің ұлттық-мәдени аспектілерін қарастырсақ. «Аққенженің өсиеті» өлеңінде:

Жатқандай бөлісе алмай бар мұраны,
айқайдан дауыстарың қарлығады.
Бірлігің шіл боғындай бытыраса,
сол ғана дұшпаныңның андығаны [2, 128], - деп «шіл боғындай бытыраса» тіркесін тиімді қолданып, әдеби тұрғыда араздықтың нәтижесіз екенін жеткізеді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «жеке-жеке боп бет-бетіне кетті» мағынасын білдіреді. Мысал ретінде мынадай сөйлем берілген: Бағзы уақытта бұл шіркіндер шіл боғындай бытырап еді, бүгін ынтымақты ұмытқан [3, 123]. Сонымен қатар «шіл боғындай тозды» деген тіркес К.Әзірбаев жырларында кездеседі. Аталған тіркесті араздық, бірліктің жоқтығын мағынасын беруде көркем шығармаларда қолданылады.

«Қызылорда» өлеңінде салт пен дәстүрдің бұзылмаған ордасы Қызылорда, Сыр өңірі екенін айтады.

Қорқыттың сазды мұңынан,
Балқы Базардың жырынан
жанына қорек-нәр алған,
қыздары қудай таранған.
ұлдары – жайсаң, жаны – арман [2,129], - деп суреттейді. Келесі кезекте:
Салты бар, шындай даңқы бар,
сардары сұңғыла, халқы нар
ертеңі нұрдай жарқырар
қасиетті Қызылорданың! [2,129] – деп «шындай даңқы», «сардары сұңғыла» сынды окказионал тіркестерді әдеби мақсатта қолданған.

«Ер-тұрман» өлеңінде:
Күміспен бағдарланған өмілдірік,
Қараушы ем құйысқанға өнім жібіп.
Тоқымы тобылғы түс былғарыдан,
Тұрғандай, шылбырды алсам, қолымда үміт.
Шап айыл, төс айылды шірей тартып,
жүйрікпен жол тартатын көңіл-жігіт.
От тұяқ кең даланы дүбірлетіп,
терлікті терге малар со күнді күт! [2,139] – деген жолдарда «тобылғы түс», «көңіл-жігіт», «от тұяқ» сынды окказионал тіркестер қолданылған. Мұндағы «тобылғы түс» окказионал тіркесі ретінде көрінуі тобылғы ағашын негізге алудан туындаған. Таулы аймақта өсетін тобылғының қоңыр түсті әрі берік келетін сабағы бар. Ақын «тобылғы түс» деу арқылы қызыл қоңыр түсті бейнелі әрі эстетикалық тұрғыдан жеткізеді. Сонымен қатар халық үшін тобылғы ағашы киелі саналады. Автор қазақ халқының дүниетанымындағы киелілік ұғымын терең түсініп, орынды қолдана білгенін түсінеміз. Келесі кезектегі «көңіл-жігіт» окказионал тіркесі көңіл мен жігіт сөздерінің тіркесуінен жасалып, ашық көңіл, жайдары мінез мағынасында анықталады. «От тұяқ» тұлпардың, оның ішінде жер дүниені шабысқа толтыратын арғымаққа тән. Автор әсірелеу арқылы әкеден қалған тұлпардың сипатын арттыра түседі. Сонымен бірге ақын:

Сол күні әкеміздің қосын керіп
бір құйын ойрандады тосын келіп.
Жыл-ұршық зырылдады. Біз әйтеуір
ошағын әкеміздің өшірмедік [2,140], - деген жолда «жыл-ұршық» окказионал тіркесі қолданыс тапқан. Бұл арқылы ақын жылдардың ұршықтың зырылдағанындай тез өткенін бейнелі түрде жеткізеді.

Ақын кезекті өлеңінде:
Дала – менің қазынам, жыр сандығым,
жыр нәрімен жер балқып, бусанды құм.
Сортаң жердің тұзы бар тамырында,
ашқылтымдау сондықтан жусан-жырым.
Жусан деген тәтті емес, қышқыл тегі,

қышқыл сіңсе, бойыңа күшті іркеді,
раушан гүл иісіне үйренгеннің
қытықтайды танауын, түшкіртеді [2,171], - деп «жусан-жырым» деген окказионал тіркесін қолданады. Ақынның бұл өлеңінен қазақтың кең даласы қуат беретіні көрінеді. Кең дала, ондағы жусан иісі раушаннан гөрі қадірлі, қасиетті. Халқымызда «дала» түсінігі философиялық тұрғыдан еркіндіктің, тәуелсіздіктің символы деп анықталады. Сонымен қатар халқымыздың көшпелі өмір салты да дала түсінігін кеңейте түседі. Көшпелі өмір сүрген халқымыз үшін дала, жусан сынды түсініктер қымбат саналады. Көшіп жүріп, дұрыс жолды таба білген ата-бабаларымыз кең даланың қадірін түсініп, еркіндіктің көрінісі деп ұққан. Осылайша ақын «жусан-жырым» деу арқылы еркін, батыл жыр мағынасында қолданған.

Туған жер жайлы өлеңде:

Туған жер, туған ауыл қымбат маған,
ешкімге бұл сезімді былғатпағам.
Мен оның өзім ғана сезінетін
қастерлі қасиетін жырлап бағам.
Мен үшін өмірдегі ең ізгі бақ –
сол жерден басталған-ды сезім-бұлақ.
Жайылып қазағымның даласына,
кеудемнен барады енді теңіз құлап [2,178], - деген жолдарда «сезім-бұлақ» окказионал тіркесін қолданған. Бұдан ақынның туған жерге деген сезімі бөлек екенін ұғынамыз. Аталған тіркес бұлақ сынды таза, яғни таза сезім мағынасын білдіреді.

«Тілеу» өлеңінде алауыздық жайы айтылған.

Алшаңдаған арланды құмай жығар,
алауыздық ел ішін лай қылар.
Екі мықты шекіссе, ортасында
мерт болады кінәсіз былайғылар.
Адам көңілі қалады татым құрттан,
Жайсаңдарды күнкілшіл жақын құртқан.
Елің азып-тозарда ең алдымен
азаматы айырылар татулықтан [2,186], - деп жырлайды. Мұндағы «алауыздық ел ішін лай қылар» тіркесі окказионал тіркес ретінде танылады. Ел ішін алауыздық лай қылатынын, ағайын арасына от тастайтынын жеткізеді. Ақын үшін татулықтан қымбат ұғым жоқ. А.Байтұрсынұлы «өз ауылымның иттері» деп жақын туыстар жайлы айтса, ақын Фариза Оңғарсынова «күнкілшіл жақын» деп бейнелі әрі дәл жеткізген.

«Ей, Құм Нарын, құм Нарын...» өлеңінде туған жері, қасиетті мекені екені айтылады.

Түн қатқан кешегі өңшең ер
күйіңді бүгінгі білсе егер,
о дүниеде де мұң шегер.
Тағдыр деген – бір шебер,

әділеттей аппақ жандарға
ақтығы үшін құм себер.
Тұяғы таймас тарланға
тоқтышақ тақым салғанда,
билік құрғанда дүмшелер
ғұламаны іздер жан бар ма? [2,200] – дегенде «ақтығы үшін құм себер» деген окказионал тіркестер кездеседі. Бұл арқылы ақын әділ, таза, адал жандар үнемі жапа шегіп, қауіп пен қатерді бастан кешетінін жеткізеді.

Осылайша Фариза Оңғарсынова шығармаларында молынан кездесетін окказионал тіркестер ұлттық-мәдени аспектіде халық дүниетанымының, сенімінің көрінісімен анықталады.

«Ұрпаққа» өлеңінде «дау-жала» окказионал тіркесі қолданыс тапқан. Сөздіктерде «дау-дамайы», «дау-шар» сынды тіркестер кездеседі. Алайда дау-жала тіркесі синонимдік қос сөз ретінде көрінуі мүмкін. Десе де бұл жерде ақын берілген тіркесті бір-бірін толықтыра түсетін окказионал тіркес ретінде қолдаған. Үзіндіге назар аударатын болсақ:

Жұртты ысырып, өзіме жол да ашпадым,
басып өтіп басқаны, төрге аспадым.
Жоқтау айтып, жібітіп ел көңілін,
сұрап, сығып алмадым көз жастарын.
Дүрмегінен жырақпын дау-жаланың,
адалдықтың талқаны – қаузағаным.
Әкімдерге жағам деп үн шығармай,
біреулердің көңілін ауламадым [2,207], - дейді. Сонымен қатар «адалдықтың талқаны» деген окказионал тіркес те бұрын-соңды кездеспейді. Бұл тіркес арқылы автор көздегені адалдық екенін жеткізеді.

«Өмір» өлеңінде:

Бұл өмір қайда барады шабыспенен?
Ерем деп сілем қатты, қамыс-денем.
Жолшыбай жоғалтыппын бар мүлкімді –
ар, ұят, имандылық, намыс деген.
Жүріппін кідіріссіз сар желіспен,
сусыным шалап екен бал деп ішкен.
Білмеймін кімдер, қашан айда кетті
шырылдап бабам жиған малды өрістен [2,217], - деген үзіндіде «қамыс-денем» окказионал тіркесі қолданылған. Бұл арқылы автор аталған: ар, ұят, имандылық, намыс сияқты қасиеттерден жұрдай адам «қамыс-денеге» айналатынын жеткізеді.

Қысқарттым құр шабыспен қысқа күнді,
денемде тері орнында – мыс жамылғы.
Адалдық, зұлымдықты айыра алмай,
досымнан жақын көрдім дұшпанымды [2,217], - дегенде «мыс жамылғы» окказионал тіркесінен адамдық болмыстан айырылу мәнін түсінеміз.

Береді өмір-шабыс маған тыным,

сезбедім тірлік мәнін, адам құнын,
тебініп, текіректеп кете бердім,
тірілей қырықтым да анам тілін.
Табылмай құл тірлікке бір арашы,
морт сынды өмірімнің бұғанасы.
Миым – тас, жүрегім – мұң, сезімім – көн.

алдымда - ажал-шыңның құламасы [2,217], - дегенде жолдарда «өмір-шабыс», «ажал-шың» окказионал тіркестері қолданыс тапқан. Бұл арқылы автор бір-бірімен байланыспайтын сөздерді қосарлау арқылы окказионал тіркестерді қалыптастырған.

Фариза ақын өлеңдерінің тақырыбы әр түрлі. Әр түрлі образды, бейнелі поэзиясы оқырманын бірден баурап алады. Көп бейнелердің ішінде «Дала бейнесі» ерекше көрінеді. Әрине, ұлы Абайдан бастау алатын «Даланы жырлау» дәстүрі қазақ поэзиясында кең етек алды. Туған ел мен жерін, даласын жырламаған ақын кемде кем.

Ақынның көл-көсір сезімі дала цикліндегі өлеңдерінен танылады. Мен даланың қызы едім,
Жазығында жатпайтын көз ілер қара,
Жазира менің жанымның өзі де дала,
Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді
Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана [2,222].

Ақынның шығармашылығын зерделей оқып, поэзиясынан ешкімге ұқсамайтын күрделі болмысын көріп, жоғары бағалаған белгілі ғалым Р.Нұрғали Ф.Оңғарсынованың дала туралы өлеңінде «қаламгердің шыққан, өскен ортасын дәл көрсететін поэтикалық деталь, әдемі образды сурет жатыр» [4, 226], - деп сипаттайды.

Дарқан дала. Көлбеңдеп сағым қырдан,
Жанарында от ойнап жалын нұрдан,
Перзенттері жүреді дала десе,
Еткісі кеп бойдағы барын құрбан.
Әйтеуір, бір мінез бар бұл далада
Алды-артыңды ойлатпай табындырған [2,228].

Фариза ақынның Далаға деген ғашықтығы туған жерге деген сүйіспеншілігі, таусылмас сағынышы екені белгілі. Дала – қазақтың жаны. Бұл жердегі дала образы да қазақ образы деуге болады. Қазақтың поэтикалық образы – Дала. Қазақ поэзиясындағы мәңгілік тақырыптардың бірі – Дала. Сол мәңгілік тақырыпты бейнелеген Ф.Оңғарсынова поэзиясы да мәңгілік.

Сағынып жеткен шағында
Жаз жайлау – атамекенге,
Дала боп дархан жаның да
Жадырап қалады екен де.
Самал боп сені тербеткен
Көңілдер деген пәк қандай!
Сырларды түйген сен көптен

Тұра да алмайсың ақтармай... [2,218].

Дала самалы өмір ағынының бейнесіндей суреттеледі. Жұмақ-ау мына дала шын,

Көңілдің бұлты ашылды.

Жаңартып содан аласың

Ой қажап біткен басыңды... [2,218].

Фариза Оңғарсынова Маңғыстауды ерекше жақсы көрді. Оның әр тасы, әр құбылысы ақын поэзиясына арқау болды. Ақын өзін «Маңқыстауда патшадай сезінді». Ақын маңғыстаулықтарға: «Ауылдағы әрбір кездесу мен үшін белгілі бір дәрежеде қиын. Бірақ, сіздердің ықыластарыңыз, ақ пейіл жүрек жарды тілектеріңіз менің ол салмағымды жеңілдетіп, қанаттандырып жібергендей», - дейтін еді. Фариза ақын әрдайым өзін «Мен маңғыстаулықпын» дейтін. Атыраудың алыс бір ауылында дүниеге келсе де, Маңғыстау атамекенін сағынып жүретін, сағынып келетін.

«Маңқыстауда патшадай сезінемін» өлеңінде ақынның шын болмысын көреміз. Расында да Фариза ақын Маңғыстауға, әулиелерге, әр тасына, адамдарына басын иіп өтті.

Маңқыстауда кімім бар осы менің?

Алады онда біздерді есіне кім?

Қуаттансам деп едім топырағынан –

шығар ма екен алдымнан тосып елім?

Оғыландыны түсімде көрем кейде,

сонда қайғы-мұңымды өшіремін.

Пір бабамыз дем беріп жатыр-ау деп,

Ақбоз атқа мінгендей көсілемін.

Астанаға келетін інілерім

сәлем бермей кетсе де, кешіремін... [2,248], - деп жыр төгетін ақын киелі мекенге келген сайын Ф.Оңғарсынова ерекше шабыттанатын. Жаңаша жырлар жазатын. Дем беретін Пір Бекет Ата, Оғыланды, Тамшалы сияқты жерлерден бөлек, адамдары да ақынды ерекше сағынып күтетін. Ақынның да ілтипаты ерекше.

Қорытындылайтын болсақ Фариза Оңғарсынова шығармаларында авторлық қолданыс қос сөз, метафора, теңеу түрінде келіп, жаңаша қолданыстарды қалыптастырған. Әр окказионал тіркес халықтың дүниетанымынан көрініс беріп, терең ойлардың нәтижесінде қалыптасқаны анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.9. Ақын әлемі: Өлеңдер, мақалалар. – Астана, 2004. – 336 бет

2. Оңғарсынова Ф. Дауа. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 бет

3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

4. Нұрғалиев Р. Мінезді жырлар. // Кітапта: Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.9. Өлеңдер, мақалалар. Астана, 2004. – 336 б. – 225-233-бб.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

Мамадахунова Алма Кариммулаевна
«Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші

Фариза Оңғарсынова – поэзиясы Қазақстанның терең ұлттық құндылықтары мен мәдени дәстүрлерімен сусындаған қазақтың көрнекті ақындарының бірі. Оның шығармашылығы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жағдайында ерекше маңызды болып табылатын қазақ мәдениетінің бояуының жарқын көрінісі.

Әдебиеттегі жолы мен стилі

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы Батыс Қазақстанда дүниеге келген. Оның поэзиясы махаббат, табиғат, ұлттық болмыс және әлеуметтік мәселелер сияқты әртүрлі тақырыптарды қамтиды.

Фаризаның анасы Халима қызының әдебиетке, әсіресе, поэзияға деген сүйіспеншілігін оятты. Олардың үйінде қазақтың көне әндері, халық аңыздары, ертегілері, ақын-жауынгер Махамбеттің шығармалары жиі естілді.

Отбасындағы қайғылы оқиға – Оңғарсынның әкесінің қайтыс болуы қыздың кітапқа деген құштарлығын арттырды. Фаризаның ақындық таланты кездейсоқ жарқ етті. Мектепте ол өзі де, бәрі де күтпеген жерден поэзияда сыныптасын ренжіткен тәкаппар баланы мазақ етті. - Оны өзіңіз құрастырдыңыз ба? – деп таң қалды жігіттер. Ал кешке бұл туралы бүкіл ауыл білді. Ал Халима қызының ақын екенін айтты. Анасы: «Иә, менің қызым үлкен ақын болады» деп мақтанышпен жауап берді. Сұхбатында Фариза Оңғарсынова сол түні ерекше сезіммен ұйықтап қалғанын, өзін ақындай сезінгенін жиі айтып жүрді... Қыздың отбасы тұратын Ауыл Манаш су тапшылығынан зардап шекті.

Фариза ер жетіп, инженер-мелиоратор болсам, туған жерлеріне су әкелсем деп армандады. Мамандық таңдау уақыты келгенде, анасы қызының қабілетін біліп, оны шығармашылық жолға түсуге көндірді. Фариза Гурьев педагогикалық университетінің филология факультетін бітіргеннен кейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. Бірақ ол журналистика мен поэзияға тартылды. 1966 жылы журналистік жолын Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің әдеби қызметкері болып бастады. Одан кейін «Ленинші жас» республикалық жастар газетінің Қазақстанның батыс облыстары бойынша меншікті тілшісі болып, республикалық «Қазақстан пионерлері» газетінің редакторы болды. 1978-1996 жылдары республикалық «Пионер» (қазіргі «Ақ

желкен») журналын басқарды.

Шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар

Фариза Оңғарсынова поэзиясында ұлттық құндылықтар мыналар арқылы көрінеді:

Мәдени дәстүрлер: Ақын шығармаларына фон ретінде халықтық салт-дәстүрлерді жиі пайдаланады. Бұл мәдени мұраны сақтауға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. «Ол ұлттық поэзиямызға үлкен үлес қосты. Оның ұлы халқымызға, ақындарға, батырларға арнаған, патриоттық, жастарды тәрбиелейтін лирикалық өлеңдері бар. Фариза Оңғарсынова – сөз шебері. Сондықтан оның поэзиясы әрқашан қызықты және сұранысқа ие, әртүрлі ұрпақ оқырмандарының сүйіспеншілігіне ие. Халық ақыны Фариза Оңғарсынованың «Бұлбұл», «Әуен», «Тынымсыз уақыт», «Мақтаншақ ұрпақ», «Дөрекі арна» атты кітаптары қазақ тілінде жарық көрді. «Нәзіктік», «Уайым», «Сәулелендіру» жинақтары орыс тілінде жарық көрді.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі

Фариза Оңғарсынова өз шығармаларында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен жеткізуде түрлі әдістерді қолданады:

Ақын өзінің тәжірибесі мен естеліктерін пайдаланады, бұл оның поэзиясын тереңірек және жеке етеді, оқырмандарға оның тәжірибесіне жақынырақ сезінуге мүмкіндік береді. Фаризаны халық арасында «Поэзия патшайымы» деп атайды. Жауынгер мінезді, батыл жүректі, сөзі найзаның ұшында болса да, осал, сезімтал әйел... Фариза Оңғарсынова – нағыз патриот, оның әрбір жолында өз халқыңды, оның салт-дәстүрін, мәдениетін сүюге, құрметтеуге, бағалауға үндеу естіледі. Ол Қазақстанның ең сүйікті және оқылатын ақын-жазушыларының бірі болған және болып қала беруі ғажап емес.

Символдар және образдар: Фариза Оңғарсынова өз өлеңдерінде көшпелілер кеңістігі, отбасы, атамекен сияқты қазақ мәдениетінің бейнелерін жиі пайдаланады, сол арқылы оқырманды ұлттық болмыс туралы ойға жетелейтін қуатты образдар жасайды.

Отбасы және дәстүрлер: Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді құрметтеу

- ақын шығармашылығындағы тағы бір маңызды тақырып. Ол отбасылық байланыстардың маңыздылығын, білім мен тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа беруді атап көрсетеді. Оның өлеңдерінен дәстүрдің жеке адамды, жалпы қоғамды қалай қалыптастыратынын көруге болады.

Руханият және мәдениет: Ф.Оңғарсынова адалдық, мейірімділік, үлкенді сыйлау сияқты рухани құндылықтарға көңіл бөледі. Бұл қасиеттер қазақ мәдениетінің негізі болып табылады және халықтың болмысын сақтауға көмектеседі. Ақын мәдени мұра және тұлға тақырыптарын зерттейді, бұл оның шығармашылығын ерекше маңызды етеді.

Әйел тақырыбы: Ф.Оңғарсынова поэзиясында әйел тағдыры, қоғамдағы әйел рөлі мәселелері жиі қозғалады. Ол әйелдің ішкі әлемін, оның басынан кешкендері мен ұмтылыстарын зерттейді, бұл оның поэзиясына ерекше

тереңдік пен эмоционалдылық береді. Бұл оқырмандарға қазақ қоғамындағы әйелдердің орны мен олардың мәдени мұраға қосқан үлесін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Демек, Фариза Оңғарсынованың поэзиясы қазақ мәдениеті мен ұлттық құндылықтарының жарқын көрінісі. Оның шығармалары қазіргі оқырман үшін өзекті және маңызды, өйткені олар Қазақстанның бай мәдени мұрасын сақтауға және жеткізуге көмектеседі.Ф. Оңғарсынова ақын ғана емес, өлеңдері халықты рухтандырып, біріктіретін дәстүрді сақтаушы акын.

Оңғарсынова ақын ғана емес, өлеңдері халықты рухтандырып, біріктіретін дәстүрді сақтаушы. Оның шығармашылығынан сөз сұлулығын ғана емес, оқырман жүрегінде жалғасатын терең мағынаны да табамыз.

Қорытынды Фариза Оңғарсынова поэзиясы қазақ әдебиетін байытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда, бекітуде маңызды рөл атқарады. Оның шығармалары өскелең ұрпақты шабыттандырады, Қазақстанның мәдени дәстүрлері мен өзіндік ерекшеліктеріне деген қызығушылықты оятады. Олай болса, Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазақ халқының мәдениеті мен тарихына құрметпен қарауды тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолова, С.Фариза Оңғарсынова: поэзиядағы мәдени-рухани құндылықтар. Алматы: Алаш, 2020 ж.
2. Бекмурзаева, А.Қазақстан әйелдер поэзиясы: Фариза Оңғарсынова және оның мұрасы. «Әдебиет және өнер» журналы, 2018 ж.
3. Кенжебаев, М. Фариза Оңғарсынованың поэтикалық әлемі. Алматы: Қазақ әдебиеті, 2012.
4. Нұрпейісова, А. Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: ұлттық құндылықтар және қазіргі заман. ҚазҰУ Хабаршысы, 2010 ж.
5. Оңғарсынова, Ф. Поэзия және уақыт. Алматы: Атамұра, 2000 ж.
6. Оңғарсынова, Ф. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1991 ж.
7. Сүлейменова, Г.Фариза Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Қазақ университеті, 2005 ж.
8. Тәжібаева, Л.Фариза Оңғарсынова: ақын, жаңашыл, қоғам қайраткері. Алматы: Дәуір, 2015 ж.

ӨЛЕҢ, МЕН СЕНІ АЯЛАП ӨТЕМ!

Махмутова Гульмира Сейтжапбаровна
Астана қаласы әкімдігінің «Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК,
биология пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

«Лирика–барлық поэзияның өмірі мен жаны екенін бізге

ұғындырған Фаризадай қызымыздың барымен мақтанамыз»
А.К.Асқаров

Бүгін бәрімізге белгілі, қазақтың ақын қызы, лирик, халық жазушысы, өлеңдерін сүйіп оқитын ақындарымның бірі-Фариза Оңғарсынованың туған күні, тірі болғанда мерейлі 85 жасқа толар еді. Мектебіміз осы ақынның атымен аталғанына өте қуаныштымын, әрі мақтанышпен айта аламын. Поэзияны құрметтеу, ол арқылы болашақты бағдарлау–Фариза лирикасының еншісіне бұйырған бояуы қанық тақырып болып табылады. Фариза Оңғарсынова поэзиясы жарқын әрі мейірімділікке толы. Осы орайдамен өлең сүйер оқырмандарға Фариза Оңғарсынованың өмір мен махаббат туралы үздік өлеңдеріне тоқталғым келеді. Ал бұл өлеңдерінің барлығы шынайы, есте қаларлықтай, әдемі оймен жырланғанын көруге болады. Өзім ұстаз болғаннан кейін ақынның ұстаздарға арнап жазған мына өлеңдері жаныма жақын келді:

Сан жастың қамын шертесің,
тағдырын ойлап толғанып.
Әр үйдің бір-бір еркесін
үйреттің өзің қолға алып.
Ұстазсыз жанда сөнбек күн,
шәкіртсіз өмір–сусыз жер.
Көрінбес ғажап еңбектің
Бейнетін кешіп жүрсіздер.
Жүректе тұрар жалқы үнің,
жанымнан жалын жігер күт.
Ұстазым, сенің әр күнің,
әр сәтің тұрған бір ерлік!

Ақын бұл жерде ұстаз еңбегінің жоғары екенін, бейнетінің зейнетін көретін ұстаздар жайлы жазып, жұмысымызды керемет бағалағап отыр. Және ұстаздың әр күнін, әр сәтін ерлікке балап, жоғары баға бергені ұнады. Әрине, ұстазсыз шәкіртті, шәкіртті ұстазсыз елестету мүмкін емес екенінде атап кеткен. Егер алдында отырған бала қуанса өз баласының қуанышына ортақтасқандай қуана білетін тұлға, ол әрине ұстаз екенін айта кеткен.

Сонымен қатар кез-келген адам, ол ересек болсын, мейлі сәби болсын ең бірінші кімді жақсы көресің дегенде анасын айтатыны белгілі. Ана махаббатының шексіз екенін, оны ештеңемен айырбастауға болмайтынын ерекше айта кеткен. Қанша жасқа келсеңде ананың жылы алақанын аңсайтының, маңдайымыздан иіскеген кездері өзіңді бір ғажап сезімге бөленетініңді де тамаша жеткізе білген. Әлемде бір ғана адам бар, сенің қуанышыңа ерекше қуанып, мұңайсаң бірге мұңаятын, ол ерекше жан-АНА екенін де ұғындырып кетті. Айтып жатқандарының бәрі рас, келісемін, құптаймын. Осы орайда ақынның «Ақ мамам» өлеңіне де ерекше толғаныспен тоқталсам деймін:

Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің

Құлыншағым күнім дейтін
Ақ мамам, ақ мамам
Құлыншағым күнім дейтін
Әлемдегі ақылды адам
Бәрінен сол жақын маған
Ол жанымда жүрсе мен де
Батырларша батылданам
Жамандықтан сақтандырып
Жақсы ісімді мақтан қылып
Мәпелеген ақ мамамды
Жүрсем деймін шаттандырып.

Бұл жерде анаға деген бала махаббаттының шексіз екенін, кез-келген істі анасымен ақылдасып, ақыл сұрап, аналардың өте ақылды екенін дәріптеп көрсетеді, ол әрине өте дұрыс айтылған. Оған әрине келіспеске болмайды.

Фариза Оңғарсынова алғашқы өлеңдерінде Қазақстанның шөлді жерлерінің өзгеруі, кең байтақ сусыз даланың ең шөлді бұрыштарына тіршіліктің келуі, ерлігі мен батылдығы кеңпейілділігінен кем түспейтін адамдар туралы жазды. Қазіргі заманғы қазақ әдебиетіне өктем түрде кірген ақынның өлеңдері, поэзиясының өмірбаяны осылай басталды. Оның алғашқы өлеңдер жинағы 1966 жылы «Сандуғаш» деген атпен жарық көрді. Содан бері «Жазушы» баспасында бірнеше өлеңдер топтамасы жарық көрді.Осы жерде мен «Сандуғаш» өлеңіне тоқталсам деп отырмын:

Кеудеме сандуғаш құс түнеді ме–
шақырды мені мәңгі Күн еліне.
Әуені тыншытпайды, әлде әнші құс
ұясын салды ма екен жүрегіме?..
Бар досым былай қалып,
бар құрдасым,сол әуен болып алды жан мұңдасым.
Өңімде, түсімде де көкірегімнен
қанатын қағатындай талдырмаш үн.
Самға енді жүректерге, сандуғашым,
тебіренсін балғын әнге бар жылдасым.
Бақыттан баз кештірген балаң үнім
тербетсін Отанымның тау, жылғасын!..

Осы өлеңде ақын Отанды, өмірді, қоршаған ортаны сандуғаш құсқа теңеп, самғап ұша алатынындай теңеумен көрсете білді. Мұның өзі осы өлеңді тыңдай отыра адамның өмірге деген құлшынысын арттыратыны анық. Ақын кез-келген өлеңді жан тебірентер мағынада, адамның жүрегіне әсер ететіндей жағдайда жазады.

Үнемі ізденісте жүретін қаламгер қадыр-қасиетінің бір төркіні тарихты бағалау, өткеннен үйрену үлгісінен өнеге алады. Соның бір дәлелі, шығарған өлеңдері арқылы қазіргі жастарды Отан сүйгіштікке, өз Отанына адал қызмет жасауға шақыру болып табылады. "Сыр бермейді сырлы өлең, жүдесем де, көңілім дауыл, күшім аз күресерге" деп өз ойын ашық жеткізеді. Бұл жерде ақын

өзінің нәзік жанды екенін айта келе, ер азаматтарға үндеу ретінде жазған өлеңдері баршылық. Ақын өлеңін қазақ халқы ғана емес, шетел мемлекеттері де сүйіп оқиды. Біраз өлеңдері аударылып, өз оқырмандарының жылы лебіздерін ала білді. Осы орайда айтарым, ақынның өзі өлгенімен жазған өлеңдері мәңгілік келешек ұрпаққа нәр болатыны, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретінін айта кеткім келеді.

Фариза Оңғарсынова-көркемсөз майданында ақын мен жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақындарымыздың бірі. Ақынның көп өлеңдері кейінгі ұрпақты ерлікке, нәзік болуға, туған жер мен адамзатты сүюге апаратын жол іспетті, оны көптеген өлеңдерін оқыған кезде көруге болады.

Фариза Оңғарсынова қазақтың сөз өнерін биік белеске шығарып, поэзияға жаңа леп әкелді, оқырманын баурап, өлеңдерін оқыған үстіне оқи бергің келетін дәрежеге жеткізді. Махамбет жырларынан нәр алған ақын өр мінезімен, өршіл жырларымен дараланып, ол ерекше дарыны мен үздіксіз ізденісінің арқасында бүкілхалықтық шығармашылық тұлғаға айналды. Ақын өмірден өтті деген суыт хабар келгенде сенбедік, амал жоқ көндік. Қазақтың өр мінезді, асқақ рухты ақын қызы Фариза Оңғарсынованың жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады әрі өлеңдері жырлана беретін болады.

Осы орайда ақынның өлеңдерін сүйіп оқитын ақын, *мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**,** Несіпбек Айтұлы ақын апасына арнап «Халқының жүрегінде» деген өлең шығарды. Енді сол өлеңге тоқтала кетсем деп отырмын:

Халқының жүрегінде
Қайғыдан күреңітіп ғасыр жүзі,
Шаттықты қасіреттің жасырды ізі.
Дариға, Фариза да өтті өмірден,
Қазақтың қайта тумас асыл қызы.
Ұқсайтын Махамбетке өткірлігі,
Жасқанған, жабырқаған жоқ бір күні.
Туғанда таңдайына өлең тамған,
Қонған жан көкірегіне Хақтың нұры!
Айтқаны–елдің мұңы, елдің жыры,
Заты қыз демесеңіз–Ердің бірі!
Танылып тұратұғын тұрпатынан,
Қырғидай қағып түсер алғырлығы.
Бұйрыққа бой ұсынып Хақтан келген,
Ол кетті бабалары кеткен жолмен.
Мәңгілік мекендеуге орын алып,
Қаһарман ер Қабанбайжатқан жерден.
Түбінде бір ажал бар тірі жанға,

Өлім жоқ алайдағы ұлыларға!
Сүрінбес шапқан аты жыры барда,
Сөнбейді жаққан оты ұлы барда!
Қазақтың аяулысы, перизаты,
Өшпейді ешқашан да Фариза аты!
Халқының жүрегінде жүрер мәңгі,
Өлеңмен жазып кеткен шариғаты!..

Бұл өлеңінде Фариза ақынның өзі өлгенімен өлең жолдары халықтың мәңгі есінде болып, келер ұрпаққа жыр жолдары өмірлік азық боларын айта кеткен. Фариза аты мәңгі жасайды, аты ешқашан өшпейді делінген, Ия, рас қазіргі кезде Фариза апамыздың атында көше, мұражайлар бар, біздің мектеп атауы сол кісінің есімімен аталады. Бұл біз үшін үлкен қуаныш, үлкен дәреже болып табылады.

Жасай бер, қазақтың Фаризасы!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.9. Ақын әлемі: Өлеңдер, мақалалар. – Астана, 2004. – 336 бет
2. Оңғарсынова Ф. Дауа. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002ж

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Молдалиева Жанар Шукиралиевна,
Астана қаласы әкімдігінің «М.Әуезов атындағы
№86 мектеп-гимназиясының» бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Елімізде 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Бұл идея әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп, ұлттық құндылықтарын дамытуды қажет етеді. Бағдарлама аясында түрлі әлеуметтік жобалар бойынша шаралар жүргізіліп жатыр. Мектеп жоспарына сәйкес менің 2 «Е» сыныбым «Балалар кітапханасы» жобасын таңдап, жұмыс атқарып келеміз. Жобаның негізгі мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Жоспар бойынша түрлі ертегілер мен әңгімелер, өлеңдер жинағы әр айға бөлінді. Желтоқсан айында ақын Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жылдығына орай балаларға арналған өлеңдерін оқып, талдауға арнадық. Ақынның **«Әже»,** «Анамның әлдиі» және «Қыз балаға бата» өлеңдерін таңдап алдық. Бұл шығармалары жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды бағалауға, жақсы

адам болып тәрбиелеуге, өз халқының тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелері сөзсіз.

Сыныптан тыс «Балалар кітапханасы» жобасының өту барысы бойынша тәжірибеммен бөлісіп өтсем.

Алдымен «Түсіндіру» әдісі арқылы оқушыларға өлеңдердің негізгі тақырыбы мен тәрбиелік мәнін түсіндіріп, өлеңді тереңірек қабылдауға мүмкіндік беріледі. Мысалы:

- **«Әже» өлеңі** бойынша: «Әжелердің балалар үшін қандай рөлі бар?» деген сұрақ қойып, өлеңнің негізгі мағынасына тоқталу.
- **«Анамның әлдиі» өлеңі** бойынша: «Ананың балаға деген махаббаты мен қамқорлығы қандай?» деген сұрақтар арқылы өлеңді түсіндіру.

Әжем	**Ананың әлдиі**	**Қыз балаға бата**
Тентек болсам, ашынып, жақсы іс қылсам, асырып, маған сақтап жүреді тәттіні де жасырып. Келгенімше бақшадан күтеді ылғи асығып. Ұрысады апам, жатса егер ойыншығым шашылып. Паналаймын сонда оны мойынына асылып. Тосып тәтті дәмдерін, ол бар жерде бал жедім. Мен ұйықтарда айтады ертегісін, әндерін. Біздің үйде осындай әжетайым бар менің!	Мамық төсек салайын, құшағыма алайын. Қозым менің ұйқтасын, арқасынан қағайын! Бөпем менің қалғиды, тербетті оны ән-жыры. Бота, қозы, құлыншақ – ұйқтап қалды барлығы. Ай арбамен жетіпті, Күн ұйқыға кетіпті. Жұлдыз кіріп кетер деп, қақпаларын бекітті. Ормандар да қалғыды, қорғандар да қалғыды, сен де ұйқтап қала ғой, анасының жан нұры! Күнім ұйқтап қалыпты, анасы әнге салыпты. Ол түсінде ғажайып ертек-елге барыпты. Алтын алқа тағыпты.	Талдай бой берсін, сұңғыла ой берсін, жаздай жамал берсін, таңдай жанар берсін! Анаға шуақ болсын, ағаға қуат болсын, нәзік жаны болсын, елінің ары болсын, басына өнердің бағы қонсын, ақ орданың шамы болсын!

Оқушылардың өлеңді түсінгенін тексеру үшін сұрақтар қойып, олардың пікірлерін тыңдау. Бұл әдіс оқушыларды белсенді ойлануға және жеке пікір білдіруге ынталандырады. «Бұл өлеңде әже мен бала арасында қандай қатынас көрсетілген?», «Бата деген не?» сынды сұрақтар қойып, оқушылар пікірі тыңдалды. Келесі апта жұмысына оқушыларға өлеңді мәнерлеп жаттау ұсынылды. Оқушылар нақышына келтіре жаттап, бір-бірінен асамыз деп жарыса қатысты.

Соңғы аптасында жоба жұмысына ата-аналар мен әжелерді қатыстырдым. Бұл шарамыз кездесу мақсатында жүзеге асты. Алдымен өлең мазмұны бойынша бейнематериал көрсетілді. Оқушылар кездесуіміздің мақсатын өздері айтып, әжелерден тәрбие алатындығын тілге тиек етті. «Әжемнің сандығы» әдісі арқылы әр өлең бойынша сұрақтар қойылды. «Әже кім? Ол қандай адам?», «Әже мен немеренің қарым-қатынасы қалай суреттелген?», «Бала ұйықтарда анасы қандай сезімде болады?», «Бесік жырын не себепті айтады?», «Бата беру дегеніміз не?» сынды тақырыпты түсіну мақсатындағы сұрақтар қойылды.

«Мен былай ойлаймын...» әдісі арқылы оқушылар ашық микрофонда өз пікірлерін білдірді. Бұл әдісте оқушыларға жағдаяттық сұрақтар қою арқылы оқушының сыни ойлауына, мәселені бүгінгі өмірмен байланыстыруына жағдай жасалды. Мысалға: «Егер сенің әжең саған тәтті жасырса, сен не істер едің?», «Бұл өлеңде қандай ізгі қасиеттер көрсетілген? Қазіргі таңда ондай қасиеттер бар ма?», «Неліктен бұл өлеңде ана баласын ұйықтатып жатқанда барлық жандардың ұйқыда болуы айтылған?», «Батаның адам өміріне қандай әсері болуы мүмкін?» сияқты сұрақтар қойылғанда, оқушылардың сыни пікірі барлығымызды таңқалдырды. Себебі, бұл тұста жоба жоспары бойынша оқушылар өлең мәтінімен алдын ала тынысып, талдап, жаттап алған соң, өз ойларын кішкентай болса да, тартымды жеткізе білуге септігін тигізді. Бұл да оқушы бойына үлкенге деген құрмет, адамгершілік, дәстүрді құрметтеу сынды құндылықтарды сіңіре білді десем артық кетпегендігім.

Оқушыларды шығармашылыққа ынталандыру үшін өлеңдерді қайта жазып, жаңаша көзқараспен баяндауға, рөлдік ойындар арқылы көрсету, сурет салу сынды тапсырмалар берілді. «Әже» өлеңі бойынша әженің орнына басқа бір адамды қойып, өлеңді сол туралы қайта жазу. «Бесік жыры» өлеңін өз тілінде жазып көр. «Әже» өлеңі бойынша әжелердің балаларына деген мейірімін, қамқорлығын көрсететін суреттер салу. «Бесік жыры» өлеңінде ана мен баланың бейнесін жасау. «Әже» өлеңінен бір үзінді алып, оны рөлдік ойын ретінде көрсету. Бір оқушы әже, екіншісі бала болып ойнайды. Бұл тапсырма 2 сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуға жетелейді.

«Анамның әлдиі» және «Қыз балаға бата», **«Әже»** өлеңдері оқушыларға оқытылу барысында балалардың бойында рухани байлық пен ұлттық дәстүрлерге деген құрметті дамытуға мүмкіндік береді. Бұл өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мейірім мен сүйіспеншіліктің, үлкенге құрметтің жарқын мысалы. Әже рөлі қазақ қоғамында ерекше, өйткені ол тек отбасының ақылшысына ғана айналмай, балалары мен немерелерінің тәрбиешісі, рухани қорғаушысы болып табылатындығын көзбен көру арқылы ұғындырдым. Бесік жыры – халқымыздың мәдени мұрасы, ол ата-бабаларымыздың келер ұрпаққа деген мейірімін білдіреді. Балалар осы өлеңді оқып, әжелеріміз бесікке салу дәстүрін көрсетіп, бесік жырын айтты. Кездесу соңында әжелер тәлім-тәрбие және ырым-тыйымдар туралы өз пікірлерін айтып, тәрбиелік мәні зор әңгіме өрбітті. Ең соңында оқушыларға батасын беріп, тілектерін айтып, тәттілерін берді.

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде тек сыртқы әлемнің әсемдігі ғана емес, адамның ішкі рухани әлемі, оның моральдық құндылықтары да бейнеленеді. Өлеңдер балаларға адамгершілік, адалдық, ізгілік, қайырымдылық секілді қасиеттерді түсінуге көмектеседі. «Анамның әлдиі» өлеңінде баланың жанына тыныштық пен махаббат сыйлайтын, ана мен бала арасындағы ерекше байланысты көрсететін тіл мен әуеннің күштілігі баяндалады. Әр оқушы туған жерге, анаға деген құрметті сезініп, ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінеді. Ал, **«Қыз балаға бата» өлеңі** – қазақ халқының дәстүрінде бата беру өте маңызды рөл атқарады. Бата – жақсылыққа, игілікке, кемел болашаққа жетелейтін тілектер жиынтығы. Осы өлең арқылы балалар батаның маңызын түсініп, адам өмірінде жақсылық жасау, өзгелерге қайырымдылық көрсету қажеттігін сезінеді.

Өлеңдері балаларға рухани тәрбие берудің маңызды құралы болып табылады. Фариза Оңғарсынова өзінің өлеңдерінде тек балалардың ақыл-ойын емес, олардың рухани жан дүниесін де тәрбиелейді. Әже мен ана бейнесі, бата мен бесік жыры – бұл тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның моральдық және рухани құндылықтарын білдіретін ұғым.

Қорыта айтқанда, Фариза Оңғарсынова ақынның «Әже», «Ананың әлдиі» және «Қыз балаға бата» тақырыптарындағы өлеңдерін 2 сынып оқушыларына оқыту олардың ұлттық құндылықтарды меңгеруіне, ана мен әжеге деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыруға, тіл мен мәдениетті бағалауға, рухани дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл өлеңдер балалардың дүниетанымын кеңейтіп, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіруге көмектесері сөзсіз. Қ.Тоқаевтың «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» қағидасын басшылққа ала отыра, бағдарламаны мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізу өзекті мәселелердің шешімін тауып отыр.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – мұғалімдер мен ата-аналар, оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Әр айдың әр аптасына арналған нақыл сөздер оқушыларды тәрбиелеу процесінде мотивацияның күшті құралы. Бұл нақыл сөздер тек сабақ барысында ғана емес, жалпы мектеп өмірінде де жүзеге асырылып, оқушыларға өмірлік маңызды құндылықтарды сіңіруде үлкен рөл атқарады.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – құндылықтардың ай сайын бөлінуі. Бұл жүйелілік оқушылардың әр айда белгілі бір құндылықты тереңірек түсініп, оны өз өмірінде қолдануына көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. 30.07.2024 жылдың № 194 бұйрығына сәйкес жасалынған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.
2. Ф.Оңғарсынова өлеңдер жинағы.

3. Жұртбай Т. Бесігіңді аяла!.. Монография-эссе.–Астана: Фолиант, 2003.-504 б.
4. Сынып жеткшінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен тәсілдері (1-11сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік құрал) Дуйсенова К.К.2019ж.
5. Мүтитегі, З. (2000). Ф. Оңғарсынованың лирикасы. Алматы: Білім.
6. Оңғарсынова, Ф. (2006). Он томдық шығармалар жинағы. Астана: Елорда.
7. Оңғарсынова Фариза // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. - Алматы, 2004.

АТА-АНАМЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС
(ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ «БАЛАНЫҢ ОЙЫ» ӨЛЕҢІМЕН)

Мусилимова Лаура Тайыровна
Астана қаласы, «Ғ.Орманов атындағы
№7 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Педагог-психолог, педагог-эксперт

Аннотация

Ата-ана мен бала арасындағы диалогтың маңызы, оқушының психологиялық жағдайын жақсартудағы рөлі, оқу процесіне ата-ананың белсенді қатысуын қамтамасыз ету жолдары да назарға алынады.
Сондай-ақ, оқушының әлеуметтік және эмоционалдық дамуына әсер ететін аспектілер, тиімді қарым-қатынас орнату механизмдері.

Кіріспе

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі,мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы бала. Бала дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы ата -анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан -жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдай жасауы керек.
Бізде көптеген ата-аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді.
Фариза апамыздың мына өлең шумақтары

Баланың ойы

Әкем біреу, анам да біреу менің.

Мен жығылсам, сүйенер тіреулерім.
Олар барда- мереке.
Көрген емен
қабақтарын шытқанын, түнергенін.
Менің досым әкесін жек көреді,
«Бізбен ісі жоқ оның!»- деп сөгеді.
Жамандайды сыртынан, тістенеді,
бір-біріне бітпейді өкпелері.
Дос тапса да адамдар, тапса да аға,
әке-жалғыз, табылмас ақшаға да.
Жамандасаң әкеңді, саған әкеп
жақсы әкесін бере ме басқа бала?
Әке-білек, саусағы- балалары,

қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана- тамыр бойымен бәріне де
тіршіліктің жылуы таралады.

Мақсаты:
1.Отбасы тәрбиесіндегі ата- ананың балаға тәрбиелі мәнінің ықпалын арттыру
2.Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу
Міндеттері: 1. Ата-ана және ала өзара ынтымақтастық қарым- қатынаста болуына ықпал ету;
2. Ата-аналардың өз отбасындағы берілетін тәрбиенің ерекшелігі туралы ойландыру;
3. Ата-аналардың өздерін сыртынан байқай алуларын дамыту:
Өзектілігі: Ата-ана мен бала арасындағы ашық қарым-қатынас проблемаларды тиімді шешуге көмектеседі. Бала ата-анасына мәселелерін айтуға сенімді болса, ол қиындықтарды жеңуге дайын болады.

Интерактивті коммуникация: Заманауи технологияларды пайдалану, мысалы, мобильді қосымшалар мен әлеуметтік желілер арқылы ата-ана мен бала арасында интерактивті байланыс орнату. Бұл ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасын жақсартуға және олардың өміріндегі маңызды оқиғалармен бөлісуге мүмкіндік береді.
Сенім және ашықтық: Ата-аналар мен балалар арасында ашық диалогты қалыптастыру. Баланың пікірін тыңдау, оның сезімдері мен ойларына құрметпен қарау, ата-ананың балаларымен сенімді қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Жоспар:
Түзету, дамыту жаттығуларын қолдану
Ата-ананың және мұғалімнің балаға деген карым- қатынасын анықтау
Ағарту жұмысы ата-ана, оқушыға
Психологиялық кеңес жеке немесе топтық
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. «Дәрменсіздің ойы» өлеңі
Мақсаты: Өлеңнің мағынасын талдау.
2. Жаттығу: Отбасы суреті
Мақсаты: Отбасы мүшелерін жақындастыру.
3.«Қазақта бір ару бар Кәмшат деген...»
Мақсаты: Өлеңнің мағынасымен танысу.
4. «Баланың ойы» өлеңі
Мақсаты: Балаға ата-ана туралы жақсы ойларды дамыту.
5.К.Томас әдістемесі «Қақтығыстық жағдайлардан шыға білу стратегия-Сын» таңдау
Мақсаты:Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастағы тиімді жолды анықтау.
6. В.В. Столин ,А.Я.Варга әдістемесі Ата-аналардың қарым-қатынасы
Мақсаты: Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау.
7. Жаттығу: Әрқашан бірге әрқашан көңіл-күйде
Мақсаты: Ата-ана мен баланың қарым-қатынасын жақсарту.

Күтілетін нәтиже:

Баланың жан-жақты дамуына әсер етуі;
Ата-ана бала және мұғалім арасында қарым -қатынастың жақсаруы;
Баланың өзін-өзі бағалау денгейінің қалыпқа келуі.

https://sputnik.kz/20181219/fariza-ongarsynova-tyraly-ne-bilemiz-8531003.html

(отбасы туралы мәлімет алынған саит)

Фариза Оңғарсынова - Ол 1939 жылы 5 желтоқсанда Атырау облысы, Исатай ауданы, Манаш ауылында өмірге келген. Шығармашылықпен айналысып қана қоймай, 1996-2004 жылдары аралығында Қазақстан Республикасы парламенті мәжілісінің бірінші және екінші шақырылымдарының депутаты болған. Фаризаның әкесі Оңғарсын Иманғалиев оқыған, елге қадірлі азамат. Қазіргі Атырау облысында алғаш балық шаруашылығын ұйымдастырған. Ал анасы Қалима Иманғалиева арабша хат танып, қазақ ауыз әдебиетін жақсы білген. Он баланы дүниеге әкелген ана бес уақыт намазы мен оразасын еш қалдырмаған деп айтылады.

Фариза апамыз үйдің үйдің кенже қызы болған, бауырларының біразы жастай ерте өмірден өткен. Ал әкесінің жүрегі ауырып ерте көз жұмады, ал анасы 1970-жылдары дүниеден өткен.

Айвар есімді ұлы мен Анар есімді келіні, Әнел, Алан және Анита атты немерелері бар. Сондай-ақ, ақын ерте қайтыс болған жалғыз ағасының ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірген. Фариза апамыз осындай үлгі болған.

Ата-аналарға баланың оқуға ықыласты болуын қалай дағдыландыруға болады?

Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. Баланың оқуына қандай жолмен көмектесу керек? Мектептегі оқу жұмысына, кітап оқуға оның қызығушылығын қалай арттыруға болады? Баланың ұқыптылығын қандай жолдармен арттыруға болады? Көбінесе осындай сұрақтар ата-аналарды

мазалайды, бұл түсінікті де. Кез-келген ата-ана өз баласының жақсы оқуын, білімге құмар болып өсуін,кітапты көп оқуын, қажырлық көрсетуін қалайды.
Дегенмен бұл мақсатқа барлығы бірдей жете бермейді. Мұның себебі бұл міндетті отбасылар әрқайсысы әр түрлі жолмен шешеді.
Кейбір ата-аналар өз балаларының білім алуға қызығушылығын оятуға,оқуа ықыласын арттыруға,жаңалықтарыды білуге құмартуға, сондай-ақ күнделікті өмірде кітап оқуда туатын сұрауларға жауапты тек мектептегі сабақ үстінді ғана іздестіріп қоймауына ең алдымен қам жасап отырады. Мұндай әкелер мен шешелердің тәрбие ісінде таңдап алған жолдары дұрыс.
Баланың сыныптан сыныпқа көшуімен байланысты,оның үйдегі оқуына басшылық ету әдісі де бірте-бірте өзгере береді. Мұнда, әрине алған білім дәрежесі , баланың мінез-құлқы, оның өз бетімен жұмыс жасай білу қабілеті және көптеген басқа жағдайлар да ескеріледі.

Оқушының мінез-құлқына ата-ананың тәрбиесінің ықпалы.

Қазіргі таңда адамзат ғылым мен білімді игеруде психология ғылымынсыз өркениеттің өріне еркін қол жеткізе алмайды. Өйткені психология барлық салаларда қамтылады. Фариза Оңғарсынованың қаншама

өлеңдері, поэзиялары отбасылық тәрбиелік мәні бар солардың ішіндегі атын атайтын болсақ «Дәрменсіздің ойы», «Гобой», «Қазақта бір ару бар Кәмшат деген...». Осыған орай менің тоқталып кеткелі тұрған мәселем қазіргі кездегі балалардың дамуына отбасындағы қарым- қатынасы, мінез- құлқына толыққанды әсер етуі.
Өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің бастапқы сатысында баланың отбасында дұрыс тәлімделуі шешуші рөль ойнайды. Себебі кез -келген ата-ана әрқашан да балаларының дұрыс тәрбиеленіп, өмірге нағыз азамат болып аттануларына айрықша назар аударған.

В.В.Столин,А.Я.Варга «Ата-аналардың қарым-қатынасы» әдістемесінің қорытындысы



К.Томас «Қақтығыстық жағдайлардан шыға білу стратегиясын» таңдау әдістемесінің қорытындысы



Жоғарыда көрсетілген жұмыстар арқылы қазіргі кезге нәтижесі төмендегідей

- Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас біршама дұрыс жолға қойылды. Ата-аналардың ұсыныс пікірлерінен, ата-аналармен жүргізілген, балаңызбен қарым-қатынасыңыз қазіргі кезде қандай? деген сауал сұрақтарына жауап алу арқылы және балаларымен демалыс күндері көбірек көңіл бөле бастағандары да байқалады;
- Ата-аналар мектепішілік іс-шараларға жиі қатыса бастады;
- 5-6сыныптағы оқушылардың сынып ішіндегі келіспеушілік, қақтығыстық жағдайлар азайды;
- Сынып жетекшімен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы дұрыс жолға қойыла бастады.

Қорытынды

«Бала» өлеңі Автор Фариза Оңғарсынова

Бала сүйсең, жанында таң атады,
сәбисіздің жазылмас жара табы.
Жақсы бала дос-жарды сүйсіндіріп,
жаман бала жауыңа талатады.
Әке, шеше болу да – сынақ қатал,
уын, балын күліп те жылап татар.
Жақсы бала алысты жақындатып,
жаман бала достан да жырақтатар.
Бала өсірсең, өміріңнің сол тірегі,
байқалмайды балаңның олқы жері.
Жақсы бала жоқтатпай жоқтығынды,
жаман бала тірілей өлтіреді.
Баласызда Күн нұрсыз, жылдар мұнар,
өзге мұраң- тайғанақ, шыңнан құлар.
Жаман бала төбеңнен жай түсіріп,
жақсы бала жасартып нұрландырар.
Түсіп талай бала үшін иірімге,
қорланбайсың біреуге иілуге.
Бұлт пен шуақ секілді жаныңа нәр
балаң үшін күю де, сүйіну де!

Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас бұл тек байланыс емес, сонымен қатар баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін негізгі фактор. Бұл қарым-қатынасты нығайту үшін ата-аналар мен балалар арасындағы ашықтық, түсіністік және қолдау маңызды болып табылады.

Пайдананылған әдебиеттер

1. Оңғарсынова, Ф. Биіктік өлеңдер Алматы: Қазақстан, 1976ж.
2. Отбасы татулығы бағдарламасы әдістемелік құрал Астана 2007ж
3. Көмекбаева Л.Н. Психологиялық қызметті ұйымдастыру. – Алматы, 2002ж.
4. Оңғарсынова Ф. «Жүрек күнделігі» Алматы, «Жалын», 1984ж.
5. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. – Шымкент, 2006ж.
6. Жизневский Б.П. Өзіне деген сенімділікті арттыру: Қарым-қатынас орната білуге арналған тренинг бағдарлама – Минск, 1994ж.
7. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Өз-өзіңмен және өзгелермен достық қарым-қатынаста өмір сүру – М., 2000ж.
8. Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова Т.С., Құрбанова И. Отбасы психологиясы: оқу құралы./ Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова

   Т.С.,Құрбанова И. «Қыздар университеті» баспасы, Алматы, 2014ж.

9. Фариза Оңғарсынова Алғашқы сабақ Арман пв баспасы 2000ж.
10. https://sputnik.kz/20181219/fariza-ongarsynova-tyraly-ne-bilemiz-8531003.html

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Мухтариханова Алуа Набиевна
№ 81 "Astana English School" Халықаралық мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Педагог-зерттеуші, магистр

Фариза Оңғарсынова - қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын-қайраткер. Ақын шығармашылығы әр уақытта да, жыр сүйер қауымның, әдеби сынның оң назарында болып, жоғары бағаланып келеді. Бүгінгі қазақ өлеңінің өресін, жалпы қазақ поэзиясының деңгейін ақынның шығармаларынсыз толық елестету, анықтау мүмкін емес.

Ақынның шығармашылығы жергілікті ерекшеліктерге қатысы тұрғысынан және олардың қолданыстағы көрінісі жайында арнайы сөз бола қойған жоқ.

Жергілікті ерекшелік – жалпыхалыққа белгілі зат, құбылыс белгілі бір аймақта өзгеше айтылуымен, сондай –ақ, халық тұрмысында кеңінен қолданылатын кейбір зат, құбылыс әр аймақта әр түрлі аталуымен танылады

және диалектілік лексика жергілікті сипаттағы тұрақты тіркестермен де ерекшеленеді – дей есептей М. С. Атабаева диалектілік сөзді тану, сипаттау туралы тұжырымдарында [1,17-18].

Көркем мәтін – ұлттық бітім – болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт – дәстүр мен наным – сенімін таныстыратын біртұтас дүние. Көркем –мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі айнасы. [2,10].

Ақын өлеңдерінен де батыстың жергілікті ерекшеліктерін кездестіруге болады. Мысалы, **дозақ** *(тозақ),* **матастыру** *(қамау),* **сел** (әл, қуат, күш), **тепсендік** *(құдық басындағы тақыр жер*), **күлігі** *(көлігі*), **аңқа** *(қаңқа),* алақ *(олақ)* **бұғалық** *(желкен діңгегі),* **құңжың** *(есалаң*), **жылым** *(бұлақ суы ағып жатқан жер),* **шалап** *(ала - құла, бір тегіс емес),* **қайынқаптал** *(дөрекі),***сайқал** *(кербез).* [3,10].

Ал көркем шығармаға қойылатын талаптардың бірі – шығарма тілінің қарапайым оқушыға түсінікті болуы. Осы тұрғыдан алып қарағанда диалектиздерді көркем әдебиет тіліне орынсыз, шамадан тыс тықпалай беру шығарманың көркемдік сипатын сұйылтып, жалпы халыққа түсінікті болу жағынана нұқсан келтіреді. Шығарманы сыдыртып оқып келе жатқан оқушы құлаққа тосын естілетін диалектизмдер шамадан тыс көп кездессе, ондай түсініксіз сөздердің мағынасын ойластырып, еріксіз кібіртіктеп, бөгеліп, мазмұнын түсінбей қалып отырады.

Әдеби тілімізде жергілікті ерекшеліктер көп қолданылғанымен, әдеби нормаға сай емес сөздерді көркем әдебиеттерде жиі кездестіреміз. Әдеби тілде орынсыз жұмсауға қарсы шыққан ғалымдарымыз: С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев, М. Балақаев, Б. Қалиевтарды атағанымыз жөн. Олар көркем әдебиетте орынсыз қолданып жүрген жергілікті ерекшеліктерден арыла алмай жүргенімізді айтады. Ғалым Б. Қалиев «Д. Досжанов шығармаларындағы диалектиздер мен сөйлеу тілі мен элементтері жайында» еңбегінде жазушы жергілікті ерекшеліктерді көп қолданғанын, оқырман құлағына тосын естілетін сөздерді пайдалану, оларды сұрыптамай, түсініксіз етіп қолдану арқылы оқырманның әдебиетке деген қызығушылығын жояға себеп болуы мүмкін екендігін айтады [4, 107-108].

Алайда барлық ақын-жазушылар өз шығармаларында жергілікті диалектизмдерді орынсыз қолданбағанын көруге болады. Яғни Фариза Оңғарсынованың поэзиясымен етене жақын таныса отыра, байқағаным – жергілікті ерекшеліктердің аз қолданылуы. Демек, диалектілерді орынсыз қолдану, әдеби емес сөздерді мақсатсыз пайдалану тілге нұқсан келтіріп, әдеби тіл нормаларын тұрақтандырып, дамытуға кері әсерін тигізуі мүмкін екенін ақын естен шығармаған болу керек.

Ақын барынша тіл байлығын арттыруға оның тазалығын сақтауға ерекше назар аударған сияқты. Қандай тіл болмасын, оның басқа тілдермен қарым – қатынас жасау нәтижесінде көптеген сөздер еніп, қабылданады. Ол адамдардың күнделікті қарым – қатынасында, бірлесіп іс – әрекет жасау сәтінде қолданылады. Өйткені Фариза Оңғарсынованың поэзиясында қарақалпақ, түрікмен тілдеріндегі сөздер кездеседі. Мысалы, **бұғалық** (Түрікм., Қиян.,

Красн.,Қулы.) *желкен діңгегі.* Бірақ ақынның өлеңдерінде кездесетін өзге тілдің сөздері сан жағынан аздау болып келеді, себебі ақын сөздерді сұрыптап қолдағанын түсінуге болады.

Осы орайда Ә. Т. Қайдардың: «Әрбір қаламгер өз шығармаларында белгілі бір өлкеге тән диалектизмдерді кейіпкелердің аузына салып сөйлетуге ерікті. Бірақ ондай сөздер әдеби тілі нормасы бола алмайды. Ал жазушының өзі болса, жергілікті кейіпкерлерше емес, жазушы ретінде шынайы көркем сөздің үлгісімен баяндап, авторлық ремаркада әдеби норманы қатаң сақтауы керек. Бұл қағидаға ұлы ақын – жазушылардан бастап, көркем сөз саласында бағын сынаушы жас талапкерлерге дейін түгел ұсынуы қажет», [5] деген тұжырымын көркем шығармада диалектизмді қолдануға қойылатын қатаң талап деуден гөрі ұлттық әдеби тілдің тазалығына деген жанашырлық деп түсінгеніміз жөн.

Ақын –жазушылардың жергілікті ерекшеліктерді қолдануында екі түрлі басты кемшілік байқалады:

а) жергілікті ерекшеліктерді автордың өз баяндауында (автор мен лирикалық кейіпкер сәйкес келмеген жағдайда) қолданылуы;

ә) осы өңірде жат, таныс емес, басқа аймақта қолданылатын сөздерді қолданылуы, яғни автор жергілікті тіл ерекшеліктерін қолданғанмен, оның қай аймаққа тән екендігін көрсетпеуден туындайтын кемшілік.[6] атай келіп, көркем мәтінде қолданылатын диалектизмдердің қолданымдық шегі болатынын көрсетті [7, 108].

Біріншіден, ақын поэзиялық шығармаларында көбінесе өз баяндауында байқалады. Мысалы, **заңдас** (Гур., Маңғ.) *ұқсас, тектес.*

Екіншіден, ақын сол өңірге жат (оңтүстік диалектісі) басқа аймақта қолданылатын кейбір сөздерді байқауға болады. Мысалы, **Пісте 1** (Шымк., Мақт., Арыс; Жамб., Шу; Өзб., Ташк.) *күнбағыс, шемішке.* **Пісте 2** (Ауғ., Ир.) *тауда өсіретін ағаш және оның жемісі.* [3].

Батыс сөйленістер тобын ғалым Ә Нұрмағамбетов бес сөйленіске жіктейді. Олар:

- Орталық сөйленіс;
- Маңғыстау сөйленісі;
- Арал сөйленісі;
- Қарақалпақстандағы қазақ сөйленісі;
- Түрікменстандағы қазақ сөйленісі;

Поэзия мәтінінде берілген диалект сөз автордың идеясы, көркемдеу тәсіліне орай қолданылып, шығармалардың лексикалық –семантикалық қабаттарын байыта, ажарлай түседі .

Ш. Сарыбаев көркем әдебиеттердегі жергілікті ерекшеліктердің кемшіліктерін атап көрсетті. Яғни, әр ақын – жазушыларымыз көркем шығармада сөз қолданысын әр түрлі қолданады. Оны біз қате деп айтпасақ та, дұрыс деп айта алмаймыз. Өйткені оны жалпы жұрт түсіне бермейді. Жазушы оңтүстік не батыс сөйленістер тобына тән аймақтық сөздерге әдеттенбей, жалпы халықтық әдеби тілінің негізінде жазу керек. Себебі, Қазақстанның шығыс, батыс облыс

тұрғындары тілінің өздеріне ғана тән, аймақтық , аудан көлемінде қолданылатын сөздері [8, 101- 105] болады.

Прозалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар кейде автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру үшін, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданылады [7, 13].

Осы тұрғыдан келгенде, көркем әдебиетте жергілікті ерекшеліктерді қолдануға бола ма, жоқ па деген көзқарас, пікірталас әдеби тіл дамуының әр кезеңінде көтеріліп отырады. Жергілікті ерекшеліктерді көркем шығарма тілінде қолдану әдеби тіл нормасы, тіл мәдениеті тәрізді тіл ғылымының өзекті тұстарымен ұштас келетін күрделі мәселенің қатарына жатады [9, 141].

«Рас, бұдан 20-30 жыл бұрын әдеби тіліміз қалыптасуға бет бұрғанда, қазақ тілінің тіл байлығын сарқа пайдаланып, оның керегін әдебиет елегінен өткізіп, сұрыптап алу үшін, әркім есіткен – білгенін әдебиетке еркін ендіре берсін деп қарайтын едік. Әдеби тілдің қалыптаса бастаған кезеңдеріне, тіл жұмсаушыларға берілген ондай «еркіндіктің», расында, көп пайдасы тиді... Ал қазіргі қазақ тілін «әлі жас» деу – бишаралық. Космосты меңгерген заманда, құлазыған даланы телегей – теңіз егінге бөлеген дәуірде, мәдениеттің өнер – білімнің шыңына шыққан қазақ халқының осы күнгі тілін баяғысындай жас деуге болмайды. Әдеби тілдің тарихы дәл орыс әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындай болмағанмен, ол әлдеқашан «жастықтан»шықты, әдеби тіліміз кемеліне келіп, шыңдалды. Оны енді қызғыштай қорғай, ыбырсық сөзден, тым – тырағайлықтан сақтау керек », -дейді ғалым. Егер диалектизмдерді «Біздің әдеби тіліміз жас, әлі қалыптасу үстінде» дегенді желеу қылып, сөйленістердегі бар сөзді талғамай, жатсынбай қолдана берсек, онда маңдай,таңдай тұлғаларының орнына оңтүстік аймақтарында жиі айтылатын маңлай, таңлай, тамақ пісті деудің орнына Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында тамақ пысты, немесе батыс облыстары тұрғындарының тілінде кездесетін қалай-солай (қалай болса солай), барасаңыз, келесеңіз (барасыз, келесіз), жар сағаты (қабырға сағаты) сияқты сөздердің қолданылуын заңды деп табуға тура келеді. Бұған біздің әдеби тілімізге келер пайда жоқ. Одан әдеби тіліміз ұтылмаса, ұтпайды. Мұндай ерекшеліктер әдеби тілімізді шұбарлайды, шығарманың түсініктілігін қиындатады, әдеби тіліміздің нормасына нұқсан келтіреді [8, 101].

«Әдебиет – тілімен әдебиет» демекші, ақын-жазушылардың еңбегі екі жақты бағалануға тиісті, бірінші жағы – әдеби жанр және оған тиісті талаптар болса, екіншісі –тіл құдыретінің сапалық деңгейі болмақ.

Қорытындылай келе, қоғамның дамуына сай қазақ тілі де дамып жетілуде. Көркем шығарма негізі – тіл. Қаламгерлердің өз туындысында өмірдің қатпар-қатпар шындығын оқиғалар негізінде ашуы, кейіпкердің өзгелермен әр алуан қарым- қатынасы, ішкі толғанысы, сөзі, сыртқы көрінісі, басқа ерекше белгілері

көркем тілі арқылы беріледі. Сондықтан да шығарма тілі –жазушының өсу шеберлікке жету жолының да көрінісі болып табылады.

Фариза Оңғарсынова жергілікті ерекшеліктерді немесе диалектілерді мақсатты қолданысқа жатқыза бермей, оның оқырман құлағына тосын естілетін сөздерді пайдалану, оларды сұрыптамай, түсініксіз етіп қолдану арқылы оқырманның әдебиетке деген қызығушылығын жоюға себеп болуы мүмкін екендігіне назар аударған. Сонымен қатар көркем әдебиеттің тілі шығарманың мазмұны, ондағы ойы, оның көркемдік ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Шығарма мәтінінде диалектизмдер орынсыз көп қолданылса, шығарманың жалпы халыққа түсінікті болуына нұқсан келтіретін түсінген. Осы тұста ақынның авторға қойылатын талапты орындағынын нақты айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Атабаева М. Қазақ тілінің диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі докторлық монографиясы, Алматы, 2006ж
2. Есенбай Анар Заманбекқызы Сыр өңірі жазушыларының тіліндегі жергілікті қолданыстар Алматы, 2008 А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.
3. Диалектологиялық сөздік, Алматы: Арыс баспасы, 2007.
4.Қалиев Б. Д. Досжанов шығармаларындағы диалектизмдер мен сөйлеу элементтері жайында // Жазушы және сөз мәдениеті Алматы: Ғылым, 98-122б.
5.Есенова Қ. Е Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты Алматы: 2009
6. Нұрмағамбетов Ә. Түркістандағы қазақтардың тілі Алматы: Ғылым, 1974 - 165б
7.Мұхабетов Жомарт Көркем мәтіндегі диалектизмдердің этномәдени мәні А, 2007 А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
8. Ш. Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Жазушы және сөз мәдениеті Алматы: Ғылым, 98-107б.
9. Атабаева М. Диалектілік семантика Алматы: Интерпресс, 2009 -168б

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мукушева Жұлдыз Хасенқызы
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
биология пәні мұғалімі,
директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші

мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаза музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

Биылдан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына өзгерістер енгізіліп, барлық мектептерде жүзеге асырылуда. Қазіргі қоғамда оқушылардың арасында көптеген вейб, лудомания қатарлы мәселелер туындап жатыр. Сондай жат қылықтардың алдын алу мақсатында бағдарлама ұлттық құндылықтарға бағытталған. Жалпы, былтырғы бағдарламада үш құндылық болса, биыл алты құндылыққа негізделгенін айта кету керек. Мемлекеттік кеңесшімен болған кездесуде бағдарламаның тиімділігі туралы, қалай жүзеге асырылуда, бағдарламаны жүзеге асыру бағытында қандай қиындықтар туындады деген сұрақтар көтерілді. «Біртұтас тәрбие» жүйесін стратегиялық маңызды құжаттардың бірі деп айтуға болады. Себебі, біз осы тәрбие арқылы, тек қана мектеп емес ата-ана, білім ошағы үштік болып, болашақ ұрпақты тәрбиелейміз.

Бұл өзгеріс – биылғы жылы қабылданған бағдарламаның басты ерекшелігі. Ол Қазақстанның барлық мектептеріне бірдей деңгейде қолданылуда. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының қазіргі білім беру жүйесі үшін өзектілігі мен маңыздылығы жоғары. Бағдарлама қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын және өз елінің дамуына елеулі үлес қоса алатын азаматтардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тек жүйелі және осы құндылықтарды тек біркүндік акция ғана емес, жүйелі түрде қалыптастыру. Мысалы сабақ арасындағы үзіліс кезінде, күй ойналады. Яғни, ол да ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып есептеледі. Қазақ мектебі болған соң бізге қалыпты жағдай сияқты көрінгенімен, бірақ, аралас мектептер үшін өте маңызды. Ұзақ үзіліс кезінде оқушылар күнделікті күй тыңдайды, бала тек күй тыңдап қана қоймай, оларға күйдің тарихы туралы ақпарат берілу керек. Оның авторы кім, маңызы неде? Бала тек тыңдап қана емес, оны түсіну керек. Қазір осындай тәрбиелік мәні бар іс-шараларды қолға алып жатырмыз. Мысалы, үзіліс арасында ұлттық ойындар ойнатуды да қолға алдық.

Мәселен, зорлық-зомбылық қайдан туындайды? Бала оны сыртта естиді, ақпарат көздерінен көреді. Мейлі, үйінде жақсы тәрбие алған бала болсын, бірақ біз оған көңіл бөлмейміз. Бірақ, қазіргі кезде балаға сыртқы әсер етуші факторлар көп. Соған еліктеуі, еруі мүмкін. Сондайды болдырмас үшін ай сайын, күн сайын «Өнегелі 15 минут» деп аталатын құндылық бар. Біздің мектепте апта сайын қауіпсіздік жөніндегі сабақтар өтеді. Бұрын бопсалау 9 сыныптар арасында болған болса, қазір бастауыш 4-5 сынып оқушылары арасынан шығып жатыр. Осы мәселеге байланысты тәрбиелік мәні бар шараларды күшейттік.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде Фариза Оңғарсынова шығармаларымен байланысты көптеген іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Ақынның шығармалары өскелең ұрпаққа мәнді тәрбие береді, саналы ой салады. Ақын шығармаларының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қырлары, үні бар. Қаламгердің жырлары құрылымы жағынан болсын, мән-мағынасы жағынан болсын, философиялық ойлары тұрғысынан болсын ерекше сипатқа ие. Фариза Оңғарсынова поэзиясының ең басты кейіпкері – қазақ қызы, олардың махаббаты, ар-намысы, арманы, құпиясы болып табылады. Қазақ қызының ар-намысын бәрінен жоғары қойған ақын өлеңдері қыз баласын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Ақын өз шығармаларында поэзияны жанына серік етіп, қуанышы мен қайғысын, сыры мен мұңын бөлісетін жан досына айналдырған. Ақынның лирикалық кейіпкерлері ешкімге ұқсамай бермейді, оқи отырып өзімен бірге күрсіндіріп, ойлантады, қуантып, мұңайтады, толғандырады. Үнемі талпыныс күй кешкізеді. Ұлыларды ұлықтау ұрпақтың парызы. Поэзия падишасының адуынды жырлары арқылы ұлы тұлғаларымыздың рухы тірілгендей болады. Өр рухтың жарқылы ойнаған шығармалары оқырманын қанаттандырады, патриотизмге баулиды, елін, жерін сүюге шақырады. Жалпы Фариза Оңғарсынова поэзиясы ұл-қыздардың алар өсиеті жайлы сөз қозғамақпыз.

Қазіргі кезде қоғамдық көлікте жастардың ересектерге орын бермей, көңілі түскен қыздарға деген "сый-құрметін" кей кездері байқап қаламыз. Мұны ер жігіттің қыз баласын сыйлағаны деп ойлауымыз мүмкін. Ал Фариза ақынның сол туралы жазған өлеңін оқығанда, сізді басқа ой жетелей кетеді. "Адам толы автобус ішінде отырған жігіт өзге қартаң кісілерді ескермей, жас қызға орын ұсынады", сонда:

Қарт ана қарап қойды жалтақ-жалтақ:

"Бұл менен көрді ме, – деп, – қызды қартаң".

Қысылып: "Отыр, шеше!" – дей беріппін.

Риза боп ол да "Сау бол, – деді, – қалқам!" – деген жолдар арқылы тәрбие көрген қыздың қандай әрекет жасау қажеттігін үлгі етсе, келесі шумағында:

Сызылды: "Сізге ұсынған тегі мен", – деп,

(Жасанды сый-құрметтен жерінем бек).

Кей жігіт сыйдың шиін шығарып жүр,

Тәуір боп қызға ғана көрінем деп – деуінен ер баланың жасандылыққа бой алдырмауын, қыз көңілі тек шынайылықты қалайтынын саналарына құйғысы келгенін аңғарамыз. Ақын "бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербететін" әйел мойнына артылар жүктің жеңіл емес екенін сіңлілеріне былайша өсиет етіп айтады:

Сая-сендер халықтың қорғаны ұлға,

Қорғандардың талабын сорға бұрма.

Ескеріңдер ертеңгі ел тағдыры,

Жер тағдыры сендердің қолдарыңда!

Ел қорғаны, ұлт тәуелсіздігінің тірегі болар ұлдарының да тілеуін қара өлеңіне арқау ете жырлайды:

Асау ғасыр!

Іріні үгіп демің

Бара жанса, сөнердей үміттерім.

Мен тілеймін: күңкі мен ұсақтықтан

Сақтағай деп даламның жігіттерін!

Ақынның бұл өлеңдерінен елінің ертеңі болар ұл мен қыздың болашағына деген алаңдаушылықты көреміз. Ал сол ұрпақ Ф.Оңғарсынова өлеңдерін бағалап, мәнісіне балай алып жүр ме?!

"Бірі екем мен көптің иық керген,

Бірақ та бір шындықты түйіп келгем:

Биікті байқау үшін өзің биік

Болуың керек екен биіктерден" – деп өзі айтқандай, ақын болмысын танып, өз биігінен көре алу үшін біздерге әлі де көп ізденіп, өмірдің ащысы мен тұщысын көріп, шыңдалуымыз қажет шығар?!

Жалпы, Фариза ақынның жырға қоспаған тақырыбы, өмір туралы толғақты ойларының ұшы- қиыры жоқ деп кесіп айтуымыз керек. Соның ішінде, сөз соңына қарай болса да, өсиет сөздерін өлеңдеріне өзек еткені жөнінде бірер сөз айтпай қалу айып болар еді. Бұлар жеке-жеке талдауға лайық көркем туындылар.

Қорыта айтқанда, Фариза ақынның адам жанын бірден баурап алатын нәзік сырлы, жүрек елжіретер өлеңдері кеудеңді күйсандық сазындай күйге толтырып, ой-санаңды дауылдай сапыратын сипатымен ерекшеленеді. Саңлақ ақынның жауһар жырларын бүкіл қазақ жаппай оқып, жаттап жүр десек, асырып айтқандық болар еді. Ал оның отты өлеңдері барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдауға арналғандығын айтсақ, әрине, қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1 том. Алматы: Жазушы, 1987. – 354 бет.

2. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том, Алматы: Жазушы, 2002.- 202 бет

3. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. III том. Астана, 2004. – 328 б.

4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушылар: Ахметов З., Шаңбаев Т.Алматы: Ғылым, 1998.- 360 бет

Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН» ҮНДЕСТІГІ

МҰХАН АЙГҮЛ СЕЙЛХАНҚЫЗЫ
Астана қаласы әкімдігінің «Д.Қонаев атындағы
№66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ұлттық құндылықтар дегеніміз - ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттың ұлы қазынасы. Бүгінгі жаһандану заманында кез келген ұлтты аман сақтап қалатын дүниелер - сол ұлттың өткен тарихы, мәдениеті мен әдебиеті деп айтуға болады.

Халқымызда «Тәрбие басы – тал бесік» деген қанатты сөз бекер айтылмаған. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу отбасынан бастау алып, мектепте жалғасын табуы керек. Мектеп – білім мен тәрбиенің ошағы. Жасынан ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен бала ғана келешекте елінің өсіп-өркендеуіне қызмет етері анық. Осы орайда «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарды насихаттауға негізделген бірден бір құжат деп айтуға негіз бар. Бұл құжат білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсат-міндеттерін айқындайды. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады. Әр айда тұлғаны қалыптастыруға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізіледі. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды баланың бойына дарыту арқылы еңбекқор, адал, саналы азамат тәрбиелей аламыз. Ұлттық құндылықтармен үнемі жұмыс жасау өз нәтижесін береді. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы азамат қана болашақта ұлтының ұлылығын, жерінің құндылығын құрметтейді.

Әр ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық менталитеті ұлтты өзгелерден даралап тұрады, сол себепті балалар арасында халқымыздың ұлттық болмысын, салт-дәстүрлерін, ұлттық музыкасын тануға, қазақтың сөз өнерінің

қыр-сырын терең ұғынуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Өз халқының рухани мәдениетінен азық алған адамның ой-өрісі де биік болады. Рухани бай адам өмірге оң көзқараспен қарап, өмірдің тереңдігін түсінеді. Әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің байлығымен, тазалығымен өлшеуге болады. Шығармашыл адамдар көбіне көп ұлттық құндылықтарға көңіл бөледі. Содан болар мұндай адамдар өзінің ішкі әлемін дамытуға күш салады.

Туған жер – кез келген адам үшін қасиетті ұғым. Бойында ұлттық намысы бар адам ғана өз еліне адал қызмет етіп, білімі мен еңбегін елінің мүддесіне жұмсайды. Отанға деген адалдық елінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін құрметтеуден бастау алады. Жалпы қай ақын-жазушыны алып қарасақ та, ең алдымен Отанын сүюге, ұлттық құндылықтарын ардақтауға, тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, сөйтіп болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Отан, туған ел туралы тақырып - барлық ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болған тақырып. Туған жерге деген махаббатты бір сөзбен, сірә, жеткізе алмассың.

Халқымыздың аяулы да ардақты қызы Ф.Оңғарсынова - қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар дара тұлға. Ол өзінің жастық шағынан жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берді. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпақ тәрбиесін насихаттайтын газет-журналдарда басшылық қызмет атқарды. Халқының рухани қазынасына мол мұра қалдырған тума талант Фариза апамыздың поэзиясы өзінің ұлттық болмысымен ерекшеленді. Ақынның өмірге деген құштарлығы өз туған жерін жақсы көруден басталған. Ақын жырларын оқи отырып туған жер топырағының жылу күшін сезініп, боз даланың жусан иісінен нәр алып өскен, боз жусанын аңсап өткен жанды көресіз. Жанымызға қуат берген, нәр берген туған топырақтан асқан қасиетті нәрсе жоқ екендігіне куә боласыз. «Таулары заңғар, даласы кең, дертіне саумал самалы ем» мекенін мақтан етті. Ақын жүрегі туған еліне өмір бойы ғашық болып өтті. «Дала – менің қазынам, жыр сандығым» деп жырлаған ақын өзінің пірі де, тірегі де, тұғыры да бола білген елін «асқақ діңгегім», «бас тұғырым» деп қадірлеп өтті. Туған еліне деген махаббатын өзінің жалынды жырлары арқылы жеткізді.

Бірде «Маңғыстау – менің мұңды үнім, мұңды үніммен нұрлымын» десе, бірде «Шыңғыстау – тағзым етер нұр тұрағым» деп, ал бірде «Қасиетті Нарын, құм Нарын, киелі менің құндағым»,- деп бар мұраты елі мен жері болғандығын айтады. Ақын 1958 жылы жазылған «Нарын» атты өлеңінде туған жері туралы былай деп сыр шертеді:

Атырау – ақжарқын ел, жыршы далам,
ән мен күй көкірегінде тыншымаған.
Бабамның тері тамған топырағыңнан
әрқашан жас жаныма сусын алам.
Ұйытқан әуенімен қырдағы аңды
күй сазын анам алғаш тыңдаған - ды.
Ардагер Махамбеттей ақын ұлың

шөлдеген құмдарыңды жырға малды.
Талай жан сенде азаттық аңсап өтті,
Исатай бостандық деп жар сап өтті.
Қолға алып бұлбұл көмей домбырасын,
Дина қыз тамсандырды барша көпті.
Қасиетті тазалық бар құмдарыңда,
ез болу күнә сенде туған ұлға.
Менің де көкірегіме тыншу бермей,
жүрегім оранғандай бір жалынға.
Тарихта өмір зырлап, жылдар өтер,
орнында өзен ағар, жылға кетер...
Киелі топырағыңнан нәр сіңірген
ұл - қызың сені, Нарын, жырлап өтер!

Меніңше, Фариза Оңғарсынова өз өлеңдері арқылы туған жерді сүюдің үлгісін көрсете білген ақын.

Ал 70-жылдары жазылған «Балалыққа саяхат» атты өлеңінде:

...Суым – ащы, шөп – нәрсіз, затым жеңіл,
Сорға айналып көлдерім жатыр небір,
Ауа да улы. Жердегі бар нәрліні,

Жеп тауысты біртіндеп Ақыл – жебір,- деп туған жерінің болашағына алаңдайды, ақынды туған елінің көк тасы мен бөктері де ойлантады. Тіпті бір кездері қойы маңырап, құлыншағы кісінеген туған ауылы ақынның түсіне енеді. Елін, жерін сүю, халқына қайырымды болу, еліне әділ болу - ақынның басты ұстанымы болды. Еліне қалтқысыз қызмет еткен ақын жеке басының мүддесінен елінің мүддесін жоғары қоя білді. Оның шығармаларынан ақынның өзіне ғана тән өр мінезі сезіліп тұрады. Біз де сол ұлы тұлғалар салған сара жолмен жүрер болсақ, бабалар аманаты, ұлтымыздың баға жетпес байлығы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өз жалғасын табары сөзсіз. Елінің үмітін ақтай білген ақын апамыздың қалдырған мол мұрасы әр қазақ баласының жүрегінен орын алып, халқымызбен бірге жасай берсе екен деген тілек бар. Ақынның еліне сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Кезінде ақын С.Ақсұңқарұлы: «Өзегінде өлеңі жоқ жұрт қара тобырға айналады» деген еді. Телефонға телмірген мына заманда поэзияның құны түспеуі керек. Қазіргі жаһандану заманында жұтылып кетпеу үшін жас жеткіншектер кітаппен дос болуы керек. Ақын апамыз: «компьютер, интернет дегендер кітаптың беретін білімін бере алмайды»,- демеп пе еді? Көркем ойлау жүйесі қалыптасқан елдің ғана болашағы көркем болмақ. Фаризаша айтсақ, «көркем әдебиетті оқып, ондағы ойларын алып, сонан соң ойлану керек».

«Япыр-ау, қайда кеткен шуақты өлең?
шуақты өлең жазғанға құр ат берем!»-
деп бүгін жыр іздейтін адам бар ма –
біреу мені іздесе қуат көрем»,- деп ақынның өзі жырлағандай, егер өсіп келе жатқан жас ұрпақ жастайынан Фариза, Мұқағали, Жұмекен сынды аға-апаларымыздың өлеңдерін іздеп жүріп оқып, санасына тоқып өссе, ақын арманының орындалғаны.

Ұрпақ тәрбиесімен айналысу - кезек күттірмейтін мәселе. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деп тегін айтпаған. Бүгінгі алдымызда отырған шәкірт - ертеңгі ел азаматы. Ұстаз - оқушының ғана емес, өз ұлтының тағдырына жауапты тұлға. Қашан да ұстаздар қауымына артылар жүктің салмағы да жеңіл болмаған. Ендеше, шәкірт жүрегіне жол тауып, олардың санасына ұлттық құндылықтарды дарыту сіз бен бізге байланысты. Егер біз күнделікті сабақта берілетін білімді ұлттық құндылықтарымызбен ұштастыра алсақ, онда біз өзіміздің ұстаздық атты ұлы қызметімізді абыройлы атқарып жатқанымызға ешкім де күмән келтіре алмас. Ұрпағымыз елжанды, ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын азамат болып өссін десек, бала тәрбиелеу ісіне бейжай қарамағанымыз абзал.

Қорытындылай келе, өз елін сүйе білетін, өз ұлтының қамын ойлайтын, ұлттық құндылықтарын бағамдай білетін ұрпағы бар елдің келешегі кемел болмақ. Әрбір жас жеткіншек ұлттық құндылықтарымызды ұмыт қалдырмай, бүгінгі күннің баға жетпес байлығы екендігін естен шығармауға тиіс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Ф.Оңғарсынова «Дауа» Өлеңдер, Алматы: «Атамұра» баспасы 2002 ж.
- Сандуғаш. Өлеңдер. Алматы., «Жазушы», 1966;
- Маңғыстау маржандары. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1969;
- Мазасыз шақ. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1972;
- Асау толқын. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1973;
- Көгершіндерім. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1974;
- Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Астана, 2024ж.
- «Тұмар» республикалық әдеби-көркем журнал. 2014-1(32), С.Ақсұңқарұлы 16-бет.

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Наушабекова Шамшатгул Абызбековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Софиевка ауылы «ЖОББМ» КММ
Целиноград ауданы, Ақмола облысы
Педагог-зерттеуші

Фариза Оңғарсынова - қазақ поэзиясының жарқын жұлдызы, өз шығармашылығымен көпшіліктің жүрегінен орын алған ерекше тұлға. Ол - әйел ақындардың ішіндегі ең танымалдарының бірі ғана емес, сонымен қатар қоғам мен заманның келбетін ашуға үлкен үлес қосқан қайраткер. Бастауыш білімін ауыл мектебінде алып, кейінірек жоғары білімді Алматыдағы Қыздар

педагогикалық институтынан филология мамандығы бойынша тәмамдайды. Еңбек жолын мұғалім болып бастаған ақын кейін журналистика саласында қызмет етіп, республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарған. Бұл қызмет оның шығармашылық әлеуетін аша түсті. Ол ақын ғана емес, бас редактор, қоғам қайраткері ретінде де танылды.Оның шығармашылығы мазмұндық тереңдігімен, формалық жаңашылдығымен ерекшеленеді,шығармашылығы мен қоғамдағы рөлі нәзіктік пен қайсарлықтың символы ретінде бағаланады.Фариза Оңғарсынова тек әдебиет майданында ғана емес, қоғамдық істерде де белсенді әрі батыл болуымен ерекшеленді. Ақынның қайраткерлік қызметі де қоғамдағы өзгерістерге үлес қосты. Ол Қазақстан Республикасы Парламентінде депутат болып, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешу жолында да белсенділік танытты. Оның ел алдындағы жауапкершілігі мен батылдығы қоғамдағы әйелдерге жаңа серпіліс бергені анық. Фариза Оңғарсынова тек әдебиет саласында ғана емес, қоғамда да белсенді рөл атқарған тұлға. Оның азаматтық көзқарасы, батылдығы мен өжеттігі қоғамдағы әйелдерге үлгі боларлық. Ол қазақ әйелінің бейнесін қайсар рухты, әділеттілік іздеуші және өз құқығын қорғаудан тайынбайтын тұлға ретінде көрсетті.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлттық болмыстың жарқын жыршысы. Оның өлеңдерінде халқымыздың тарихы, салт-дәстүрі, рухани құндылықтары айқын көрініс табады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ақынның шығармалары маңызды рөл атқарады. Ақын поэзиясындағы басты тақырыптардың бірі — ұлттың еркіндікке ұмтылуы. Ақынның "Туған жер" өлеңі туған жерге деген махаббатты, Отанға адалдықты жырласа, "Қазақтың қызымын" өлеңі ұлттық болмысты айшықтайды. Бұл өлеңдерде тәуелсіздік идеясы мен ұлттық рухтың биіктігі сезіледі. Ақын халықтың санасын ояту, жастардың бойына рухани қайсарлықты сіңіру мақсатында жырларын жазды.Сонымен қатар, өлеңдерінде қазақ тілінің құдіреті мен салт-дәстүрдің маңыздылығы жиі жырланады,туған тілдің қасиеті мен құндылығы көрсетіледі. Ақын тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттық болмыстың кілті екенін ерекше атап өтеді. Ақынның шығармаларында ананың, әженің тәрбиесі, қазақтың бесік жыры, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерге құрмет айқын аңғарылады. Фариза Оңғарсынова үшін адамгершілік қасиеттер — ұлттың тірегі, ұлтты сақтайтын рухани ұстанымдар. Ақын әділетсіздікке қарсы тұруды, шындық үшін күресуді жырларында батыл көрсетеді. Фариза шығармашылығында әйел образы ұлттық болмыстың символына айналады. Оның "Ана" және "Қыз бала" өлеңдерінде қазақ әйелінің болмысы, ананың мейірімі, қыз баланың инабаттылығы мен тәрбиесі суреттеледі. Ақын әйел образы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, отбасы институтының маңыздылығын алға тартады. Қазақ қызының бейнесі арқылы болашақ ұрпақтың рухани тазалығы мен ұлттық болмысы қалыптасатынын аңғартады.Оның өлеңдері ұлттық рухты оятып, адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Ақын шығармашылығы ұлттық сананы жаңғыртып, халқымыздың мәдениетін, тілін, дәстүрін, рухани болмысын сақтауға зор үлес қосты. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде ұлттық құндылықтар айқын әрі

терең суреттелген. Оның шығармалары туған жерге сүйіспеншілік, ана тіліне құрмет, ана мен қыз бейнесінің маңыздылығы, рухани тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды дәріптейді. Ақынның поэзиясы оқырман бойына ұлттық рухты сіңіруге, ұлттық болмысты сақтауға шақырады. Фариза өлеңдері — ұлттық құндылықтардың алтын қазығы, мәңгілік рухани мұра. Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі ұлттық құндылықтар қазақ халқының рухани мұрасын дәріптеуге зор үлес қосады. Оның шығармалары ұлттық сананы жаңғыртуға, салт-дәстүрлерді құрметтеуге, рухани құндылықтарды сақтауға шақырады. Ақын жырлары бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін ұлттық болмыстың рухани қайнары болып қала бермек. Фаризаның өлеңдері арқылы әрбір адам өз халқының мәдениетін, тілін, дәстүрін қастерлеуді үйренеді. Осылайша, Фариза Оңғарсынова ұлттық құндылықтарды жырлау арқылы қазақтың мәңгілік мұраттарын ұлықтайды. Оның поэзиясында әйел болмысы, ана махаббаты, табиғат сұлулығы мен адамгершілік қасиеттері терең жырланады.Ақын өмірге, табиғатқа, махаббатқа деген шынайы сезімдерін өлең жолдары арқылы жеткізе білді. Оның лирикалық кейіпкерлері — мейірімге толы, қайсар және ақыл-парасаты мол әйелдер.Оның өлеңдеріндегі қайсарлық сипаты ананың тағдыры, еңбек адамдарының бейнесі арқылы көрініс табады. Ақын өз кейіпкерлерін қоғамдағы әділетсіздіктермен күресуге шақырады. Бұл оның замандастарына, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық ерлік рухы екенін аңғартады. Оның шығармашылығы терең ойға, нәзік сезімге және өмірдің шынайылығын бейнелеуге негізделген. Фариза өлеңдерінің тәрбиелік мәні өте зор, себебі олар адамгершілік қасиеттерді, отаншылдықты, әйелдің қоғамдағы рөлін, ананың мейірімін және жалпы рухани құндылықтарды насихаттайды.Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде туған жерге, Отанға деген махаббат жиі кездеседі. Оның "Туған жер" тақырыбындағы өлеңдері әрбір оқырманның жүрегінде отансүйгіштік сезімін оятады. Ақынның бұл өлеңдерінде туған жердің табиғатын суреттей отырып, оның қадір-қасиетін түсінуге шақырады. Мысалы, "Жеріңнің иесі бол" деген өлең жолдары жастарды туған жерге құрметпен қарауға, оның байлығын қорғауға шақырады. Мұндай өлеңдер жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерді қалыптастырады.

Ана мен әйел бейнесі. Фариза өлеңдерінде ананың бейнесі ерекше орын алған. Ана тақырыбы арқылы мейірімділік, қамқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер насихатталады. Ақынның "Ана туралы жыр" өлеңінде ананың өмірдегі орны, оның балаларға деген сүйіспеншілігі терең сипатталады. Бұл өлең жас буынға ата-ананы құрметтеудің, оларға қамқор болудың маңыздылығын ұғындырады.

Адамгершілік қасиеттерді насихаттау. Адамгершілік тақырыбы — Фариза өлеңдерінде жиі қозғалады. Ол әділдік, адалдық, шыншылдық, қайырымдылық сияқты қасиеттерді мадақтайды. Мысалы, "Адам бол" өлеңінде адамның ар-намысы, шынайылығы мен ізгілігі басты назарда болады. Ақынның бұл өлеңдері жастарды жақсылық жасауға, шындықты айтуға, әділ болуға тәрбиелейді,жастардың ішкі рухани әлемін байытуға ықпал етеді. Оның өлеңдері

оқырманды адал болуға, жақындарына құрметпен қарауға, қиындықтарға төтеп беруге шақырады.

Табиғатты сүюге тәрбиелеу. Фариза Оңғарсынова табиғат тақырыбына арналған өлеңдерінде табиғаттың әсемдігі мен оның адам өміріндегі маңыздылығын ашып көрсетеді. Оның "Табиғат – ана" өлеңдері жас ұрпақты қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға, табиғаттың байлығын сақтауға үйретеді. Мұндай өлеңдер экологиялық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Рухани шыңдалуға шақыру. Ақын өлеңдерінде рухани жетілу, өз-өзіне сену, өмірдің қиындықтарын жеңуге деген ұмтылыс айқын көрініс тапқан. "Менің тағдырым" сияқты өлеңдері жастарға табандылық, шыдамдылық және өмірдің сынақтарына төзімді болу қажеттігін үйретеді. Бұл өлеңдер жеке тұлғаның рухани өсуіне, өзін-өзі тануына және өмірдегі мақсатын табуына көмектеседі.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінің тәрбиелік мәні өте терең. Оның өлеңдері оқырманды отансүйгіштікке, ананы құрметтеуге, адамгершілікке, табиғатты қорғауға және рухани жетілуге баулиды. Ақынның шығармалары жас ұрпақтың санасына рухани құндылықтарды сіңіріп, оларды толыққанды, әділетті және ізгі қоғам мүшесі болуға тәрбиелейді. Сондықтан Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін оқу арқылы оқушылар тек поэзия әлеміне ғана еніп қоймай, сонымен қатар өз бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра алады.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының падишасы, рухани әлеміміздің шамшырағы. Оның өлеңдері — шынайы сезімдердің, қоғамдағы шындықтың айнасы. Ол әйел болмысының қыр-сырын ашып қана қоймай, әділеттілікті жырлаған, туған жердің қадірін ардақтаған, адам жанының нәзік иірімдерін түсіне білген тұлға. Фариза Оңғарсынованың шығармалары қазақ халқының рухани байлығының маңызды бөлігі ретінде өміршеңдікке жол тартты.

Фариза Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығы — өлеңмен өрілген тағдыр. Оның поэзиясы қазақ әдебиетінің құнды қазынасы, ұрпақтарға үлгі болар мұра. Ол бізге өмірдің мәнін, әйел тағдырын, қоғамның шындығын өлең арқылы жеткізді. Оның шығармашылығы әрқашан да халқымыздың жадында сақталады.Ақынның *"Мен бақытты болуды емес, бағалануды қалаймын"* деген сөзі оның өмірлік ұстанымын анық көрсетеді. Ол шынайылықты, әділдікті, махаббатты, рухани азаттықты жырлады. Оның өлеңдері оқырман жүрегіне ұялап, оны ойлауға, толғануға шақырады. Фариза ақынның ізі — мәңгілік із. Оның отты жырлары әрбір қазақтың жүрегінде жаңғырып тұра бермек. Рухы биік, жаны таза, өлеңге адал болған Фариза ақынның мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жетер асыл қазына.

Қолданылған әдебиеттер:

1.С. Қирабаев, *«Қазақ әдебиетінің тарихы»*
2.Зейнолла Мүтиевтің «Фариза Оңғарсынова лирикасы»
3.«Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Егемен Қазақстан» және т.б.).
4.adebiportal.kz, kitap.kz

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ: НӘЗІКТІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ

Нургожина Назгуль Аманболгановна
Астана қаласы, «К.Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Фариза Оңғарсынова (1939-2004), қазақтың көрнекті ақыны, қазіргі қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырды. Оның поэзиясы терең эмоционалдық тереңдігімен, жаңашыл стилімен және жеке мен жалпының арасындағы байланыстыру қабілетімен бағаланады [1, 45 б.]. Бұл мақалада Оңғарсынованың поэзиясындағы өзіндік ерекшелігі пен әйел жанының нәзіктігі жете айтылады

Атырау облысында дүниеге келген Оңғарсынова қазақ мәдениетінің бай ауызша дәстүрлерімен сусындап өсті [2, 174 б]. Бұл әсерлер оның поэзиясында айқын көрінеді, ол көбінесе фольклорға, қазақтың дәстүрлі құндылықтарына және туған жерінің табиғи сұлулығына сүйенеді. Алайда, Оңғарсынова бұл дәстүрлерді жай қайталамай, оларды жеке тәжірибесімен және қазіргі заманға сай көзқарасымен жаңғыртты [3, 120 б.]. Оның шығармашылығы махаббат, жоғалту және табиғатпен байланыс сияқты тақырыптарды жиі қозғайды, олар қарапайым әрі терең әсерлі тілмен жеткізілген.

Оңғарсынованың ең танымал өлеңдерінің бірі "Анаға арнау" оның нәзіктік пен өзіндік ерекшелікті поэтикалық өрнекке біріктіре алу қабілетін көрсетеді. Төмендегі үзінді оның ақындық шеберлігін дәлелдейді:

Бір күн сіздің мөлдір көзіңіз гүл суына айналар,
Жердің жылы мейірінен, астықтық нұрына шомылар.

Осы жолдарда Оңғарсынова ананың көзқарасын және табиғат элементтерін рухани деңгейге көтереді. Нәзіктік ананың махаббатын өмір беретін күш ретінде бейнелеуден көрінеді, ол күннің жарығы мен жердің жылуы сияқты маңызды [4,123б.]. Өзіндік ерекшелік метафоралық қабаттаудан байқалады, мұнда адам эмоциялары табиғаттың циклдарымен тығыз байланысты, нақты мен руханиды үйлестіре отырып, ерекше бейнелер жасайды.

Оңғарсынованың осы өлеңіндегі метафораларды қолдануы жеке сезімді жалпыға ортақ шындыққа айналдырады. "Мөлдір көз" және "жердің жылы мейірі" оның поэтикалық бейнелеу тәсілінің жаңашылдығын көрсетеді, оқырмандарды мәдени және уақыт шекарасынан тыс ойға шомдырады [1,48 б.]. Оның тілі қарапайым болғанымен, өте әсерлі. Бұл тепе-теңдік оның поэзиясының күрделі эмоцияларды айқындықпен бейнелеп, кең аудиторияға әсер етуіне мүмкіндік береді [3,128 б.]. Сөздерді таңдауы өзінің мәдени тамырларына терең байланысты білдіреді, сонымен қатар жалпыға ортақ тартымдылықты сақтайды.

Өлең анасына арналса да, махаббат, ризашылық пен өзара байланыс тақырыптары әмбебап түрде естіледі. Жеке мен жалпының үйлесімі Оңғарсынованың шығармашылығына тән, оның поэзиясын әртүрлі контекстерде оқырмандарға әсер ететіндей етеді [2,180 б].

Оңғарсынова шығармашылығында табиғат ерекше орын алады. Оның көптеген өлеңдерінде табиғат пен адамның үйлесімділігі негізгі тақырып ретінде көрініс табады. Мысалы, "Көктемгі аңсар" атты өлеңінде ақын табиғаттың қайта жаңғыруын адамның ішкі рухани сергектігімен салыстырады:

Көктем келіп, бүр ашты бәйшешектер,
Менің жаным да ашылды самал желден.

Оңғарсынова табиғатты бейнелеп қана қоймай, оны адам өмірінің маңызды бөлігі ретінде қабылдайды. Табиғаттың әрбір құбылысы адамның сезімдерімен тығыз байланысты. Бұл үйлесімділік ақынның шығармашылығында ерекше эмоционалдық әсер қалдырады.

Фариза Оңғарсынова поэзиясында әйел образы терең талданады. Оның өлеңдері әйелдердің ішкі сезімдерін, армандарын, қиындықтары мен күшін бейнелейді. "Батыр аналар" атты өлеңінде ол әйелдердің ерлігін мадақтап, олардың қоғамдағы рөлін жоғары бағалайды:

Аналар бар, жеңістерге серік болған,
Олардың жүрегі - ұлттың алтын қоры.

Бұл өлеңдерде әйелдердің рөлі тек отбасы аясымен шектелмей, қоғамдық маңызды рөлге ие екені көрсетіледі. Оңғарсынова әйелдердің ішкі әлемін нәзік әрі шынайы бейнелеп, оларды ұлттың тірегі ретінде мадақтайды.

Фариза Оңғарсынованың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі оның поэтикалық жаңалықтарымен ғана шектелмейді. Ол жазушылардың бір буынын қазақ мәдениетінің бай дәстүрлерін зерттеуге және оны заманауилықпен үйлестіруге шабыттандырды [4, 128 б.]. Оның терең эмоцияларды өзіндік ерекшелік пен нәзіктікпен жеткізе білуі оның шығармаларының өзектілігі мен танымалдылығын сақтап келеді.

Сонымен қатар, ақынның шығармалары қазақ жастары үшін рухани тәрбие құралы ретінде қызмет етеді. Оның өлеңдері тек әдебиет сүйер қауымның ғана емес, жалпы қоғамның жүрегіне жол тапты. Әрбір өлеңінен адамның рухани байлығын арттыруға ықпал ететін ой табуға болады.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы әдебиеттің жеке мен жалпыны байланыстыра алу қабілетінің үлгісі болып табылады. Оның адам эмоцияларын нәзік бейнелеп, метафораны жаңашыл қолдануы оны қазақ поэзиясының ең ерекше дауыстарының біріне айналдырды. "Анаға арнау" өлеңінен алынған жолдар оның поэтикалық көзқарасын, қарапайымдылық пен тереңдікті үйлестіре білуін көрсетеді, бұл оны ұлы ақындар қатарынан орын алуға лайықты етеді.

Оңғарсынованың мұрасы тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы әлем әдебиетінде өзіндік орны бар рухани қазына ретінде мәңгілік сақталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Оңғарсынова, Ф. (1983). *Өлеңдер*. Алматы: Жазушы баспасы.
2. Аманжолов, А. (2004). "Фариза Оңғарсынованың өмірі мен мұрасы." *Қазақ әдебиеті журналы*, 45(2), 34-45.
3. Қазақ әдебиеті академиясы. (2010). *Қазіргі қазақ поэзиясының тарихы*. Алматы: Қазақ ұлттық баспасы.

4. Қазақ әдебиеті онлайн – Фариза Оңғарсынова мен оның шығармалары туралы толық мәліметтер.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЖӘНЕ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСУІ

Нурумбетова Анар Махсутовна
Шымкент қаласы білім басқармасының
«Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған
«Үміт» мектеп-интернаты»
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Ақындық болмыс, бітім дегеніңіз Фариза Оңғарсынова поэзиясында тақырып таңдамайды. Туған жер, өскен орта, табиғат, көңіл күй, махаббат, философия, саяси және әлеуметтік жырлар ақынның айналып соғар қазығы, табан тірер тұғыры – Ұлы Отанға бас иіу миссиясынан түзіледі. Айталық, Махамбеттің Нарындағы найзағай – ғұмыры намысты ерді налытты:

Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында
Ағыны қатты Жайықты
Тіземмен бұзып өткен мін [1,77].
(“ Мен Нарыннан кеткенмін”)

Фариза ақын туған жері Нарынның өткен тарихынан сыр шертіп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтудан жалықпайды. “Бабамның тері тамған топырағыңнан әрқашан жас жаныма сусын алам ”. Ардақты ердің атын ұмытуды, әрдайым естен шығармауды қасиет көрген кейіпкер үні:

Ардагер Махамбеттей ақын ұлың
Шөлдеген құмдарыңды жырға малды
Талай жан сенде азаттық аңсап өтті
Исатай бостандық деп жар сап өтті [1, 7]
(“Нарын”)

деп жар салады. Жырларының желісі Нарынмен мұңды – шерлі көрінер батыр ақын Махамбеттің күрескерлік мүддесі де қалың жұрт – қара орман тағдырына алаңмен, “құсалықпен өтті ғой”...

Алақандай Нарында
Ата менен ана бар,
Іні менен аға бар,
Қатын менен бала бар
Қарындас халқым жана бар [2, 90].
(“Нарында”)

Нарын жұртының кешелі – бүгінді тарихын баяндау арқылы қоғам дамуының кекін – келбетін поэзия тілінде жарқ еткізіп, жария етудің эмоцияналды лирика тудыруда стильдік ерекшелігі де бар. Махамбет дәстүрінің екпінді, әуенді

мақамын бұзбай, тіпті тақырып, мазмұн барысын да толықтай сақтай отырып, одан әрі дамытқан ақынның бірі – Фариза екенін төмендегі шумақтар тағы да дәлелдей түседі:

Еділдің бойы – ен тоғай-
Жайлаған біздің ел талай
Аймағым десем, кім сенер?
Бытқылда қалған Нарынды,
Қыздары көркем, әні – үлгі,
Жігерін жаудың құм етіп,
Егеулі найза қолға алған
Атаны көріп оқ жонған... [2, 142]
(“Ей, құм Нарын,құм Нарын ”)

- деп келетін үрдіс үлгісі бүгін де сақталғандығына куә боламыз. Махамбет арман еткен “ел қондыру, мал толтыру” сынды “ұлы арман” мұрагерлерінің шаттық қуанышы, салтанатты тұрмысында әлі де мұң басым. Лирикалық кейіпкердің аруақты ерге айтар назын алаң көңілдің ала бұлты торлаған:

Тазарар түрім жоқ менің
Жанымның кірін жумай бір
Махамбеттің рухымен

Бұл айтылған бірдің емес, мыңның атынан сөз алған лирикалық қаһарманның сөзі деуге толық негіз бар. “Лирикалық герой – ақынның өзі, ақын өмір сүрген ортаның, оның замандастарының жиынтық, типтік бейнесі.” деп жазады филолог-ғалым М. Дүйсенов. “Махамбеттің жырлары қазақтың мол өлең қазынасында тек сұлулығымен ғана емес, қызулығымен қиын түсер өткірлігімен ерекше тұрған дүние” екенін ескерсек, дәстүр арнасының тұнығынан қанып ішкен ақынның баба өнегесін сақтай келе, одан әрі түлете дамытқандығына куәміз. Махамбет жырларындағы күрескерлік рух, сөз саптаудағы ерен еркіндік, ерлікке үндер қатулы мінез, сол сықылды аздаған мұң жалатқан қаһарлы ашу т.с.с. ақындық ажыратымды анықтар стиль айқындығының біраз белгілері Фариза ақын поэзиясында молынан ұшырасады. Жалпы жыраулар табиғатының тәлімінен өз соқпағын тауып, жол салған және сол соны даңғылдың арна-жиегін көне сөз сүлейлерінің әшекей-асылдарымен безендіру – ақын Ф. ңғарсынова суреткерлігінің бір қыры. Ақынға ақынның еліктеуі бар да, сол еліктеудің ізімен жүре отырып, жаңа бір форма тудыру бір басқа. Фариза лирикасының Махамбет дәстүрін дамытқандығын сөз еткенде, біз осы ерекшелікті ескеруіміз керек. Ақын, жыраулар поэзиясына тән үдемелі екпін Махамбет өлеңдерінде өткен дәуірдің күрес күндеріне сай үгіт-насихат есебінде туындап отырса, Фариза Оңғарсынова жырларында сол жалынды уағызды қажет қылар өсиетті сөз өрнегі сақталған. Төмендегі өлең үзіндісінде Махамбетше толғаған ақын кейіпкердің өз үні, өз дауысы мығымдау шығатыны аңғарылады:

Аруақтарын шақырып,
Арыстандай атылып,
Жауларын қуған ақырып,
Батырлар туған бұл жерді

Ә улие тұтсам, шетін бе?
Өмірі өткен желдің өтінде
Исатайдың бір белгі
Қалды ма жердің бетінде?
Қалса, бір барып түнейін,...[3, 142]

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің өріміне ендеген сайын Махамбет мектебінің тәрбие-тағылымы барынша биіктей түседі. Өнердің қыран құсы боп қалықтаған мұзбалақ ақын қай бір кезде Фаризаның түсіне кіріп, аян береді. (“Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмасы [1, 115]

Үш кездесуден тұратын ақын түсінде Махамбет – кейіпкерге автор мынаны айтқызады:

Үмітім сенсің, жас құсым,
Түлеп ұшатын тұғырдан.
Тек шындық күтем мен сенің
Ақ алмас жүзді жырыңнан!

Бұл – аталған эпмкалық туындының соңғы шумағындағы ой түйіні. Жауынгер ақын, сарбаз суреткер, қазақ өлеңінің ақиығы Махамбетке арналған ақ жарқын тілектердің тоғысы батыр баба рухына, аруағына табыну сықылды сипаттармен сараланады. Махамбет салған дәстүр тылсымынан нәр алған ақынның шабыт шақырар бойтұмары да ер бабаның, азаткер саңлақтың дәл өзі. Олай деуіміздің себебі мен дәлелі – Махамбет есімі ақынның көптеген шығармаларында аталып отырады. Ол үшін ақын поэзиясының галереясынан қысқаша ғана үзіктер келтірсек керек:

а) Қиянаттан күрсінсе,
Батыр – уақыт,
Махамбетше турайтын қақыратып
Айбалта –жыр керек-ақ адамдарға [1, 160].

ә) Дауыл екпіні тасыған бойда
Махамбеттердің ерлігі
Революциямен жалғасып [1, 190].

б) Мынау ұрпақ ішінен шығар сонда
Махамбеті, Абайы, Кенендері [1, 300].

в) Өнер десе бір тыным таппай жаны,
Махамбетті жас-кәрі жаттай ма әлі? [3, 37].

г) Әділетсіз дүниенің қабырғасын
Махамбетше сөгер жан кездесер ме...
Ондай жыр-ем кеселге [3, 75].

д) Ойлаумен жерін, сор халқың,

іздеген түнде жол жарқын
шам-шырақ еткен жапанға жайдай жырларын
Махамбет шығар ол бәлкім? [3, 178].

е) ... жайлылық таппай жер-көктен,
өзіңе тұстас бір мұңдық
Махамбет – сынды ер де өткен.
.....
Махамбеттің де өр басын
Ауылдастары қаққан-ды [3, 308-309].

ж) Далаға кеп Абайлар, Махамбеттер
бүгін кездестіргендей іңкәрларын [3, 343].

Ақын, жыраулар мұрасының ақын Ф.Оңғарсынова шығармашылығына ықпал – тәрбиесін өткен дәуір әдебиетінің дәстүр арнасында мейлінше таразыладық. Көшпенділер әдебиетінің көне замандағы жыр-мұрағатынан үлгі теріп, өз өлең – күмбезін көтеруге керекті әшекей - өрнектерді екшеп алып, жарату да шеберлік танымын аңғартса керек. Қорыта айтқанда, ақын – жыраулар мұрасының өнеге-үрдісі, жарқын жалғасы Фариза Оңғарсынова лирикасында жемісті желі болып тартылған, өзіндік (стильдік) қолтаңбасын белгілеген.

Өмірдегі және ең бастысы өнердегі үлгі тұтар ұстазы санаған Махамбет тұлғасының ақын Фариза Оңғарсынова үшін өнеге – ұлағаты ұшан-теңіз. “Шын ақын болсаң тартынба, найзағай болып жарқылда” деп түсінде аян берген батыр бабасының аманатына қылау түсірмей келе жатқан ақынның ақ алмас жүзді жыр-семсерін абыроймен жоғары ұстары және анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

12. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер мен поэмалар // Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1987. - Т 1. - 368 б.
13. Махамбет Өтемісұлы «Қызғыш құс» Астана 2019ж
14. Оңғарсынова Ф. Шығармалары 1-10 том Астана, Фолиант, 2007
15. Қабдолов З. «Сөз өнері»- Алматы, 2002. 336-б.
16. Жұмалиев Қ. «Стиль - өнер ерекшелігі»- Алматы, 1966. 13-б.
17. Иманасов С Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Ғылым, 1981.-Б. 240-242.
18. Нәжімеденов Ж. Өлеңдер мен поэмалар // Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1996.-Т 1. - Б. 404-406.
19. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. докт. дис: 10.01.02.- Алматы, 1997.
20. Алпысбаев Қ. Қазіргі қазақ лирикалық поэмасы (Методикалық талқылама). - Алматы: СМ. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1989. - 36 б.
21. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОРНЫ

Нуржанова Гульжазира Сейдуалиевна
«№97 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК,
директордың тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары, педагог-сарапшы

Жаңартылған білім беру аясында жасалған Үлгілік оқу бағдарламасында оқушы бойында құндылықтарға негізделген рухани, адамгершілік дағдыларды қалыптастыру көзделген. Осыған байланысты білім мекемелерінде құндылыққа, оның ішінде ұлттық құндылыққа бағытталған тәрбиелік жұмыстар ұйымдастыру өзекті мәселе болып отыр. Себебі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп көрсетілген. Аталған міндетті орындау үшін мектептердегі білім беру және тәрбие жұмыстары осы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделіп отыр.

Ұрпақ тәрбиесі адамзат баласы үшін қай заманда да, қандай жағдайда да маңызды әрі алғашқы қатарда тұрады. Себебі адам үшін өзінің ізін жалғаушы, азаматтық қоғамды қалыптастырып, дамытушы ұрпағының саналы, тәрбиелі, ата-баба ісі мен дәстүрін келешекке жеткізуші болуы өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан да отбасында және кез келген білім мен тәрбие мекемесінде ұрпақ тәліміне ерекше назар аударылады. Және де әр ұлт, ең алдымен, ұрпағына беретін тәрбиенің ұлттық құндылықтарға негізделгенін қалайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзімен айтсақ, «Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады». Яғни, келешек ұрпақтың танымы терең, ділі берік болуы үшін оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, дамыту маңызды.

Әрине, ұлттық құндылыққа негізделген тәрбие жұмысы ұлттың салт-дәстүрімен, көркем әдебиетімен, қолөнерімен, ұлттық таным-түсінігімен тікелей байланысты. Мектеп қабырғасында оқушыға берілер ұлттық тәрбие осы бағыттарды қамтуы маңызды. Сол себепті де ұжымымызда ұлттық құндылық мәселесі жан жақты қарастырылады.

Мектебімізде білім және тәрбие саласын құндылыққа негіздеу бағытында жұмыстар жолға қойылған. Мәселен, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша оқу жылында әр айға құндылық түрлерінен атау беріліп, сол айдағы іс-шараның барлығы осы құндылыққа негізделеді.

Мектептегі «Құндылық айы» атаулары кестеде берілді.

1-кесте. «Құндылық айы»

№	Ай аты	Берілген құндылық атауы
1	Қыркүйек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
2	Қазан	Тәуелсіздік және отаншылдық айы
3	Қараша	Әділдік пен жауапкершілік айы
4	Желтоқсан	Бірлік пен ынтымақ айы
5	Қаңтар	Заң және тәртіп айы
6	Ақпан	Жасампаздық пен жаңашылдық айы
7	Наурыз	Ұлттық құндылық айы
8	Сәуір	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
9	Мамыр	Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Кестеге сәйкес әр айда атауына байланысты шаралар ұйымдастырылады. Мысалы, қыркүйек айында әр сыныпта еңбекқорлық және кәсіби біліктілік бағыттағы тәрбие сағаттары өткізілді. Қазан айында Республика күні қарсаңындағы іс-шаралар тәуелсіздік және отаншылдық құндылығына негізделеді. Және бұл жұмыстар жоспар бойынша әрі қарай да жалғасын табады. Нәтижесінде оқу жылы соңында оқушылар кестеде көрсетілген құнды қасиеттердің барлығын бірдей бойына сіңіріп, ұлтын сүйетін, жан-жақты тұлға болып қалыптасуын жалғастырады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда оқу пәндерінің орны ерекше. Себебі аталған бағдарламаны іске асыру тәсілдерінің бірінде оны оқу пәндерімен байланыстыру мәселесі қарастырылған болады. Ал тәрбиелік, құндылық мәселесінде әдебиет пәнінің орны маңызды болса, оның ішінде ұлтымыздың қайсар ақын қызы Фариза Оңғарсынованың шығармашылығының өзекті екені сөзсіз.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, ақын әрі әдебиет зерттеушісі. Оның шығармашылығы көптеген ұрпақ үшін үлкен рухани азық болды. Ақынның өлеңдерінде ұлттық құндылықтар, патриотизм, адамгершілік мәселелері айқын көрініс табады. Фариза Оңғарсынова әрқашан елінің болашағы үшін алаңдап, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, өз өлеңдерінде жастарды жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата білуге, өмірде тек әділдік пен шындық жолымен жүруге шақырған.

Ақынның поэзиясында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ұлттық салт-дәстүрлері, адамгершілік құндылықтары кеңінен сипатталған. Фариза Оңғарсынованың шығармалары жастарға өз елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуге және оны сақтап қалуға деген ұмтылысты оятады. Оның өлеңдеріндегі тақырыптар жиі тұлғалық даму, табиғаттың сұлулығы мен өмірдің мәні, адам болмысы мен ұлттық бірлік мәселелеріне арналады. Сонымен қатар Фариза Оңғарсынова шығармаларында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негіз болған барлық құндылық тақырыбы қарастырылады. Сондықтан да ақын шығармашылығының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда орны ерекше.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы құндылықтардың бірі – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік болса, ақын шығармаларында еңбек тақырыбы, еңбек адамының өмірі мен ерлігі туралы көп айтылады. Фариза өз өлеңдері арқылы әрдайым еңбек адамын дәріптеп отырады. Мәселен, оның «Тәрбиеші» атты өлеңінде:

Ән салғызып, билетіп,
Ылғи бізбен жүреді.
Тақпақты да үйретіп,
Ойната да біледі.
Қызық-қызық ертектер
Біздерге оқып береді.
Жылауық та, тентек те
Сол апайға көнеді

Бастап бізді далаға,
Серуенге де шығады.
Біз шомылсақ жағада
Байқап өзі тұрады.

Кішкентаймыз әлі біз,
Үлкендерге сенеміз.
Бұл тәтені бәріміз
Сыйлап, жақсы көреміз.

Естіп кейде қаламын,
Тәрбиеші апайды
«Қамқоршысы баланың»
Деп ауылда атайды, - деген жолдармен тәрбиеші мамандығының ерекшелігін, маңыздылығын жырлайды.

Ақынның бұдан басқа да кәсіп иелеріне арнаған шығармалары баршылық. Олардың ішінде атақты механизатор Кәмшат Дөненбаеваға арнап жазған «Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген» атты поэмасы ерекше орын алады. Онда ақын Кәмшат Дөненбаеваның өмірін жырлай отырып, қыз балаға тән емес, ауыр жұмысты әйелдік қызметпен қатар алып жүрген замандасының тұлғасын мадақтайды. Осы сияқты Фариза Оңғарсынованың түрлі кәсіп иелеріне арнаған шығармаларын оқыту арқылы біз оқушылар бойында сол кәсіп иелеріне деген құрметті, еңбек адамына деген сыйластықты тәрбиелей отырып, оларды еңбекқорлыққа, кәсібилікке баулимыз.

Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы отаншылдық пен тәуелсіздік тақырыбы бір төбе болса, бұл тақырыптағы өлеңдерін де оқушыларға патриоттық тәрбие беруде қолданамыз. Ақынның:

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай

Балапандай талпынып ұшамын мен.

Алақаны анамның – топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын.
Сені қалай сүюдің керектігін,
Мен ешқандай кітаптан оқымадым.

Сенде, тас та қастерлі, аспан да алау,
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.
Менің мынау өмірге құштарлығым
Сені жақсы көруден басталған-ау, - деген сияқты өлең жолдарын оқыту арқылы оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелейміз.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында қамтылған мәселенің бірі – ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылық тақырыбы. Ұлттық құндылық мәселесінде ұлттық салт-дәстүр, ұлттық болмыс, ұлттық тәрбие басты орын алады. Ал Фариза Оңғарсынова шығармаларында қазақ халқына тән ұлттық ерекшеліктер ерекше жырланады. Ақынның кез келген шығармасында қазақы болмыс, қазақы сана көрініс табады. Сонымен қатар, оның «Қыз қуу», «Киіз үйге кіргенде», «Жылқышы бала», «Күй-қаршыға» сияқты көптеген өлеңдерінің мағынасында ұлттық код жатыр. Жалпы Фариза Оңғарсынова қай тақырыпта өлең жазса да, мейлі ол жалғыздық, мейлі ол ғашықтық тақырыбы болса да, барлық шығармаларында ұлттық тәрбие мен ұлттық ұстаным көрініс береді. Сондықтан да ақын шығармалары оқушыларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде таптырмас тәсіл болып табылады.

Мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың түрлі тәсілдері бар. Мәселен, тәрбие ісін оқыту үдерісіне кіріктіре жүзеге асыру. Бұл ретте қазақ әдебиеті пәні сабағында Фариза Оңғарсынова шығармаларын оқыту барысында оқушылардың бойына аталған бағдарламада қамтылған құндылықтарды сіңіре аламыз.

Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың бірегей жолы – білім беру мекемелеріндегі тәрбиелік іс-шаралар. Демек, Фариза Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығына арналған тәрбиелік іс-шараларды өткізу арқылы оқушыларға тәрбие береміз. Ол үшін мектепте тәрбиелік шараларды ақынның жеке шығармашылығына арнап та, басқа ақындармен бірлікте алып та өткізуге болады. Мысалы, отаншылдық тақырыбында Фариза шығармаларын Қадыр Мырза Әлі немесе Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев сияқты замандас ақындардың шығармашылығымен байланыстыра алуға болады.

Білім беру мекемесінде оқушыларды жобалық, ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы да тәрбиелеуге болады. Ол үшін, мәселен, түрлі бағыттағы зерттеу тақырыптары арқылы оқушыларға тапсырма бере отырып, ізденушілік жұмыстарын жүргізу, жобаны қорғау барысында оқушыларға тәрбие бере аламыз. Бұл ретте біз аталған зерттеу жұмыстарының бір бөлігін қазақтың ақын-жазушыларының шығармашылығындағы құндылық тақырыптарына арнауды

ұсынамыз. Мәселен, Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы ұлттық идея, ұлттық код немесе ұлттық құндылық мәселелерін талдау арқылы оқушылар, ең алдымен, ақын шығармашылығымен танысады, шығармаларындағы ұлттық құндылық мәселелерін талдайды, сол арқылы ұлтының өзіндік ерекшеліктерін сезініп, оны қадірлеуді үйренеді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы – ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Оның шығармаларының терең мағынасы мен тәрбиелік мәні бүгінгі білім мен тәрбие беру жүйесіне жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Ақын шығармалары арқылы оқушыларға ұлттық құндылықтарды, еңбек пен жауапкершілікті, отаншылдықты, азаматтық борышты түсіндіру және қазіргі қоғамдағы орындарын айқындау мүмкіндігі артады.

Мектепте жүргізілетін жұмыстардың барлығы да ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруға ықпал етеді. Және бұл саладағы жұмыстарды әлі де жалғастыра, нығайта түсетінімізге сенімдіміз. Ал кез келген жұмыс жүйелі, мақсатты жүргізілсе, нәтиже көп күттірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяпбергенұлы Р. Ф.Оңғарсынова поэмалары//Қазақ тілі мен әдебиеті.2002.№5

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Астана, 2023 ж.

3. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу/Bilim All порталы. 12 желтоқсан 2019 жыл.

4. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». Национальная академия образования им.Ы.Алтынсарина. 11 сентября 2023 г.

5. ҚР «Білім туралы» Заңы. Әділет.кз Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

6. Мүтитегі З. Ф.Оңғарсынованың лирикасы. Филология ғылымының кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 2000 ж.

7. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз. Мақала, эссе, повестер.– Алматы: Жазушы, 1990 - 336б.

8. Оңғарсынова Ф. Қыз – ғұмыр: Өлеңдер мен эсселер. - Алматы: Шартарап, 1996. – 441б.

9. Тоқаев Қ. «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі/ҚР Президентінің ресми сайты. 16 тамыз 2019 жыл.

10. Тоқаев Қ. (15.03.2024). Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Нурлан Айтолхын
Астана қаласы, «К. Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының»
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстанның ұлттық болашағын қалыптастыруда және оны дамытуда ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Біртұтас тәрбие бағдарламасы осы құндылықтарды сақтай отырып, ұрпақты заманауи талаптарға сай қалыптастыруға бағытталған. Қазақ халқының бай мәдениеті, салт-дәстүрлері мен рухани мұрасы осындай тәрбиенің негізін құрайды. Бұл мақалада ұлттық құндылықтар мен біртұтас тәрбие бағдарламасының өзара байланысы талданады.

Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың тарихи, мәдени және рухани тәжірибесі мен дәстүрлерінің жиынтығы. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары:

1. **Тіл мен әдебиет** – қазақ тілінің байлығы мен Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты тұлғалардың шығармалары арқылы көрініс табады.
2. **Дәстүр мен салт** – наурыз мейрамы, бесікке салу, қонақжайлылық, үлкенге құрмет.
3. **Рухани-адамгершілік қағидаттары** – әділеттілік, мейірімділік, қайырымдылық.

Ұлттық құндылықтар жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, олардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді [1, 45 б.]

Біртұтас тәрбие бағдарламасы – бұл білім беру жүйесінде тәрбиені ұлттық негізде ұйымдастыруды көздейтін кешенді бағдарлама. Оның негізгі бағыттары:

1. **Ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыру** Оқушыларды өз елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеуге баулу. Бұл бағытта қазақ халқының батырлары мен тарихи тұлғалары туралы білім беру маңызды.
2. **Рухани-адамгершілік тәрбие** Жастардың бойында мейірімділік, адалдық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді дамытуға басымдық беріледі.
3. **Денсаулық пен экологиялық тәрбие** Салауатты өмір салтын насихаттау және табиғатқа ұқыпты қарау.
4. **Еңбек және шығармашылық тәрбиесі** Еңбекке баулу және ұлттық өнер мен қолөнерді насихаттау арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту. [2, 85 б.].

Ұлттық құндылықтарды тәрбие бағдарламасына енгізу үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. **Мектеп бағдарламасына ұлттық мазмұн енгізу** Қазақ халқының мәдениеті мен тарихына арналған арнайы сабақтар өткізу.
2. **Салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту** Ұлттық мерекелерді, ойындарды ұйымдастыру және оларды оқу-тәрбие үрдісіне интеграциялау.

3. **Отбасылық тәрбиені қолдау** Ата-аналарды тәрбие жұмысына тарту арқылы ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету.
4. **Құндылықтарды заманауи технологиялар арқылы насихаттау** Цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерде қазақ халқының мәдениетін дәріптейтін жобаларды іске асыру.

Ұлттық құндылықтар және білім беру

Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды насихаттау – мемлекет пен қоғамның негізгі міндеттерінің бірі. [3, 245 б.]. Бұл бағытта келесідей жұмыстар атқарылуы мүмкін:

1. **Ұлттық мектептерді дамыту** Мектептерде қазақ тілінде оқытуды күшейту және ұлттық мазмұнды пәндерді енгізу.
2. **Қосымша білім беру бағдарламалары** Музыка, би, қолөнер сияқты қазақ халқының өнеріне қатысты үйірмелер ұйымдастыру.
3. **Тәрбие жұмысының заманауи тәсілдері** Кино, театр, интерактивті көрмелер және онлайн форматтағы сабақтар арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау.

Отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі. [4, 178 б.]. Ата-аналардың тәрбиесі мен үлгісі балалардың тұлғалық қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты келесідей шаралар ұсынылады:

1. Ата-аналарға арналған ұлттық құндылықтарды насихаттайтын семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.
2. Отбасында салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтау және оларды күнделікті өмірде қолдану.

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау және нығайту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Заманауи технологиялар мен халықаралық мәдени ықпалдастық жағдайында ұлттық құндылықтардың рөлі:

1. **Мәдени ерекшелікті сақтау** Жаһандық ықпалдарға қарамастан, қазақ халқының мәдениетін және дәстүрлерін сақтап қалу.
2. **Ұлттық бренд қалыптастыру** Қазақ халқының мәдениеті мен өнерін әлемдік деңгейде таныту.
3. **Рухани бірлікті нығайту** Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы қоғамның бірлігін күшейту.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары – ұрпақты тәрбиелеуде негіз болатын бай рухани мұра. Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы бұл құндылықтар заманауи талаптармен үйлесімде сақталып, дамытылады. Ұлттық сана, рухани-адамгершілік тәрбие және салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы біз өскелең ұрпаққа берік негіз қалап, қоғамның тұтастығын қамтамасыз етеміз [5, 45 б.].. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттау – елдің рухани және мәдени дамуындағы басты басымдықтардың бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы.

2. Назарбаев, Н.А. "Тәуелсіздік дәуірі". – Алматы: Өнер, 2017.
3. Айтмұхамедов, А. "Ұлттық құндылықтар және тәрбие". – Алматы: Мектеп, 2015.
4. Құнанбаев, А. "Қара сөздер". – Алматы: Жазушы, 2004.
5. Әл-Фараби, А. "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары". – Алматы: Ғылым, 1995.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Оспанов Гафузат Оспанович
Астана қаласы, «Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясы»
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-модератор
Ахмедияров Бауыржан Абсалимович
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Кіріспе

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Оның поэзиясында тарихи деректер мен ұлттық мәдениеттің элементтері терең орын алған.

Фариза Оңғарсынова поэзиясында тарихи деректерді қолдану арқылы қазақ халқының тарихын, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын насихаттайды. Оның шығармаларында қазақтың батырлық дәстүрлері, тарихи тұлғалар мен оқиғалар, сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар кеңінен көрініс табады. Мысалы, "Менің Отаным" атты өлеңінде автор туған жерінің тарихын, оның байлығын, табиғатын және халқымыздың ерлік дәстүрлерін жырлайды. Бұл өлеңде қазақ халқының патриоттық сезімдері мен ұлттық мақтаныштары айқын көрінеді. Ф.Оңғарсынова өзінің шығармаларында қазақ тарихындағы маңызды кезеңдерді, соғыс жылдарын, халықтың ауыртпалықтарын жаңа заман оқырмандарына түсінікті тілде шеберлікпен бейнелейді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы тарихи және жалпыадамзаттық құндылықтар

1. Тарихи контекст

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы 20-21 ғасырлардағы қазақ әдебиетінің даму кезеңінде қалыптасты. Оның поэзиясында қазақ халқының тарихы, оның ауыр кезеңдері, соғыс жылдары, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрес, сондай-ақ, қазақтың мәдени мұрасы мен дәстүрлері кеңінен көрініс табады. "Ақын" - Бұл өлеңде Фариза қазақтың ақындық дәстүрін, оның тарихын, мәдениетін және ұлттық рухын дәріптейді. Ақынның рөлі мен қоғамдағы орны туралы терең ойлар айтылады. "Туған жер" өлеңінде туған жердің тарихы мен мәдениеті, оның халқына деген сүйіспеншілігі, ұлттық өзгешелігі туралы жазылған. Бұл

шығармасында автор туған жердің тарихи маңызын, оның халықтың өміріндегі рөлін көрсетеді.

Сенде, тас та қастерлі, аспан да алау,
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.
Менің мынау өмірге құштарлығым
Сені жақсы көруден басталған-ау...

2. Ұлттық құндылықтар

Оңғарсынованың шығармаларында қазақ халқының ұлттық құндылықтары, оның ішінде батырлық, ерлік, отаншылдық сезімдері, анаға, туған жерге деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Мысалы,"Анама" өлеңінде ана бейнесі арқылы ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар мен отбасылық құндылықтар туралы айтылады. Автор ана бейнесін ұлттық символ ретінде көрсетеді, оның рөлі мен маңызын ашады."Дос туралы ертегі" өлеңінде достық, бірлік, ынтымақ туралы жазылған, мұнда қазақтың досты туыстан артық көретін, «досыңның кім екенін айтсаң, сенің кім екеніңді айтамын» деген, жаныңдағы адаммен сіңісіп, соның басым қасиеттерін бойыңа сіңіретін сенім мен адалдық қасиеттері айқын көрінеді.

3. Тарихи тұлғалар

Фариза Оңғарсынова шығармаларында тарихи тұлғаларға да орын беріледі. Оның поэзиясында қазақтың батырлары, хандары, ақындары мен жыраулары туралы естеліктер мен аңыздар кездеседі. Бұл тарихи тұлғалар арқылы автор қазақ халқының рухын, мәдениетін және тарихын жаңғыртады. «Қорқыт қобызынын сарыны» өлеңінде «...Мынау жатқан кең дала оғыз деген халықтың бабадан мұра жері еді, шыншыл сөздің шебері шешендердің елі еді» деп, «Биікте ме - қайда жүр аруағың? Құлағыңа жете ме шағым-әнім?" деп «Абайды іздеу" өлеңінде ақындықтың ауыр жолын жырласа, «Мен көрдім тау мен сайдың жырлағанын» деп М. Әуезовке арналған өлеңді аударып, тарих тарландарын өлеңдеріне арқау еткен. «Поэзия. Махамбет аудармашысымен әңгіме» өлеңінде

Махамбеттер сөйлеуі басқа тілде…
Махамбет!
Махамбет…
Білмеймін, жел ме, сел ме,
жырда онымен бір тұлға теңдесер ме…
Әділетсіз дүниенің қабырғасын
Махамбетше сөгер жан кездесер ме… −деп әділетті көксеген жанның шындығын көрсетеді. «Толғау» атты өлеңінде:

Маңғыстауда жатқан ұлы елдің
Нұрымдары болған бір туған.
Алтынды байрағы Шабайдың –
ұл бар ма қолға аларға?
Намыстың сойылын соғарға,
қазаққа тұлға боларға?!−деп тарихтың тезіне төтеп берген тұлғаларды жыр етеді.

4. Тарихи оқиғалар

Оңғарсынованың шығармаларында тарихи оқиғалар, соғыс, ашаршылық, репрессия сияқты ауыр кезеңдер де көрініс табады. Бұл оқиғалар автордың поэзиясында терең эмоционалдық әсер қалдырады, оқырманды ойландырады. Мысалы, "Қасірет пен ерлік» жырында соғыс жылдарының азапты күндерін бүтін сурет етіп көз алдыңа келтіреді:

Кім кінәлі?
Кегімді кімнен алам?
Енді маған шуақты күн де қараң.
Арысымды бүл күйде көргенімше,
соқыр болып қалсамшы өлгенімше,
неге керек жер басып жүрген аман? Ал «Маңғыстау монологтарында» туған жердің тойына жырдан шашу шашып:
Қашаған — сөздің дүлдүлі,
Сәттіғүл — жырдың шынжыры
Қос тұлпар мініп көсілтіп
Тойыма келе жатқандай.
Абыл мен Есір дәл бүгін
Төгеді күйдің жаңбырын
Оркестрлерден жасқанбай.
Ақбөбек мінген ақбоз ат
алшаңдап аяқ басқандай,− деп мақтанышын жасыра алмай жырлайды.

Фариза Оңғарсынова шығармаларында жалпыадамзаттық құндылықтар терең әрі жан-жақты көрініс табады. Оңғарсынова өз шығармаларында адамның ішкі әлемін, сезімдерін және қоғамдағы орнын терең түсініп, оқырманға -өзгеше жеткізеді. Мысалы, оның «Жыр− менің жалғыз тарланым», «айымдай жалқы арман-үн» деп ішкі мазмұн мен адамның рухани әлемі арасындағы байланыс ерекше суреттеледі. Автор әр өлеңінде адамзаттың бірлігі мен өзара түсіністігін насихаттайды. Қасіретін қайсар күш жеңбей,

Күрсінген бедеу бейбақты
Жырыммен − ыстық демменен
Сәби боп келіп емдер ем... Адам баласының отбасылық бақыты− сәби үнін ақынның сәбиі− жырменен қатар суреттеп, сөзді суретті қалай әдемі сала білген?!

Сонымен қатар, Фариза Оңғарсынова шығармаларында әйелдің қоғамдағы рөлі мен оның ішкі күш-қуаты да маңызды тақырып болып табылады. Әйелдің нәзіктігі мен мықтылығын, оның отбасындағы және қоғамдағы орнына деген көзқарасын көрсететін шығармалары арқылы автор әйелдерге деген құрметті арттырады. Оңғарсынова поэзиясы арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды, әсіресе, адамгершілік пен махаббатты насихаттай отырып, оқырмандарын терең ойға жетелейді. Ақын «Әйел» атты өлеңінде:

Ей, адамзат!
Тыңда мені жүрекпен!
Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар,
Ұлылық бар, даналар бар, мұрат бар,

Бірақ соның бәрінен
биік тұрған бір күш бар,
дидарына Жер де құштар, Күн құштар:
ол – нәзіктік,
мәңгі шуақ, нұры – құт,
сарқылмайтын жылылық,
ол – тірліктің қуаты –
ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ!− деп қоғамдағы әйел- аналардың рөлін жазып берді.

Жалпы адамзат баласы жаңа қоғамның құрушысы, жаңа өмірдің бастаушысы ретінде жастарға дұрыс тәрбие мен білім беруге тырысады, болашағын солармен байланыстырады. Фариза ақын да «Асау толқын» сияқты өлеңдерінде жаңа заман жаршысы− жастарға сенім артады:

Тағдырыңды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа,
көз нұрың, болашағың да сол , түбінде, елім!
...Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан,
бар үміт сенде,
о, асау толқыным менің!..

Фариза Оңғарсынова шығармашылығын оқытуда құндылықтарға мән бере оқытудың рөлі зор. Оның шығармаларында қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен ұлттық құндылықтары ғана емес, адамзаттың құндылықтары терең зерттеліп, насихатталады. Сондықтан Ф.Оңғарсынованың шығармалары арқылы жастарға ұлттық тарихты, мәдениетті және рухани құндылықтарды таныту, оларды құрметтеуге тәрбиелеу маңызды. Фариза ақынның адам жанын баурап алатын нәзік сырлы, сонымен бірге қайсарлыққа толы өлеңдері кеудеңді ерекше сезімге толтырып, ой-санаңды бұрқасындай борататын сипатымен ерекшеленеді. Фариза Оңғарсынова — қазақ әдебиетінің алтын қорына енген, ұлттық тарихымызды жырлаған ұлы тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова Ф. "Менің Қазақстаным". Алматы: Жазушы, 1991.
2. Оңғарсынова Ф. "Поэзия әлемі". Алматы: Жазушы, 2000.
3. Нұрғалиев М. "Қазақ поэзиясының тарихы". Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. Сыздықова Р. "Фариза Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы". Алматы: Ғылым, 2015.
5. Тұрсынов А. "Қазақ әдебиеті: дәуірлер мен бағыттар". Алматы: Атамұра, 2018.
6. Оңғарсынова Ф. «10 томдық таңдамалы шығармалар жинағы».Алматы. 2004.
7. Оңғарсынова Ф. «Толық шығармалар жинағы». Алматы: Сардар, 2015.
8. Оңғарсынова Ф. «Таңдамалы шығармалары». Алматы: Қазақ университеті, 2005.

9. Фариза Оңғарсынова: қазақтың ақын қызының өмірі мен шығармашылығы. https://stan.kz/fariza-ongarsynovanyn-omirbayany/
10. «Патша сөздің Фаризасы» мақала. 2019. https://qazaqadebieti.kz/22100/22100

ФАРИЗА АПАЙ ОҚУШЫЛАР КӨЗІМЕН»

Рамазанова Данаш Кинисовна
«Ф. Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

«Астана қаласы Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылының қаңтар айы соңында қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған Фариза Оңғарсынова апамызды еске алу кеші ретінде «Ақын жүрегіндегі Елорда» атты конференция өтті. Осы іс-шараға бастауыш сыныптарынан 2-сынып оқушыларын қатыстыру ұйғарылды. Поэзия мен балалар шығармашылығын ұштастыра отырып көрсету керек болды. Бауыржанқызы Адина, Болат Жібек және Сағи Алима өздерінің шығармашылықтарын жоғары деңгейде көрсете білді. Бірі ақын апамыз туралы қысқаша баяндап берсе, бірі өлеңін оқып, енді біреулері жазушының портретін салып қонақтарды тәнті етті. Ал, Сәрсенбекова Айткул Абаевна жетекшілік ететін сыныптан қатысқан Әбдіжаппар Әділхан, Анарбай Ақбота және Нұрлан Дария атты оқушылар да Фариза Оңғарсынованың «Ана,әке,әже» тақырыбындағы өлеңдерін оқып,сол өлең мазмұнына сай сурет салып,өз жұмыстары жайлы қысқаша әңгімелеп те айтып бере алды. Құрметті қонақтардың тосыннан қойылған сұрақтарына жауап беріп, баталарын алды. Оқушыларымызға бұл іс-шараға қатысу өте үлкен әсер етті. Алдағы уақытта шәкірттеріміз әлі де талай биіктерден көрінеді деп үміттенеміз.

Осы іс-шара өткеннен кейінгі күндердің бірінде ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті Кәрімбек Арыстанбекұлы өзінің «Шалқар» радиосына берген сұхбатында біздің мектебімізге Ф.Оңғарсынованың аты берілуіне ат салысқан Гүлжамал Пердебаевнаның атына жылы сөздер айтылуымен қоса, біздің оқушыларымыздың «Фариза апай оқушылар көзімен»-атты бұрыш ұйымдастырылғаны қандай керемет болды ,жүрегімізді тебірентті - деп берген сұхбаты біз үшін керемет бағалау деп қабыл алдық. Алдағы уақытта да біз осы бастамамызды жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Әр білімалушы балаларымыз кем дегенде ақын апамыздың екі-үш өлеңін жатқа айтып,қысқаша өмірбаянын айтып бере алатын дәрежеге жетсе,бұл бастауыш сынып оқушылары үшін бірталай жетістік болары анық. Болашақта мектебімізде «Фариза оқулары» байқаулары өткізілетін болады деген сенімдеміз.» - деп сол жылы осы мақаланы мектебіміздің тоқсан сайын жарық көретін мақалалар жинағына жазған болатынмын.

Енді осы бастаманың жалғасы ретінде, мектеп директоры Искаков Нұрлан Меңдібайұлы басқарып отырған мектебімізде өткізілген семинардағы сабағым жайлы баяндап жазғым келеді.
Өткен оқу жылы соңында, яғни 16.05.2024 күні "Бастауыш сыныпта білім беру: теориясы, тәжірибесі және тенденциялары" атты республикалық семинар өтті. Жоғары деңгейде өтті деген оң баға алдық. "Барлық дерлік ұстаздар өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Кәсіби ізденіс, шығармашылықпен өз жұмыстарын көрсете алды. Жарты күнде өткен семинардың артында бастауыш бірлестігінің үлкен еңбегі тұр. Семинардың жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін аямай қосқан әр ұстазға үлкен алғыс айтамыз! Еңбектеріңіз бағаланып, жемісін көріңіздер"-деп бастауыш сынып бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ермухамбетова Жанар Закарьяновна қорытынды жасады.
Өзім жетекшілік ететін 3 «В» сынып және Балтабаева Жадыра Ерлановна жетекшілік ететін 1 «А» сыныбымен біріге отырып «Жыр сандуғашы-Фариза» атты сыныптан тыс іс-шара өткіздік. Мақсатымыз: Поэзия патшайымы Қазақстанның халық жазушысы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың өнегелі өмір жолын, өнерін, өр мінезін, асқақ рухын оқушыларға насихаттау. Поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншілігін арттыру. Аяулы ақын апамызға деген оқырмандар махаббатын одан әрі үстей түсу,оқушыларды кітап оқуға тарту және поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру болатын.

Іс-шарамызды төмендегідей көрініспен бастадық

Көрініс:Ортада әкесі мен анасы отырады. Отағасы қолында домбыра, отанасы қолында кесте.
Анасы: -Отағасы, бүгін бір ғажап түс көрдім. Түсімде саялы бақтың ішінде қыдырып жүр екенбіз. Айналамызда албырап пісіп тұрған алма ағаштары. Мен сол алмаларға қызығып біреуін ағаштан үзіп алғым келді. Бір уақытта көзіме бір алма ағашы түсті. Ол ағашта алманың орнына том – том болып кітаптар ілініп тұр екен. Сол кітаптардың арасында қып – қызыл алма көздің жауын алатындай болып тұр екен. Мен қуанып кетіп, сол алманы алып, рахаттанып жеп жатқан жерімде оянып кеттім.
Әкесі (күліп): -Ай, тәйірі – ай. Алла бұйыртса, екеуміз армандап жүрген қып – қызыл алмадай қызымыз дүниеге келеді екен. Қызымыз жай қыз емес, том – том кітаптарды жазып қалдыратын ақын ба, жазушы ма болатын сияқты.
Анасы: -Айтқаныңыз келсін, отағасы, айтқаныңыз келсін!
Бұл Фаризаның анасының түсі еді...Қазақ даласын өзінің құнарлы жырымен сусындатқан қазақтың ерке, ақын қызы Фариза туған елін өз жырларына қосып, әр қазақтың жүрегіне салмақты ой сала білген, қайталанбас дарын иесі. Оның өлеңдері арқылы күш алып болашаққа нық сеніммен аттанған бүгінгі ұрпағымыз Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы алдында тағзым етеді.

Іс-шарамыздың бір ерекшелігі ол,3-сынып оқушылары Баймен Зере ,Айдарбай Айханым сияқты сынып үздіктерінің жүргізуімен өткендігі. Сабақ барысынан тағы бір үзіндіні мысал ретінде айта кететін болсақ,Зере атты оқушымыз ақынның қысқаша өмірбаянын айтып берді:-Фариза Оңғарсынова 1939 жылы 25 желтоқсанда кәзіргі Атырау облысының Нобогат ауданындағы Манаш ауылында дүниеге келген. Әкесі еліне сыйлы, ашық - жарқын адам болған. Ол әкесіне арнап көптеген өлеңдер шығарған. Фариза әкесінен жастай қалып, анасы Халиманың тәрбиесінде болады. Анасы көп сөйлемейтін, сөйлесе мақалдап сөйлейтін, аса ақылды, рухани қуатты, сұлу адам болған. Фариза анасы арқылы ертегі, аңыздарды кішкентайынан бастап құлағына құйып өседі-деп ақынның қысқаша өмірбаянын айта отырып,өзінің жинақ құрастыруға түрткі болғандығы жайлы да айта кетті:Ұстазым Данаш Кинисовнамен бірлесе отырып,құрастырған шағын жинағымызды ұсынғым келеді,бұл жинақта бастауыш сынып оқушыларына ыңғайлы болсын деген тілекпен Фариза Оңғарсынованың бірнеше өлеңдері,мектеп Әнұраны және де ұстазымыздың шығарған «Мектеп әні» де енгізілді. Ал,Айханым атты оқушымыз болса өзінің ақын апасына ұқсап тілші болғысы келетіні жайлы және де ақынның журналистика саласындағы еңбек жолы жайлы айтып берді: -Мен Фариза апамызға ұқсаған тілші болып жұмыс істеуді армандаймын,сол себепті биылғы жылдан бастап Астана қаласының «Жас журналистер» үйірмесіне қатысып жүрмін.Ақын апамыз 1968–1970 жылдары республикалық «Лениншіл жас» қазіргі «Жас алаш» газетінің меншікті тілшісі болып еңбек еткен.1970–1978 жылдары қазіргі республикалық «Ұлан» журналының бас редакторы, 1978–2000 жылдары қазіргі «Ақ желкен» журналының бас редакторы болып істеген екен.Мен үшін бұл құнды ақпараттар. Мен «Жас журналист» ретінде Фариза Оңғарсынованың өмір жолын зерттеп,ол кісіге ұқсап жырлар жазсам ба деп армандаймын...-деп өз ойымен бөлісе білді. Болашақ журналист ретінде қонақтармен сұқбаттасып,төмендегідей:

1)-Фариза Оңғарсынова қай жылы дүниеге келген?

2)-Қандай өлеңін ұнатасыз?

3)-Өзіңіз өлең жазып көрдіңіз бе?- деген сұрақтар қойды.

Жасанды интеллект «Фариза» (экраннан Ф.Оңғарсынованың үнімен жасалған жасанды интеллект көрсетіледі) -Құрметті оқушылар!Менің өлеңдерімді жатқа айта білетін,жыр сүйетін сендердей жас ұрпақтың барына мен өте қуаныштымын...Маған еліктеп ұстаз,тілші,ақын сонымен қатар халық қамын ойлайтын депутат болуды армандап отырғандарыңа таң қалып отырмын...Астана қаласының №77 мектебіне менің атым берілгендігі бекер емес екен,оқушылар менің еңбектерімді сүйсіне оқып,жыр қылып айтып жүргендері ,өмірімнің жалғасып жатқандығы деп білемін... Болашақта армандарың орындалып,биік шыңдарға жете берулеріңді тілеймін!-деген сөздермен аяқталған еді.

Қорыта айтатын болсақ, Фариза поэзиясы- ұлттық мүдде және жаһандық бағытта зерттеу мәселелері бойынша,бастауыш сынып мұғалімі ретінде

«Фариза апай оқушылар көзімен» атты бағытта ақынның өмірбаяны мен өлеңдеріне деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыруда бірталай жұмыстар атқарылып ,әлі де поэзия мен балалар шығармашылығын ұштастыра отырып орындалатын жұмыстар жоспарымда бар,

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1982, 246 бет
2. Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері: ОҢҒАРСЫНОВА ФАРИЗА http://writers.kz/odak_musheleri/?CURENT=%D0%9E&ID=1087 Мұрағатталған 2 сәуірдің 2013 жылы.
3. https://www.zharar.com/kz/olen/9434-fariza_akbobek_ongarsynova.html
4. https://bilim-all.kz/olen/2484-Tugan-zherdin-topyragy
5. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/16520/
6. https://sputniknews.kz/spravka/20181219/8531003/fariza-ongarsynova-tyraly-ne-bilemiz.html
7. Қазақ Фаризасынан айырылды http://baq.kz/kk/news/42590
8. https://kitap.kz/book/guma_olen_jih_fariza_11(қолжетпейтін сілтеме)
9. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. 2 томдық - Алматы: "Мұнайшы" Қоғамдық қоры, 2005. ISBN 9965-9765-1-1
10. Фариза Оңғарсынова өлеңдер жинағы Алматы, «Жазушы» баспасы, 2017ж
11.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАНЕ АДАМГЕРШІЛІК МАСЕЛЕЛЕРДІ ПОЭЗИЯДА БЕЙНЕЛЕУ

Рахимбаева Зауреш Аширалина
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
көркем еңбек пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Нұрымхан Иман-Жүсіп, көркем еңбек пәні мұғалімі
педагог-модератор

Әдебиет пен өнерде әлеуметтік және адамгершілік мәселелерді бейнелеу – қоғамдағы маңызды құндылықтарды, адам өміріндегі негізгі этикалық сұрақтарды көтеретін маңызды тәсіл. Поэзия (поэзия) бұл мәселелерді ерекше сезімталдықпен жеткізуге мүмкіндік береді. Поэзияда әлеуметтік және адамгершілік мәселелер көбінесе келесі аспектілерде көрініс табады:

Әлеуметтік әділетсіздік және теңсіздік. Поэзия қоғамдағы әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік, кедейлік, жұмыссыздық, немесе байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты суреттейді. Бұл тақырыптарды қозғаған ақындар оқырманды ойландырып, әлеуметтік өзгерістерге ынталандырады. Мысалы, қазақ әдебиетінде Абай Құнанбайұлы қоғамның кемшіліктерін өткір сынмен жеткізген.

Адамгершілік құндылықтар. Адамгершілік – ізгілік, мейірімділік, адалдық, әділдік сияқты құндылықтарды сақтау. Поэзияда бұл құндылықтар жиі

қарапайым адамдардың өмірі, олардың қиындықтары мен армандары арқылы беріледі. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында адам жанының тереңдігі мен рухани ізденістері айқын көрсетілген.

Нәзіктік бар жерде қайсарлықта болары хақ. Өйткені қып-қызыл гүлдің өзі қара тасқа тамыр тартып қасқайып шығып тұратыны бар ғой. Фаризаның жырына қарап тұрсаңыз нәзіктік де сүйген жерден, қайсарлықта ғашық болған жерден басталатын сияқты адамды бір өзгеше күйге бөлейді. Сонша үзіліп сүйіп, қоштаса алмай тұрған жүректің нәзіктігі енді жігердің, адамның ішіндегі «менінің» қайсарлығына ұласып:

«Сен үшін сонау алыстардағы елес ем.
осынша мені арман қып келдің неге сен.
«Сыртыңнан сүйіп жүретінімді
сезуші едің ғой»,-демесең,
мен саған ғашық емес ем» деп төгіледі ақ параққа қара өлең болып жанның сыры мен сезімнің сәулесі...
«Бас иген көп-көп бозбалаларға паңдана
асқақтау басып, бақытты болдым.«Сонда да
жан-жүрегіңді толтырар бір жан
жетпей жүрді ғой»,-демесең,
мен саған ғашық емес ем» деп паңдана қарайтында сол Фариза жырындағы асқақтық...

Бірақ сол тәкәпарлығы мен асқақтығы :
«Қуаныш шашшы көңілге
Түсімде және өңімде!
Ғашық боп, жаным, жұрмін мен
Сен бар деп мынау өмірде!» деп оның жаңағы қайсарлығы мен асқақтығы бәрібір жүректің, нәзік сезімнің алдында аласарып сала беретіні тағы бар. Бұдан біз Фаризаның адам жанының нәзіктігі мен қайсарлығының тігісін жатқызып, жігін біріктіруде жіпсіз сезімдерді өлеңмен қосқан қайсарлығын ғана байқай аламыз. Өйткені Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы нәзіктік көбінесе әйелдің ішкі жан дүниесінің нәзік сипатымен байланысты. Ақын өз өлеңдерінде махаббат, сезім, болмыс және табиғатқа деген сүйіспеншілікті терең әрі шынайы бейнелейді. Мысалы, оның «Менің анам» атты өлеңінде анасына деген махаббат, құрмет пен сағыныш нәзік әрі сезімтал сөздермен өрнектелген. Бұл өлеңдегі нәзіктік — ол тек сыртқы сұлулық емес, адамзаттық қасиеттердің тереңдігінде жатқан жан дүниесінің тазалығы мен тазалыққа деген ұмтылысында жатыр.

Ақынның нәзік сөз саптауы әйелдің ішкі әлемін, оның өз-өзімен болмысын және оның табиғи жаратылысын суреттейді. Сондай-ақ Оңғарсынованың өлеңдерінде әсемдікке, табиғаттың көркемдігіне деген ерекше құрмет байқалады. Оның өлеңдері әйелдің нәзік табиғатына, оның жан дүниесінің ұсақ-түйек сырына құрылған әлемді ашып береді.

Ал енді оның поэзиясындағы қайсарлық болса — бұл тек сыртқы күш емес, ішкі тұрақтылық пен сабырлылықтың белгісі. Себебі ол жай адам емес. Ол сонысымен де Ақын! Ол қашанда өзінің өмірі мен шығармашылығында түрлі қиындықтарды жеңіп, әрқашан өз сөзінің еркіндігін қорғап қалған талант. Оның поэзиясында қайсарлық көбінесе еркіндік, өз болмысын қорғау және қоғам алдындағы жауапкершілікпен байланысты. Бұл сипаттарды ақынның әрбір өлеңінен көруге болады.

«Жұрт маған неге жауықты?»,
Деп өзің босқа кішірме.
Талантты болу қауіпті
Талантсыздардың ішінде, деп жырлаған ақынның өлеңдеріндегі қайсарлық — тек күрестің, жеңістің белгісі емес, сонымен қатар нәзік болмыстың ішкі күшін көрсету тәсілі сыңайлы.

Мейлі қалай десек де Фариза бір дәуірдің дара тұлғасы. Ол өз өмірінде шығармашылығына адал болған ақын. Сондай-ақ оның бойында жігіттерде жоқ жігер болды. Азаматтардан кездесе бермейтін азаматтық оның өлеңінен де өзінен де көрініп тұрды. Сондықтан ғой кешегі Мұқағали Мақатаевтардың: «Фариза, Фариза жан, Фариза қыз» деп жырлап «Қызда болсаң мен саған мұң шағамын» деп налитыны. Жоғарыда айтып өткеніміздей оның поэзиясындағы нәзіктікпен қайсарлықтан бөлек, оның бойында өлеңге деген ерекше адалдық болды. Оны біз Фаризаның «Ақын» деп аталатын өлеңінен аңғара аламыз.

Ақынның нәзік жүрегі
малдан тоңар гүл еді.
Халқының махаббатымен
ақсұңқар құстай түледі,
ел ғана — тұғыр, тірегі.
Әділет үшін жан салып,
алдында тұрсын қанша алып —
шындыққа жетпей тынбайды,
қияметтерге қарсы ағып,
баурайды сонда бал шабыт.
Сұлулық пенен пәктіктен
рақат күткен, бақ күткен,
шығып кеткенше ақтық дем,
арпалысып өтер қасқайып
күңкілмен, бұқпа сақтықпен.
Аялап туған ел, жерін,
өнерін, тілін, ерлерін
қастерлер елдің туындай.
Аяла халқым, суынбай
Бұқардың мұрагерлерін! – деп жырлаған ол шынында да кешегі сөз сүйегіне сіңген бабаларымыздың рухын өз бойында сақтап қалды. Солардан қалған ақ жалауды ешқашан кірлетпеді. Міне оның құдіреттілігі де, нәзіктігі мен қайсарлығы да сонда жатыр...

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Серикова Шолпан Жетеновна
«Бауыржан Момышұлы атындағы
№53мектеп-лицейі» қазақ тілі
мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Фариза Оңғарсыновнаның «Шілде» жинағынан 10 жылдан аса мезгіліндегі шығармалары кірген. Екі жүзге жуық өлеңнің бірге түп-түгелі болмаса, олардың әр тобы – әр кезеңнің айғағындай, уақыт ағымын, адам қауымының қозғалыстарын сипаттайтын туындылар солардың біріне үңілу, ақын өткен жолдар мен соқпақтардың жалғасы, ой мен сезімнің өркен нақыштарының даму процестерін бағу, әрине бұл аз жұмыс емес. Бұл сияқты мол жұмысты терең зерттеп, күрделі еңбек жазу - поэзия сыншылары мен ғалымдардың міндеті.

Ол өзі өскен ортаға қуаныш, шаттық әкелген. Ақын әлеуметтік өмірдегі, көрнекті тұлға. Қауымға жаңа пікірлер естіртіп, ойлы сөздер айтқан, қайғының қандай түріне жылап, қандай түріне қарсы шабуылды үйреткен ұстаз. «Лирикалық кейіпкерлерім – әйелдер, олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы – өлеңдерімнің арқауы» - депті. Адамды сүю керек, адамның сұлулығын жырлау керек деген. Адамның бойынан сұлулық таппай тұрып, оның ойынан сұлулық табу қиын деген екен. Фариза «Адам атты құдыретті күшке үнемі бас иіп отырған». Фариза жазған ғашықтық жырларға оның барлық жанымен ынтығып, барлық ынтасымен құлай, құмарлана айтқан лирикалары, алғаш рет махаббат күшін сезіндірген адамға осылай табыстаса, біз ақынды танымас едік, оған сенбес те едік.

Осындай армандарды аңсаған ақындыққа біздер махаббат көзімен қарай білуіміз керек. Егіліп – төгіліп айтқан ыстық құмарлықтардан ең алдымен ақынның қуатын, ағынан жарылар сыншылдығы мен шыншылдығын көруге болады.

Бұл – ардақтылық, қымбаттылық жағынан ақ сүтін берген, ақ бесігін тербеткен қасиетті апамен қатар тұара алатын. Адам, өз жүрегі жаратқан геройға реальдық әрекет, сезімдер юереді оған кәдімгі өзімізге мәлім атмсофера жасайды, «Көгалды алаң. Сүт сәуле қызды басқан, Біз отырмыз жапардан арман ұшып» - деп басталатын өлеңде бәрі бар: қуанышты екі жастың көздерінен перде сыпырылып, көңілдеріндегі тұман әбден серпілгендей, олар бақытты. Сондықтан олар бұрын еленбей жүрген аспанға, бұлтқа, жұлдызға қарап тамсанады. ОСындай кең тамаша түннің шындығын айқындай түсіп, біздің түйсігімізбен әбден жарастыру үшін ақын өмірге лайық болуға – тәрбиелейді. Қасымдағы досымның, батылдық көруді аңсадым, «Кеткім келген кісідей асыққанмен, жібермей қалса » дедім. «Әйелдің монологында». Жаппарымды толтырдың жылылыққа, жан жылуын балар ем ұлылыққа- деген егіз өлең жолы; жастарды адалдыққа, шынайылыққа тәрбиелейді. Фаризаның махаббат жырларында басқа ақындардың өлеңдеріне ұқсамайтын ерекшеліктерді байқауға болаыд. Адамның шартты түрдегі ережелерге, ескірген әдет , дәстүрлерге тұтқын болып қалмай

босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батып, жырлаған, жастық шақтағы адам басынан өтетін күйлерде шек бар ма ? Санаға сүйенген сабырлыққа, ұстамдылыққа тәрбиелейді. Әр түптің сағатын үнемдеп жұмсауға, өлшеп пайдалануға негіздейді. Ақынның өлеңдерінде тіл шеберлігі, тіл байлығының мықтылығын байқауға болады.

Фариза- поэзиясының тақырыптары, іші мен тысын тұтас ойлай алатын ақын. Фариза қызуқанды, албырт та адуын жыр иесі, өзіндік ұтқырлығымен, ізденіс-талпыныстарымен барша жұртты, өлеңқұмар көпшілікші ризалық сезімге бөлеген. Фариза өлеңдеріндегі сопылық сыры мен ізденіс бағыты да жетерлік. Ақындар айтып жүрген киелі тарих пен әлемдік бейбіт орбита тынысы, адамдар үні, сөзі, қарым-қатынас, Отан-ана болмысы, халық алдындағы сезім иірімдері ана мен әке, достық, жолдастық, ағайын-туыстық, махаббат мәселелері қашанның белгісі, қай ұрпаққа болса да үзілмей жалғасып, келе жатқан қажеттіліктердің поэзияның кеңінен жырлануы, осы жолғы тербеністері формалық жағынан есте елеусіз қалмайды. Бұл Фаризаға тән тебіресті – ізденісті асықпай түсуден туындайды. Баяндамамды қорытындылай келе, Фаризаның өлеңдерінің жас ұрпаққа, қоғамға тәрбиелік маңызы зор. Жеткіншектерді адал сезімге, шыншылдыққа, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелейді.

Тіл өнерін адам болмысымен папа- пар қойып келген халқымызда: баяғы замандарда жыл басы – Наурыздың алғашқы күнінде туған топырақтың атышулы ақындарын осы «Ақынтауға» жинап, жыр жарысын өткізетін дәстүр болған екен. Түркістаннан Отырарға барар жолда кішігірім тау болған кенн. Оны халық кезінде «Ақынтау» деп атапты. Ғасырлар мүжіген тау жапырайған төбеге айналыпты. Қазір ол жерді « Ақантөбе» деп атайды.

...Сол жерге мінажат етіп,топырағын басқан сайын кемеңгер қарт Абыз бен ақындардың үні құлағыма талмаурап жетеді.

Не қасиет күтерсің бүгінгі елден:
Жасқаншақтап күйеудей ұрын келген,
Айтар сөзін көмейге көміп қойып,
Күн кешеді қорқумен , дірілдеумен.

Жетпісінші жылдардың соңы мен сексенінші жылдардың басында Фариза Оңғарсынова шығармашылығы жаңа бір кезеңге көтерілді дей аламыз.

Үлкен парасатты жыр иесінің кең құлашты адымы алымды қарқынды қоғамдық жүйе болмысын поэтикалық тілмен салыстырады да ақша үстемдігі дәуірлеген дүние сиқынындағы әйелдер өмірінің трагедиясы нашына отырып жырлайды адамдар бойындағы қатыгездікті сынға алады әйелдер портретін жасау жолындағы ізденісіне орай Дүлей жырлар топтамасы шығыс халықтары мен Африка адамы арқылы теңсіздікті адамдар тағдырының бұралаң да қиын соқпақтарын жырға қосып күреске үндейді Бақыттының монологы немесе ақымақтарға айтылған ақылда өмірлік мәні барфилософиялық ойға жетелейді Ақылды ете аласың кімді бүгін -деп түюі ақымақтарға арналса даойлана түсуді дұрыс-бұрысына мән беруді қалайды

Алқызыл аландардан
революциялық жеңістер салатанаты

жер шарына шашады арай нұрын
тіршіліктің мәнгі жас арда шағы
туған күндер ақиқат алмасары-
жер айналып тұрғанда
жер үстінде
революция осылай жасалады,,,,

Адамзат өмірінің мәңгілік ғұмырын тіршіліктің ерең артықшылығын айнытпай таныған адамзат асқақ та айбынды үнемі бостандықты жырға қосады,Ақын үні-планета үні адамгершілік сыры ,Болмыс әлеміндегі болып жатқан болып өткен істерге сын көзбен қарап ойлы да уытты тілмен баға беру-Фаризаға тән ерекшеліктердің бір қыры деуге болады,Планета төрінен барша әлемге сезім шынын білдіруде қасырет шеккен жандарға демеу болар ой-пікір Фариза жырларында жеткілікті,Әп-әдемі табиғат көрінісінде қаншама әсерлі ой жатыр,

Қоңырқай бұлт тас түйіп қас-қабағын
тұмшалады аспанның жақсы ажарын
Көп жыламас адамның көз жасындай
төгіп жатыр шелектеп тасқа зарын

Сондай -ақ ақын түн көрінісін сипаттауда басқалар айта алмаған шындыққа бас игізеді, Түн-ақын үшін ерлікке алан күндізгі тіршілік жалғасы адамдардың көңілін көкке көсілтіп ақ таңдарға тамсандыратын шабыт береді. Өмірдің қай құбылысын суреттемесін ерлікке күреске үндеп ылғи да алға биіктерге шақырады. Ақын үні прогресшіл адамзат үшін сипат алып күрескерлік болмыстың беріктігі мен өміршендігін мақтаныш сезіммен көтере әрлей түседі. Фариза поэзиясы әлемдік күн тәртібінде тұрған бейбітшілікті сақтау идеясымен қоян -қолтық жымдасып соның өмірлік алдына тартады. Мәдениетті ойлы оқырман үшін әлемдік мәні зор поэтикалық әсері әрқашан мөлдір Фариза Оңғарсынова жырларының берері мол. Ақынның қиялындағы кейіпкер және нақты оқырманы елес қана емес нақ қәзіргі таңда қасымызда жүрген парасат иесі интеллектуалды жан.

Поэзиядағы өзара байланыс-ықпал әсері ерікті және ақ өлең формаларының енуіне жағдай туғызады. Фаризашығармалары-бүтіндей өскен мәдинетіміз бен әдебиетіміздің нәтижелі көрінісі. Бай мұраны жете игеру-орыс поэзиясы арқылы әлемдік әдебиеттегі бай тәжірибені шеберлікпен меңгеру жемісі. Оқу үйрену мектебінен өткен ақын бүгінгі таңда өзіндік ерекшелігін қалыптастырып бас-қаға ұқсамай жырлап келе жатыр.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдері жарқ етіп тұтанып кетуге, лап етіп өртенуге, бұрқ етіп қопарлануға дайын тұрған қасиеттерге ие. Бейнебір ақын сөздерді ішкі дүниесіне салып қорытқанда, оларға тез тұтанғыш, тез қопарылғыш бір элементтерді қосып жіберетіндей. Содан ба екен, Фариза Оңғарсынованың әрбір өлең жолы қопарылыстар мен жарылыстар тудыратын бикфорд шнурларын еске түсіреді. Бұл жерде заңды сұрақ туындауы мүмкін.

Фариза Оңғарсынова – дәл осындай батыл да, азамат ақын.

Өлең жазам өзімше данышпансып,
Жандай менен басқаға намыс таңсық.

Жарамаймын сөйтсем де құлап жатқан
Саз балшықтан алуға таныcты аршып.

Жүрсем деймін жұрт жетпес бағаны алып,
Қарсы келмес өмірде маған анық –
Біреулерді жиып ап айналама,
Көсем болып отырам дараланып.

Фариза Оңғарсынова жырларында қайғы-қасыреттің суық лебі сезіліп тұрады. Айдың, Күннің аманында ақынды алып бара жатқан ол не қасірет дейсіз ғой. Ол – манадан бері айтып отырған адам мен заман бойына мерез боп жабысқан әлеуметтік дерттер. Әзір ол дерттер бар боп тұрғанда ақын өзін қайғысызбын, қасіретсізбін деп айта алмақ емес. Тіпті ол өзінің бақытына да осындай қайғы-қасырет арқалап жүріп қол жеткізген.
Енді ол өз бақытын қайғы-қасыреттен бөліп ала алмас халде.

Менің бақыттылығым сол жалғанда –
Қасыреттен тұрады бақытым да!

Халықтың, адамның, заманның рухани тазалығы үшін бітіспес күреске шыққан нағыз азамат ақын ғана осылай сөзін тұжырымдайды.

Өзің көпшіліктің алдына шығарып, шындықтың аптабына күйдіріп, аязына тоңдырып, шыңдап, шынықтырып алған ақын. Адаммен заманның тұла бойын жайлап бара жатқан әлеуметтік келеңсіздіктермен анық күреске шықты:

Қызықтырмай өзгенің атақ, әні
Жүрегімнен көп улы татам әлі.
Досың сатқан жандардан жиренемін,
Отанын да ондайлар сата алады, - деп кесіп айтады:
Кей адамда қылық жоқ аяр аса,
Бойы - биік бақандай, ойы – аласа.
Болмысымен тұру жоқ, жүре алмайды
Беттерін де мәнін де боямаса

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Фариза Оңғарсынова Үш тамдық шығармалар жинағы Бірінші том «Елорда» 2024 ж.
2. Екінші том «Елорда» 2024 ж.
3. Үшінші том «Елорда» 2024 ж.
4. Фариза Оңғарсынова «Дауа» мектебі Алматы «Атамұра» 2002 ж.
5. «Асау толқын» туындысы
6. «Шілде» екі томдық таңдамалы туындысы
7. «Шашы ағарған қыз» прозалық шығармасы
8. «Қыз ғұмыры» кітабы

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Серікбаева Аружан Аманкелдіқызы
М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы,
математика пәні мұғалімі, педагог-модератор
Тлепбаева Рыскул Серикбаевна
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
математика пәнінің мұғалімі

Қазақстанның халық жазушысы, Алаштың аяулы ақыны Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін оқушыларға математикалық зерттеулер арқылы ұсыну — бұл өте қызықты және шығармашылық тың әдіс. Мұндай тәсіл оқушыларға әдебиетті тереңірек түсінуге, поэзия мен математиканың арасындағы байланысты сезінуге мүмкіндік береді. Математика мен поэзияны байланыстырып көрсек олардың бір-бірін толықтыра түсетінін байқаймыз. Сіздерге осы тақырып бойынша баяндама құрылымын ұсынамын.

1. Кіріспе

О,туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.

Алақаны анамның-топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын.
Сені қалай сүюдің керектігін
Мен ешқандай кітаптан оқымадым.

Сенде тас та қастерлі, аспан да алау,
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.
Менің мынау өмірге құштарлығым
Сені жақсы көруден басталған-ау-деп жырлаған Фариза Оңғарсынова — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның өлеңдері терең мазмұнымен, нәзік лиризмімен, заманауи тақырыптарды кеңінен қамтуымен ерекшеленеді. Дегенмен, тек эмоционалдық жағынан ғана емес, өлеңнің құрылымын математикалық тұрғыдан да зерттеуге болады. Математика мен поэзия арасындағы байланыс арқылы оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыруға болады.

2. Математика мен поэзияның байланысы

Математика мен поэзия арасында бірнеше ұқсастық бар. Екеуі де нақты форма мен тәртіпке сүйенеді, алайда шығармашылық еркіндік дегенді ескеруіміз керек. Мысалы:

Буын саны мен пропорция: Өлеңнің әр жолының буын саны, белгілі бір ритмі, өлшемі бар. Мұны математикалық формулалармен салыстыруға болады. Әр жолдың буын саны мен сөздердің үндестігі математикалық заңдылықтарға сай келеді.

Ұйқас пен симметрия: Математикадағы қайталану, симметрия өлеңдердегі құрылымдық элементтермен ұқсас. Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде осы элементтер әрине бар.

3. Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің математикалық зерттелуі

Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі ұйқас пен буын саны математикалық заңдылықтарын зерттеу — поэзияның құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оңғарсынова өлеңдеріндегі әртүрлі құрылымдар мен ұйқастар, ырғақтар мен музыкалық иірімдер де математикалық тұрғыдан қызықты болуы мүмкін.

Математика пәні мұғалімі ретінде, мен оқушыларға поэзияны математикалық тұрғыдан таныстыруда бірнеше тиімді әдістерді қолдана аламын:

Өлеңнің ритмі мен құрылымын математикалық талдау: Оқушыларға өлеңдердегі әр жолдың буын санын және ұйқастарды есептеу тапсырмаларын беруге болады. Мысалы, оқушыларға Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің ырғақтық құрылымын талдап, әрбір жолдың буын саны мен ұйқастарының математикалық пропорциясын табу ұсынылады.

Өлеңдердегі қайталанулар мен симметрияны зерттеу: Өлеңдегі қайталанатын элементтер мен симметрияны анықтауға арналған тапсырмалар беру оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Мұнда өлеңнің құрылымындағы ұйқастар мен ырғақтардың математикалық заңдылықтарын көрсету маңызды.

Өлеңдер мен математикалық модельдерді байланыстыру: Өлеңдегі ритм мен құрылымдарды математикалық модельдермен байланыстыру арқылы оқушылардың поэзия мен математика арасындағы байланысты түсінуіне көмектесу керек. Мысалы, белгілі бір өлең жолдарының құрылымын геометриялық пішіндермен немесе пропорциялармен салыстыру.

4. Оқушыларға поэзияны математикалық тәсілмен таныстыру әдістері

Оқушылардың поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру үшін математикалық зерттеу әдістерін қолдану өте тиімді болуы мүмкін. Мұнда бірнеше әдіс ұсынылады:

Поэзиядағы ырғақ пен ритмді математикалық түрде түсіндіру: Оқушыларға өлеңнің құрылымын түсіндіру үшін, өлең жолдарының ұйқасымен және ырғақтық өлшемдерімен байланысты есептер мен тапсырмалар ұсынылуы мүмкін. Мысалы, әр өлең жолының буын саны мен ырғақтық құрылымын талдау.

Құрылымдық талдау: Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің құрылымын зерттеу арқылы математикалық ойлау қабілетін дамыту. Оқушыларға өлеңдердегі симметрия мен қайталануларды табу тапсырмалары беріледі.

Математикалық модельдеу: Өлеңдегі ритм мен ұйқастарды математикалық модельдермен байланыстыру. Мысалы, өлеңдегі белгілі бір құрылымдардың қайталануы мен ұйқастары арқылы математикалық заңдылықтарды көрсету.

Оқушылар үшін Фариза Оңғарсынованың бір өлеңін талдайық. Мысалы, оның өлеңіндегі ырғақ пен ұйқастарды математикалық тұрғыдан анализ жасап, өлеңнің құрылымын анықтауға болады. Оқушыларға өлеңдегі әр жолдың буын саны мен ұйқас тәртібін есептеу тапсырмасы беріледі. Аталған талдау түрін Фариза ақынның «Жол» атты өлеңіне жасап көрдім. Және сіздерге түсінікті болуы үшін слайдқа енгіздім. Дәл осындай талдауды ақынның «Сағындым» өлеңіне жасап көрулеріңізге болады:

Жырымды алғаш тыңдаған
ауылымды сағындым.
Қош айтып қол бұлғаған
бауырымды сағындым.

Ақша бұлты жарасқан
аспаныңды сағындым.
Қуыршақ ойнап таласқан
достарымды сағындым.

Еркелеткен жасымнан
ағаларды сағындым.
Мейірім төккен асыл жан –
жан анамды сағындым.

Таң нұрымен даланың
жайнағанын сағындым.
Әнші құстар таң әнін
сайраганын сағындым.

Жазғы кеште тербеткен
самалыңды сағындым.
Кеше ғана сенде өткен
бала күнді сағындым.

5. Қорытынды

Математика мен поэзияны байланыстыру — жаңа көзқарас пен шығармашылық ойлауды дамыту үшін маңызды құрал. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін математикалық тұрғыдан зерттеу оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлес қосады. Бұл тәсіл олардың логикалық ойлауын жетілдіріп, математиканың әсемдігін әдебиетпен біріктіріп көрсетуге мүмкіндік береді.

6. Пайдаланылған әдебиеттер

1. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы/А.Т.Умаров, М.И.Ақылбаев, Э.Б.Мүсірепова. -Алматы Альманах, 2107.-162 бет

2. Орта мектепте математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі.Оқу құралы/Р.Ибрагимов, -Алматы Альманах, 2108.-294 бет

3. Дауа [Мәтін] : өлеңдер / Ф. Оңғарсынова ... – Алматы : Атамұра, 2002. - 286, [1] б.– (Атамұра кітапханасы. - Қуаныш Сұлтанов қоры . . – 3000 дана – 9965-05-644-7 (мұқ.)

4. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Оңғарсынова, Фариза- Астана : Елорда , 2004. – 9965-06-350-8(3-т.)(мұқ.) 3-том . Өлеңдер, дастандар– 256 б.

5. Қирабаев, С. Фариза [Мәтін] / С. Қирабаев // Егемен Қазақстан. - 2014. - 5 наурыз (№ 44). - 5 б. ISSN 1999-9720.

6. Айтұлы, Н. Халқының жүрегінде [Мәтін] / Н. Айтұлы // Егемен Қазақстан. - 2014. - 25 қаңтар (№ 17).- 1 б. ISSN 1999-9720.

7. Сөз сыры / Оңғарсынова, Фариза ... – Алматы : Арман-ПВ, 2005. - 96 б., сурет.; . . – 9965-636-72-9 (мұқ.)

8. Бейсеков Ж., Рахымбек Д., Шарипов Т.А. Орта мектепте математиканы оқытудың әдістемесіне арналған оқу құралы. - Шымкент, 2003.-180б

9. Абылкасымова А.Е.Методика преподавания математики. Учебное пособие. -Алматы: Санат,1993 149с

10. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Алматы: Білім, 1994ж

Ф. ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Сыздыкова Карлыгаш Кадировна
Астана қаласы №24 орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, зерттеуші

Өзінің еңбек жолын журналистік қызметтен бастаған Ф. Оңғарсынованың публицистикасы мен эсселерінде, кейін өлеңдерінде де тілдік, ақындық тұлғасы айқын көрінді. Ф. Оңғарсынова тарих, саясаттан да қарабайыр, хабарсыз еместігін өз сөздерінде, поэзия мен прозаға айналып баспасөз бетінде жарияланған шығармаларында үнемі дәлелдеп, оқырмандарына уақытылы жеткізіп отырады. Жалпы авторлық тұлғаның прагматикалық деңгейін саралау үшін алдымен «прагматика» ұғымын саралау керек. Сонымен бірге ақынның тік мінезі мен шыншылдығы да белгілі бір деңгейде прагматикалық сөз қолданысына әсер етеді.

Лингвистикалық прагматика тілдік қызметті тілдік бірліктерді қолдану мен сол тілдік бірліктерді қолданушылардың мақсаттары арасындағы өзара тәуелділік тұрғысынан зерттейді. Прагматиканың немесе тілдің өзара әрекет теориясының ғылым ретінде пайда болуы өмірден туған қажеттілік.

«Прагматика грек сөзі, «іс-әрекет» деген мағынаны білдіреді. Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (жазбаша және ауызша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы» [1, 17 б.].

Прагматикалық деңгей тұлғаның көркем әдебиеттің прецеденттік мәтіндерді, «қанатты сөздерді» пайдалануға дайындығын білдіреді. Прецеденттік мәтіндер тұлға үшін танымдық және эмоционалдық жағынан маңызды. Ол көбінесе толықтай емес ықшамдалған түрде қолданылып, прагматикалық бағытта тілдік тұлғаның шығарманы жасауда алдына қойған мақсаттарымен, себептерімен байланысты қасиеттерін айқындайды. Өз шығармаларында прецеденттік мәтіндерді қолдану жеке адамды тілдік тұлға ретінде сипаттайтын көрсеткіш.

«Прецеденттік мәтін» терминін алғаш ғылыми практикаға енгізген Ю.Н. Караулов оларды былай сипаттайды: 1) белгілі бір тұлға үшін танымдық және эмоционалдық қатынаста маңызды болып табылатын; 2) тым жекелік сипаттағы, яғни осы тұлғаның айналасындағылар үшін, оның алдындағылар мен замандастары үшін де жақсы таныс; 3) осы тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше қайталанатын және оған тұлға қайта-қайта оралатын мәтіндер [2, 216 б.]. Жоғарыдағы ғалымның айтқандарын қорытсақ, цитаталар, кейіпкерлердің аттары, шығармалардың атауы мен оның авторлары прецеденттік мәтін.

Б.З. Туребаева өзінің мақаласында Ю.Н. Караулов ұсынған «прецеденттік мәтін» атауын «прецеденттік феномен» атауының бір бөлігі ретінде қарастырып, ғалым зерттеуін одан әрі қарай таратқан В.В. Красных бастаған ғалымдардың зерттеулеріне сүйенеді: «Прецеденттік феноменге прецеденттік мәтін, прецеденттік жағдай, прецеденттік есім, прецеденттік айтылым жатады. Олардың келтірген анықтамасы бойынша прецеденттік мәтін дегеніміз – тілдік, ойлау қызметінің аяқталған өнімі, (поли) предикативті бірлік; мағыналар компоненттерінің жиынтығы оның өзінің мағынасына тең келмейтін күрделі таңба. Ол ұлттық-мәдени қоғамдастықтың кез-келген орташа мүшесі үшін жақсы таныс. Ол коммуникация процесі кезінде осы мәтінмен байланысты прецеденттік айтылымдар арқылы қайта-қайта қайталанып отырады» [3, 63] – дей келіп, прецеденттік мәтіндердің қатарына негізінен көркем шығармаларды, романдар мен новеллаларды, өлең мәтінін, сонымен қатар жарнама мәтіндерін, саяси сипаттағы мәтіндерді, анекдоттарды жатқызады.

Лингвистикалық прагматика тілдік қызметті тілдік бірліктерді қолдану мен сол тілдік бірліктерді қолданушылардың мақсаттары арасындағы өзара тәуелділік тұрғысынан зерттейді. Прагматиканың немесе тілдің өзара әрекет теориясының ғылым ретінде пайда болуы өмірден туған қажеттілік. «Прагматика грек сөзі, «іс-әрекет» деген мағынаны білдіреді. Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (жазбаша және ауызша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы».

Ал лингвостилистикалық зерттеулер мәтіннің көркемдік өрісін көрсетуді көздейді. Тіл маманы шығарманы эпитет, теңеу, метафора, т.б. сияқты

көріктеуіш құралдардың өздерін көрсетуді мақсат етпейді, сол құралдарды жасап тұрған тілдік бірліктердің: жеке сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің «тілдік қасиеттерін» көрсетуді көздейді. Троптардың «тілдік сырлары» (қасиеттері) көп. Солардың бірі «сөз құбылту» теориясы бойынша қарастырылады. Айталық, көсемсөз әрдайым өзінің тура, лексикалық мағынасында жұмсалай, стильдік мақсатта құбылып, қосымша семантикалық реңктер үстеп қолданылады. Демек, «көсемсөз тіліндегі сөздердің символдық, перифрастық мағыналары мен өзге де ауыспалы, қосалқы мағыналарын талдау – поэтиканың тілдік сырын ашатын жолдың бірі» [5]. Мысалы, Фариза ақынның публицистикасында жиі кездесетін ақ сөзі көп жерде өзінің түсті білдіретін тура мағынасында келмейді. Ақ арман, ақ сезімдердің ақ айдыны, ақ түтек, ойлар, ақ дауыл (болып келемін), аппақ ойлар, ақ толқындар дегендердің барлығында да ақ биіктікті, тазалықты, күштілікті, кеңдікті, қысқасы, ең жағымды қасиетті атайды және барлық жерде де метафораланған, перифраздалған сөздермен тіркесіп, олардың мағыналарын ауыстыруға «қолғабысын» тигізген. Енді бірқатар сөздер символ болып келеді. Символ дегеніміз – белгілі бір дерексіз ұғымды, идеяны өз атауымен атамай, нақты бір заттың атауымен беру. Символ – затқа балап білдірілген поэтикалық бейне, әдебиет тілінің семантикалық дүниесі. Сөз – символдың небір ұтымды шыққан түрлерін Ф.Оңғарсынова публицистикасынан едәуір кездестіреміз. Арна сөзі – Фаризадан символ. Арна - өмірдің, тірліктің үлкен қозғалыс иесінің символы. Бұл – қаламгердің «Шашы ағарған қыз» деп аталған жинағының біріндегі алғы сөз не беташар іспетті мақаланың етіп берілген сөз. Бұл мақаланың тақырып-идеясы – «құз, саладан /сайлардан/ алға ұмтылып... арынымен құздарға соғып... алай да түлей ақ толқындарын шашып жатқан» өзендер (яғни адамдар) арнаға (мақсатты тілекке, өмір атты дүбірге) жетуге асығады. Және оның символдап отырған арнасына құюға асыққан өзендері ақырын аққан жай сулар емес, «тосқауылдардың көптігінен бұлқынып, буырқанған, тоқтауы жоқ, өршелене алға асқан, сарқылмас, солмас толқындар» деп суреттеледі. Оқырман бсөздердегі тұнып тұрған динамиканы жақсы сезеді және сол қозғалыстағы өзендерді (іс-әрекеті айқын актив адамдарды) «мөлдіреп мөлтек көрінгенситін, тұншығып жатқан көлдердің» (динамикасыз дүниенің) қарсысына қояды. Сол сияқты Фаризада дауыл сөзі де «өнер»-дің символы: мүлгіген меңіреу тыныштығыңды талқан етуге ақ дауыл болып келем мен. Жалпы, Фаризада сөз-символдар айтарлықтай мол және айқын танылады. Мұндай сөздердің символдық сипатын сол мақалалардың жалпы тақырыбы, семантикалық мазмұны айқын көрсетіп тұрады.

Фаризаның авторлық идиостилінде қайсарлық, асқақ өрлік көптеген шығармаларында айқын көрінеді. Ол тілдік элементтер арқылы берілген. Дауыл, от-арман, ақ түтек ойлар сияқты сөз-образдар (ақ дауыл болып келем мен; ақ түтек ойлардың ақпаны сақ-сақ күледі), тіпті айдың қасында жарқылдау, дүниені сілкіндіріп, таң қылмай басылмау, алапат ойдың толқындарына мың батып, тағдырымның дауылды айдынында мен жалындап өтемін дегендердегі көрсетілген етістіктер, алапат ой, алапат қайрат, бұлқынған күш, өр ағыстар сияқты тіркестердегі көрсетілген эпитеттердің барлығы – бір эмотивтік-

семантикалық өрістегі сөздер. Бұлар – оның бүкіл туындысын сүзіп шықсақ, өз алдына кеңінен сөз ететін, тіпті тың тұжырымдар айтқызатын ұшан-теңіз мол дүние. Публицистика тілін зерттеудің бір қыры осында жатпақ. Публицистикалық мәтіндердегі сөздердің «қылығын» сөз ету де тіл мамандарының үлесінде, өйткені, шығарманың құрылымдық бөліктері болып келетін тақырыптық сегменттерді жымдастыратын, әрі образдарды қиюластыратын тілдік элементтерді (сөздер мен тіркестерді, морфологиялық тұлғаларды) тауып, талдау да – мәтін түзуді зерттеудің бір қыры. Мысалы, Фаризаның бірнеше туындысы әр сөздің басында дара тұрған (бір жолға жазылған) бір сөз – сол туынды мәтінін «құндақтап», бунақтарын (сегменттерін) бір-біріне жалғастырып тұрған амал. Әрине, мәтінде «цементтеуші, құндақтаушы, қаптаушы» мұндай тілдік құралдар да әр түрлі. Әсіресе, мәтін түзудің бұл амалын қазақ қаламгерлері түрлендіріп береді. Мысалы, бір шығарманың ішінде бір сөзді (не тіркесті) қайталап келтіру осы туынды бөліктерін тұтастырып тұрады. Мысалы, Қасым Аманжоловтың Кеңес Одағының Батыры атағын алған Әлия Молдағұлова туралы үш шумақты өлеңінде Алтын жұлдыз тіркесін төрт рет қайталайды. Фаризаның жастық шақ, махаббат сезімі туралы лирикалық дүниелерінің көбі «мен» – мен келген және сол «мен» бір туындының мәтінін эмоциялық бояуы жағынан да, іс-әрекет иесін білдіру жағынан да, тақырыпты шашыратпау жағынан да мәтінді шегендеуші рөл атқарады. Сондай-ақ, қазіргі публицистерде фольклорлық дәстүр бар ма, болса, қай, тұстарда: бейнелер жүйесінде, сөздігінде, сюжетінде, фразеология саласында көрінеді? Фольклоризмдерді, сірә, публицистиканың көркем құрылысынан, образдар жүйесінен және поэтикасынан іздеу керек болар. Фариза тіліне назар аударсақ, бұл жөнінде де біраз нәрсе айтылары сөзсіз. Оның поэтикасын, оның ішінде тілінің көркемдігін тануда өз алдына дербес талданатын және бір тақырып – Фаризаның өзіне тән көркемдік қолтаңбасын, яғни «шығармашылық контекст» дегенді зерделеу болмақ. «Публицистика тілін талдауда бейнелілік проблемасы – басты тақырып. Поэтикалық бейне көркем шығармада, оның ішінде көсемсөзде айтылмақ ойдың теңеу, метафора, метонимия, әсерлеу, шендестіру, қатарластыру сияқты көріктеуіш құралдармен де, кейде тіпті мағынасында ешқандай эмотивтік реңкі жоқ жай сөздермен де (тіркестермен де) беріледі» [7, 129].

Ф. Оңғарсынова қаламынан туған көркем туындылар әр жылдары, түрлі оқиғаларға байланысты баспасөз және басылым беттерінде жиі жарық көрді. Әсіресе, оқырманына әдебиет пен мәдениет төңірегінде болып жатқан рухани жаңалықтарды дер кезінде жеткізуді ол өзінің парызы деп санады. Ф. Оңғарсынованың түрлі өзекті мәселелерге арналған ондаған шығармаларын оқу барысында біз бұрындары өзімізге беймәлім болып келген көптеген жайлардың сырына қанығамыз. Әсіресе, жазушылар мен ақындардың өмірбаяндары мен шығармашылықтарына қатысты эсселерінің ғибраты мол. Зерттеу жұмысының өзегіне айналып отырған Ф. Оңғарсынова шығармаларынан автордың тұлғасын тануға әбден болады. Себебі, ақын тілдік білімі, аялық білімі, таным мен мәдениеті арқасында көркем туындыны өмірге әкелді. Туындыдағы әрбір тілдік

бірлік автордың түйсігі мен санасын, танымы мен талғамын толық аралап барып сыртқа шықты. Авторды жанды десек, шығарма да автормен бірге өмір сүріп келе жанды тірі құбылыс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. 1 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша). канд. дисс.автореф. – Алматы, 2005. − 24 б.
2. 2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность // Отв.ред. Д.Н. Шмелев.− М.: Наука, 1987. – 261 с.
3. 3 Красных В.В. Структура коммуникации в свете лингво-когнитивного подхода (коммуникативный акт, дискурс, текст). Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Москва, 1999. – 59 б.
4. 4 Оңғарсынова Ф. Мен құштар әлем. – Алматы: «Санат», 2003. – 185 б.
5. 5 Сыздық Р. Көркем сөз // Қазақ әдебиеті, 2009, 21 шілде.
6. 6 Сұлтанбаева Г. Саттар Ерубаев – журналист, публицист. – Алматы, 2001. – 183 б.
7. 7 Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1996. – 240 б.
8. 8 Шапай Т. Кестелі көсемсөздің көрікті келбеті // Қазақ әдебиеті, 2009, 28 наурыз.
9. 9 Есіркепова Г.К. Философия. – Шымкент, 2008. – 144 б.
10. Ф. Оңғарсынова «Дауа» өлеңдер жинағы «Фолиант» баспасы 2019 ж

ФАРИЗА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ НӘЗІКТІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Тастанова Динара Ахметалиевна
Астана қаласы, Нұра ауданы
"Смағұл Сәдуақасұлы атындағы
мектеп-гимназия" ШЖҚ МКК

Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесі бүгінгі қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ұлы ақын әйелдер мен қоғамдағы жалпы тұлғаның күресі мен сезімдерін терең әріәсерлі түрде суреттеген. Бұл тақырыптың өзектілігі әсіресе қазіргі қоғамда әйелдің орны мен рөлін, оның ішкі дүниесінің күресін, өз-өзінтану мен әлеуметтік ортаға ықпалы мәселелерін зерттеу қажеттілігімен байланысты. Фариза Оңғарсынова шығармаларының көпқырлылығы мен терең философиялық мағынасы, оның поэзиясындағы нәзік әрі қайсар бейнелер оқырманға күш-жігер мен шыдамдылықты, сондай-ақ нәзік жандүниесінің тереңдігін көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан ақынның шығармашылығын зерттеу қоғамдағы әйелдің рөлін түсінуге, оның ішкі әлемін танып-білуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде қазіргі әдебиеттануда маңызды әрі қажетті тақырып болып табылады.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы қазақ әдебиетінде жаңа бағыттар мен жанрларды қалыптастырды. Ақынның поэзиясында нәзіктік пен қайсарлықтың үйлесімді бейнесі айқын көрініс табады. Фариза Оңғарсынова өзінің өлеңдерінде әйелдің ішкі әлемін, оның күресі мен қайсарлығын, қоғамдағы әйелдің орнын терең әрі шынайы суреттейді. Ақынның шығармаларында нәзік сезімдер мен әлеуметтік мәселелердің бір арнада тоғысқанын байқауға болады. Оның өлеңдерінде әйелдің жандүниесі мен рухани байлығы, сондай-ақ оның өмір сүрудегі күресі мен қоғамдағы рөлі жан-жақты ашылады.

Бұл баяндаманың мақсаты — Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесін талдау. Ақынның өлеңдерінде бұл екі қасиеттің қалай үйлесіп, бір-бірімен астасып жатқанын көрсету, сондай-ақ бұлбейнелердің әдебиет пен қоғамдағы маңызын айқындау болып табылады. Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазіргі әдебиеттануда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады, өйткеніол тек поэзия ғана емес, әйелдердің қоғамдағы орны, олардың ішкі күресі мен рухани әлемін түсіну үшін маңызды мәліметтер береді.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының асқақтаған жарық жұлдызы, ал оның шығармашылығы әрқашан халық жүрегінде орын алады. Ол қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосып, әйелдер мен қоғамдағы жалпы тұлғаның сезімдері мен ойларын терең әрі шынайы бейнелеген ақын. Оңғарсынованың өлеңдерінде нәзіктік пен қайсарлықтың үйлесімі ерекше орын алады. Бұл екі қасиет оның шығармашылығының айрықша ерекшелігін көрсетеді. Фариза поэзиясы — тек әйел жүрегінің нәзіктігі мен қоғам алдындағы оның күресін суреттеп қана қоймай, сонымен қатар адамның ішкі әлемі мен оның рухани толғаныстарын, мәңгілік сұрақтарды да айқындайтын терең философиялық шығарма.

Нәзіктік пен қайсарлықтың үйлесімі. Фариза Оңғарсынова шығармашылығында нәзіктік пен қайсарлық бірін-бірі толықтырып, бір-біріне ұласатын ұғымдарға айналады. Ақынның өлеңдерінде нәзік сезімдер мен терең ойлар қатар өріледі. Оның шығармаларындағы нәзіктік – әйел жүрегінің сезімталдығы, табиғатқа деген сүйіспеншілік, махаббат пен ана махаббатының шынайылығы. Бұл нәзіктікке ақын тек сыртқы көріні семес, ішкі күш пен батылдықты да қосады. Ақынның қайсарлығы, әсіресе, қоғамның сынаптай қатал сынына қарсы тұрып, әділетсіздіктерге қарсы күресетін әйел бейнесінде көрінеді.

"Қайсарлық деген — өмірдің өзінен үйренген сабыр, Болар-болмасқа құмартып, боларымнан айырылмау." – деген жолдардан ақынның қайсарлық пен табандылыққа деген көзқарасын көруге болады. Оның поэзиясындағы қайсарлық – жеке тұлғаның, қоғамның кедергілеріне қарсы тұруына және сол арқылы өзін-өзі танып, өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретін қасиет.

Ақынның әйел образы. Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы әйел бейнесі нәзік те қайсар, сондай-ақ күрескерлік пен нәзіктік қасиеттерін біріктіре отырып, әрқашан өз орнын іздеп жүрген әйелдің шынайы бейнесін көрсетеді. Оған «Мен — әйелмін, көзімде күлкі, жүрегімде мұң бар» деген сияқты өлең жолдары дәлел

болады. Ақын әйелдің тек нәзік болуымен шектелмей, өмірдің қиындықтарына қарсы тұрса да, оның ішкі дүниесі мен сезімдері әлі де таза, нәзік күйінде қалатынын көрсетеді.

Қоғам мен тұлға арасындағы байланыс. Фариза Оңғарсынова шығармашылығында әйел тұлғасы тек жеке өмірде ғана емес, қоғамда да өз орнын табуға ұмтылады. Оның поэзиясында әйелдің саяси, әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасы айқын көрінеді. Әйелдің ішкі нәзік әлемі қоғаммен тығыз байланыста дамып, ол өмірдің күрделі мәселелерін терең сезініп, сонымен қатар оларға батыл түрде қарсы тұра алады. Ақынның шығармалары осы екі сипаттың арасындағы тепе-теңдікті сақтау арқылы қоғамның әйелдерге деген қарым-қатынасы мен оның рөлін талқылайды.

Поэзияның терең философиялық мәні. Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі нәзіктік пен қайсарлық философиялық тұрғыдан терең мағынаға ие. Ол өлеңдерінде адамзаттың негізгі сұрақтарына жауап іздейді. Ақынның шығармашылығындағы нәзіктік пен қайсарлық, негізінен, адамның өмірдегі мәні мен мақсатын іздеумен тығыз байланысты. Оның өлеңдерінде әйел тек табиғаттың сұлулығын көруші ғана емес, адамзаттың күрделі мәселелеріне жауап табуға тырысушы тұлға болып табылады.

Фариза Оңғарсынова — қазақ поэзиясының ерекше тұлғасы. Оның шығармашылығының өзектілігі мен мәні терең, өйткені ақын өз өлеңдерінде әйелдің жандүниесінің нәзік сәттерін және сол жандүниенің қатал өмір мен әлеуметтік ортаға деген қайсарлық пен қарсылығын шебер суреттеген. Бастауыш сыныптарда, әсіресе жоғары сыныптарда әдебиет пәнін оқытқанда, мен Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын оқушылармен бірге зерттеу барысында оның поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесін оқушыларға жеткізу мақсатында көптеген әдіс-тәсілдерді қолдандым.

Мен тәжірибемде, Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқыту кезінде оқушыларға нәзіктік пен қайсарлықтың өзара байланысын түсіндіру үшін әртүрлі педагогикалық әдістерді қолданамын. Мысалы, ақынныңөлеңдеріментанысқанкездеолардыңэмоционалдытүсініктерінтереңдету мақсатында, өлеңдердегі нәзік сезімдер мен қоғам алдындағы әйелдердің күресін анықтауға арналған сұрақтар қоямын. Осылайша, оқушылар өздерінің шығармашылық көзқарастарын білдіріп, тек ақынның сөздеріне ғана емес, оның ішкі дүниесіне тереңірек бойлайды. **Мысал:** «Мен — әйелмін, көзімде күлкі, жүрегімде мұң бар» деген өлең жолдарын талқылағанда, оқушыларға ақынның ішкі қайшылығын, өмірдегі күресін сезінуге мүмкіндік беремін. Осы өлеңді талқылау барысында оқушылар әйелдердің қоғамдағы орны мен олардың ішкі әлеміне қатысты көзқарастарын білдіріп, ақынның нәзік әрі қайсар бейнесіне қалай түсінік бергендерін көре аламыз.

Шығармашылық тапсырмалар мен жобалар да оқушылардың Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесін түсінуіне көмектеседі. Мысалы, оқушылардан ақынның өлеңдеріне арнап өздерінің шығармашылық жұмыстарын жасау тапсырмасын беремін. Бұл тапсырмаларды орындау кезінде балалар Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі негізгі

идеяларды түсініп, өз шығармашылықтарында нәзіктік пен қайсарлықты қалай бейнелейтіндерін анықтайды. Сонымен қатар, ақынның өлеңдеріне қатысты көркем шығармашылық жұмыстар (сурет салу, қолөнер туындыларын жасау) оқушылардың оның шығармашылығын тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлықтың үйлесімділігін оқушыларға түсіндіру үшін әдеби талдау мен пікірталас әдістерін жиі қолданамын. Оқушылардың ақынның өлеңдеріндегі символика мен метафораларды түсіну қабілетін арттыру үшін, оларды топтарғабөліп, өздерінің пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік беремін. Әрбір оқушы өлеңдерде кездесетін нәзіктік пен қайсарлықты өз тұрғысынан түсініп, оны қалай бейнелеу керектігін талқылайды. **Мысал:** «Жалғыздық» өлеңін талқылағанда оқушыларға өлеңнің мәтініндегі қайсарлық пен нәзіктік арасындағы қақтығысты талдап, оны қазіргі қоғамдағы әйелдер мәселесімен байланыстырып көріңіздер деп тапсырма беремін. Оқушылар әрқайсысы ақынның сөздері мен өздерінің өмірлік тәжірибелерін байланыстырып, көпқырлы талқылау жүргізеді.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын оқыту оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың өздерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Ақынның өлеңдерінде нәзік сезімдер мен қоғамға деген қайсарлық көзқарас олардың тек әдеби білімін ғана емес, өмірге деген көзқарасын да өзгертеді. Әрбір оқушы өз өмірінде нәзіктік пен қайсарлықты қалай үйлестіру қажеттігін түсінеді.

Менің тәжірибемде, Фариза Оңғарсынованың поэзиясын оқыту арқылы оқушылар тек ақынның шығармашылығын ғанаемес, әйелдер бейнесін, оның қоғамдағы күресін және өзінің ішкі дүниесін қалай тану қажеттігін үйренеді. Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі нәзіктік пен қайсарлық бейнесі тек әйелдің ғана емес, әр адамның өмірдегі күш-жігері мен рухани байлығын көрсететін маңызды идеал. Бұл тақырыпты оқыту, әсіресе қазіргі жастарға әдебиет арқылы тұлғалық даму мен қоғамдағы өз орнын табу үшін қажет болатын құндылықтарды түсінуге ықпал етеді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесі — қазақ әдебиетінде ерекше орыналады. Ақынның поэзиясы әйелдер мен қоғамның шынайы бейнесін көрсетіп қана қоймай, ішкі дүниенің тереңдігін, рухани байлығын да ашып береді. Нәзіктік пен қайсарлықтың бір арнада тоғысуы — бұл ақынның шығармашылығындағы басты ерекшелік. Фариза Оңғарсынова әйелдің ішкі күресін, оның қоғаммен, өмірмен күресін шынайы және әсерлі түрде көрсетіп, оның поэзиясында әр адамға ой салатын терең философиялық мағына қалдырады. Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық бейнесі қазақ әдебиетінің құнды жәдігерлерінің бірі болып табылады. Оның өлеңдерінде нәзік сезімдер мен қоғам алдындағы әйелдердің күресі шебер үйлесімділік тапқан. Бұл екі қасиеттің бірігуі ақынның шығармашылығын ерекше етеді және қазіргі ұрпақ үшін терең ой салады.Ұстаз ретінде мен, Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқыту барысында, оқушыларға оның поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлықтың бір-біріне қалай үйлесетінін, олардың тұлғалық дамуға қалай әсер ететінін көрсетемін. Оқушылар тек ақынның өлеңдерінен терең философиялық

мәнді ғанаемес, өмірдің күрделі мәселелеріне деген жеке көзқарасын да қалыптастырады. Фариза Оңғарсынова шығармалары арқылы оқушылар өз сезімдерін, ішкі әлемдерін тануға, қоғамдағы әйелдер рөлі мен әділетсіздіктерге қарсытұру мәселелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.
Оның поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлық, әсіресе қазіргі жастар үшін құнды әрі маңызды болып табылады, өйткені олар осы қасиеттер арқылы өздерін тану мен өмірде дұрыс шешімдер қабылдауға үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оңғарсынова Ф. «Өлеңдер мен поэмалар». – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Оңғарсынова Ф. «Менің жүрегім» / Өлеңдержинағы. – Алматы: Қайнар, 2000.
3. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Мектеп, 2006.
4. Сүйіншәлиева Г. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
5. Абдуллина А. «Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: адамдық пен азаматтық» // Қазақәдебиеті, 2012.
6. Әбдіразақова Г. «Қазақ поэзиясындағы әйелдер бейнесі». – Алматы: ҚазМУбаспасы, 2007.
7. Оңғарсынова, Ф. «Өлеңдер мен поэмалар». – Алматы: Жазушы, 1985.
8. Қирабаев, С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Мектеп, 2006.
9. Сүйіншәлиева, Г. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
10. Абдуллина, А. «Фариза Оңғарсынова шығармашылығы: адамдық пен азаматтық» // Қазақәдебиеті, 2012.
11. Әбдіразақова, Г. «Қазақ поэзиясындағы әйелдер бейнесі». – Алматы: ҚазМУбаспасы, 2007.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ ЖАһАНДЫҚ ҮН

Тогтох Серикгуль
«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Култаева Айгерім Жарқынбековна
директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған көрнекті тұлға, қазақ поэзиясының жауһары. Оның «құндылықтармен өрілген өлеңдері» – ұлттық рухты нығайтудың, халықтың тарихи мұрасын жаңғыртудың және ұлттық құндылықтарды насихаттаудың жарқын үлгісі. Ақын поэзиясында ұлттық болмыс пен жаһандық ойдың үйлесімі, қазақ халқының дәстүрі мен

адамзаттық құндылықтардың үндесуі ерекше көрініс тапқан. Ақын лирикасының жаһандық мәні де ерекше – ол адамзаттық құндылықтарды жырлау арқылы қазақ әдебиетін әлемдік кеңістікке таныта алды.

Бұл баяндамада біз Фариза Оңғарсынова поэзиясының ұлттық мүддеге қызмет ету ерекшеліктері мен оның жаһандық бағыттағы зерттеу аспектілерін қарастыруға тырыстық.

Фариза Оңғарсынова –ұлттық болмысты терең сезінген ақын және бұл мәселелерді өз шығармашылығының өзегі еткен. Оның өлеңдерінде қазақ халқының тарихи тағдыры, мәдени мұрасы және ұлттық санасы айрықша орын алады. Ақын поэзиясы ұлттық мүддені қорғаудың рухани құралы бола алды. Ақынның "Қыз ғұмыр", "Туған жер" өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілігі, ұлттық рухтың мәңгілігі мен халық мұраты жырланады. Ол туған жердің әрбір бөлшегін – тауларын, даласын, құстарын өзіне ерекше жақын, қасиетті деп есептейді.

Мысалы,

Мен үшін өмірдегі ең ізгі бақ –
сол жерден басталған-ды сезім-бұлақ.
Жайылып қазағымның даласына,
кеудемнен барады енді теңіз құлап – деген жолдары философиялық мәнге ие, ақынның ішкі сезім әлемі мен ұлттық болмысқа деген махаббаты қатар өрілген. Бұлақтан бастау алған сезім бірте-бірте күшейіп, теңіздей кеңейген. "Кеудемнен барады енді теңіз құлап" деген жолдар ақынның ішкі әлеміндегі рухани серпілісті, ұлылықты көрсетеді.

Теңіз – қуаттың, құдіреттің символы. Ақынның жеке сезімі енді тек өзі үшін ғана емес, бүкіл ұлт үшін қызмет ететіндей ұлы сипатқа ие болғанын айғақтайды.

Бұл шумақ Фариза Оңғарсынованың туған жерге, ұлтқа, қазақ даласына деген шексіз махаббаты мен рухани серпілісін сипаттайды. Ақын өмірдегі бақ пен рухани байлықты жеке бастың қызығынан емес, ұлттық болмыс пен халықтың тағдырынан іздейді. Оның шабыт көзі – қазақ даласының кеңдігі, оның рухани мұрасы.

Ақынның сезімі – тек бір бұлақтай ғана емес, ұлттық кеңістікте теңіздей тасқындап, тереңдік пен ұлылыққа ұласқан. Бұл – ұлт пен адамның біртұтас болуының, рухани үндестігінің айқын көрінісі.

Ендеше, бұл шумақта Фариза Оңғарсынова ұлттың кеңдігін, поэзияның ұлттық санадағы рөлін және жеке тұлғаның өз халқымен рухани бірігуін ерекше тебіреніспен бейнелеген.

Фариза ақынның «Туған жер» өлеңі бойынша оқушыларға Блум таксономиясы негізінде төмендегі секілді тапсырмаларды орындатуға болады. Яғни, бұл тапсырмаларды құрастыру барысында оқушының өздігінен білім алуына, оқыған әдеби шығарманы түсінуіне, оның идеясын өз көзқарасын, пікір-дәлелдерін білдіруде қолдана алуына, ұқсас шығармаларды салыстыра отырып талдай алу дағдысын жетілдіруге, түйін шығарып, бағамдай алуға жетелеуге акцент қойылуы керек. Мысалы:

Оқылатын шығарма:

Ф.Оңғарсынова «Туған жер»

Оқу мақсаты:

8. 1. 4. 1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

8. 3. 1. 1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Бағалау критерийлері:

көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады;

шығарманың тақырыбы мен идеясын басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырмалар.

1. Білу

Өлеңде кездесетін туған жердің образын сипаттайтын сөздерді теріп жазыңыз.

2. Түсіну

Өлең авторы туған жерге қандай ерекше көзқарас білдірген? Бір-екі сөйлеммен түсіндіріңіз.

«Мендегі сезімді де көре алмайды, көр кеуде кейбір пасық дұшпан деген» жолдарын қалай түсінесіз?

3. Қолдану

Өлеңнен туған жерге деген махаббатты білдіретін үзінділерді алып, шағын хат жазыңыз.

Өлеңдегі туған жердің образын сипаттай отырып, өз ауылыңыз немесе қалаңыз туралы жазба жұмысын орындаңыз. (өлең, эссе т.б)

4. Талдау

Ақынның «Туған жер өлеңін» М.Мақатаевтың «Туған жерге» өлеңімен салыстыра отырып талдаңыз. Өлең құрылысы, көтерілген мәселе, поэтикалық тіліне назар аударыңыз.

5. Жинақтау

«Туған жерім – жұмағым» тақырыбында виртуальды музей маршрутын құрастырыңыз және туған жердің экологиялық мәселелерін анықтап, оны шешудің креативті жолдарын ұсыныңыз.

6. Бағалау

Өлең авторының туған жерге деген махаббатын жеткізу шеберлігіне баға беріңіз. Бұл сезім сізге әсер етті ме? Неліктен?

«Туған жерге деген сүйіспеншілік әр адам үшін ерекше» деген оймен келісесіз бе? Өлеңге сүйене отырып, пікіріңізді дәлелдеңіз.

Мұндай тапсырмаларды жүйелі орындату:

-Оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін; **(**мәселелерді зерттеу, талдау және шешімдер қабылдау дағдыларын)

-Креативтілігін; (шешімдер мен ұсыныстардың креативті, оқшау болуы) - Коммуникациясын (тапсырмаларды орындау барысында өз ойларын сауатты, жүйелі жеткізе білу қабілетін) дамытады.

Ал бұл дағдылар өскелең ұрпақ бойында қалыптастыратын XXI ғасыр дағдылары екендігі мәлім.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығын жаһандық бағытта зерттеу мәселелерін тілге тиек етер болсақ, ақынның жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды, атап айтсақ, адамгершілік, ізгілік, шынай сезімдерді дәріптегеніне куә боламыз. Оның махаббат, табиғат, өмір туралы өлеңдері жаһандық тақырыптарды қозғайды. Бұл оның шығармашылығын жаһандық деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, махаббат лирикасындағы бізге жете таныс бойжеткен мен бозбаланың бітім-кейпі сүйіспеншілік сезімнің биігіне көтеріле келе, лирикалық қаһарманға айналады. Ақынның "Сенің махаббатың", "Мен саған ғашық емес ем" сынды жыр жинақтарындағы өлеңдерін талдау барысында сарғая сарылу, қынжыла күйіну, таусыла қайғыру, өліп-өшіп сүю немесе шарт сынар кесек мінез, тауы шағылардай өкпе-наз, еш күтпеген ерке қылық, балаша қуану, романтикалық арман-қиял тағысын тағы жан-дүниеге қатысты өлшем-бірліктердің махаббат лирикасының нағыз болмысы саналатындығына көз жеткіздік. Фариза өлеңдеріңцегі аталған дәстүр, үлгілі үрдіс тек бір-ақ қана тақырыпты ғана қамтымай, суреткердің сан салалы туындыларында тұтасып кетеді.

Лирикаға тән қасиеттің бірі – адам сезіміне әсер берер отты, жалынды эмоциялық сезімталдық десек, Фариза лирикасының басты ерекшелігі – нәзік сезімге, ойлы толғанысқа құрылуымен ерекшеленеді. Таңдаған тақырыбының түп-төркінін терең зерттеп, баянды барлап барып, сезім сырын шерту – ақын шеберлігінің бір қыры.

Фариза шығармашылығы қазақ поэзиясының шеңберінен шығып, әлемдік әдебиетке қадам жасаған. Оның шығармалары бірнеше шет тілдеріне аударылған, бұл қазақ мәдениетінің жаһандық деңгейде мойындалуына ықпал етті. Фариза поэзиясындағы махаббат, адамгершілік, табиғатқа құрмет – барлық халықтарға ортақ идеялар. Ақын аталған тақырыпты жалаулатып, желбіретіп ұран сала көтеруден аулақ, керісінше, өмір шындығына байыпты көзқараспен, нақты мысал, көрнекті идея-мұраттармен қаруланған туындылар беруге ұмтылады. Ақын замана жайынан ой ұқтырып, қоғамның әлеуметтік халін шыншылдықпен сынай жырлаған. Қаламгер ұстанымында сыншылдық сарын өлеңімен бірге өріліп отырады. Мәселен, "Поэзия" (Махамбет аудармашысымен әңгіме циклі), "Семсер мен қалқан", "Қыз - тағдыр", "Заман перзентінің үні", "Өнер мен саясат", "Тақ пен тіл", "Жерге наз" шығармаларында ақынның азаматтық ажары айқын танылады. Бұл өлеңдердің өрімінде заманауи, өміршең мәселелер батыл көтеріліп, автордың өзіндік ой-түйіні, өнердегі дербес даралық қасиеті салмақты пайымға айналып, оқырман жүрегіне жол тапқан.

Сондай-ақ, Фариза поэзиясын басқа халық ақындарының шығармаларымен салыстыра зерттеу оның жаһандық деңгейдегі орнын

айқындауға мүмкіндік берер еді. Мысалы, оның поэзиясындағы табиғат пен махаббат тақырыбын Уильям Блейк немесе Анна Ахматова шығармаларымен салыстыру қызықты болар еді.

Фариза Оңғарсынова – ұлттық рухты дәріптеп, жаһандық мәселелерді қозғаған қазақ әдебиетінің ерекше тұлғасы. Оның шығармашылығы ұлттық мүдде мен жаһандық құндылықтарды үйлестіре отырып, қазақ әдебиетін жаңа биікке көтерді. Сондықтан Фариза поэзиясын зерттеу тек әдебиеттану үшін емес, мәдениеттану, философия және әлеуметтану салалары үшін де маңызды. Ақынның мұрасын тереңірек зерттеу – ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың және ұлттық рухты нығайтудың бірден-бір жолы.

Фариза Оңғарсынова лирикасын ұлттық мүдде тұрғысынан талдай отырып, оның бірнеше маңызды аспектілерін бөліп көрсетуге болады:

Адалдық және ұлттық сана. Өлеңдерінің негізгі өзегі – адалдық пен әділдікті сақтау. Ақын ешқашан өтірікке, жалғандыққа жақындамағанын, ар-намысты таптауға жол бермегенін ашық жырлайды. Бұл қасиет ұлттық мүдде тұрғысынан маңызды, себебі ұлттық сана мен ұлттың рухани күші адалдық пен әділетке негізделеді. Фариза адалдықты тек жеке қасиет қана емес, ұлттық болмыстың тірегі ретінде қарастырады.

Ұлттық рух пен күрескерлік мінез. Ақын қоғамдағы жалғандықпен күресуді өз миссиясы ретінде қабылдайды. Ол басқалар сияқты атақ-абырой үшін жағымпазданбай, керісінше ұлттық құндылықтарды жоғары қойған. Мұндай батылдық ұлттық мүдде үшін маңызды, өйткені ұлттың дамуы шыншыл әрі әділетті тұлғалардың іс-әрекетіне тәуелді.

Жастарға үндеу. Ақын өзінің соқпағын жастарға үлгі ретінде ұсынбайды, керісінше, ұлттық мүдде жолында шынайы құндылықтарды ұстануға шақырады. Оның ұрпаққа жасаған бұл үндеуі – ұлттың болашағына бағытталған маңызды қадам.

Қорытындылай келе, оның шығармашылығы ұлттық рухты асқақтатты, жаһандық деңгейдегі маңызды мәселелерді көтерді. Оған дәлел, ақынның жеке тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін ғана емес, сонымен бірге ұлттық болмыстың басты ұстанымдарын көрсете алуы. Адалдық, әділдік, тәуелсіздік, жалғандыққа қарсы тұру – мұның бәрі ұлттық мүдде тұрғысынан негізгі құндылықтар. Фаризаның отты өлеңдері бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпайды, себебі ұлттық сананы сақтау мен дамыту үшін осындай рухани бағыттар қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996
3. Нұрғалиев Р. Мінезді жырлар. Алматы: Жазушы, 1987
4. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1- том. Алматы: Жазушы, 1987
5. Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. Алматы: Жалын, 1996

6. Оңғарсынова Ф. Шілде. Алматы: Жазушы, 1978.
7. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз: Мақала, эссе, повестер. Алматы: Жазушы, 1990.
8. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Төремұрат Гүлсім
Ғали Орманов атындағы
№7 мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-модератор

Қазақ поэзиясының марғасқаларының бірі, халқымыздың рухани құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ақын Фариза Оңғарсынова қазақ әдебиетіне ерекше із қалдырды. Оның шығармашылығы тек қана көркем әдебиет емес, сонымен қатар ұлттық тәрбиенің негіздерін түсіндірудің, оны жастарға насихаттаудың күшті құралы болып табылады. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде ұлттық тәрбие, адамгершілік, ұлттың болмысы мен рухани мұрасы айқын көрініс табады.

Әйел тәрбиесі мен қазақ қызының рөлі

Фариза Оңғарсынова қазақ қызының бейнесін қалыптастыруда ерекше рөл атқарған ақындардың бірі. Оның шығармаларында қазақ қызының қайсарлығы, ақылдылығы, ар-ожданы, ұлттық салт-дәстүрлерге адалдығы басты орын алады. Ақын қазақ қызын тек қана сұлулық пен нәзіктіктің символы ретінде емес, сондай-ақ қоғамда өз орнын табатын, ой-өрісі кең, өмірдің барлық қиындықтарына төзімді тұлға ретінде бейнелейді.

Оңғарсынова өлеңдерінде әйел адам, әсіресе қазақ қызы, ұлттық тәрбие мен мәдениеттің жаршысы, ұрпақ тәрбиелеуші тұлға ретінде суреттеледі. Оның өлеңдері арқылы қыз балаларды өз тарихын, мәдениетін құрметтеуге, ата-баба жолын жалғастыруға тәрбиелеуге болады. Бұл шығармалардағы терең философиялық ойлар, өмірдің мәні мен ұлттық сананы сақтау туралы толғаныстар қазақ халқының рухани байлығын көрсетуге бағытталған. Солардың бірі «Әйелдерге ода» өлеңі:

Абыройы Күнмен жарысқан,
көкірегінен әсем ән ұшқан
мейірін төккен адамға
бақытты байтақ даламда
тағдырлар талай табысқан,
талғамы заңғар заманда
атағы кеткен ғаламға

елімнің ару - қыздары!
Шаңырағы шалқақ, кең ірге,
жайқалып бидай белінде,
шалғыны сүйген балтырдан,
қырманы толған алтын дән,
күмбірлеп күйі көгінде,
сандуғаш көмей ән тұнған
бақыттылардың мекені -
жерімдей
жайсаң қыз жаны!
Таулары заңғар, дала - кең,
дертіне саумал самалы ем,
шыңы - қар, көктем - етегі,
қуаныш құшқан ана мен
бақытты бөбек мекені,
мекенін сезім, санамен
ұланы мақтан етеді.
Ер көңіл, жайсаң жандары,
бұл күнде - шалғын шандағы,
мәңгілік далам, жас далам
жұлдызға жонын жалғады,
қауызын жарып тасқа дән,
самалдай еркін самғады
малынып нұрға таңдағы,
әлемді түгел шарлады
қыздары салған асқақ ән!
Нұр төгіп Отан төбемнен,
мейіріміне бөленгем!
Сенімге толы көңілдер
көктемгі көктей көгерген.
Жасаңдар, құшып сенім-күн,
құлпырған гүлдей құздағы,
жұлдызы жанған жерімнің
жұлдыздай жарқын қыздары!

Оңғарсынова шығармашылығында өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие мен мәдениетті дәріптейді. Оның шығармашылығы арқылы балаларымыз өз тарихын, мәдениетін құрметтеуге, ата-баба жолын жалғастыруға тәрбиеленеді. Бұл шығармалардағы терең философиялық ойлар, өмірдің мәні мен ұлттық сананы сақтау туралы толғаныстар қазақ халқының рухани байлығын көрсетуге бағытталған.

«Қазақтың қара өлеңі» деп аталатын өлеңінде ақын ұлттық поэзияның қасиетін аша отырып, оның әрбір ұрпаққа, әрбір адамға тәрбие беру, рухани дамуды жүзеге асыру құралы екендігін атап өтеді. Оңғарсынова өзінің

шығармашылығында ұлттық сана мен адамгершілік құндылықтарды қатар көтеріп, жастарға тәрбие берудің маңызды жолдарын көрсетеді.
Фариза Оңғарсынованың шығармалары ұлттық тәрбиенің өзегі ретінде жастарды біртұтас, мықты тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған.

Құрметті әріптестер, бүгінгі баяндамада мен сынып жетекшілік қызметімде Фариза Оңғарсынова шығармаларын тәрбие құралы ретінде қалай қолданғанымды баяндағым келеді. Ақынның шығармашылығы тек әдебиет саласында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың рухани және адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда да үлкен маңызға ие. Фариза Оңғарсынова өлеңдері жастарға ұлтжандылық, адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық, өз елінің тарихына, мәдениетіне құрметпен қарау сияқты құндылықтарды сіңіруге бағытталған.
Фариза Оңғарсынова шығармаларында ұлттық болмыс, қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихи құндылықтары кеңінен дәріптеледі. Оның өлеңдері жастарға өз халқын, ұлтын құрметтеуге, ұлттық тарих пен мәдениетті сақтап, дамытуға тәрбиелейді. Осы тұрғыда ақынның шығармалары сынып жетекшісінің жұмысына үлкен көмек бола алады.

Мен өз сыныбымда Фариза Оңғарсынованың *«Сүйінші», «Бата - тілек», «Қонақ келгенде....»* сияқты шығармаларын пайдалана отырып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында түрлі сынып сағаттарын өткіздім. Бұл шығармалар арқылы мен оқушыларға қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен мінез-құлық үлгілерін, қазақ халқынын тарихына, мәдениетіне деген құрметті түсіндірдім. Ақынның шығармаларындағы адамның адамгершілік бейнесі, олардың ұлттық рухы мен жан дүниесі туралы әңгімелеп, оқушыларға өздеріне деген сенімділік, ар-ұждан, жоғары адами қасиеттерді дарытуға тырыстым. Бұл шығармаларды оқушыларға түсіндіріп талдатып, өз пікірлерін айтуға, ойларын жүйелі жеткізуге мүмкіндік берілді. Сонымен қатар, ақынның өлеңдерін оқып, жаттап, шығармашылық жұмыстар жазу арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Ақынның шығармалары арқылы қазақ халқынын керемет салт-дәстүрлерімен таныстырып, кейін наурыз мейрамында көріністер көрсетілді.

Қорытындылай келетін болсақ, Фариза Оңғарсынова шығармаларын сынып жетекшілік қызметінде тәрбие құралы ретінде қолдану, оқушылардың ұлттық сана-сезімін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен септігін тигізеді. Фариза Оңғарсынова шығармалары ұрпаққа ұлттық болмысымызды сақтауға, ұлттық сана-сезімді көтеруге, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Фариза Оңғарсынова тек ақын ғана емес, ұлттық тәрбиенің жаршысы, жанашыры, ұлттың рухани мұрасының сақталуына зор үлес қосқан тұлға болып табылады. Ақынның өлеңдері арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әрбір оқушының бойында терең адамгершілік, жауапкершілік, адалдық сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге болады. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының тәрбиелік маңызы зор, сондықтан оны сынып сағаттарында, тәрбие жұмыстарының барлығында пайдалану үлкен нәтиже береді деп ойлаймын.

Фариза Оңғарсынова ақынымыздың бізге мұра қылып қалдырған шығармалары арқылы, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейік, ұмытпайық, балаларымыз ұмытпауы үшін жағдайлар жасайық дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алғашқы сабақ. «Арман – ПВ» баспасы, 2005.
2. Аударма. «Арман – ПВ» баспасы, 2005.
3. Дауа. «Атамұра» 2002.
4. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1982.
5.Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері: Оңғарсынова Фариза http://writers.kz/odak_musheleri/?CURENT=%D0%9E&ID=1087 Мұрағатт алған 2 сәуірдің 2013 жылы.
6. Қазақ Фаризасынан айрылды http://baq.kz/kk/news/42590
7. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. 2 томдық – Алматы: «Мұнайшы» Қоғамдық қоры, 2005. ISBN 9965-9765-1-1
8. Сөз сыры. «Арман – ПВ» баспасы, 2005.
9. https://youtu.be/3wXI66CmFgk
10. https://www.zharar.com/kz/olen/9434-fariza_akbobek_ongarsynova.html
11. https://bilim-all.kz/olen/2484-Tugan-zherdin-topyragy
12. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/16520/
13. https://sputniknews.kz/spravka/20181219/8531003/fariza-ongarsynova-tyraly-ne-bilemiz.html
14. https://kitap.kz/book/guma_olen_jih_fariza_11 (қолжетпейтін сілтеме)

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫ: НӘЗІКТІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ

Туктибаева Улжан Актлеуовна
Саттар Ерубаев атындағы № 24 IT мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
педагогика ғылымдарының магистрі

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының жаyһары, нәзіктік пен қайсарлықтың ерекше үлгісін көрсеткен ақын. Оның шығармашылығы қазақ әйелінің болмысын терең суреттейді: нәзік сезімдер мен қайсар мінез үйлесімі арқылы оқырманға өмірдің шынайы бейнесін ұсынады. Фариза шығармалары – тек әдеби мұра емес, рухани тағылым мен тәрбиелік мәні зор қазына. Осы баяндаманың мақсаты – Оңғарсынова поэзиясындағы нәзіктік пен қайсарлықты талдау, оның тақырыптық ерекшеліктерін ашу және білім беру саласында қолдану тәжірибесін көрсету.

Фариза Оңғарсынованың шығармалары нәзік сезімдер мен қайсарлықтың тамаша синтезін көрсетеді. Ақын әйел адамның ішкі жан дүниесін, қоғамдағы орнын шынайы суреттейді. Оның поэзиясында нәзіктік тек әлсіздік емес,

керісінше, рухани күш ретінде бейнеленеді. Мысалы, “Әйел” атты өлеңінде ана мейірімі мен батырлық қасиеттері көрініс табады:
Бірақ соның бәрінен
Биік тұрған бір күш бар,
Дидарына Жер де құштар, Күн құштар:
Ол – нәзіктік,
Мәңгі шуақ, нұры – құт,
Сарқылмайтын жылылық,
Ол – тірліктің қуаты –
ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ! - бұл өлеңде әйел болмысының екі жақты сипаты – нәзіктік пен күштілік үйлесім тапқан. Сондай-ақ, ақын шығармаларында қоғамның нәзік жандарға қатысты қатыгездігі де сыналады, ал әйел бейнесі жиі қайсарлықтың символына айналады.

Фариза ақын әйел адамның өмірдегі алатын орнын ерекше мадақтайды. Оның өлеңдерінде ананың мейірімі мен қайсарлығы, отбасы бақытының құндылығы бейнеленеді. Ақын әйелді тек үй шаруасымен айналысатын немесе тұрмыстық қиындықтарға көнетін жан ретінде қарастырмайды. Керісінше, әйелдің рухани күші, білімге, өнерге, өмірге деген құштарлығы ашылады.

Фариза Оңғарсынова шығармаларында нәзік жандардың қоғамдағы орны мен олардың күрескерлік болмысы бейнеленеді.

Қазіргі білім беру саласында Фариза шығармашылығын оқытудың бірнеше тиімді әдістері бар. Оның шығармаларын оқыту тек әдебиет сабағының тақырыбы ғана емес, өмірге, қоғамға, отбасына деген көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұғалімдер Фариза өлеңдерін оқушыларға ұсына отырып, олардың ішіндегі кейіпкерлердің сезімдерін, өмірлік таңдауларын, шешімдерін талдауға шақырады. Мысалы, “Махаббат” атты өлеңінде :

Ашылып қалмай сыр бірден,
Өзге боп бір күн бір күннен,
Қайғыртып, азап шектіріп,
Жылатып сосын күлдірген,
Солмайтын жасыл желекті,
Махаббат деген өмірде
Осындай болса керек-ті!-лирикалық кейіпкердің өмірге, сезімге деген көзқарасын талдау арқылы оқушылар сезімталдықты, эмпатияны дамытады.

Заманауи технологияларды пайдалану Фариза шығармаларын оқытудағы қызығушылықты арттырады. Мысалы, оқушылар:
-Ақын өлеңдерінің аудиожазбаларын тыңдай алады;
-Өлеңдерін анимациялық фильмдер ретінде қарастыра алады;
-Өлеңдер бойынша квест-сабақтарға қатыса алады.

“Поэзия әлемі” атты оқыту жобасында оқушылар Фаризаның шығармаларын оқып, өлең жазу байқауларына қатысып, өз шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Фариза Оңғарсынова поэзиясы негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін әдеби коучинг қолдануға болады. Мұнда оқушыларға ақын шығармашылығының идеялары мен мазмұнын негізге ала отырып, өз өмірлік мақсаттарын анықтауға мүмкіндік беріледі.
Оқушылар ақынның шығармаларын оқып, адамгершілік, патриотизм, отбасы құндылықтары сияқты қасиеттерді меңгереді;
Ақын өлеңдері негізінде оқушылар өз өлеңдерін жазады, сурет салады, көркем эсселер жазады;
Фариза шығармашылығының негізінде оқушылар қоғамның өзекті мәселелерін талқылауға үйренеді.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы – нәзіктік пен қайсарлықтың тамаша көрінісі. Оның шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін тәрбие мен рухани дамудың қайнар көзі. Білім беру жүйесінде ақын шығармаларын оқыту арқылы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулуға, олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға болады. Ақын шығармаларының терең мазмұны мен көркемдік қуаты оқушылардың дүниетанымын байытады, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырады.
Ұсыныстар:
Фариза шығармаларын оқу бағдарламасына тереңірек енгізу;
Цифрлық платформалар арқылы ақын поэзиясын кеңінен насихаттау;
Оңғарсынова шығармашылығын зерттеуге арналған ғылыми жобалар ұйымдастыру;
Ақынның әйел тағдыры мен рухани әлемін жастар арасында танымал ету мақсатында арнайы іс-шаралар ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Әбдіғазиев, Е. "Қазақ поэзиясының рухани болмысы". Астана: Қазақ университеті, 2010.
2.Базарбаева, З. "Фариза Оңғарсынова: өмірі мен шығармашылығы". Алматы: Рауан, 2005.
3.Жұмабай, С. "Әйел бейнесі қазақ поэзиясында". Шымкент: ҚазМҰУ баспасы, 2012.
4.Иманқұл, Қ. "Қайсарлық пен нәзіктік үйлесімі". Алматы: Ана тілі, 2018.
5.Қалиұлы, М. "Әдебиеттану және рухани құндылықтар". Астана: Фолиант, 2020.
6.Мұхтаров, Ә. "Фариза поэзиясының көркемдік ерекшеліктері". Алматы: Мектеп, 2015.
7.Нұрғалиев, Қ. "Қазақ лирикасы және Фариза мұрасы". Алматы: Руханият, 2008.
8.Омарова, Г. "Әйел ақындардың шығармашылығы". Қарағанды: Болашақ, 2013.
9.Сейітқұл, А. "Қазақ әдебиетінің жаңа толқыны". Алматы: Білім, 2016.
10.Шораева, Д. "Фариза Оңғарсынованың қоғамдық және әдеби қызметі".
11.Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи университеті, 2021.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНА ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАРЫТУ

Тулегенова Галия Жанабергеновна
«Ақжан Әл-Машани атындағы
№92 мектеп – лицейі»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-сарапшы

Кіріспе

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, өз шығармашылығында нәзік лиризм мен батыл қоғамдық үндеулерді үйлестіре білген ақын. Оның шығармалары халықтың жүрегіне жетіп, ұлттық рухты көтеруге ықпал етті. Ақын шығармашылығының ерекшелігі – әйел болмысының ерекше қырларын терең түсіне отырып, қоғамдағы батылдық пен әділдік идеяларын жырлауында.

Фаризадай ақын – қазақ әдебиетінің жарқын жұлдыздарының бірі, оның поэзиясы – нәзіктік пен қайсарлықтың қайталанбас үйлесімі. Шығармалары қазақ халқының жүрегінен орын тапты және бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясында өзіндік орны бар дара тұлға. Ол тек өлең жазып қана қоймады, шығармаларында нәзіктік пен қайсарлықтың ұштасқан үлгісін көрсете білді. Әдебиет әлемінде әйелдің өмірге, махаббатқа, табиғатқа, қоғамға көзқарасын ерекше стильде бейнелеген ақынның поэзиясы жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше мәнге ие. Бұл баяндамада оның шығармашылығын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану мүмкіндіктері талданады.

Ақын – өз шығармаларымен қазақ әдебиетіндегі ұлттық поэзияны жаңа белеске көтерген жан. Ол тек лирик ақын қана емес, әлеуметтік мәселелерді қозғаған өткір ойлы шығармаларымен де танылған шебер әдебиетші. Оның өлеңдері туған жерге деген махаббат, әділеттілік, махаббат пен мұң, адамгершілік сияқты мәңгілік тақырыптарды арқау етті.

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы Атырау облысында дүниеге келіп, өмір бойы қазақтың мәдениеті мен әдебиетіне адал қызмет етті. Оның поэзиясында қазақ халқының тарихы, дәстүрі мен тұрмысы шынайы бейнеленген. Ол халықтың мұң-мұқтажын, қуанышы мен қайғысын жүрегіне жақын қабылдап, соны ақындық шеберлікпен жеткізе білді. Бір сөзбен айтқанда, адами қасиеттердің еш қайсысынан аттап өте алмаған талантты жан сөздерімен ішкі мазмұнды ерекше бейнелеген.

Ақынның шығармашылығының басты ерекшелігі – шынайылық пен тереңдік. Ол әйел затының ішкі сезімдерін, қоғамдағы орнын ашық көрсетіп, қазақ әдебиетінде әйел ақындардың рөлін жаңа деңгейге көтерді. Оның «Мен саған ғашық емес ем», «Шілде», «Бақыт деген не өзі?» сияқты өлеңдері - оқырманның жүрегіне жол табатын туындылар.

Фариза Оңғарсынова - өз заманының шындығын ашық айта білген батыл ақын. Оның поэзиясы қазақ халқының рухани қазынасының бір бөлігіне айналды. Ақын тек поэзиямен шектелмей, драматургия мен публицистикада да өзіндік қолтаңба қалдырды. Оның шығармалары халыққа адал қызмет етудің үлгісі болып қала бермек.

Нәзіктік – лирикалық дүниетаным көрінісі

Қазақ поэзиясында ерекше орны бар ақынның шығармашылығы нәзіктік пен қайсарлықты ұштастырған терең дүниетанымымен ерекшеленеді. Ақын жырлары арқылы адамзаттық, ұлттық мәселелерді көтеріп, сол арқылы өзінің тұлғалық қасиеттерін де көрсетіп өткен.

Оңғарсынованың шығармалары нәзік лиризммен ерекшеленеді. Табиғат көріністері, махаббаттың шынайы сәттері және адамның ішкі толғаныстары оның өлеңдерінде керемет үйлесім тапқан. Әсіресе, табиғатты бейнелеуі жай ғана сурет емес, адамның жан дүниесінің сырын ашуға көмектеседі. Мысалы:

«Көкжиектен батып бара жатқан күн,
Сезімімдей жалғыздықтан сорлайды...»

Бұл жолдарда адамның нәзік сезімдерін табиғатпен үйлестіре суреттеп, образды бейне жасаған.

Ақынның лирикалық өлеңдерінде табиғатқа, махаббатқа және отбасылық құндылықтарға арналған нәзік бейнелер көрініс табады. Мысалы, «Қарлығашым, келдің бе?» өлеңі жастардың сүйіспеншілік сезімін оятатын шығармалардың бірі ретінде оқушыларды эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуде маңызды. Сабақ барысында оқушылар бұл өлеңдерден бейнелеу мен сезімді жеткізу шеберлігін үйренеді.

Фариза ақын өз өлеңдерінде адамның жан дүниесін терең бейнелеп, қоғамдағы өзгерістерге, өмірдің қиындығы мен сұлулығына жете тоқталған. Оның шығармалары жас буынға ұлттық рух пен жігер береді. Танымал туындыларының бірі – «Менің тағдырым» поэмасы, онда әйел тағдырының күрделі көріністері бейнеленген.

Поэзиясында нәзіктік, ең алдымен, адамзаттың ішкі әлемін бейнелейтін құрал ретінде танылады. Фариза Оңғарсынованың поэзиясы тілдің бояуы, образдылығы, метафоралар мен эпитеттердің молдығымен ерекшеленеді. Ол адамның сезімдерін табиғат құбылыстарымен астастырып, өмірдің қарапайым сәттерінен шабыт алады. Мысалы:

Табиғат лирикасы: ақын табиғат арқылы адамның сезімдерін жеткізеді.

Махаббат жырлары: әйел жүрегінің махаббат пен сағынышқа толы қырларын нәзіктікпен бейнелейді.

Нәзіктік – адамгершілік бастауы:

Ақынның өлеңдерінде әйел табиғатына тән нәзіктік сезіліп тұрады. Бұл қасиеттер оқушылардың жан дүниесіне әсер етіп, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Сабақта мысалы, оның махаббат тақырыбындағы өлеңдерін талдау арқылы сезімталдықты және басқаға жанашырлықты үйретуге болады.

Қайсарлық – қоғам мәселелерін жырлау

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы әлеуметтік мәселелерді қозғаумен де ерекшеленеді. Ол әділдік үшін күрескен әйел бейнесін қалыптастырып, поэзия арқылы қоғамды жақсартуға ұмтылды. Сонымен бірге, ақынның поэзиясында қайсарлық рухы айқын байқалады. Оның өлеңдері көбінесе әйел тағдыры, әділетсіздікке қарсы тұру, ұлттық сана мен рухты ояту тақырыптарына арналады. Ақын қоғамдағы әйелдің рөлін ашық талдап, әйелдердің құқықтары мен еркіндігі үшін күресті. Мәселен, мына үзіндіге назар аударсақ:

«Мен әйелмін, бірақ нәзіктігіммен
Шегінбеймін дауылмен бетпе-бет».

Осы жолдардан-ақ Оңғарсынованың күрескер рухы сезіледі. Ол - тек нәзік лирик қана емес, өз ұстанымдарын қорғай білетін қайраткер.

Фаризаның шығармаларында қайсарлықтың ерекше рөлі бар. Ол қоғамның күрделі мәселелеріне тоқталып, ұлттық болмыс пен әйелдер мәселелерін көтерген. Мәселен, «Әйелдер әлемі» атты жинағында қазақ әйелдерінің тағдыры мен қоғамдағы рөлі туралы терең ойлар айтылған. Сабақтарда бұл өлеңдерді талдау арқылы оқушылар ұлттық рух пен патриотизмді меңгере алады. Тек қайсарлыққа ғана бағыттап қоймай, қоғамдағы орнын айқындауға да жол көрсете алады.

Қайсар әйелдер образы: оның өлеңдерінде әділдікке, еркіндікке ұмтылған әйелдер бейнесі көрініс табады.

Қоғамдық-саяси мәселелер: ақынның жырлары халықтың мұңын мұңдап, қуанышын бөлісуге арналған.

Қайсарлық – тұлғалық қасиет. Фариза ақынның өлеңдерінде қайсарлық пен өмір қиыншылықтарына төтеп беру бейнеленеді. Бұл қасиет жастарға күш-қайратты, жігерді үйретудің құралы бола алады.

Фариза поэзиясының ұлттық рухты оятудағы рөлі

Фариза Оңғарсынованың туындылары қазақ халқының мәдени мұрасында ерекше орын алады. Оның шығармашылығы тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық сана-сезімді оятуда маңызды рөл атқарды. Өленделері тек әдебиет үшін емес, сонымен бірге ұрпақтарға өнеге, рухани тәрбие құралы ретінде де қызмет етуде.

Фариза поэзиясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар астасып жатыр. Оның өленделері қазақ халқының салт-дәстүрі, тілі мен мәдениеті жайлы терең сыр шертеді. Сонымен бірге, оның шығармашылығы адамзат баласына ортақ тақырыптарға – сүйіспеншілік, адалдық, ұлтжандылық, еркіндік секілді адами құндылықтарға негізделген.

Мектепте ақынның қиындықтарды жеңу тақырыбындағы өленделерін оқыту арқылы оқушыларға өз-өзін бағалау мен күш-жігерді қалыптастыруды көрсетуге болады.

Адами құндылықтарды дәріптеу:

Ақын шығармашылығы адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық секілді негізгі құндылықтарды көтереді. Мұндай тақырыптар сабақ барысында, тәрбие сағатында оқушылардың жан дүниесін рухани байытады. Мысалы, ақынның табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен патриотизмге толы жырларын пайдаланып, экологиялық сана мен отанға деген махаббатты арттыруға болады.

Сабақта қолдану жолдары

Әдебиет сабақтарында талдау:

Ақынның өлеңдерін мәтін бойынша талдап, тақырыптық, идеялық және көркемдік ерекшеліктерін зерттеу.

Шығармашылық жұмыстар: Оқушыларды өлең жазуға, поэзиясын сахнада оқуға немесе сурет арқылы бейнелеуге ынталандыру.

Тәрбиелік бағыт: Ақынның қайсарлық пен нәзіктікке толы өлеңдері арқылы оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға баулу, адами қасиеттерді толыққанды қалыптастыру.

Қорытынды

Фариза Оңғарсынова – нәзіктік пен қайсарлықты ғана емес, барлық құндылықты біртұтас бейнеде ұсынған бірегей тұлға. Оның шығармалары әйел болмысының күрделілігі мен сұлулығын аша отырып, қоғамдық күрестің мәнін тереңдете түседі. Ақынның шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясы жаңа деңгейге көтеріліп, әлемдік деңгейде мойындалды.

Тумысы бөлек жан – нәзік жүрек пен қайсар рухтың символы. Оның поэзиясы арқылы біз нәзіктіктің де, қайсарлықтың да адам болмысының ажырамас бөлшегі екенін түсінеміз. Ақынның мұрасы қазақ әдебиетінің асыл қазынасы болып қала береді.

Қазақтың Фаризасының поэзиясы – адамгершілікке тәрбиелеудің тамаша құралы. Оның нәзіктігі мен қайсарлығы сабақтарда әр түрлі әдістермен, әдеби талдаулармен және шығармашылық тапсырмалармен қолданылса, оқушыларға өнегелі болашаққа жол сілтейді. Ақынның сөзінше: "Өлеңім- менің өмірімнің айнасы". Демек, осы айна арқылы біз өмірді сүюді, оны құрметтеуді үйренеміз

Фариза Оңғарсынованың шығармалары қазақ әдебиеті сабақтарында жастардың рухани дамуы мен ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Оның поэзиясы жастарды эстетикалық және патриоттық тұрғыдан тәрбиелеуге ерекше үлес қосады. Әдебиет сабақтарында ақынның туындыларын қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Ақын – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Оның шығармашылығы оқырманды ойландырып қана қоймай, рухтандырады, өмірге деген махаббатын арттырады. Ақынның шығармалары болашақ ұрпаққа мәңгі мұра болып қалары анық.

Ұсыныстар:

1.Фариза Оңғарсынова шығармаларын мектеп бағдарламасына кеңінен енгізу.

2.Ақын поэзиясы бойынша әдістемелік құралдар жасау.

3.Ақынның шығармашылығына арналған әдеби кештер ұйымдастыру.

4.Фариза Оңғарсынова туралы әдеби зерттеулер мен ғылыми еңбектер жазуды жалғастыру.

5.Оның есімімен мектептер, көшелер және мәдени ошақтарды атау.

Бұл баяндама Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы мен қазақ поэзиясына қосқан өлшеусіз үлесін насихаттауға арналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Ф.**Оңғарсынова.** Шығармалары жинағы. Алматы: «Жазушы» баспасы, жылдары әртүрлі. *Бұл жинақта ақынның өлеңдері, шығармасы, өмірбаяны толық қамтылған.*

2. Қазақ поэзиясы антологиясы. Редактор: М. Мағауин. Алматы: «Атамұра», 2000. *Антологияда Фариза Оңғарсынованың өлеңдері мен поэтикалық үлгілері ұсынылған.*

3. Гүлшат Сейсенова. «*Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы әйел болмысы».* Алматы:Ұлттық кітапхана, 2015.*Зерттеу жұмысы ақынның шығармашылығын жан-жақты талдайды.*

4. Мұрат Омаров. «*Қазақ әдебиетінің дара тұлғалары: Фариза Оңғарсынова».* Астана: Фолиант, 2018. *Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректер.*

5. ҚР Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы,2005. *Оңғарсынова туралы энциклопедиялық анықтама.*

6. Ф.**Оңғарсынова.** Шығармаларының жинағы: поэзиялары, шығармашылық зерттеулері мен талдаулар. *Ескерту:* Бұл жинақ Оңғарсынованың поэзиясының негізгі тақырыптары мен идеяларын қарастыру үшін пайдалы.

7. Мәдениет және спорт министрлігі. "Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" аясында жарық көрген кітаптар мен мақалалар.

8. Ш.Айтматов "Боранды бекет" шығармасы (Шыңғыс Айтматовтың философиялық ойлары арқылы ұлт мәселелерін көтеретін тұстары Фаризаның поэзиясына салыстырмалы талдауға негіз бола алады).

Қосымша әдебиеттер:

9. Әуез Бисенғалиев. *Әйел жүрегі – ақын жаны.* Астана: Литература, 2010, *Ақынның нәзік лирикасына арналған сын мақалалар жинағы.*

10.Тіл-қазына ғылыми орталығы. «Қазақ поэзиясындағы жаңашылдық». Нұр-Сұлтан: Шайсұлтан Шаяхметов атындағы орталық, 2020.

11. Қазақ тілінің сөздіктері мен терминологиялық зерттеулер. Алматы: Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі, 2020 .

«ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ СӨЗІНЕ ЖАЗЫЛҒАН ӘНДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Турекулова Лида Туребековна
Ақтөбе қаласы, «Фариза Оңғарсынова атындағы
№41 мектеп-гимназиясының»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог - зерттеуші

Ол – адалдықтың үлгісі. Айнымас адалдықтың. Отыздан енді асқан жасында:

..Күлкімді, жайлы күнімді,

Азапты, қайғы-мұңымды
Өзіммен бөліскенің үшін,
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қиындау
тағдырым болып
О баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем! – деп ар алдында, жыр алдында берген сертіне ғұмырының соңғы сәтіне дейін беріктік танытты. Сол асыл қасиеті Атыраудың Манаш деген шағын ғана ауылынан қанат қаққан ақын қызды Поэзия падишасы деп халқы берген биікке көтерді.

Көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам және мемлекет қайраткері Фариза Оңғарсынова биыл 85 жасқа келер еді...

Кемеңгер Әбіш Кекілбаев: «Маған Құрманғазы өлең жазса, өзіне қай жағынан да жақын тұрған Махамбетше емес, бүгінгі Фаризаша жазатын сияқты, ал егер Фариза аяқ астынан композитор болып кетсе, тап Құрманғазыша сілтейтін тәрізді болып көрінеді де тұрады. Егер суретші болсам, бұл екеуінің көзінде тебіренген терең мұңнан ытқып шыққан мөлдір тамшы көз жасы мен ытырынған ызаның ойнақшыған шоқ ұшқынын қатар бейнелер едім. Бір-біріне қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын күйректік пен өткірліктің, нәзіктік пен жігердің, қасірет пен қайраттың мұндай үйлесімі рух болмысының ең тұңғиық драматизмін дәл ұстай алатын ұлы суреткерлерде кездессе керек», деп жазады.

Асылында, «Талантты адам барлық жағынан талантты» деген сөздің жаны бар. Фариза Оңғарсынова қара сөздің ғана шебері емес еді. Төгілтіп күй тартатын, әуелетіп ән шырқайтын өнерін көпшілік жақсы біле бермейді. Оның өлеңдеріне жазылған әдемі әндер талай сахнаның сәнін келтіріп жүр.

Абайдың «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», деген сөзі осындайда еске түседі. Фариза Оңғарсынованың ақындық, жазушылық, мемлекеттік қайраткерлігіне байланысты атақтарын айтпағанда, біз үшін ең қымбаты – ол Атырау топырағының перзенті. Фариза поэзиясы – өскелең ұрпақты жігерлілікке, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін қуатты поэзия.

«Жер бетінде жұмыр басты жан барда, олардың көкірегінде мынау жарық дүниенің сан-сапат қыр-сырын ойлап тыпыршитын жүрек барда Оңғарсынова шабытының жұлдызы барған сайын биіктеп, барған сайын маздай түсер. Суреткерге жарадар жанға шипа, сергелдең сезімге басу, мазасыз ойға көшбасшы бола білгеннен артық бақыттың керегі не?», деп жазған еді Әбіш Кекілбаев. Сол бақытқа лайық ақынның бірі де бірегейі Фариза екенін ел-жұртының шексіз құрметі де айқындап тұрғандай.

Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияның бас режиссері, әрі әншісі Ақмарал Мәшімова: мені халыққа танытқан «Айша бибі» әні деп ойлаймын, Фариза Оңғарсынованың сөзіне жазылған Болат Қохамановтың әні Фариза ақынмен «Айша бибі» әні шыққаннан кейін жақынырақ таныстым. Ақынмен танысуға себепші болған белгілі дәрігер Майя Тілесова деген апам еді. Бұл кездесу мен үшін және сазгер Болат Қохамановтың шығармашылығы үшін

ең маңызды кезең болды деп ойлаймын. Әрі қарай апаммен жиі кездесетін болдым. Ал, «Өмір-сен» әні – мен үшін орны бөлек шығарма. Мен бұл әуенді қатты ұнатып, Болаттан сұрап қоймадым, кейін Фариза апай Атырауға келгенде үйіне барып: «Апа, осы әуенге маған өлең жазыңызшы», – дедім. Апама өзімнің жан-дүниемді ақтарып әңгіме айттым. Бұл мен туралы, менің мінезіме сай келетін ән болып шығу керек екенін апам түсінді. «Ертең кел, дайын болады» деген Фариза апай төрт сағаттан кейін телефон соғып тұр. «Тез кел, сен кеткен соң, шыдай алмадым, өлең өзінен-өзі жазылды» – дейді. Сол ән «Өмір-сен» болып халыққа тарады. Мәтіні мынадай:

Балалық шақтың әнімен,
Балауса балғын сәнімен.
Ертегілердің елінен,
Еркелей басып келіп ем.
Өмірдің көркем бағынан,
Өзіңді көрсем жаным Ән!
Бөлеп ең мені Бақытқа,
Сол күндерімді сағынам.
А-хау, сол бір күндер-ай,
Сағындың ба өзің де?
Жалғыз сенсің-өмірде,
Жалғыз сенсің-көңілде.

Күні кеше апам өмірден өткенде оның өлеңдерінің мағыналары мен үшін одан сайын тереңдей түсті, апамның даусын естіп тұрғандай күйге бөленетінді шығардым…

Белгілі композитор, әнші Жақсыгүл Бегіманова: «2005 жылы Фариза «Егемен Қазақстан» газетінде Елбасы туралы көлемді мақала жазды. Ақынға өлең оңай дегендей өлеңмен түйіндепті. Маған өлеңінің жүйесі, мазмұны қатты ұнады. Сөйтіп «Астана» өлеңіне ән жаздым. 2007 жылы Фариза есімді немеремді ертіп Астанаға бардым. Ақынның шаңырағында қонақта болдық. Менің немеремді қасына отырғызып, мейірімін төгіп: «Фа-ри-за-жан» деп еркелетіп: «Фаризаға ауыр сөз айтпаңдар» деген еді, – дейді ақын. 2011 жылы Фариза Оңғарсынованың «Астана» өлеңіне жазылған Жақсыгүл Бегмановаңың әні Берлиндегі байқауда озық болды. Ф.Оңғарсынова сыйлас сырласына: «Ән жазғаның дұрыс, бірақ поэзиядан алшақтама. Поэзия қазақтың үні, сан ғасырлық тағлымы» деп кеңес беріпті. Осы ақылы Ж.Бегмановаға шабыт беріп келеді екен.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі мен Құрманғазы атындағы Ұлттық Консерваторияның доценті, құрметті профессоры Өтепберген Хамзаұлының айтуынша: Бірде мен Нұрағаңмен әңгімелесіп тұрғанда, ол кісінің қазақтың талантты ақыны Фариза Оңарсынованың сөзіне жазылған «Алтын анам – Ақ Жайық» әнін атыраулықтар ұнатып шырқап жүретінін, ал сол ән үлкен сахналардан неге айтылмай жүргенін сұрадым. Нұрағаң маған қарап: «Өтепберген, мен кейде әндерімді шығарамын да, біреулерге тастап кететінім бар, егер сен осы әнімді білсең, маған нотаға түсіріп әкеліп берші» деді. Мен

«Жарайды, өзім нотаға түсіріп, әкеліп беремін» дедім, бірақ сөйтіп жүргенде арада біршама жылдар өтіп кетіп, ол кісінің қолына табыстап үлгермедім. Бұл әннің шығу тарихын өзінен сұрағанымда ол оны 1987 жылы Гурьев қаласына (қазіргі Атырау) халық оркестрінің концертімен барғанда шығарған екен. Ондағы мақсаты Алматыда өтетін фестивальге алып бару болыпты. Бүгінде бұл әннің нотасын Өтеген Хамзаұлының ағасы Алдамберген Хамзиннің орындауы нұсқасы бойынша түсіріп, оқырман қауымға ұсынылды. Бұл ұлы композитордың еш жерде орындалмай жүрген әндерінің бірі. Мұны біз Нұрағиса Тілендиевтің ел арасынан табылған жаңа әні деп те айтуымызға болады.

Фариза жырларынан туған әндер мүлде өзгеше әлем екенін бұрын аңғара бермеппіз-ау. Сыры, сипаты басқалау. Назы мен сазы ерекшелеу. Ән өрнегі жыр болмысынан тамыр тартқаны тайға таңба басқандай байқалып-ақ тұр. Ән арқауын Фариза жыры айқындаған. Оның өлеңдеріне белгілі композиторлардан Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев көбірек ән жазған екен. Сондай-ақ Қайырлы Ислам, өнердегі сіңлілері Гүлнар Шамшиева мен Елена Әбдіхалықова, Болат Қохаманов пен Қалдыбек Құрманәлі, тағы басқа өнерпаздар да ақын жырларына тамаша әндер тудырған. Осынау әндерді әйгілі әншілеріміз Майра Мұхамедқызы, Роза Рымбаева, Гүлмира Ақүрпекова, Сүлеймен Ибрагимов, Жұбаныш Жексен, Гүлнұр Оразымбетова, Майра Ілиясова, Нұржамал Үсенбаева, шәкірттерімен Қарақат Әбілдиналар нақышына келтіре шырқап, орындап жүр. Ал енді Фаризаның ақындығына қоса әнші екенін қайдан біліппіз. Бір мезет Фариза Оңғарсынова мақпал қоңыр даусымен шырқай салған атақты «Подмосковные вечера» әні бейнетаспадан құйқылжи жөнелсін. Демімізді ішімізге тартып тыңдай қалыппыз. Бұның жөнін қазақтың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегенова айтты: «1994 жылы Фариза екеуміз 10 күн бойы Қытайда бірге сапарлап жүрдік. Жолда ән айтамыз. Қайсы әнді айтсам да Фариза қосыла кетеді. Және даусы қандай! Содан келіп енді «Бұлбұлды» айтайықшы деп салды. Айттық. Өзім таң қалдым. «Фаризажан-ау, сенің ішіңде бір әнші өліп жатыр ғой» дедім. Ол «Сендердің нандарыңды тартып алмайын деп өлең жазып кеттім ғой» деп қалжыңдады. Фариза қазақтың ұлы қызы. Қазақ бар болса, Фариза да өлмейді».

Фариза әнші ғана емес, дәулескер домбырашы да екен. Осындай өнерпаз Фаризаға арнаған Ермұрат Үсеновтің жаңа «Ақжелкен» күйін күйші Айгүл Үлкенбаева үлкен шабытпен жеткізіп жүр. Әнші Гүлмира Ақүрпекова ақынның рухтас, сырласы болған Шәмшә Беркімбаеваға арнап жазылған «Қыз-ғұмыр» әнін, Фариза ақынның бүкіл образын ашқан «Әйел монологы» әнін орындап жүр.

Фариза ақынның рухани сіңлісі Маруся Маралқызына арнаған «Марусяжан» атты ізгілікке толы әнді Жұбаныш Жексенұлы, Әсет Бейсеуовтің әніне жазылған «Бақыт туралы әнінің» Елена Әбдіхалықовамен қосылып орындап жүр. Қ. Құрманәлінің әніне жазылған «Жайықтың толқындары» әні қазіргі таңда қазақ сахнасының бетпердесіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұргүл Ысмағұл, Ақмарал Мәшімова: «Айша бибі» менің бағымды ашты», «Атырау» облыстық қоғамдық – саяси газет, 07.03.2014
2. Нұрлат Байгенже, Рухтас ақындардың достығы кісі қызығарлық, «Жаңақорған тынысы» аудандық қоғамдық – саяси газет, 25.12.2019
3. Өтепберген Хамзаұлы, «Айтылмай жүрген бір ән», «Ана тілі» ұлттық газеті, 16.04.2015
4. Қорғанбек Аманжол, «Егемен Қазақстан» газеті, 2014 жылғы 14 қараша, Алматы

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАСТАРҒА БЕРЕТІН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Умурзакова Лаззат Араповна
Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі, оның шығармашылығы қазақ әдебиетінде терең із қалдырған. Ақынның поэзиясы тек көркемдік мәнімен ғана емес, сонымен қатар, тәрбиелік құндылығымен де ерекшеленеді. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жастарға берілетін тәрбиелік мән айрықша орын алады. Оның шығармалары арқылы жас ұл-қыздарға рухани, моральдық және әлеуметтік құндылықтарды насихаттау, олардың тұлғалық дамуына ықпал ету мақсатында көптеген маңызды ойлар мен идеялар ұсынылады.

Ақынның өлеңдерінде жастардың өз-өзіне сенімді болуы, білім алу мен өзін-өзі дамыту қажеттілігі, қиындықтарға төтеп беру, ұлттық құндылықтарды сақтау, махаббат пен достықтың маңыздылығын түсіну сияқты тәрбиелік аспектілер көрініс табады. Оңғарсынованың шығармашылығы арқылы ұд-қыздарымызға өз арманын жүзеге асыру, өмірде дұрыс таңдау жасау, қоғамда белсенді болу қажеттілігі туралы ойлар жеткізіледі.

Бүгінгі таңда, жастардың тәрбиесіне ерекше назар аударылып жатқан кезеңде, Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің тәрбиелік мәні аса маңызды болып табылады. Ақынның шығармалары арқылы жас ұрпаққа ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді құрметтеу, өз тарихын, тілін, және мәдениетін білу қажеттілігі туралы білім беріледі. Фариза Оңғарсынова поэзиясы – бұл ұл-қыздарымыздың өз-өзін бағалауын, білімге ұмтылуын, және қоғамда белсенді рөл атқаруын ынталандыратын қуатты құрал.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау, ұлттық идентичностьты қалыптастыру мәселелері де өзекті. Оның поэзиясы арқылы жастарға өз тарихын, мәдениетін, тілін құрметтеу, ата-бабаларымыздың мұрасын жалғастыру қажеттілігі туралы білім беріледі. Осылайша, Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің қыз балаға беретін тәрбиелік мәні

қазіргі әлемде қыз балалардың дамуына, олардың өзіне деген сенімін арттыруға, және қоғамда белсенді рөл атқаруға ықпал етеді.

Фариза Оңғарсынованың шығармаларында сезім мен эмоцияның маңызы зор. Оның өлеңдері махаббат, достық, адалдық сияқты құндылықтарды түсінуге және бағалауға шақырады. Бұл аспект қыз балалардың эмоционалдық интеллектысын дамытуға, өз сезімдерін түсінуге және оларды басқаруға көмектеседі. Оңғарсынованың поэзиясында табиғаттың сұлулығы мен әйел сұлулығы арасында параллельдер жүргізіледі, бұл ұл-қыздарға сұлулықты сезінуді, оны құрметтеуді үйретеді.

Білім мен тәрбиенің маңызы да Оңғарсынованың шығармаларында айқын көрінеді. Оның өлеңдері білім алудың, өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеудің қажеттілігін насихаттайды. Фариза жастарға білімді болудың, өз армандарына жетудің жолдарын көрсету арқылы олардың өмірлік көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ол ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи көзқарастарды да насихаттайды, бұл ұл- қыздарымызға ұлттық құндылықтарды бағалауды, бірақ сонымен қатар заманауи өмірдің талаптарына сай болуды үйретеді.

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің жастарға беретін тәрбиелік мәні көпқырлы. Оның шығармалары арқылы жастарға рухани, моральдық, және әлеуметтік құндылықтарды түсінуге, оларды бағалауға және өмірде қолдануға мүмкіндік беріледі. Оңғарсынованың поэзиясы жастарға өмірдің мәнін, махаббаттың тереңдігін, ұлттық мәдениетті бағалауды үйретеді. Оның шығармашылығы қазақ қыздарының рухани және мәдени дамуына зор үлес қосады.

Фариза Оңғарсынова өлеңдері тек әдебиет емес, сонымен қатар өмірлік сабақтар мен құндылықтарды насихаттау, ұл-қыз балалардың тұлғалық дамуына, ұлттық құндылықтарды сақтауға, және өмірлік жолда өзін-өзі табуға бағытталған терең ойлар мен идеялармен толтырылған. Фариза Оңғарсынова - қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі, оның шығармаларының тәрбиелік мәні ерекше.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының асқар шыңы, оның шығармалары қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Ақынның поэзиясы тек қана әдеби құндылықтарымен емес, сонымен қатар, ұл-қыз балаларға арналған тәрбиелік мәнімен де ерекшеленеді. Оңғарсынова өлеңдерінде ұл-қыз баланың рухани, моральдық, және әлеуметтік тәрбиесіне қатысты терең ойлар мен құнды идеялар баяндалады. Оның шығармалары арқылы жастар, әсіресе қыздар, өмірдің мәні, ар-ождан, патриотизм, әйелдің қоғамдағы рөлі секілді маңызды құндылықтарды меңгереді.

Фариза Оңғарсынова жастарға беретін тәрбиелік мәні жөнінде айтар болсақ, оның шығармаларында қыз баланың қоғамдағы рөлі, оның ішкі әлемі, арман-мақсаттары, қиындықтарға төзімділігі мен күш-жігері басты тақырыптардың бірі болып табылады. Оңғарсынова қыз баланың нәзік, бірақ мықты тұлға екендігін, оның өмірдегі қиындықтарды жеңе алатын қабілеті бар екенін көрсетеді. Бұл, әсіресе, "Қыз бала" атты өлеңінде айқын көрінеді. Онда

автор қыз баланың өмірдегі орны мен маңызын ерекше атап өтеді, оған өзінің арман-мақсаттарына жету үшін күш-жігер көрсету қажеттігін жеткізеді.

Оның шығармаларында қызға берілетін тәрбиелік мәннің тағы бір аспектісі – өз-өзіне сену, өзін-өзі бағалау. Фариза Оңғарсынова қыз балаларды өздерінің ішкі күштерін тануға, өздерін қадірлеуге, өмірде өз орындарын табуға шақырады. "Сен – күштісің, сен – әдемісің!" деген ойлары арқылы автор қыз баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны өмірдің қиындықтарына қарсы тұруға ынталандырады. Бұл тәрбиелік мән, әсіресе, қазіргі қоғамда қыз балалардың өзін-өзі бағалауы мен психологиялық тұрақтылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің қыз балаға беретін тәрбиелік мәні – қазақ поэзиясының терең әрі мәнді аспектілерінің бірі. Ақынның шығармашылығы арқылы ұл-қыз балаларға рухани, моральдық, және әлеуметтік құндылықтарды жеткізу, олардың тұлғалық дамуына ықпал ету, қоғамда белсенді болуға шақыру сынды маңызды идеялар ашылады. Фариза Оңғарсынова поэзиясында қыз баланың өзін-өзі бағалауы, білім алу, ұлттық құндылықтарды сақтау, махаббат пен достықтың маңыздылығын түсіну сияқты тәрбиелік аспектілер ерекше орын алады.

Оның шығармалары жастардың өз арманын жүзеге асыру, қиындықтарға төтеп беру, және ұлттық дәстүрлерді құрметтеу қажеттілігін насихаттайды. Бұл, әсіресе, қазіргі қоғамда ұл-қыз балалардың тәрбиесіне ерекше назар аударылып жатқан кезеңде аса маңызды. Оңғарсынова өз өлеңдерінде жастардың қоғамдағы рөлін, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін көтере отырып, жастарды өздерін танытуға, белсенді болуға, және өз мақсаттарына жетуге ынталандырады.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығын зерттеу барысында оның поэзиясындағы заманауи жастарға берілетін тәрбиелік мәннің көпқырлы екенін аңғаруға болады. Ақынның өлеңдерінде заманауи жастарымыздың күш-қуаты, нәзіктігі, және қоғамдағы орны туралы терең ойлар бар. Оңғарсынова ұл-қыз балаларды батыл болуға, өз армандарына жетуге, және өмірдің қиындықтарына мойымай, алға жылжуға шақырады. Бұл тәрбиелік мән қазіргі заманда да өзекті, себебі ұл-қыз балалардың қоғамда белсенді рөл атқаруы, өз құқықтарын қорғауы, және табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгеруі маңызды.

Фариза Оңғарсынова өлеңдері арқылы ұл-қыз балаларға тек эстетикалық тәрбие беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың рухани, моральдық, және әлеуметтік дамуына да ықпал етеді. Оның шығармалары жастарға өмірдің мәнін, махаббаттың тереңдігін, ұлттық мәдениетті бағалауды үйретеді. Оңғарсынова шығармашылығы қазақтың ұл- қыздарының рухани және мәдени дамуына зор үлес қосады.

Осылайша, Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің қазіргі жастраға беретін тәрбиелік мәні – ұлттық құндылықтарды сақтау, қоғамдағы рөлін нығайту, және жастарды рухани жағынан байытуда маңызды рөл атқарады. Оның шығармалары арқылы ұл-қыз балаларға өз-өзін сыйлау, білімге ұмтылу, ұлттық құндылықтарды сақтау, сондай-ақ, қоғамдағы өз орнын табу қажеттілігі туралы ойлар жеткізіледі.

Фариза Оңғарсынова шығармаларының ұл- қыз бала тәрбиесіндегі мәні мен маңызын зерттеу, қазіргі уақытта ұл-қыз балалардың дамуына, олардың тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің жастарға беретін тәрбиелік мәні – бұл тек әдебиет мәселесі емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік аспектілерді қамтитын маңызды іс. Ақынның шығармаларының терең мәнін түсіну арқылы, біз қазіргі қоғамда ұл-қыз балалардың тәрбиесіне қатысты мәселелерді тиімді шешуге, ұлттық мәдениетті насихаттауға, және жастардың рухани дамуына үлес қосуға мүмкіндік аламыз.

Фариза Оңғарсынова поэзиясы – қазақ әдебиетінің алтын қорына жататын, ұл-қыз балалардың тәрбиесіне бағытталған, құнды әрі терең шығармашылық. Оның өлеңдері арқылы бүгінгі жастарға үлгі болатын, өмірлік сабақтар мен құндылықтарды насихаттайтын, рухани және мәдени байлықты қалыптастыратын құнды мұра болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1, Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Алматы, 1987 жыл
2. «Біздің Камшат» повесть, Алматы, 1976 ж
3. Өлеңдер жинағы, Алматы, 1983 ж
4. «Жасампаз шақ,жастық шақ» өлеңі
6. «Жүрек күнделігі».Таңдамалы,Алматы,1984 ж.

АҚЫН ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Умутбаева Дина Атретовна
«Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы»
география пәнінің мұғалімі
Бексолтанова Лязиза Женисхановна
математика пәні мұғалімі

Қазақ поэзиясына ұлттық рухты әр қырынан жырлай келген талантты буынның ішінде Фариза Оңғарсынованың үні бөлек. Оның алмастай өткір жырлары жанға шуақ құйып, наркескен ойлары жыр сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Алғашқы өлеңдерімен-ақ әдеби қауымды өзіне елеңдеткен ақын жыл өткен сайын биіктерге самғап, тұтас ұлттың ақынына айналды. Фариза поэзиясы бұған жарты ғасыр бойына «елу жылда ел жаңартқандай» қызмет етіп келеді. Әдебиетші-ғалым Сауытбек Абдрахманов дөп басып жазғандай, «Фариза – қазақ рухына әсер еткен ақын. Сексен алтының желтоқсанында Алматының қақ ортасындағы қарлы алаңға шыққан қарындастарымыздың арасында Фариза жырынан жанына жылу алғандар аз болмағаны анық». Ал оның өлеңдерінің тілі ерекше, өзіндік қыры-сыры бар. Тақырыпқа тиек болып отырған табиғат әлемі де, географиялық құбылыс оның атаулары да ерекше көрініс тапқан.

Мысал келтірер болсақ, «Айша бибі» өлеңінде:

Қанша рет қанша тұрды жырлы дала?
Жадына жазған жалғыз күн-ұлама!-деген жолдарда «күн» сөзін ішкі сезім көрінісімен алып отыр.
Фариза Оңғарсынова өзін-өзі ұдайы қамшылаудан, қайраудан танбайды. Оның лирикалық «мені» алдымен өз кемшілігіне өзі күрсініп, өз жанын өзі жегідей жейді. Мөлдірліктің бесігі – лағыл аспан, ұмтылсам да, қойды бір дарымастан. Былығыппын өзім де, қара жерді тазартам деп жүргенде шаң-ластан, - деген жыр кейіпкерінің әшкересі ашық, үкімі аяусыз. Бұл жолдарада «аспан» сөзін кеңінен қолданып отыр. «Мамыражай өмір жоқ өлеңімде» өлеңдері – дүниеқоңыздық пен даңққұмарлық, көрсоқырлық пен күншілдік, салғырттық пен селқостық, қызғаныш пен қайырымсыздық секілді ізгілікке жат індеттерді сын тезіне салған өлең шумақтары болғанымен географиялық аспан, мамыражай (ауа райы қатысты айтылады)
Фаризаның лирикалық кейіпкері «күлге айналар сәтімде ұшқындадым», «тірлігімде талай сөндім, қайтадан тағы атылдым...» десе, міне осы күмілжі күйді, қылует қалыпты бастан кешіп, бүтін болмысымен аяғы басқан сатыдан аясы басқа сапаға көшуі деп ұйғарамыз.
Жанымда сәуле, жоқ ұшқын,
Найзағайын аспан бермесе!
Енді бүгін құба жон, құла дүзде
Иесіз қалған үйдеймін шамы жанбай...

Бұл – адам өзін көкірек көзі бітелгендей, жаны жұтағандай, кенезесі кепкендей сезінетін шақтарының шері мен шемені. Оның сыртында қымызы сарқылған торсық, қанаты сынған сұңқар, аққусыз көл, моншақтай шашылып қалған арман жұлдыздар, т.с.с. образдар арқылы сипаттаулар мен суреттеулер де географиялық атаулар жолығысады.

Теңіз қайтса, тартылу емес шығар, Шығар арпалыстарға тағы да ертең! Сол сияқты: ...толықсимын, қайтадан жанданамын Тағы бір шырқау үшін! Міне, ақынның тілінің байлығы осында.

Фаризаның мына шумағына да бірнеше географияға қатысты терминдер кездеседі: Зарығудан түн болып барлық таңым, быт-шыт қылған денемнің қалдықтарын құрастырып, қайтадан адам бола бастағаным... Осыны бар ма ұққаның! Шын мәнінде, Фариза Оңғарсынованың «поэзия планетасы» - оны көзі де, көңілі де ұдайы сағына, сарғая іздеп тұратын халқының рухани галактикасындағы көмескі, күңгірт тартпас шамшырақтардың бірі.
Жеті қат жер түбінде.
Майдан. Атыс. Қантөгіс. Жалын. Азап.
Керзі етік пен сұр шинель мәлеңдеген
Көтерген әрең денең – деп жазған ақын ішкі монологтың бір элементі болып табылатын еске алу, лирикалық шегініс пайдаланыла отырып, негізгі әңгімені лирикалық кейіпкерлердің жан толғаныстарымен географиялық атауды қосып өреді.
Бас иіп қырдың жасыл қияқтары
Тұрғандай жаныңа әсем күй ақтарып.

Көп-нәзік қырдың гүлі албырайды,
Алғашқы балғын сезім сияқтанып,- анықтап көз салсақ, осы өлең жолдарында небір әдемі теңеулер, айшықтап суреттелген табиғат көріністер бар. «Жарты-кеш ай ұзатылған қызға ұқсаса, қыр тәтті ұйқысын қимай қалғып қана тыныштық құшағында жатыр. Ал нәп-нәзік қырдың жұпар гүлі алғашқы балғын сезімге ұқсайды», – дейді ақын. Шынында мұндай тапқыр да сұлу тіркестерді тек Фариза ақын ғана таба алатын сияқты. Осылай еркелей жырлау Фаризаға тән секілді.

Қорытындылай келе, ұлттық, жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшелігі мол, үздіксіз дамып отырған қазақ әдебиетінің үлкен саласында Фариза Оңғарсынова оқырман жүрегіне жол тапқан өлеңдерінен тыс әртүрлі тақырыпта, әртүрлі жанрда қалам тартты. Ақын шығармашылығы уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде, шындықтың қоғамдық-философиялық сипатын ашуда көрнекті қызмет атқарады. Өзінің көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, ақын заман жайын, халық сөзін көкейіне түйіп, әділет туын биік ұстаған ақын екенін байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова, Ф. (1990). Шашы ағарған қыз. Алматы: Жазушы. Оңғарсынова, Ф. (1987). Өлеңдер / Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы. – Т

2. Оңғарсынова, Ф. (2003). Мен оны туысымдай көретінмін. Алтын Орда газеті, 9, 7-10. Оңғарсынова, Ф. (2006). Он томдық шығармалар жинағы. Астана: Елорда.

3.Өтеев, Ж. (2006). Парасат поэзиясы. Кітапта: Ф. Оңғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы. Астана: Елорда.

«ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЖАСТАРДЫҢ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Хасенова Назгуль Каширбековна
Астана қаласы, «Ғали Орманов атындағы
№7 мектеп-гимназиясы», информатика пәні мұғалімі

Құрметті конференция қатысушылары!
Бүгін бізді біріктіріп отырған тақырып — ұлттың рухани әлеміне зор үлес қосқан, қазақ поэзиясының ұлы тұлғасы Фариза Оңғарсынова шығармашылығын тәрбие саласында қалай тиімді пайдалану туралы. Ақынның шығармалары ұлттық руханияттың маңызды бір бөлшегіне айналып, жастардың тәрбиесінде құнды құрал ретінде қызмет атқарады.
Менің бүгінгі баяндама тақырыбым «Фариза Оңғарсынова шығармашылығы арқылы біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру: ұлттық құндылықтар мен

жастардың санасын қалыптастыру» деп аталады. Бұл тақырыпта біз қазақ поэзиясының үлкен шебері, қоғамның да, әрбір тұлғаның да ой-санасын жаңғыртқан Фариза Оңғарсынова шығармашылығының тәрбиелік мәнін қарастырамыз.

1. Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар

Фариза Оңғарсынова — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі ғана емес, ұлттың рухани дамуында маңызды рөл атқарған тұлға. Оның поэзиясында ұлттың болмысы, тарихы мен мәдениеті терең, кең ауқымда көрініс табады. Ақынның шығармашылығы жастардың санасын оятуға, ұлттың тарихы мен мәдениетін ұғынуға бағытталған. Оңғарсынова өз өлеңдерінде ұлттың құндылықтарын, оның арман-мақсаттарын, өмірлік құндылықтарды көрсетіп қана қоймай, солардың барлығын халықтың мәдениеті мен рухани байлығына айналдыруға ұмтылды. Оның өлеңдерінде терең әлеуметтік, философиялық және ұлттық мәселелер көтерілген. Ақын шығармашылығы арқылы қазақ халқының рухани құндылықтарын, ұлттық болмысы мен мәдениетінің байлығын көрсетуге болады.

Фариза Оңғарсынова шығармаларында **отансүйгіштік**, **ерлік**, **адамгершілік**, **бірлік**, **патриотизм** және **әділеттілік** сынды қасиеттер жиі айтылады. Бұл тақырыптар жастарға өнеге боларлықтай, олардың адамгершілік тұрғысынан дұрыс бағыт-бағдар алуына көмектеседі. Ақынның өлеңдерінде тұлға болу, ұлттық мұраны қорғау және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндеті алға қойылады. Осыған орай, Фариза Оңғарсынова шығармашылығы арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыларға дәріптеу — бүгінгі тәрбиенің басты бағыттарының бірі болып табылады.

2. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының тәрбиелік мәні

Фариза Оңғарсынова шығармашылығын біртұтас тәрбие бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде пайдалану — жастардың санасын ұлттық құндылықтармен қалыптастырудың тиімді жолы. Ақынның өлеңдері мектептегі тәрбие жұмысына үлкен үлес қосады, өйткені олар балалар мен жастардың ой-өрісін кеңейтіп, адамгершілік қасиеттерін нығайтады.

Оның шығармаларындағы тақырыптар өте кең, олар жастарға **жақсылыққа ұмтылу**, **адамдық ар-намыс**, **құқықтар мен бостандықтар**, **қазақ халқының тарихы мен мәдениеті** сияқты мәселелерді түсіндіруге көмектеседі. Мысалы, «Ақ сүт» өлеңінде анаға деген махаббат пен құрмет, ал «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасында ұлы сезімнің мәні мен өмірдің өткінші сәттерін ұғындыру идеясы көтерілген. Бұл шығармалар арқылы біз оқушыларға өмірдің қадірін, ата-ананың мейірімін түсіндіре аламыз.

3. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру

Біртұтас тәрбие бағдарламасы — оқушылардың ұлттық рухын және адамгершілік тұрғысынан жан-жақты дамуына бағытталған жүйе. Бұл бағдарлама арқылы біз балаларды өз халқының мәдениетімен, тарихымен, әдебиетімен таныстыра отырып, олардың бойында ұлттық мақтаныш пен руханиятқа деген құрметті қалыптастыра аламыз. Фариза Оңғарсынова

шығармашылығын осы бағдарламаға енгізу өте тиімді. Ақынның өлеңдеріндегі адамгершілік құндылықтар мен ұлттық мұралар жастардың ой-санасын дамытып, олардың рухани-мәдени деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Мектепте өлеңдерді талдау арқылы оқушылардың өз елінің мәдениетіне деген сүйіспеншілігі мен оны болашақта сақтау, дамыту міндеті қалыптасады. Сонымен қатар, ақынның өлеңдері сынып жетекшілеріне тәрбие жұмыстарын жүргізуде құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, оның шығармалары арқылы оқушыларға жауапкершілік, өзара көмек, әділеттілік, адамгершілік сияқты құндылықтар туралы ой айтуға болады.

4. Ұлттық құндылықтарды жастар арасында насихаттау

Фариза Оңғарсынова шығармашылығының негізгі арқауы — адамды жоғары адамгершілік деңгейге көтеру, ұлттың болашағы үшін жұмыс істеу. Оның шығармаларын жастарға оқыту арқылы біз ұлттық құндылықтарды ұлықтаймыз, оларды өткен тарихты біліп, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелейміз. Ақынның әрбір өлеңі — жастарға бағыт-бағдар беретін рухани ұстаз.

Оқушыларға ұлттық әдебиет арқылы тәрбие беру — олардың жан дүниесін байытып, өмірге деген көзқарасын кеңейтеді. Фариза Оңғарсынова шығармашылығын оқытудың арқасында олар өз халқының мәдениетін, тарихын терең түсініп, осы құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізуге ұмтылатын болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Фариза Оңғарсынова шығармашылығының ұлттық құндылықтарды насихаттауда, жастардың санасын қалыптастыруда үлкен рөлі бар. Оның поэзиясы — тек өнер ғана емес, сонымен қатар тәрбие құралы. Бұл шығармаларды оқушылар арасында насихаттап, біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру арқылы біз болашақ ұрпақтың рухани дамуына зор үлес қосамыз. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы жастарды азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелейміз.

Ендеше, Фариза Оңғарсынова шығармашылығы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу ісін жалғастырып, олардың бойында қазақ халқының рухын, мәдениетін сақтауға деген ұмтылысты арттыра берейік!

«ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ ТАҚЫРЫБЫ»

Химадиева Сая Дауренбековна
«Ақбұлақ1 - Астана»
физика-техникалық лицей «флагман»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Әдебиетті ешкім
мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады,
ұлтының қажетін өтейді.

Ақындық жолы – ауыр жол. Ақын болу деген – ана сүтінің уызына жарып өскен әр қазақтың ыңғай-икеміне келе беретін қара өлеңнің ұйқасын құрау емес. Бұл қоғам жүрегінің дүрсілін, бойындағы қасиетін, алпыс екі тамырының өзіне тән соғысын тап басатын шеберлік. Міне, нағыз ақынның күйі осындай болуы керек. Осы қалып-күйді қапысыз игеріп, жүректен өткізіп жыр жаза білген, қазақ әдебиетінің өлең өлкесіне ат ізін салып, жыр жазуға бүкіл болмысын арнаған нағыз ақын- Фариза Оңғарсынова.

Ерлік, батылдық, адалдық, ұяттылық, арлылық, намысқойлық сияқты адамгершілік-азаматтық қасиеттердің бәрі де оған ортақ. Мен қазақтың ақын қызы Фариза апамыздың шығармашылығын осындай асқарлардың биігінде көремін.

Ақынның әрбір жыры атақ пен марапаттың, мәнсап пен әлеуметтік мәселелердің әртүрлі сынағына тап болып өзіне күрделі сұрақтарды қою арқылы соған жауап іздеуі, өзінің ішкі арпалысы мен жанайқайы. Олай болса, мен өз шәкірттерімді патша сөздің падишасы – Фариза Оңғарсынованың қайталанбас тұлғасын шырқыраған шындығы бар шығармашылығымен таныстыруды жөн көрдім. Және осы тақырып аясында шәкірттерімді ғылыми жобаға қатыстырдым.

Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы және оның өзектілігі.

Қазақ поэзиясынының әдебиет алаңындағы ең танымал муза, ақын әрі қайраткер бола білген жалғыз ақын – Фариза Оңғарсынова. Қаламынан тамып кеткен ғаламы бір төбе, өзі – ғаламат бір дүние болған қазақтың өр мінезді, асқақ рухты ақын қызының поэзиясындағы шындығы да өзгеше.

Ақынның бойындағы қайсар мінезінің қыры да шындықты ту ететіндігінде еді. Ақын қыздың бала кезден санасына тоқып, қанына сіңіп алған адалдық, тазалық, ерекше талғамы мен талабы- осы шындыққа келіп тірелетін.

Фариза Оңғарсынованың өлендерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алуымен ерекшеленеді.

Мысалы "Жүрек" деген өлеңіндегі төмендегі жолдарды оқыған кезде азаматтық сарын, ар-ождан тазалығына тәнті боласыз:

Бар сияқты менде де сана шыдам,
Жылағанды демеуге тағы асығам,
Жасайын-ақ десем де бір астамдық,
Қорқам ардың айбалта – жазасынан.

Парасат пен парыз тізгінін тең ұстаған ақынның өлең-жырларының қадір-қасиеті өміршеңдік өнегесімен, шырқыраған шындығымен құнды саналады.

Шындық-ай, ауылың қайда еді,
сен бе деп жердің бар шамын
шатқаяқтап іздеп шаршадым.
Қалмады өлкемнің сай белі.
Анамыз: «Шындық – шың-құзда,

жолы да тайғақ», - деуші еді.
Көз тіктім әрбір жұлдызға,
сол екен дедім мен сені.
Шындық-ай, көрініп көздерге,
жар болсаң еді жолдасқа.
Торыққандары көп тоз жерге
жақынырақ қонсаң болмас па?!,- деп ақынның өзі жырлағандай, жан-дүниесі шарқұрып іздеген таңдамалы өлеңдерінен **«Шындық»** атты өлең жинағын жасадым.



ӘОЖ 811.512.

«Фолиант» физика-техникалық лицей ұйымдастырған жобаға ұсынған

Пікір жазған:
Жунисова Ж.А.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

ШЫНДЫҚ (Фариза Оңғарсынованың таңдамалы өлеңдер жинағы). Құрастырғандар: Химадиева С.Д., Рахимова Д., Әбдірәсілова Ә., Омар Р. – Астана: «Конкурс-принт» баспасы, 2024. – 45 б.

Бұл таңдамалы өлеңдер жинағы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай жасалынып отыр. «Фолиант» физика-техникалық лицейі ұйымдастырған жобаға «Оқыр – ойлы ұлықтаған» атты жобо тапсырмы ұсынысы. Сонымен қатар оқушылардың ғылымға жобо жасауға бауыр барысында тұлғалық ойлардың эстетикалық жинақталуы. Жобо жұмысының нәтижесі жинақтау мақсатты, эволюция шығармаға қатысты өлеңдерімен танысқысы келетін оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337

Астана, 2024

Бұл жинақта ақынның шындыққа қатысты таңдамалы, ескі баспалардан табылған 41өлеңі жинақталған. Кітапшаның мақсаты: ақынның шындыққа қатысты өлеңдерін іріктеп, онымен оқырмандарды таныстыру. Осы жинақтағы өлеңдерді оқыған әрбір оқырман ақынның ойларын тереңінен түсініп, жан-дүниесіне үңіледі деген үміттемін. Жинақтағы өлеңдердің барлығын электронды нұсқада телеграм каналына тіркеліп, оқуға болады.
«Шындық» жинағында ұсынылған әрбір өлеңнің мағынасы терең, ақын әлеміндегі әділдікке деген құштарлығын баяндайды.
Фариза Оңғарсынова шығармашылығына тән басты қасиет- шындыққа бас ию. Оның бұл қасиеті кез-келген туындысынан айқын көрініп тұрады. Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар Фариза Оңғарсынованың поэзиясының күш қуаты мен бөлектігі.
Мысалы: «**Таңданам бастықтарға бұл күндегі»** өлеңінде билікке қарсы тұрып, өз ойын айқын батылдықпен жеткізеді.
Таңданам бастықтарға бұл күндегі,
аумайды-ау бірі бірінен шіркіндері.
Отырыс-тұрысы да айнымайды,
ұқсайды тіпті күбір-күңкілдері.
Қарамай ой мен жанның кеңдігіне,
серке деп секірмеге ел ерді, міне.
Ел бастар әкімдерің мәңгүрт болса,
іриді елдің содан елдігі де.

Немесе, мына **«Бәрі, бәрі сатулы бұл өмірде** » өлеңі де ақын жан дүниесінің жан-айқайын айқындайды.

Бәрі, бәрі сатулы бұл өмірде,
сезімің бе, сертің бе, білегің бе,
достығың ба, көңіл мен жүрегің де –
жылаймын ба мен бұған күлемін бе?

Ұят-ұят дегеніміз — әрқайсымызды іштен тежейтін күш. Абай бізді өзімізді-өзіміз тежей білуге шақырған. Ал,Фариза ақын да оқырманға осы ұғымды өзінше өз шыныдығымен жеткізеді.
Фаризада халықтық рух бар, ол — елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Оның тілі жүйрік, өткірлігі мен тапқырлығы, қанағаттығы байқалатын ерекше ақын. Осы орайда, «**Төзу керек, бәріне төзім керек**» өлеңінің мағынасын айта кетсек болады.
Төзу керек, бәріне төзім керек,
Жанды қайрап, өзіңді өзің жебеп.
Ақты – қара, қараны – ақ дейтіндерге
Қызыл қайнап – жүректе, көзіңде – кек,
Жұдырық ап шыдамай жүгіргеннен
Тас құдыққа түсесің өзің кенет.
Шатқалына шындықтың жетем десең,
Тек шыдауға, шыдамға жетсін шамаң, - деген жолдарынан ақынның төзім арқылы, шыдам арқылы, сол шындыққа жетуге шақыратынын байқауға болады.

Бағың жүріп тұрғанда, бәрі жақын,
досың да көп іздейтін, сағынатын,
арыңды арлап, сөзіңді сөйлер сенің
жүргеніңде жоламай жаныңа түн.

Бір-бірінен қызғанып, құлап бәрі,
олар үшін сіздің үй – жұмақ таңы.
Сәлем-сыйлық тасиды жанталасып,
бірі бірінен асыру – мұраттары.
Адам құны
Әкімдерге кіру де қиындады,
таусылмайды жүріс пен жиындары.
Шаршатады босаға баққандары-ақ,
адам емес, салпы ерін сиыр бәрі.
Шалқаяды айылын жимай бәрі,
сені адам деп сөйлеспей қинайды әрі.
Олар адамдықты емес, құнжыңдасып,
күнім түсер дегенді сыйлайды әлі.
Билік тисе харамға, арамға да,
әділ заман туар деп алаңдама.
Қымбат тілдей тышқанның терісі де,
жер бетінде құнсыз зат-адам ғана.

Осы екі өлең арқылы ақын адамзаттың құндылығы, рухани діңгегі – шыншылдық, әділеттілік, кез-келген уақытта, қандай жағдай болмасын адмгершіліктен таймаудың маңыздылығын жеткізгендей.

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің құдіреті асау мінез, шалт қимыл мен ащы шындықты дәріптейді. Әр сөзі мірдің оғындай Фариза ақын халықтың мұң-мұқтажын көре жүріп,өз жырларына қоса білді. Мұның дәлелі ретінде «**Елге арнау»** өлеңін ұсынуғаболады.

Саясат – сайқал бір әлем,
жайдақ сөз, арбау, бұлтару.
Сүлдерін сүйреп жүр әрең
қорғаушым жалғыз – жыр-қару.
Жайым жоқ жүрер амал ғып,
жанымның жетеді жарасы.
Саясат пенен адалдық –
өзеннің екі жағасы.
Сенімді сезу – маған жүк,
жансауғаласам, кеш, қауым:
Саясатым менің – адалдық,
жалтақтық – бітіспес жауым.
Жылмаң ортамен жұғыспан,
жүдеулерді жасқап жерлесе.
Жасымнан жаным ұғысқан
шындығыма тарттым ендеше!

Фариза жыры – айдын көл, шалқар теңіз емес, тылсым мұхит. Өшпейтін де өлмейтін мәңгілік өжеттік қайсарлығы - бүгінгі заманауи дамыған заманда шәкірттерімізге дәріптейтін дана ақынның дара жыры. Оның жырларында тұңғиық тереңдік пен айна көлдей айқындықтың қос қайнары – өткеннің өзек өртер өкініштері мен келер күннің үміті, арманы да жатыр.

Фаризаның шығармашылығында қайсар ақиқат орнап, қаһарман рух атой салып тұрады. Ақынның әр шумағынан батылдығы басым әдеби шабыт жарқ ете қалады. Әр жолынан өзегіңе шаншылар өжет намыстың исі аңқып тұрады.

Поэзия падишасының әдебиет деп қайнар сөз әлеміне келуіне жаратылыстың бойына сіңірген адамдық қасиеті. Фариза Оңғарсынова өз оқырманына, қазақ еліне алғашында шыншыл, турашыл, намысқой журналист ретінде танылды. Ол тілші ретінде де тура, әділ, кесіп жазатын. Оның поэзиясы — шың. Прозасы — сол шыңға сүйеу болатын жартас іспетті.

Кейбір ісім дұрыс та емес шығар,
қылығым да көрінер егесқұмар.
Қайткенде де қанымда жоқ нәрсені
істеймін деп жайым жоқ кеңес құрар.
Өкпелеткен шығармын жақсыны да,
мүмкін содан шықпадым бақ шыңына.
Жақсы болып көріну – мақсат емес,

ар аттамау – мен үшін басты мұра, - деп Фариза апамыз соңғы демі шыққанша шындыққа бас иетіндігін жырлап өткен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оңғарсынова Ф. Дауа. – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2013. – 261 б.
2. «Егемен Қазақстан» , «Жас Алаша» газеттері
3. Оңғарсынова Ф. Екі томдық: таңдамалы шығармалары. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1987. – 322 б.
4. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. Т.2. – 328 б., Т.3. – 340 б., Т.4. – 287 б.
5. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер, дастандар. – Астана, «Елорда» баспасы, 2004. – 268 б.
6. Оңғарсынова Ф. Сөзімді тыңда, биліктім. – Астана, «Азамат» баспасы, 2002. – 129 б.
7. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз: Мақала, эссе, повестер. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1990. -333 б.
8. Оңғарсынова Ф. Шілде (таңдамалы). – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1978. – 326 б.
9. Оңғарсынова Ф. Электронды өлең жинақтары
10. Электронды энциклопедия

ФАРИЗА –СЫРШЫЛ АҚЫН

Чонбаева Гулсанат Тлеулиевна
Сұлтанбек Қожанов атындағы
64 мектеп - лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі
Педагог-сарапшы

Аннотация

Баяндамада қазақтың әйгілі ақыны Фариза Оңғарсынованың шығармашылық мұрасы зерттелді. Ақынның поэзиясындағы терең сыршылдық, ұлттық рух және адамгершілік құндылықтарды талдай отырып, оның қазақ әдебиетіндегі ерекше орны мен маңызын ашып көрсетілді. Фариза өлеңдерінің тақырыптық және көркемдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, оның шығармаларының жастарға рухани тәрбие берудегі рөлі зерттелді. Ақынның өлеңдері арқылы қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту және жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру жолдары ұсынылды.

Өзектілігі:

Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтап, жастардың рухани дамуына ықпал ету маңызды мәселе болып табылады. Фариза Оңғарсынованың поэзиясы осы мақсатқа сәйкес келетін тамаша үлгі. Ақын шығармаларында бейнеленген адамгершілік, патриотизм және нәзік сезімдер қазіргі жастардың рухани тәрбиесіне қажетті бағыт береді.

Мақсаты:
Фариза Оңғарсынованың шығармаларының жастарға рухани тәрбие беруіндегі рөлін ашып көрсету.
Міндеттері:
- Ақынның басты шығармаларының мазмұнын талдау.
- Поэзиясындағы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік идеяларды анықтау.
- Фаризаның шығармаларының қазіргі қоғамға әсерін бағалау.
- Оқушылар арасында ақын шығармашылығын насихаттау.

Күтілетін нәтиже:
Егер Фариза Оңғарсынованың поэзиясын жастар арасында терең насихаттаса, онда олардың әдебиетке, мәдениетке және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, сыршыл ақын Фариза Оңғарсынова – өз заманының рухани өмірін терең сезініп, оны поэзия арқылы бейнелеген тұлға. Оның өлеңдерінде нәзік сезім, терең ой мен ұлттық рух бір-бірімен тығыз байланысып, адам жанының ішкі әлемін ашып көрсетуге арналған. Ақын шығармашылығында әйел тағдыры, махаббат, өмір, қоғам мен адамгершілік құндылықтары ерекше орын алады.
Баяндамада Фариза Оңғарсынованың поэзиясындағы терең сыршылдықты, ұлттық болмысты, адамгершілік құндылықтарды ашып көрсетуге бағытталған. Ақынның өлеңдеріндегі негізгі идеяларды, тақырыптық ерекшеліктерін және жастарға рухани тәрбие берудегі рөлін зерттей отырып, оның қазақ әдебиетінде алар орнына шолу жасалады.
Фариза поэзиясын зерттеу қазіргі жастардың рухани және мәдени дамуына үлес қосып, олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететіні анық. Бұл жұмыстың мақсаты – ақынның шығармаларын талдай отырып, оның қазақ әдебиетіндегі ерекше маңызын және бүгінгі қоғам үшін өзектілігін анықтау.

Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, сыршыл өлеңдерімен ел жүрегіне жол тапқан ақын. Оның шығармашылығы терең сезім, ұлттық болмыс, нәзіктік пен рухани биіктікті ұштастырған поэзияның озық үлгісі болып табылады. Әдебиет әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Фариза Оңғарсынова поэзияда тек әйел табиғатын ғана емес, қазақ халқының рухын, намысын және тағдырын асқақтатқан тұлға.
Ақынның өлеңдері махаббат пен өмір, қуаныш пен мұң, ана мен бала, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік сияқты мәңгілік тақырыптарға арналған. Оның лирикасы адам жанын терең түсінуге, өмірдің қарапайым сәттерінен үлкен мән табуға бағытталған. Өмірдің әр сәтін өлеңмен өрнектеген Фариза ақын ұлттық мәдениетті, әйел болмысының нәзіктігін асқан шеберлікпен көрсете білді. Фариза Оңғарсынованың поэзиясында тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттық мәселелер де көрініс тапқан. Оның шығармалары оқырманды терең ойға жетелейді, рухани биіктікке, адалдық пен шынайылыққа шақырады. Сондықтан оны «поэзия падишасы» деп атау – ақынның әдебиеттегі орасан зор орнын айшықтайтын әділ баға.Фариза Оңғарсынованың шығармалары қазақ

поэзиясында ерекше орын алады. Оның өлеңдері терең лиризммен, ұлттық болмыспен және әлеуметтік тақырыптармен ерекшеленеді. Ақынның шығармашылығы махаббат, әйел тағдыры, Отанға деген сүйіспеншілік және адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік идеяларды насихаттайтын терең мазмұнға ие. Оның шығармашылығында қазақ халқының рухани байлығы, ұлттық болмысы, ана тілі, салт-дәстүрі және туған жерге деген махаббат ерекше орын алады.

Ұлттық құндылықтар:

Туған жерге махаббат:

Фаризаның өлеңдерінде туған жерге, қазақ даласына деген шексіз сүйіспеншілік жиі көрініс табады. Ол туған елінің табиғатын суреттей отырып, оқырманға ұлттық сезімді жеткізе біледі.

Тіл мен дәстүрді дәріптеу:

Ақын ана тілін, ұлттық салт-дәстүрді қастерлеуге шақырады. Ол тілді ұлттың жаны, рухани қазынасы ретінде бейнелейді.

Тарих пен ел тағдыры:

Фариза поэзиясында халқымыздың тарихына, батыр бабаларымыздың ерлігіне деген құрмет анық байқалады. Ол елдің тәуелсіздігін, еркіндігін басты құндылық ретінде бағалайды.

Адамгершілік идеялар:

Махаббат пен мейірім:

Фариза шығармашылығында адамзаттың асыл қасиеттері – махаббат, мейірім, бауырмалдық терең жырланады.

Ар мен намыс:

Ақын адамгершілік қасиеттерді сақтауды, адалдық пен әділдікті жоғары қояды. Өлеңдерінде адам баласын арлы болуға, намысты қорғауға шақырады.

Еңбек пен табандылық:

Фариза поэзиясында адам еңбегі ерекше құндылық ретінде суреттеледі. Ол адамды қиындықтарға мойымай, еңбексүйгіштікке үндейді.

Әйел-ана образы:

Оның шығармашылығында әйелдің қоғамдағы рөлі, ананың мейірімі мен махаббаты жиі жырланады. Ақын ана образын ұлттың рухани тірегі ретінде суреттейді.

Фариза Оңғарсынова ұлттық мұраларды жаңғырту арқылы қазіргі ұрпақты рухани бай, ұлттық болмысы терең тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал ететін поэзия қалдырды.

Бастауыш сынып оқушыларына Фариза Оңғарсынованың шығармаларын насихаттау арқылы оларды ұлттық мәдениетке, поэзияға деген сүйіспеншілікке баулуға болады. Бұл балалардың ана тілін қадірлеуге және адамгершілік қасиеттерін нығайтуға ықпал етеді.

Өлеңдерді қарапайым тілмен түсіндіру

Фаризаның шығармаларындағы табиғат, махаббат, адамгершілік сияқты тақырыптарды балаларға түсінікті етіп жеткізу. Мысалы, табиғат туралы

өлеңдерін оқу арқылы балаларды қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеуге болады.

Шығармаларын сахналау

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін өлеңдерінен шағын көріністер ұйымдастыру. Бұл балаларға ақын өлеңдеріндегі идеяларды тереңірек түсінуге көмектеседі.

Поэзия сағаттарын өткізу

Мектепте Фаризаның өлеңдерін мәнерлеп оқитын поэзия сағаттарын ұйымдастыру. Балаларды өздері таңдаған өлеңдерді жаттап айтуға ынталандыру қажет.

Сурет салу конкурстары

Фаризаның табиғат туралы өлеңдері бойынша сурет байқауын өткізу. Бұл балалардың қиялын дамытып, өлеңдерді тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

Құндылықтарға негізделген әңгімелер

Фаризаның адамгершілік пен адалдық туралы шығармаларын оқушыларға мысал ретінде ұсыну арқылы оларға осы қасиеттердің маңыздылығын түсіндіру.

Балалармен бірлескен кітап оқу

Фариза шығармаларын бірігіп оқып, әр өлеңнің мазмұнын талқылау.
Бұл бастама балаларға ұлттық рухани құндылықтарды танып, түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын оятып, болашақта шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясының көрнекті өкілі болып саналады. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. Ақынның өлеңдері өзекті әлеуметтік мәселелерді, адамгершілік құндылықтарды және жеке адамның ішкі әлемін терең әрі сезімтал түрде жеткізеді.

Фаризаның шығармаларында халықтың әлеуметтік жағдайы, адамгершілік, табиғат пен адам арасындағы байланыс сияқты тақырыптар кеңінен қарастырылады. Фариза Оңғарсынованың шығармалары тек әдебиетке ғана емес, қоғамның мәдени және рухани дамуына да әсер етті. Оның поэзиясы адамдарды моральдық жауапкершілікке, адамгершілікке және қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күреске шақырады.Ақынның шығармалары қазақ мәдениетінің бөлігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа өтеді. Оның еңбектері қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі тіректері ретінде бағаланады және оның идеялары мен көзқарастары бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Фариза Оңғарсынова-қазақ поэзиясының шоқтығы биік тұлғасы, оның шығармалары әдебиетіміздің алтын қорына енген.

Фариза Оңғарсынова – қазақ поэзиясының асыл қазынасы, сыршыл әрі шынайы ақын. Оның шығармашылығы ұлттық рухты жаңғыртып, оқырманның жан дүниесіне әсер ететін терең мазмұнымен ерекшеленеді. Фаризаның өлеңдерінде махаббат пен сағыныш, туған жерге деген сүйіспеншілік, ананың мейірімі мен өмірдің терең философиясы көрініс тапқан.

Ақынның сыршылдыққа толы поэзиясы тек сезім мен эмоцияға ғана емес, адам болмысын терең түсінуге негізделген. Оның шығармалары арқылы біз өмірге

деген сүйіспеншілікті, адамгершілік құндылықтарды, және ұлттық мұраның маңыздылығын тереңірек түсінеміз.
Фариза шығармалары – әр буын үшін рухани тәрбие көзі. Оның жырлары қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, жаңа заманның талабына сай ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған құнды мұра болып қала береді. Осы арқылы Фариза Оңғарсынова әрқашан оқырман жүрегінде өмір сүріп, болашақ ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз.
Менің қортынды ұсынысым:

- Оқушыларға ақынның шығармалары тәрбие бағытында зерттеліп, әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылса;
- Фаризаның поэзиялары рухани құндылығымыздың негізі болғандықтан, тәрбиенің әр бағыты бойынша шығармаларын оқытуды міндеттесе;
- Мектептің оқу бағдарламасында Фариза шығармашылығы бойынша сағат саны көбейтілсе;
- Мектеп оқушылары мен жастар үшін ақын шығармашылығына арналған танымдық сайыстар міндеттеліп жоспарланса;
- Мектеп және орта, жоғары оқу орындары бағдарламасына "Фаризатану" факультативтік курстарын өткізуді ұйымдастырса;

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Оңғарсынова Ф. «Сыр сұхбат» –Алматы, «Атамұра», 2013.[1.12 бет]
2. Оңғарсынова Ф. «Жүрек күнделігі» –Алматы, «Жалын», 1984.[2.40 бет]
3. Салтанат Құрманғазы. «Фариза өлеңдері: Тәрбиелік мәні мен ұлттық құндылықтар». Алматы, 2016 жыл, «Фолиант» баспасы.[3.5 бет]
4.Меруерт Құмарова. «Фариза Оңғарсынова шығармашылығындағы заманауи мәселелер». Алматы, 2019 жыл, "Ғылым" баспасы.[4.27 бет]
5. Қ. Мұқашева. «Фариза ақынның поэзиясындағы өміршеңдік: Ұлттық құндылықтар мен рухани өсу». Алматы, 2021 жыл, "Шапағат" баспасы.[5.64 бет]

«ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МҮДЕ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Шертаева Айгерім Қалыбайқызы
Астана қаласы, «Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясы» Физика пәні мұғалімі

Фариза Оңғарсынова – қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері және жазушысы. Ол 1939 жылы 25 желтоқсанда Атырау облысының Новобогат ауданы, қазіргі Индер ауданында дүниеге келген. Фариза Оңғарсынова қазақ әдебиетінде өз орны бар тұлға ретінде танымал, оның шығармалары қазақ

поэзиясының дамуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты болып қызмет атқарды, бұл оның қоғамдық қызметтегі маңызды рөлін көрсетеді. Фариза Оңғарсынова өзінің жазушылық және депутаттық қызметін қатар алып жүріп, қазақ әдебиеті мен қоғамы үшін үлкен еңбектер атқарды. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі көптеген әдеби марапаттаулармен мен құрметтерге ие болды.

Қазақ әдебиетінің ұлт руханиятының шежіресіне терең із қалдырған Фариза Оңғарсынова — өз шығармашылығында ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтарды бірдей толғайтын ұлы тұлға. Оның поэзиясы қазақ халқының рухани өмірін, тарихи санасын, әйел жаратылысын әрі қоғамдағы орнын көрсетумен бірге, әлем әдебиеті мен адамзаттық мәселелерге де кеңінен назар аударған. Фариза ақын сүйіспеншілік пен махаббатты жылдар бойы үздіксіз жырлаған ақын. Бірде оттай шарпитын, енді бірде алапат дауылдай теңселтетін махаббат сезімін басуға, жүрегін жандырмай, жан дүниесін таза ұстап қалуға көмектескен қандай құдіретті күш.

Бұл баяндамада Фариза Оңғарсынова шығармашылығы педагогикалық инновациялық тәжірибемен байланыстырылады. Әсіресе, оның шығармаларының оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды рөлін және ұлттық рухани құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізудегі мүмкіндіктері талданады.

Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы ең маңызды мәселе — ұлттық болмыстың, қазақ мәдениетінің, тілінің және руханиятының сақталуы мен дамуы. Оның өлеңдері көбінесе қазақ халқының тарихы мен сол халықтың ішкі жан дүниесін бейнелейді. Ақынның ұлттық мүддесіне деген көзқарасын әсіресе оның туған жерге «Туған жер, туған ауыл қымбат маған», ұлттық дәстүрге «Қазақтың дәстүрлері» және ата-анаға деген сүйіспеншілігін «Анама», «Әке туралы ой» өлеңдерінен байқауға болады. Екінші томда ақынның 60-шы жылдардан бастап жазған поэзиялық туындылары жинақталған. Бұл кезең Фариза Оңғарсынованың шығармашылық жолының ерекше кезеңі болып табылады, себебі ол кезде ақынның әдеби әлемі жаңалықтар мен өзгерістерге толы болды. Ол тек қазақ поэзиясының емес, бүкіл адамзаттың әлеуметтік және рухани мәселелеріне терең үңілген кезеңді бастан өткерді. Бұл томда ақынның көркемдік тілінің тереңдігі, ұлттық болмысты, табиғаттың әсемдігін, адам мен қоғамның рухани байланысын қалай көрсеткендігі айқын көрінеді. Оның өлеңдері әрдайым шынайы, жүрекке әсерлі әрі терең ой салады. Фариза Оңғарсынова өз шығармашылығында қазақ тілінің байлығын ерекше қолдана отырып, заманының ең өзекті мәселелерін сөзбен бейнеледі.

Фариза Оңғарсынова өз өлеңдерінде халықтың әлеуметтік ауыртпалықтарын, ашаршылық, соғыс, қоныс аудару сияқты халықтың басына түскен қиындықтарды «Үйім менің – Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамаларында жырлайды. Ол адамзаттың, әсіресе қазақ халқының тарихи қасіретін «Қасірет пен ерлік жырында» терең әрі нәзік бейнелейді. Мысалы, «Соғыс» туралы ақын халықтың ғасырлар бойы көтерген ауыр азаптары мен өмірдің әділетсіздігі туралы жырлайды:

Соғыс, тартыс ешқашан басылмаған,
Қантөгістен қаншама ашынды адам.
Жазықсыз жер қаншама жараланып,
Жетімдіктен қаншама бала налып,
Қара тұман жамылды жасыл ғалам.

Бұл жолдарда ақын соғыс кезінде адамдардың қайғысы мен азабын сипаттайды, соғыстың халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әсіресе балалар мен әйелдерге жасаған залалын терең жеткізеді. Сонымен қатар, «Қара тұман жамылды жасыл ғалам» деген жол арқылы ақын әлемнің ауыр күйін, соғыстың әсерін табиғаттың өзгеруімен байланыстыра отырып суреттейді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығының жаһандық бағытта зерттелуі — оның поэзиясының шектелмейтін кең ауқымды және тек бір ұлттың шеңберінде емес, барлық адамзатқа ортақ мәселелерді қозғаушы күш екендігін дәлелдейді. Ақынның өлеңдерінде айтылған әлеуметтік әділеттілік, махаббат пен достық, адам құқықтары мен теңдігі сияқты тақырыптар қазіргі әлемнің өзекті мәселелері болып табылады. Оның шығармашылығы тек қазақ халқының мәдениетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің және гуманистік идеялардың да бөлігіне айналды. Сонымен қатар, оның шығармалары әдебиет пен мәдениетаралық байланыстарды орнатуда маңызды рөл атқарады. Фариза ақынның өлеңдерінің құдіреті асау мінез, шалт қимыл мен ащы шындықты. Әр сөзі мірдің оғындай Фариза ақын халықтың мұң-мұқтажын көре жүрді, көп мінбеден көтере білді. Қазақстан мәжілісінің депутаты болған кезде «Ана мен бала» туралы заң жобасын әзірлеп, мәжіліс қарауына алғаш ұсынған да Фариза Оңғарсынова еді. Жетім көрсең жебей жүр деп, әлеуметтік мәселелерді төтесінен қойып, кесіп тұрып айтты, жазды. Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы басты ерекшелік — оның ішкі сезімдері мен рухани әлемі, әрі отаншылдық, патриотизм тақырыптарын терең сезінуі. Ол ешқашан патетикалық сөздермен, жалаң ұрандармен емес, өзінің жүрек түкпірінен шығатын шынайы сезімдерімен, туған жеріне деген сүйіспеншілігінен, ұлттық тарихы мен мәдениетіне деген құрметінен шабыттанды. Оның өлеңдері өз халқының өткенін, тағдырын, болашағын ойлаумен тығыз байланыста болды.

Фариза Оңғарсынова қазақ халқының тарихын, оның ғасырлар бойы жинаған рухани байлығын жүрек көзімен көре отырып, өлеңдерінде терең ойлар мен сезімдерді жеткізді. «Толғау» мен «Арман» сынды өлеңдерінде ол адам мен қоғамның болмысы, ұлттың ертеңі туралы ойларын молынан өрнектеді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығын оқыту мен тәрбиелеуде қолдану — ұлттық мәдениеттің болашағын сақтап қалу жолындағы маңызды қадам. Ендіге кезекте, зерттеу мәселелерін талдап айтатын болсақ:

1. Ұлттық құндылықтарды сақтап қалу және дамыту – Фариза Оңғарсынова ұлттық болмысты, мәдениетті, тарихты терең зерттеп, шығармаларында қазақ

ұлтының рухани мұраларын жаңғыртты. Оның өлеңдеріндегі ұлттық тақырыптар ұлттың тарихи жолымен тығыз байланысты.

2. Әлеуметтік тақырыптар мен адам құқықтары – ақынның шығармаларында адамдардың құқықтары мен бостандығы, әділеттілік, теңдік сияқты жаһандық мәселелер қарастырылады. Бұл оның поэзиясын әлемдік әдеби кеңістікпен байланыстырады.
3. Әдебиет пен мәдениеттің жаһандану әсері – Фариза Оңғарсынова шығармашылығында жаһандану үдерістерінің ықпалы мен ұлттық әдебиеттің сақталуы мәселелері қарастырылады. Бұл жаһандық әдебиетке қосылған еліміз үшін маңызды зерттеу.

Фариза Оңғарсынова поэзиясын оқыту арқылы ұлттық және жаһандық мәселелерді біріктіру. Ақынның шығармаларындағы тақырыптар — ұлттық бірегейлікті сақтау, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу және жаһандық деңгейде мәдениетаралық байланыстар мен адамзаттың ортақ құндылықтарын ұғыну. Педагогикалық инновациялық тәжірибеде бұл екі бағытты біріктіре отырып, жастарға патриотизм мен әлемдік гуманизмді ұштастырып оқытуға болады. Мысалы, қазіргі қоғамдағы ұлтжандылық пен жаһандық жауапкершілікті талқылай отырып, оқушыларға өз елінің мәдениетін және басқа халықтардың құндылықтарын құрметтеуді үйретуге болады. Оның өмірі күрделі тағдырмен өрілген еді. Ақын өз өмірінде тек шығармашылық жолымен ғана емес, сол дәуірдің қиындықтарымен, жеке азаптарымен де күресіп өтті. Өле-өлгенше азапты тағдырды, денсаулығына қатысты қиыншылықтарды, жан күйзелістерін іште сақтап, ол барлық ауыртпалыққа қарамастан, ұстамдылық пен табандылық танытты. Өз халқының ардақтысы ретінде ол ешқашан да көпшіліктің алдында даңқ пен құрметтің көлеңкесінде тұрмады; халықтың ыстық ықыласымен өмір сүріп, оның адами қасиеттерін, шынайы жүрегін өз өлеңдерімен көрсетіп өтті. Фариза Оңғарсынова қазақ әдебиетінің алтын қорында ерекше орын алады. Ол тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани әлемін биік деңгейде көрсеткен ақын болып қалды. Оның жырларында әлемдік мәселелер, адамзаттың ішкі әлемі мен болмысы, ұлттық рухани құндылықтар терең суреттелген. Ақынның шығармашылығындағы адам мен табиғат, қоғам мен жеке тұлға арасындағы байланыс, ұлттың болашағы туралы терең ойлар әрдайым өзекті болып қала береді.

МАЗМҰНЫ

1. ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР:.....3
2. АБДИРОВА Г. М ……21
3. АГАБЕКОВА А.Ж.……...24
4. АБДРАХМАНОВА М.М.....28
5. АБИЛКАСИМОВА У.Ж.,ОРЫСБАЕВА Н.М.....31
6. АКИЛБАЕВА Г.Е.……...34
7. АМИРЕНОВА М. А. ……..38
8. АМЗИНА К.Ж.....42
9. АРЕНОВА Ж.С.……...44
10. АУКЕНОВА А.Ш., КАМБАРБЕКОВА А.А.....48
11. АСАЙЕНОВА А.Е. ……...53
12. АТЕКЕЕВА А.Е. ……56
13. АТОШЕВА Ж.Б.……..60
14. АХАМАЙҚЫЗЫ Б.……64
15. АХМЕДИЯРОВА Б.М. ……..67
16. БАЙСТЕНОВА А.Б.....72
17. БЕЙСЕМБАЕВА А.Б. ……....75
18. ГАЙНУЛЛИНА Г.Т. ……..…81
19. ДЖУМАНОВА С.А. ……..85
20. ЕРҒАЛИЕВА М.Т. ……89
21. ЕРМУХАМБЕТОВА Ж.З., МУКАЖАНОВА Д.К. …….....92
22. ЖАКУПОВА Н.К. ……94
23. ЖАҚСЫЛЫҚ Ж.Ж. ……..99
24. ЖАЛЕЛОВА А.О. ……...104
25. ЖӘЛЕЛОВА И.Ж., ӘМІРБЕК А.А. ……..110
26. ЖАҢАБЕК Д.Ә. ……..115
27. ЖҰМАҒАЛИ Д.Ө, АЛДАШОВА Н.С.....119
28. ЗАҢОВА Б.А. …….…..122
29. ИМАКОВА Л.О., КОЖАКЕЛДИЕВА Л.А.....126
30. ИСКАКОВА А.Т.....131
31. ИЛЬЯСОВА Э.Т.....135
32. КАБДЫЛЯШИМОВА Г.С. ……....138
33. КАИРБАЕВА С. С. ……143
34. КАЙЫРГАЗИНОВА С.З. ……...148
35. КАЛИБЕКОВА Г.К. ……...150
36. ҚАШАУЛИЕВА Г.К, ИСКАКОВ Н.М.....154
37. КОРЫКБАСОВА Г.К. ……157
38. МАДРЕЙМОВА Ш.М., МУКАЖАНОВА А.Б.....162
39. МАМАЕВА Ж.Ж. ……...165
40. МАМБЕТАЛИНА Г.К. ……...168
41. МАМАДАХУНОВА А.К.....175
42. МАХМУТОВА Г.С. ……177
43. МОЛДАЛИЕВА Ж.Ш. ……....181

44. МУСИЛИМОВА Л.Т. ……..…....185
45. МУХТАРИХАНОВА А.Н. …….....…..190
46. МУКУШЕВА Ж.Х.....194
47. МҰХАН А.С. ……..198
48. НАУШАБЕКОВА Ш.А. ……201
49. НУРГОЖИНА Н.А. ……205
50. НУРУМБЕТОВА А.М. ……...……207
51. НУРЖАНОВА Г.С. ……211
52. НУРЛАН А. ……..…216
53. ОСПАНОВ Г.О., АХМЕДИЯРОВ Б.А.…… ……218
54. РАМАЗАНОВА Д.К.……222
55. РАХИМБАЕВА З.А.....225
56. РЫМХАНОВА Ә.Р., КАЙЫРГАЛИЕВ Б.С.....230
57. САМИЕВА Қ.Т. ……..232
58. СӘБИТ З.С.....235
59. САРСЕНБЕКОВА А.А.....239
60. СЕЙІТМАТОВА Ә. ……245
61. СЕРИКОВА Ш.Ж. ……..……248
62. СЕРІКБАЕВА А.А., ТЛЕПБАЕВА Р.С.……252
63. СЫЗДЫКОВА К.К. ……..…..…255
64. ТАСТАНОВА Д.А. …….....259
65. ТОГТОХ С., КУЛТАЕВА А.Ж. …….....…263
66. ТӨРЕМҰРАТ Г. …….....268
67. ТУКТИБАЕВА У.А. …….....271
68. ТУЛЕГЕНОВА Г.Ж.……....…….274
69. ТУРЕКУЛОВА Л.Т……...278
70. УМУРЗАКОВА Л.А. ……282
71. УМУТБАЕВА Д.А., БЕКСОЛТАНОВА Л.Ж. ……...285
72. ХАСЕНОВА Н.К. ……..……287
73. ХИМАДИЕВА С.Д. ……..…….289
74. ЧОНБАЕВА Г.Т. ……...……294
75. ШЕРТАЕВА А.Қ. ……..298